



"Мәдени мұра"

Мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары  
Қазақстан Республикасының  
тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың  
бастамасы бойынша шығарылды

«МӘДЕНИ МҰРА»  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН  
ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ  
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ

---

Құл-Мұхаммед М., *төраға*  
Досжан А., *төрағаның орынбасары*  
Асқаров Ә., *жауапты хатшы*

**Қоғамдық кеңестің мүшелері:**

Абдрахманов С.  
Аяған Б.  
Әбусейітова М.  
Әйтімова Б.  
Әлімбаев Н.  
Әуезов М.  
Базылхан Н.  
Байпақов К.  
Биекенов К.  
Бурханов К.  
Ертісбаев Е.  
Кенжеғозин М.  
Қасқабасов С.  
Нысанбаев Ә.  
Өмірбеков Б.  
Салғара Қ.  
Сариева Р.  
Сейдімбек А.  
Сұлтанов Қ.  
Таймағамбетов Ж.  
Тұяқбаева Б.  
Хұсайынов К.

# БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫК

*Тарихи жырлар*

56 ТОМ



УДК 398  
ББК 82.3 (5 Қаз)  
Б 12

**«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының  
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**  
Қасқабасов С.А. (*төраға*), Жұмасейітова Г.Т. (*төрағаның орынбасары*),  
Еркебай А.С. (*жауапты хатшы*), Өзібаева Б.У.,  
Күзембаева С.А., Қорабай С.С., Қосан С.Қ., Мамыраев Б.Б.,  
Мұсағұлова Г.Ж., Сахарбаева К.С.

**Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
Ғылыми кеңесі ұсынған**

**Томның редакция алқасы:**  
Б.Өзібаева, Ш.Елеуқенов,  
С. Қасқабасов, С.Қорабай (*жауапты редактор*)

**Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындағандар:**  
Т. Өлібеков (*жауапты шығарушы*), С.Қорабай, С.Сәкенов, М.Шафиғи

**Б 12** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. — Астана: «Фолиант», 2009.  
Т. 56: Тарихи жырлар. — 408 бет.

ISBN 9965-35-805-2

«Бабалар сөзі» сериясының 56-томына «Батыр Жәнібектің өлеңі»,  
«Еңсегей бойлы ер Есім», «Есім хан», «Олжаш батыр», «Сәтбек батыр»,  
«Орақты батыр» атты тарихи жырлар енді.

Б  $\frac{4702250205}{00(05) - 09}$

УДК 398  
ББК 82.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-35-805-2 (т. 56)  
ISBN 9965-619-60-3

© Әдебиет және өнер институты, 2009  
© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2009

## ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде жарияланатын «Бабалар сөзі» атты жүз томдық басылымды дайындап, жариялау жұмысын жалғастыруда.

Аталған басылымның басты мақсаты — халықтың рухани мұрасын сол күйінде өзіне қайтару, яғни қолда бар фольклорлық материалдарды түгел жарыққа шығару.

«Бабалар сөзі» сериясы — ғылыми басылым. Оның негізгі принципі — шығарманың табылған нұсқаларын жүйелеп, өзара салыстыра зерттеп, фольклорлық шығарманың сюжеті мен жанрлық белгілері туралы толық көрініс беретін мәтінді таңдап оқырманға ұсыну. Керек болған жағдайда бірнеше варианттары жарияланады.

Әрбір том қосымшалармен толығып отырады. Қосымшаларда, ең алдымен, томға енген нұсқалардың түсініктемелері және олардың варианттары жөнінде толық мәлімет беріледі. Сондай-ақ бұған сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер кіреді. Ең соңында дастанның жинаушылары мен оның жыршылары туралы деректер және ағылшын, орыс тіліндегі резюме жазылып, пайдаланған әдебиеттердің тізімі көрсетіледі.

«Бабалар сөзі» сериясының келесі циклін құрайтын тарихи жырлар — батырлар жыры мен тарихи өлеңнің аралығындағы жанр. Тарихи жырлар негізіне өмірде нақты болған әлеуметтік, саяси оқиғалар алынады. Көп томдық «Бабалар сөзі» сериясының 56-томына қазақ халқы тарихының маңызды кезеңдерін көркем баяндаған тарихи жырлар еніп отыр.

Томға енген «Батыр Жәнібектің өлеңі» деп аталатын тарихи жыр XV ғасырда Керей ханнан кейін Қазақ хандығын бас-

қарған Жәнібек ханның жас кезіндегі ерлік істерін жырлауға арналған шығарма. Осыған дейін еш жерде жарияланбаған бұл тарихи жыр алғаш рет баспа бетін көріп отыр.

«Еңсегей бойлы ер Есім», «Есім хан», «Олжаш батыр», «Сәтбек батыр» жырлары XVI ғасыр оқиғаларын сипаттайды. «Еңсегей бойлы ер Есім» жыры осы топтамадағы туындылардың ішінде зерттеушілер назарын өзіне мол аударуымен ерекшеленеді. Бұл жырдың құндылығын өз кезінде М.Әуезов, Ә.Марғұлан және басқа да ғалымдар ерекше атап өткен болатын. Бірақ еліміз тәуелсіздік алғанға дейін «ханды дәріптеді» деген желеумен қалың көпшіліктің назарынан тыс қалып келді. Тарихи тұлғаға арналған «Есім хан» жыры Қытай Халық Республикасында тұратын қазақтар арасында көп жылдар сақталып келіп, ақырында сонда шығатын «Мұра» журналында (1988. № 10.) жарияланған. Ал «Орақты батыр» атты тарихи жырдағы оқиғаның болған уақытын жыршының өзі XIV ғасыр деп көрсеткен. Сонымен қатар бұл шығарма кейіпкерлерінің қатарында XVIII ғасырда өмір сүрген Ескелді, Балпық билер секілді тарихи тұлғалар да кездеседі.

Тарихи жырлар халқымыздың ауызша тараған тарихнамасы ретінде ұзақ уақыт бойы еліміздің рухани азығы болып келгені айқын. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап кейбір үлгілері қағаз бетіне түсіріліп, баспа бетін көре бастаған бұл құнды мұралардың жариялануына, кеңес заманында зерттелуіне тыйым салынуына байланысты томға енген тарихи жырлар оқырман игілігіне айналудың мүмкіндігіне енді ғана ие болып отыр.

Есім хан тұсында өмір сүрген, ел намысын жоқтаған Олжаш батыр ерліктерін дәріптеуге арналған «Олжаш батыр» жыры да бұрын еш жерде жарық көрмеген.

«Сәтбек батыр» жырының Қазан төңкерісіне дейін жұртшылыққа кеңінен таныс болғаны белгілі. Бұл жырдың Ақылбек Сабалұлы жырлаған нұсқасы 1911 жылы Қазан қаласында жеке кітап болып шыққан. Томға жырдың алғаш жарияланған осы нұсқасымен қатар, Қазақстан Республикасы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорында сақталып келген «Мырза Сәтбек батыр» атты нұсқасы да еніп отыр.

«Орақты батыр» жырының халық ақыны Қалқа Жапсарбаевтың өз аузынан жазып алынған нұсқасы ұзақ уақыт бойы

Қазақстан Республикасы Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорларында сақталып келгенмен, жырдың толық мәтіні еліміз егемендік алғанға дейін баспа бетін көрмей келді. Осы томда сол олқылықтың орны толтырылды.

Томды дайындау барысында араб әрпінде жазылған қолжазбалар мен Қазан төңкерісіне дейін кітап болып шыққан мәтіндерге мұқият талдаулар мен сараптау жұмыстары жүргізілді.

## ТАРИХИ ЖЫРЛАР ХАҚЫНДА

Қазақ фольклорының жанрлық құрамы өте бай, түр жағынан да, мазмұн жағынан да алуан түрлі. Солардың арасында ерекше орын алатыны—тарихи жыр. Жалпы фольклордың қай жанрын алсақ та, ол тарихилық сипатқа ие. Тіпті миф те, ертегі де белгілі дәрежеде тарихи болып келеді. Тегінде, фольклордың тарихилығы деген ұғым өте кең. Біріншіден, фольклордың өзі—тарихи құбылыс, ол өзгермелі. Фольклорлық сана, фольклорлық дәстүр, фольклорлық шығарма—осының бәрі тарихта болатын нәрсе, оларды аттап кету мүмкін емес. Бұлардың бәрі тарихтың белгілі бір кезеңінде болуға тиіс, сол дәуірдің жемісі, адамзат мәдениетінің даму жолындағы бір сатысы деп танылуы керек. Екіншіден, фольклор адам тіршілігімен тікелей байланысты, оның болмысының бір бөлшегі. Сол себепті ол адам өмірінің барлық жағын бейнелейді, шаруашылығынан, тұрмысынан, әдет-ғұрпынан, салт-санасынан айтарлықтай мәлімет береді. Үшіншіден, фольклор тарихи оқиғаларға тікелей де, жанама түрде де байланысты болады. Екінші сөзбен айтқанда, фольклор халық тарихындағы маңызды оқиғаларды қамтып, соларды негізге алып, жаңа шығармалар туындатады, тарихи тұлғалар жайында әңгімелейді, оларды көркем әдіспен дәріптейді. Төртіншіден, фольклор халықтың өзінің тарихқа қатысын, көзқарасын танытады, маңызды оқиғалар мен көрнекті қайраткерлерге берген халықтың бағасын, сол арқылы халық нені армандағанын, қандай батырды көксегенін көрсетеді. Бесіншіден, фольклор әр дәуірге, қоғам өміріне сәйкес өзгеріп, тарихи тұтастанудан өтіп отырады. Соның нәтижесінде жанрлардың трансформациясы жүзеге асып отырады. Әрине, бұл айтылған белгілер фольклордың



барлық жанрында бірдей емес. Әр фольклорлық жанрдың өзіндік қасиеттері оның, шығарманың тарихилығына әсер етеді. Мұны, мәселен, батырлық жыр мен тарихи жырдың табиғатынан байқауға болады. Екеуінде де тарихи негіз бар, алайда олар бірдей де, біркелкі де емес. Бұл мәселе төңірегінде қазақ фольклорын зерттеушілер әртүрлі пікір айтып, кейде екеуін бір жанр деп, енді бірде екі бөліп қарастырып жүрді.

Халқымыздың ұлы перзенті Шоқан Уәлиханов фольклорлық тарихи шығармаларды жинап, олар туралы аса маңызды пікір айтып, зерттеулер қалдырғаны белгілі<sup>1</sup>. Мәселен, ол «Ұлы жүз қазақтарының аңыздары мен әңгімелері» атты еңбегінде қазақ фольклорында тарихи элементтің ерекше орын алатынын айтады. Сондықтан да ол шежірені аңыз-әңгіме деп фольклорлық тарихи шығарма ретінде қарайды. Демек, Шоқан — қазақ фольклорында тарихи аңыз бен әңгімелердің бар екенін бірінші болып байқаған зерттеуші. Шоқан бірталай еңбектерінде өзі жазып алған эпикалық түрдегі тарихи фольклордың нұсқаларына ғылыми талдау берген деуге болады. Ол қазақ фольклорында тарихи жырдың жеке жанр екенін атай отырып, олардың біразын іріктеп, мысалға келтіреді: «Другой джир называется Урак-батыр. В нем повествуются похождения Урака-батыра, родом караульца, который отправившись в набег на Россию, был взят русскими в плен и содержался в тюрьме 10 лет, потом женился в России, прижил детей, но соскучился по родному аулу, опять уехал в степь и там остался...»<sup>2</sup>, — деп жазады. Шоқанның «другой джир» деп отырғаны батырлық жырдан басқа дегені, яғни ол тарихи жырды айтып отыр.

Тіпті ол «тарихи жыр» («исторический джир») терминін де қолданған<sup>3</sup>. Демек, Шоқан тарихи жырды батырлық эпостан өзгеше, өзіндік ерекшеліктері бар жанр деп білген. Ол ерекшеліктердің бастысы — тарихи жырдың өмірде болған оқиғалар негізінде шығатындығы, яғни батырлық эпосқа қарағанда тарихқа жақындығы. Міне, осыны ескерген ғалым

<sup>1</sup> Ғалымның мына еңбектерін қараңыз: «Предания и легенды Большой киргиз-кайсацкой орды»; «Песни Урака»; «Исторические предания о батырах XVIII в.»; «Шуна батыр» и др. // Валиханов Ч. Собр. соч., в 5-ти т. Т. I. — Алма-Ата, 1961.

<sup>2</sup> Сонда, 197-б.

<sup>3</sup> Сонда, 201-б.

тарихи жырды арнайы түрде зерттеуге мән берген. Тарихи жырға арналған еңбектерінде Ш.Уәлиханов өмірде, дәлірек айтсақ, XVIII ғасырда болған қоғамдық мәні бар оқиғалар мен оларға белсене қатысып, айтарлықтай рөл атқарған қайраткерлер һәм батырлар жайлы тарихи фольклорды түгел қамтып, олардың шындық негіздерін қарастырған.

Қазақ фольклорының барлық жанрын, оның ішінде тарихи жыр үлгілерін де жинап, жарыққа шығару ісінде көп еңбек сіңірген адам — академик В.В.Радлов. Ол өзінің атақты 10 томдық жинағының 3-томына қазақтың бірнеше тарихи жырын енгізген<sup>4</sup>. Бірақ В.Радлов тарихи жырды жеке жанр ретінде бөлмеген. Сондықтан ол батырлық жырды да, тарихи жырды да «Қазақтың бұрынғы батырлары туралы сөз» деп атаған. Ал жекелеген кейбір тарихи жырды қысқа қиссалар тобына жатқызады.

Әрине, XIX ғасырдың 70-жылдарындағы фольклортанудың жағдайында қазақ халық ауыз әдебиетінің барлық жанрын дұрыс салалап зерттеу мүмкін емес еді. Оның үстіне В.В.Радлов қазақ поэзиясын Шоқандай жетік білмеді және оның ішкі ерекшеліктері мен нюанстарын анық аңғара алмады. Сол себепті ол «батырлар жыры», «ғашықтық жыр» деп дәл бөле алмады, бәрі бір жанр деп есептеді.

Тарихи жырдың нұсқалары Г.Н.Потанин мұрағаттарында да бар. Ол жазып алған «Қабанбай» жырының үзіндісі 1972 жылы шыққан «Казахский фольклор в собрании Г.Н.Потанина» атты жинақта жарық көрді<sup>5</sup>. Ал Томск архивіндегі материалдарда Г.Н.Потанин XVIII ғасырда өмір сүрген Бөгенбай, Жанбай, Боран-Бердіқожа батырларды атап, олар туралы да өлең-жырлар бар екенін айтады<sup>6</sup>. Эпос пен проза жанрын көп зерттеген Потанин кейбір салыстырмалы еңбектерінде Шыңғыс хан, Ер Көкше жайындағы аңыздарды пайдаланады. Бірақ тарихи өлең немесе жырды бөліп қарастырмаған және оларды дербес жанр деп санамаған.

Тарихи адамдар мен оқиғаларға байланысты әңгімелер, аңыздар, прозамен берілген жыр мазмұндары XIX ғасырда

<sup>4</sup> Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен. Ч. III. — СПб., 1870. — С. 63-78.

<sup>5</sup> Казахский фольклор в собрании Г.Н.Потанина. — Алма-Ата, 1972. — С. 261.

<sup>6</sup> Научная библиотека Томского Государственного университета. Тетр. 18, л. 73.

«Дала уалаяты» газетінде де анда-санда жарияланып тұрған. Дәлел ретінде әйгілі «Еңлік — Кебек» пен «Қалқаман — Мамыр» туралы өңгімелерді атауға болады<sup>7</sup>. Газетте бұлар проза түрінде берілген, көркемдігі нашар, бірақ оқиға мен сюжетке айрықша назар аударылған.

Қолда бар деректерге қарағанда, тарихи жырлар мен өңгіме, аңыздарды Ә.Диваев та жинаған. 1920 жылы Ә.Диваевтың қатысуымен болған Жетісу экспедициясы материалдарының есебінде «Шыңғыс хан туралы аңыз» («Предание о Чингиз-хане»), «Қалдан хан мен Абылай» («Алдан-хан и Аблай»), «Ақсақ құлан — Жошы хан» («Аксак кулан и Джучи-хан»), «Кенен ақынның 1916 жыл туралы өлеңі» («Песнь Кенена-акына на события 1916 года») сияқты атауларды кездестіреміз<sup>8</sup>. Алайда Ә.Диваев тарихи жырды арнайы жинамаған және зерттемеген. Рас, кейбір шежіреге, жер аттарына байланысты аңыздар туралы айтылған пікірлері бар. Бірақ олар тарихи фольклор деген жалпы ұғым болмаса, тарихи поэзияға (дәл айтқанда, жыр мен өлең) дұрыс келе бермейді. Осы жерде айтатын бір жайт — кейбір елдің халық әдебиеті туралы зерттеулерде тарихи фольклор деген атау бар. Тіпті орыс фольклористикасы беріге дейін «тарихи ертегі» деген жанрды бөліп келді. Ал қазақ фольклорында белгілі бір кісі, су, жер аттары туралы (өлең мен жырдан басқа) көптеген өңгіме, аңыз, тіпті ертегілер де көп. Оларды қалай саралау керек, қалай атап, қайда жатқызу керек. Міне, бұл да әлі шешуін таппаған, ойластыруды қажет ететін мәселе. Әзірше, олардың бәрін тарихи фольклорлық шығарма деп шартты түрде қолдануға тура келеді.

Тарихи өлең мен тарихи жырды ХХ ғасырда кең түрде жинап жарыққа шығару, ғылыми тұрғыдан зерттеуге мүмкіндік туғанын айту керек. 1920-30-жылдардың өзінде ұлттық фольклорымыз мақала түрінде де, оқулық көлемінде де зерттеу объектісіне айналды. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедов, Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин сынды ғалымдарымыз бен жазушыларымыздың еңбегін айрықша атау керек. Олар эпос жанрына ерекше көңіл бөліп, батыр-

<sup>7</sup> «Дала уалаятының газеті», 1892, № 29, 31, 32, 34-40; 1900, № 46, 50.

<sup>8</sup> «Наука и просвещение», 1922, № 1. – С. 25-27.

лар жыры мен тарихи жырларды әрі жариялап, әрі зерттеп, оларды халық тарихын бейнелейтін шығармалар деп есептеді. Сөйтіп, олар қазақ фольклорын саралап зерттеу, терминологиялық ұғымды қалыптастыру ісін дереу қолға алып, оны орнықты түрде жүзеге асыра білді. Мәселен, эпостың осы екі түрі бөлек жанр екенін Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышында» анық айтқан. Ол кісі былай деп жазады: «Тарихи жыр деп тарихта бар, мағлұм уақиғалар турасында өлеңмен шығарған сөздер айтылады. Қазақта өз тілінде жазылған тарих болмағанмен, қазақта болған уақиғалар, қазақтан шыққан адамдар турасында басқа жұрттардың тарихында жазылған мағлұматтар бар, халықтың өзінің есінен кетпеген, қазақ басынан кешірген уақиғалары толып жатыр. Солар туралы өлең етіп шығарған сөздер болса, солар тарихи жыр болады. Мәселен, «Орақ-Мамай», «Абылай», «Кенесары, Наурызбай», «Ерназар», «Бекет» өлеңдері тарихи жырлар болады»<sup>9</sup>.

Қазақ фольклорының құрамында тарихи шығармалар бар екенін, олар үлкен бір топ құрайтынын Халел Досмұхамедұлы да айтады. Рас, ол кісі «тарихи жыр» деген атауды қолданбайды. Батырлар жырынан өзгеше эпикалық туындыларды ол кісі «тарихи өлеңдер» деп атаған да, олардың үлгісі ретінде бірнеше тарихи жырды келтіреді. Халелдің өз сөзін келтірейік.

«Қазақ халық әдебиетінің арналы саласы — батырлық жырлар (героический эпос) мен тарихи өлеңдер (исторические песни).

Батырлық жырларда әртүрлі, көбінше аттары аңызға айналған Қобыланды, Алпамыс, Едіге, Орақ-Мамай, Қарасай, Қазі, Ер Тарғын т.б. Алтын Орда мен Қазақ хандығы тұсындағы батырлардың іс-әрекеттері суреттеледі.

Ал тарихи өлеңдерде белгілі бір кезеңде өмір сүрген аты белгілі адамдар, әрине, көптеген әсірелеу, әспеттеумен, негізінен жоңғарларға және орыс империалистеріне қарсы қазақтардың бас бостандығы үшін күрескен кездегі тұлғалар жырланады. Кенесары, Исатай, Бекет және басқалар туралы өлең-жырларды мысалға келтіруге болар еді. Көптеген

---

<sup>9</sup> Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. –А., 2003. 289-б.

батырлық жырлар мен тарихи өлеңдер нағыз эпопея болып келеді»<sup>10</sup>.

Осыдан кейінгі абзацта Халел Досмұхамедұлы «батырлық және тарихи поэмалар» деген атауларды қолданады. Демек, оның «исторические песни» деп отырғаны «тарихи жыр» болып шықты. Ал «поэма» терминін қазақ фольклортанушылары мұндаға шейін «эпос» сөзінің орнына қолданып келгені белгілі.

Сол уақытта, яғни 1927 жылы жарық көрген кітабында «тарихи жыр» терминінің орнына «тарихи өлең» атауын Мұхтар Әуезов те қолданып, оған Исатай, Махамбет, Бекет туралы жырларды жатқызған<sup>11</sup>. Кейін, 1939 жылы, М.Әуезов Л.Соболевпен бірге жазған «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты еңбегінде тарихи жырды жеке жанр ретінде бөліп алып, оның негізгі сипатын ашып берді, сондай-ақ бұл жанрдың шығу мерзімін, қалыптасу процесін болжаған<sup>12</sup>.

«Қазақ эпосында батырлар жыры мен ғашықтық жырларға қоса тарихи жырлар да мол. Бұл жырлар XVIII және XIX ғасырларда, әсіресе кең өрістеп дамыған»<sup>13</sup>, — деп М.Әуезов тарихи жырдың өз алдына жеке жанр екенін айрықша атап көрсетеді. «Бұл тарихи жырлардың, — деп жазады әрі қарай М.Әуезов, — дәстүрі тереңде, алыста жатыр. Ол бастауын Орта Азия мен Сибирь тайпаларының ру аралық тартысы кезіндегі шабуыл-жорық жайындағы жырлардан алады»<sup>14</sup>.

Осыған орай айтатын бір нәрсе: М.Әуезов зерттеліп отырған тарихи жыр жанрының тарихи өлеңнен гөрі, басқа екенін сездіріп отыр. Шынында, тарихи жырдан бұрын туатын шағын тарихи өлеңдер сонау көне түркі заманынан басталады. Атақты Орхон-Енисей атырабындағы Білгеқаған, Құлтегін туралы шығармалар тарихи өлеңнің жырға

---

<sup>10</sup> Досмұхамедұлы Х. Аламан. А., 1991. 26-27-бб. Халелдің қазақ фольклорына арналған бұл еңбегі орыс тілінде «Казахская народная литература» деген атпен 1928 ж. жарық көрген. Біз соның қазақшаланған нұсқасын пайдаландық.

<sup>11</sup> Әуезов М. Әдебиет тарихы. Қызыл Орда, 1927. 2-ші басылуы 1991 ж. жүзеге асты.

<sup>12</sup> Ауэзов М., Соболев Л. Эпос и фольклор казахского народа // Литературный критик, 1939, №10-11; 1940, №1.

<sup>13</sup> Әуезов М. Уақыт және әдебиет. — Алматы, 1962. 75-б.

<sup>14</sup> Сонда.

айналған түрінің алғашқы таңбаға түскен нұсқалары деуге болады. Сонау 1952 жылы Мұхтар Әуезов осы Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк туралы тасқа түскен мәтіндерді сол заманғы эпостың үлгісі деп қарауға болатынын айтқан<sup>15</sup>. Осындай ойды кейінірек И.В.Стеблева да айтып, ол мәтіндерді «тарихи-қаһармандық поэма» деп атаған<sup>16</sup>. Оның поэма деп отырғаны — жыр. Сонда ғалымның сөзін қазақша айтар болсақ, «тарихи-қаһармандық жыр» болып шығады. Түптеп келгенде, бұл «тарихи жыр» деген ұғымға сәйкес келеді. И.В.Стеблева тіпті «тайпалық эпос» (дружинный эпос) деген де атауды қолданған. Қалай болғанда да, көне түркі мәтіндерін алғашқы тасқа жазылған ең ескі тарихи жырдың үлгілері деп қабылдауға болатын секілді.

Тарихи жырдың өз алдына дара жанр екенін М.Әуезов баса айтып, ол туралы былай деп жазады: «Бұл жырлардың бәрі де, ертеде туғандары да, кейінірек шығарылғандары да — анық тарихи оқиғаларға негізделген, ал басты-басты кейіпкерлер — тарихта болған адамдар. Жырлардың авторлары — көбінесе сол оқиғаларды көзімен көрген тұстастары. Авторлар көзімен көрген, өздері бастан кешірген оқиғаларды уақытына қарай сап-сабымен баяндайды. Тарихи жырлардың батырлық эпостан жанрлық айырмашылығы бар. Яғни тарихи жырларда эпостық баяндауға тән объективтік сарынның орнын оқиғаларды тікелей қабылдаған автордың әсері араласқан субъективтік баға басады»<sup>17</sup>.

Ұлы ғалымның осы ойларына қосыла отырып, тарихи жыр сонымен бірге өз бойына батырлық эпостың біраз қасиеттерін сіңіретінін айту керек. Тарихи үлкен жыр оқиғаның ізінше қолма-қол тумамайды: керісінше, оқиғаға қатысушылар өз көрген-білгендері, батыр мен басшылардың ерлік істері туралы шағын өлең, әңгіме шығарады. Арада біраз уақыт өткен соң не көз көргендердің ішіндегі мықты бір ақыны, немесе басқа бір талантты ақын баяғы шағын өлеңдерді өзінше жиыстырып, бұрынғы мазмұны бойынша сюжет құрап, кейде жанынан қосып, көркемдеп қайта жырлайды. Сөйтіп, тарихи жыр туады. Тарихи өлең әр уақытта туып отыратынын Ахмет Байтұрсын-

<sup>15</sup> Әуезов М. Әр жылдар ойлары. — А., 1959. — 513-516, 533-555-бб.

<sup>16</sup> И.В.Стеблева. Поэзия тюрков. — М., 1965. — С.61.

<sup>17</sup> Әуезов М. Уақыт және әдебиет, 1962. — 76-б.

ұлының мына сөзінен де көруге болады. «1879-1880 жылдары болған «Қоян» қыстың жұты турасында шығарған өлең болушы еді. Сонда қыстың қалай болғанын, елдің қандай жұтағанын, қандай аштық азап тартқанын айтушы еді. Сол өлең осы күнге дейін сақталған болса, о да тарихи жыр болады»<sup>18</sup>, — деп жазады Ахаң. Ахаңның бұл сөзінен тарихи өлең белгілі бір оқиғадан көп ұзамай туатынын, ал уақыт өте келе ол өлеңнің жырға айналатынын аңғаруға болады. Ал оқиғаның ізінше пайда болған кейбір шығармалар аңызға айналады. Мінеки, тарихи аңыз бен кейбір шешендік сөздердің нұсқалары осылай туған.

Тарихи жыр туралы С.Сейфуллин де жазған<sup>19</sup>. Алайда ол тарихи жырды жеке жанр деп танымай, батырлар туралы шығармаларға қосқан. Сондықтан бұл жанрды ол эпос тарихымен бірге зерттейді. Солай бола тұрса да С.Сейфуллин 1926 жылы Жанқожа туралы жыр мен өлеңдерді жариялайды<sup>20</sup>. Демек, ғалым таза батырлар жырынан өзгешелеу шығармалар бар екенін аңғарған, бірақ сонда да оларды эпостан дара жанр деп есептемеген. Ол батырлар жырын шығу уақытына қарай зерттеу мақсатымен олардың тарихи негіздерін ашуға тырысқан. Осы орайда С.Сейфуллин ертеде туған эпосты «ұлы батыр», ал кейін пайда болғандарды «кіші батыр» жыры деп зерттеп жүргендерге қарсы шыққан<sup>21</sup>. Ол екеуінің арасындағы айырмашылық туралы зерттеуші былай деп жазады: «Қазақтың ескі ел әдебиетіндегі батырлар әңгімелерінің неғұрлым ескілерін алып қарасақ, солғұрлым оның «қиял» қоспасының, жапсырма сырлардың, «ертек» түрлерінің молдығын көресің. Заманның неғұрлым ертедегісіне қарай бара берсең, солғұрлым елдің шикі, надан кезіне таяна бересің. Батырлар әңгімелерінің неғұрлым бергі заманда шыққанын алып қарасаң, солғұрлым ол әңгіменің «кереметтері» де аз бола береді, шындыққа жақын бола береді және солғұрлым бертінгі заман батырларының жа-

<sup>18</sup> Ахмет Байтұрсынұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. – А., 2003. – 289-б.

<sup>19</sup> Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. Қызылорда, 1932. Қайта басылуы: С.Сейфуллин. Шығармалары. 6-т. – А., 1964. Біз соны пайдаландық.

<sup>20</sup> «Жаңа мектеп», 1926, №6.

<sup>21</sup> Сейфуллин С. Көрсетілген еңбегі. – 168-169-б.

ратылыстары да «кереметсіз» бола береді»<sup>22</sup>. С.Сейфуллиннің бұл сөздерінен біз оның тарихи жыр жанрының кейбір ерекшелігін объективті түрде (тарихи жыр деп атамаса да) байқай білгенін аңғарамыз.

Қазақ халық әдебиетін біршама зерттеген С.Мұқанов та тарихи жырды батырлық эпостан бөліп қарамаған. Ол өзінің батырлар жырына арналған мақалалары<sup>23</sup> мен XVIII ғасыр әдебиеті тарихы туралы жазғандарында<sup>24</sup> эпостың тарихи оқиғаларға негізделетінін дұрыс айтқан. «Батырлар жыры, негізінде, ел қорғау, Отан қорғау тілегінен туған, халықтың жүрегіне жағатын, сүйетін жырлары»<sup>25</sup>, — деп өте орынды айтады. Және олардың тууына себеп болған басты-басты тарихи оқиғаларды атап өтеді. Олар: татар-монғол басқыншыларымен және алтынордалықтармен күрес, қалмақ шапқыншыларына қарсы соғыс. Автор XVIII ғасырдағы қалмақтарға қарсы соғысқа байланысты туған шығармаларды батырлар жырына қосады.

Қазақ фольклортануына зор үлес қосқан білікті мамандардың бірі — Ә.Марғұлан да тарихи жырды батырлық эпос құрамында қарастырған. «Қазақ эпосының сипаты мен тарихи шарттылығы жайлы» деп аталатын еңбегінде ол батырлар жырының шығу тарихын зерттей отырып, жырларды бес кезеңге бөледі. Соның ішінде кейінгі дәуірлерде туған шығармалар ретінде төртінші және бесінші кезеңге — XVII-XVIII және XIX ғ. туған тарихи жырларды жатқызады. Мысалы, төртінші кезең қалмақ шабуылдарының тұсы. Бұған XVII-XVIII ғасырдағы «Құба қалмақ», сол замандарда өмір сүрген Олжабай, Қабанбай, Бөгенбай батырлар туралы жырлар жатады десе, бесінші кезеңге қазақтардың XIX ғасырдағы хан, сұлтандарға, патшаға қарсы күресін көрсететін Сырым, Исатай, Махамбет, Бекет туралы жырлар енеді деп есептейді<sup>26</sup>. Сонымен бірге ғалым кейінгі кезде, яғни XIX ғасырда туған жырлар-

<sup>22</sup> Сонда, 180-181-б.

<sup>23</sup> Мұқанов М. Өсу жолдарымыз. — Алматы, 1960; Халық мұрасы. — Алматы, 1974; Мұқанов С. Қазақ әдебиеті. Хрестоматия. — Алматы, 1938.

<sup>24</sup> Сонда.

<sup>25</sup> Сонда.

<sup>26</sup> Марғұлан А. О характере и исторической обусловленности казахского эпоса // Известия Каз ФАН СССР. Серия историческая. 1946. № 2.



да тарих іздері айқын екенін көрсетіп, ендігі жерде тарихи өлең пайда бола бастайды деген болжам айтады.

Тарихи жырларды арнайы зерттеген ғалымдарымыздың бірі — Қ.Жұмалиев<sup>27</sup>. Ол тарихи жырды кейде «тарихи поэма» деп атап, терминді атауда дәлдіктен біраз ауытқып кеткен. Әйткенмен де Қ.Жұмалиев тарихи жырдың өзіндік жанр екенін аңғарып, оның жанрлық өзгешеліктерін, әсіресе батырлық эпостан айырмашылықтарын дұрыс көрсеткен. Мәселен, батырлық эпоста оқиғаның жалпы, ұлы сорабы ғана сақталып, шын болған оқиға өте көмескіленіп, оған әртүрлі қиял-ғажайып нәрселер араласып келіп отырса, тарихи жырларда әлі де болса ізі суымаған оқиғалар да, оған қатысушы адамдардың іс-әрекеттері де тарихи шындыққа жақын, қиял-ғажайып элементтері мейлінше аз ұшырасады.

Ғалымның сөзімен айтсақ, «бұл екеуінің негізі бір, екеуінің де түбінде тарихи уақиға жатады. Бірақ эпостық жырлардың қаһармандарды атса оқ өтпейтін, шапса қылыш өтпейтін, суға салса батпайтын, отқа салса күймейтін қасиеттері бар және Бабай түкті шашты Әзиз, қырық шілтен тәрізді бағып жүретін иелері бар адамдар болып суреттелсе, тарихи жырлардың қаһармандары олардай емес, ер жүректі, күш-қайраты мол, оқ өтіп, қылыш кесетін жәй адамдар. Тарихи жырлардың уақиғалары да осы тұрғыдан құрылады. Тілі жағынан алғанда да, батырлар жырлары мен тарихи жырлардың айырмашылығы бар»<sup>28</sup>.

Қ.Жұмалиев сонымен бірге тарихи жырларды шығарушы мен жырлаушылардың кім екенін, қай таптың өкіліне жататынын жіті байқау керек екенін ескертеді. Батырлық эпостан гөрі тарихи жырда ақындар мен орындаушылардың өзінің дүниетанымына байланысты, өзінің таптық тілегіне қарай жамаған қоспалары көбірек болатынын айтып, бұл жанрды зерттегенде осы жағын да айрықша есте тұту қажеттігін атап көрсетеді.

Тарихи жырды көп уақыт зерттеп, құнды еңбектер жазған ғалым Е.Ысмайылов болды. Ол бұл жанрға ауық-ауық көңіл бөліп, бірнеше зерттеу жұмыстарын жазды және оның әр-

<sup>27</sup> Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. – Алматы, 1958.

<sup>28</sup> Сонда. – 220-221-б.

қайсысында тарихи жыр туралы өз пікірлерін толықтыра, тереңдете түсті. Айталық, өзінің 1930-жылдардың аяғында эпикалық жанрға арнап жазған бір<sup>29</sup> мақаласында ғалым тарихи жырды батырлық эпосқа қосады. Ол батырлар жырын дәуірлей отырып, XVII-XVIII ғасырлардағы қазақ-қалмақ арасының қарым-қатынасына байланысты туған батырлар жыры деп Есім хан, Қабанбай, Олжабай, Бөгенбай, Арқалық, Алатай, Қаратай т.б. туралы шығармаларды айтады. Осы қатарға ғалым XIX ғасырдағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысына байланысты туған батырлар жыры ретінде Сырым, Исатай, Махамбет, Бекет, Жанқожа, Досан, Сұраншы, Сыпатай т.б. жайындағы жырларды енгізеді<sup>30</sup>.

Ал енді кейінде жазған еңбегінде Е.Ысмайылов тарихи жырды жеке жанр ретінде қарастырып, оның жанрлық ерекшелігін анықтайды және ол шығармаларды хронологиялық принциппен саралайды<sup>31</sup>. Мысалы, зерттеуші қазақтың тарихи жырларын төрт дәуірге бөлуді ұсынады: а) орта ғасырда, ә) XVIII ғасырда, б) XIX ғасырда, в) XX ғасырда туған шығармалар. Автор өзі ұсынып отырған әр дәуір шығармаларына тән сипаттарды белгілейді. Өсіресе XIX ғ. соңы мен XX ғ. бас кезінде туған тарихи жырларға айрықша мән береді. Бұл дәуір — патшалық Ресейдің отаршылдық, қанаушылық қысымына деген халық қарсылығының күшейіп, 1905 жылғы революция мен 1916 жылғы уақиғалар дәуірі еді. Міне, мұның бәрі сол кезде туған халық шығармаларының өзіндік ерекшелігін құрайтын тың белгілер.

Е.Ысмайылов, сөз жоқ, осыларды ескергендіктен де XX ғасырдың бас кезіндегі тарихи жырлар мен өлеңдерді дәйекті түрде зерттеуге ден қойды. Ол қазақ ғалымдарының ішінде осы дәуірдегі тарихи фольклорлық шығармаларды алғаш зерттеушілерінің бірі болды. Ғалым 1939 жылы «Аманкелді халық әдебиетінде»<sup>32</sup> атты мақала жазды, 1940 жылы «1916 жыл» атты жинақ шығарды<sup>33</sup>, оның кіріспе сөзін

<sup>29</sup> Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қоры (ОФКҚҚ). 131-папка

<sup>30</sup> Сонда.

<sup>31</sup> Исмаилов Е. В поисках нового. – Алма-Ата, 1967. – С. 189-227.

<sup>32</sup> Социалды Қазақстан, 1939, 18-март.

<sup>33</sup> 1916 жыл (жинақ). Редакциясын басқарғандар: Д.Сқақов, Е.Ысмайылов, Ә.Сәрсенбаев. – Алматы, 1940.

жазды. Бұл еңбектерінде Е.Ысмайылов зерттеліп отырған шығармаларды идеялық және тақырыптық жағынан алып талдады да, оның жанрлық мәселелеріне тереңдеп бармады.

Рас, кейінгі кездерде жазған зерттеулерінде ол бұл мәселелерді нақтылы талдап қарастыратын болды<sup>34</sup>. Мысалы, ол 1916 жылғы көтеріліс туралы шығармаларда жанрлық біркелкіліктің жоқтығын анықтады. Мұнда үлкен эпикалық жыр да (көбінесе дастан деп атайды), тұрмыс-салт жырлары да (қоштасу, көңіл айтып жұбату, жоқтау), сәлем хат пен толғау өлеңдерінің де ұшырасатынын айтады. Автор бұл жанрлардың көтерілістің әр кезеңіне сәйкес туып отырғанын байқаған. Мысалы, көтерілістің бірінші кезеңін суреттейтін шығармалар көбінесе толғау түрінде болып келеді. Екінші кезең ұрыс, шайқас кезін көрсететін ерлік жырларды тұғызған. Үшінші кезеңде көтерілістің жеңілуіне байланысты қайғылы, мұң-шер өлеңдері басым. Ал эпикалық үлкен шығармалардың туа бастауы кейінірек, көтеріліс басылып, арада біраз уақыт өткен соң шыққанын Е.Ысмайылов орында атап көрсеткен.

Ғалымның бұл тұжырымдарын қолдай отырып, мынаны айту керек. Біріншіден, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс туралы шығармалардан тарихи жырдың қалыптасу процесін көруге болады. Көтеріліс жүріп жатқан кезде көлемі жағынан шағын, бірақ оқиғаны баяндауы толық, қызықты өлеңдер туды. Ал көтерілістен біраз уақыт кейін бұл шығармалар іріктелді, кейбір маңыздыларының негізінде көлемі үлкен жырлар пайда болды, сол көтеріліске қатысқан талантты ақындар қомақты тарихи жырлар шығарды.

Ал бұл жырларды зерттеушілеріміз, көбінесе, «эпикалық дастандар» деп атап жүр. Біздіңше, бұл термин дәл емес сияқты. Рас, көтерілістен көп кешікпей туған бұл шығармалар бұрынғы тарихи жырдан гөрі өзгешелеу. Мұнда, біріншіден, оқиға ізі әлі суымаған, сондықтан көркемдеу мен әсірелеу жағы аз; екіншіден, біразының авторы белгілі, демек, онда ақынның творчестволық ізі, даралығы бар; үшіншіден, үлкен шығармалар ел арасына ауызшадан гөрі жазбаша күйінде

---

<sup>34</sup> Ысмайылов Е. 1916 жылғы көтеріліс туралы халық поэзиясы // Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-т. 1-кітап. – Алматы, 1960. – 621-670-б.

көбірек таралды. Соның салдарынан онда фольклорға тән сипаттар оқшау көрінбейді; төртіншіден, бұл шығармалар туған дәуір бұрынғы заман емес. Міне, осының бәрі, сөзсіз, ескерілуі керек. Демек, 1916 жылғы оқиғаларға байланысты туған үлкен шығармалар таза тарихи жырға толық айналмаған. Олай болса, оларды эпикалық демей, «батырлық дастан» десек дұрыс болар. Бірақ дастан жанрының табиғаты басқа. Міне, бұл мәселелер де ғылыми дәйекті шешімін күтуде.

Тарихи жыр Н.С.Смирнованың да еңбектерінде біршама зерттелді. Бізге жеткен, әрі хатқа түскен тарихи жырлардың басым көпшілігі XVIII ғасырда болған оқиғалар туралы. Міне, осыны ескерген Н.С.Смирнова алғашқы еңбектерінде оларды XVIII ғасырда туған батырлық эпос деп қараған-ды<sup>35</sup>. Ал кейінгі кездерде жазған жұмыстарында ғалым XVIII-XIX ғасырларда болған оқиғалар туралы көлемді үлкен шығармаларды «тарихи эпос» деп атап, қазақ фольклорында тарихи жыр өз алдына дербес жанр деген қорытындыға келеді. «При изменении устно-поэтической традиции укореняются новые разновидности эпоса. Одну из них можно назвать «историческим эпосом». Это — поздняя промежуточная форма между собственно эпосом и исторической песней»,<sup>36</sup> — деп жазады ғалым.

Бұл жерде анықтап алатын жағдай — қазақ тіліндегі «жыр» терминін орысша қалай беру керек деген мәселе. «Эпос» деп пе, әлде басқаша атау керек пе? Батырлық жырды «героический эпос» дегенде, «тарихи жырды» неге «исторический эпос» демеске? Негізі, «эпос» деген сөз «батырлық» деген сөз емес қой. Бұл көлемді жыр мағынасын береді. Демек, «жырды» орысша «эпос» деуіміз дұрыс, ал оның түрін бірде батырлық, бірде тарихи эпос деп атауға болады. Басқаша айтқанда, батырлық жыр да (эпос), тарихи жыр да (эпос) өмірде болған оқиға негізінде шыққан ғой. Бірақ біріншісінде батырлық пен көркемдік әсірелеу басым да, екіншісінде шындық жағы, факті мен оқиға

<sup>35</sup> Смирнова Н.С. Проблема исторического и эпического в казахской литературе XVIII в. // Вестник АН КазССР, 1948, № 5; Смирнова Н.С. Еще раз о проблеме исторического и эпического в казахском эпосе XVIII в. // Вестник АН КазССР, 1949, № 1; Смирнова Н.С. Очерки казахской литературы XVIII в. Авторефер. на соиск. учен. степени докт. филолог. наук. — Алма-Ата, 1951.

<sup>36</sup> История казахской литературы. Т. 1. — Алма-Ата, 1968. — С. 88.

жағы басым. Оның үстіне екеуі — эпос жанрының дамуындағы екі саты. Н.С.Смирнова дұрыс айтады: тарихи жыр — екі аралық жанр, яғни тарихи өлең мен батырлық жырдың арасындағы өткел.

Олай болса, Н.С.Смирнованың алғаш кезде тарихи жырды кейінгі дәуірде шыққан эпос (кенже эпос) деп тануынан бас тартып, зерттей келе М.Әуезов айтқандай оны жеке жанр деп есептеуі әбден орынды. Тек, Н.С.Смирнова пікірінің бір өзгешелігі — тарихи жырды екі аралық жанр деп қарауы.

Н.С.Смирнова сондай-ақ тарихи өлеңді де жеке қарастырады. Бірақ ол кісінің пікірінше, қазақ фольклорында бұл жанр өте кеш туып, XIX ғасырда пайда болған және толыққанды жанр болып әзірше қалыптаса қоймаған<sup>37</sup>. Біздіңше, бұл тұжырым әлі де анықтап зерттей түсуді қажет етеді. Себебі бұл ұстаным бойынша (орыс және Еуропа фольклористикасында) тарихи өлең фольклор ішіндегі ең кенже қалған жанрдың бірі, яғни кейінгі дәуірлерде, нақтылап айтқанда, мемлекеттің пайда болу кезеңінде туған жанр. Алайда, түркі халықтарының материалдарына қарағанда, тарихи өлең өмірдің әр кезеңінде болатын ірілі-ұсақты мәні бар оқиғалардың тұсында немесе дереу солардың артынша туатын шағын шығарма: сол себепті тарихи өлең әр ғасырда, әр дәуірде туа береді. Ал оның ішіндегі маңыздылары тарихи жырға айналып, ұлғайып отырады.

Тарихи жырға 1948 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихы» кітабында арнайы үлкен бөлім берілген<sup>38</sup>. Бөлімнің кіріспесінде тарихи жырлар туралы түсінік бар, онда бүкіл тарихи фольклор жөнінде айтылып, тарихи өлең, жыр, аңыз жайында сөз болады және фольклордың тарихқа көзқарасы, яғни тарих пен фольклордың ара-қатынасы біршама айқындалып баяндалады. Рас, сол кезеңдегі тұжырым бойынша автор (Б.Кенжебаев) фольклор терминінің орнына «ауыз әдебиеті» ұғымын қолданады. Өкінішке қарай, әлі күнге дейін кейбір зерттеушілер осы екі ұғымды шатастырып жүр. Дұрысында, «ауыз әдебиеті» деп қазіргі ғылымда авторлық шығармаларды, яғни жыраулар мен ақындардың ауызша шығарып, ауызша

<sup>37</sup> Сонда, 91-б.

<sup>38</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. – А., 1948. 300-358-бб.

орындаған, ауызша таралған туындыларын тану орныққан. Ал фольклорға ел есінде сақталып жеткен, авторы жоқ, ұмытылған шығармалар жатады. Оны кейде «халық ауыз әдебиеті» деп те атайды.

Сонымен, 1948 жылғы «Қазақ әдебиетінің тарихына» оралайық. Онда былай делінеді:

«Тарихи жырлар, тарихи аңыз әңгімелер дегеніміз — халықтың өмірінде бұрын-соңды болған, саяси-әлеуметтік мәні зор тарихи оқиғалар, істер жөніндегі, бұрын-соңды тарихта шын болған көрнекті адамдар жөніндегі ауызша шығарылған өлең-жырлар, аңыз әңгімелер»<sup>39</sup>. Бұдан байқайтынымыз — тарихи жырдың нақты бір оқиғаға негізделетіні. Бұл жайында Б.Кенжебаев былай деп жазады: «...көп реттерде тарих пен ауыз әдебиеті бір-біріне жәрдемші, бірін-бірі толықтырушы болып келеді... Бірақ осымен қатар, тарих пен ауыз әдебиеті бірдей емес екенін де ескеру қажет. Тарихшы болған оқиғаны тыңнан, ойдан жаңалық қоспай, сол тарихта болғанынша тексеріп, талдап айтып береді. Ол үнемі тарихтық нақтылы материалдарға сүйенеді, айтылған ойын, пікірін солармен дәлелдейді. Ал ауыз әдебиеті, ақын, жырау болған оқиғаның, тарихи адамның өмірбаяны мен істеген ісінің сүрлеуін, ізін, желісін ғана алады. Басқасын өзінің қиял дүниесінен шығарады, суретпен, пернемен, бейнемен айтып дәлелдейді.

Ауыз әдебиеті тарихи оқиғаны, тарихи істі зерттеу тілімен айтпай, көркем әдебиет тілімен айтып береді. Тарихи шындықты көркем шындыққа айналдырып айтады деген сөз»<sup>40</sup>.

Өте орынды, дұрыс айтылған пікір. Автордың бұл ойы тек тарихи жырға ғана емес, бүкіл фольклорға, тіпті күллі көркем әдебиет пен өнерге де қатысты. Тарихи шындықты, болмысты фольклор да, көркем әдебиет те, өнер де сол күйінде бейнелемейді, әсіресе фольклорда өткен заман оқиғалары тұтастануға түсіп, бір дәуірге шоғырланады, сондықтан әр шығармадан нақты болған істі, фактіні іздеуге болмайды. Фольклорда уақыт тұйықталады, кеңістік жиырылады, іс-әрекеттер әсіреленеді... Осыны ескермеген зерттеуші өткен ғасырдағы ғылымда орын алған «тарихи мектептің» қателігіне ұрынары сөзсіз. Жалпы,

---

<sup>39</sup> Сонда.

<sup>40</sup> Сонда.

фольклордың көпсатылы, көпқабатты, көпфункционалы руханият екенін ұмытпаған жөн.

Сөз болып отырған кітапта тарихи жырлардың үлгісі ретінде Абылай туралы жырлар мен әңгімелер, Сырым жөніндегі аңыз әңгімелер, Кенесары, Наурызбай туралы жырлар, әңгімелер, «Жанқожа батыр», «Бекет батыр», «Досан батыр» атты дүниелер қаралып, Саржан, Кенесары, Наурызбай, Ағыбай сияқты батырлардың бейнесі жеке-жеке талданады. Сондай-ақ «1916 жылғы көтеріліс туралы халық әдебиеті» деген тарауша бар.

Ал, 1960 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихында» тарихи жырлар үш топқа бөлініп, қарастырылған: XVIII ғасырдағы тарихи өлең, аңыз-әңгімелер және жыр сарындары (авторы Н.Смирнова); XIX ғасырдағы тарихи жырлар, Жанқожа батыр жайындағы жырлар, Бекет батыр жайындағы жырлар, Досан батыр жайындағы жырлар (авторы Б.Шалабаев), 1916 жылғы көтеріліс туралы халық поэзиясы: Революциялық тарихи жырлардың туып дамуы, Аманкелдінің ерлік тұлғасы, Бекболат және халық трагедиясының бейнесі, Майдан өмірін суреттеу, көтеріліс туралы лирикалы жырлар (авторы Е.Бісмайылов).<sup>41</sup>

Бұрынғы, 1948 жылы шыққан, әдебиет тарихына арналған кітаппен салыстырғанда, мына еңбекте тарихи жырдың құрамы бірталай өзгеріске түскен. Мұнда, біріншіден, Абылай, Сырым туралы шығармалар жеке бөлінбей, атүсті ғана сөз болады; екіншіден, Кенесары, Наурызбай жайындағы жырлар жоқ; үшіншіден, Саржан, Кенесары, Наурызбай, Ағыбай батырлардың бейнелері мүлде талданбаған.

Көңіл бөліп айтатын нәрсе сол — екі кітапта да тарихи жыр, аңыз, өлең аралас қарастырылады және тарихи жыр тек XVIII ғасырда ғана пайда болып дамуға түсті деген тұжырым ұсынылған.

Тарихи жыр мен батырлық эпос жырларын саралап зерттеу ісін ұсынғандар қатарында Б.Кенжебаевты да айту қажет. Ол эпос пен тарихи жырдың айырмасы бар екенін, бұл екі жанрдың шығу дәуірі мен жаратылысының өзгеше екенін айқын түсініп, өз ойын «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» атты

<sup>41</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. 1-кітап. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – А., 1960. 579-670-66.

кітабында жүзеге асыруға тырысқан<sup>42</sup>. Өзінің бұрын-соңды жазған еңбектерінде ол жалғыз тарихи жырды ғана емес, тарих іздерін анығырақ сақтаған әңгімелер мен аңыздарды да қамти отырған.

Ғалым Абылай, Сырым атына байланысты тарихи жырларды талдап, олардың тарихи шындықпен арақатынасын ашуға талпынған. Осы негізде ол тарих пен халық әдебиеті нақпанақ болмайтынын байқайды. Тарихи оқиға фольклорлық шығармада, әсіресе жырда, көркемделіп бейнеленетінін, тіпті әсіреленіп көрсетілетінін айтады.

Б.Кенжебаевтың тарихи фольклорлық шығармаларды зерттеу жұмыстарының ішінде 1916 жылғы көтеріліске байланысты туған халық поэзиясына арналған ғылыми еңбегінің орны бөлек<sup>43</sup>. Зерттеуші алдымен тарихи оқиғаға тоқталып, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тек Қостанай, Торғай мен Жетісу өлкелерінде ғана емес, Қазақстанның барлық аймағында болғанын нақты мысалдармен дәлелдейді, тың туындылар тауып, ғылыми нақты талдаулар жасайды.

Ғалым қаралып отырған кездегі халық поэзиясы ежелгі батырлық эпос пен кейінгі тарихи жыр дәстүрлерін жалғастырады деген ой айтқан. Б.Кенжебаев 1916 жылғы халық поэзиясы өзінің жанрлық құрамы жағынан өте бай екенін аңғарып, онда мынадай жанрлардың кездесетінін анықтайды: дастан, ерлік және лирикалық өлеңдер, арнау, үндеу, сәлем хат, мұңшер лирикасы. Автордың ойынша, арнау, үндеу, сәлем хат — халық поэзиясында жаңа туған соны жанрлар. Осылардың ішінде, «тарихи өлең» деп арнайы бөлмесе де, Б.Кенжебаев шағын өлеңдерді өз алдына дербес алып қарастырады.

1916 жылғы көтеріліске байланысты туған фольклорлық шығармалар туралы кандидаттық диссертация жазған М.Жармұхамедов тарихи өлеңдерді жеке дара бөлмей, оларды тұтас лирикалық өлең деп есептейді<sup>44</sup>. Автор оларды мазмұндық сипаттарына қарай үгіт-насихат, қоштасу, жоқтау және сәлем хат өлеңдер деп топтайды. Сонымен қатар зерттеуші толғаудың жаңа түрлері пайда болғанын айтады. Жалпы,

<sup>42</sup> Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, 1973.

<sup>43</sup> Кенжебаев Б. 1916 жылғы көтеріліс жырлары туралы. – Алматы, 1956.

<sup>44</sup> Жармұхамедов М. Восстание 1916 года в казахской народной поэзии. Автореф. на соиск. учен. степени канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1962.



М.Жармұхамедов бар назарын 1916 жылғы көтеріліс туралы өлеңдердің идеялық мазмұнын зерттеуге аударады.

1916 жылғы көтеріліс жайындағы халық ауыз әдебиетін Х.Ищанов та зерттеді<sup>45</sup>. Ол поэзиялық шығармаларды лирикалық өлең жанрына жатқызып, онда тарихи сипат басым екенін қоштайды. Автордың әсіресе мән бере зерттегені — сәлем хат, қоштасу және жоқтау үлгілері.

Тарихи жырға орысша шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихында» арнайы тараулар берілген. Бұл томда тарихи жырды кейінгі дәуірде туған эпос, ал тарихи өлең XVIII ғасырда ғана пайда бола бастады деген пікір бар<sup>46</sup>.

Шын мәнісінде олай емес. Өйткені, біздіңше, тарихи өлең — көне заманнан бері халықтың өзімен бірге жасасып келе жатқан жанр. Халық басынан өткен оқиғалардың барлығы да тарихи өлең туғызып отырған. Бірақ сол өлеңнің көбісі біздің дәуірімізге дейін түгел жетпеген. Оның үстіне тарихи өлеңнің бірте-бірте басқа жанрға — тарихи жырға, одан батырлар жырына айналып кететінін де ескеру керек. Өйтпесе, сонау түркілер мен қызылбастар, қараханидтер мен моңғолдар, қалмақтар мен қоқандықтар дәуірінде болған оқиғалар тарихи өлең туғызбады дейсіз бе? Жоқ, туғызды. Бірақ оның біразы ұмытылды, біразы Алпамыс, Қамбар, Тарғын сияқты батырлар туралы жырлардың ішінде жүр. Олай болса, мәселені басқаша қою керек. Орыс тіліндегі әдебиет тарихында бұл мәселе дұрыс шешілмеген. Мысалы, XIX ғасырдағы Бекет, Жанқожа, Досан көтерілістері туралы шығармаларды авторлар тарихи өлең дейді де, ал XVIII ғасырдағы Қабанбай, Олжабай, Есім, Абылай аттарымен байланысты шыққан жырларды кейінгі дәуірде туған эпос деп атайды.

«В XVIII в. начинает складываться новый жанр казахского фольклора — историческая песня. Она качественно отличается от героического эпоса. Эпос выдвигает идеальные нормативы, его герой — воплощение их. Таков, например, Олжабай — герой одноименного эпоса»<sup>47</sup>, — деп жаза-

<sup>45</sup> Ищанов Х. 1916 жыл және халық поэзиясы. — Алматы, 1958.

<sup>46</sup> История казахской литературы. Т. 1. — А-А., 1968 (XVIII және XIX ғ. тарихи шығармаларға арналған бөлімдерді жазған С.Қасқабасов пен Е.Тұрсынов; XX ғасырға арналған бөлімнің авторы Е.Ысмайылов).

<sup>47</sup> История казахской литературы. Т. 1. — А-А., 1968. — С. 300-301.

ды зерттеушілер. Осы ретке Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Өтеген т.б. туралы шығармаларды да жатқызады. Сонда Бекет, Жанқожалар туралы жырлар неге эпосқа жатпайды деген заңды сұрақ туады.

Біздіңше, XVIII ғасырдағы оқиғалар мен қайраткерлер туралы шығармалар өзінің жанрлық даму барысында тарихи жыр деңгейінен біршама өтіп, батырлық эпосқа жақындаған. Ол түсінікті де, өйткені бұл шығармалар жазылып алынғанда болған оқиғадан бір ғасырдан астам уақыт өтіп кеткен еді. Және ол дәуірде фольклордың, әсіресе эпостың дәстүрі өте күшті болатын.

Ал Бекет, Досан, Жанқожа туралы шығармалар тарихи жыр қалпында хатқа түскен, олар ол деңгейден өтіп үлгірмеген. Рас, XVIII ғасырдың да, XX ғасырдың да тарихи жырлары жанрлық құрамы жағынан біркелкі емес: онда көптеген жанрлар араласып, ұштасып жатыр.

Тарихи өлең жанрын арнайы зерттеген ғалым — Б. Уахатов. Ол өзінің 1974 жылы шыққан «Қазақтың халық өлеңдері» деген монографиясының бір тарауын тарихи өлеңдерге арнаған. Ғалым бұл жанрдың тарихи жырдан айырмашылығын өте дұрыс атап көрсетіп, оның жанрлық анықтамасын белгілейді. «Шынында да, — деп жазады ол, — тарихи өлеңдердің шағын түрлерінің көлемі қысқа, эскиз секілді болып келеді де, ұзын-сонар оқиғаның ішінен тек сол өлеңнің идеясын ашарлық сәттерді ғана даралап көрсетеді»<sup>48</sup>. «Тарихи деректерге сай болған оқиғаны сол болған күйінде көрсетіп, нақтылы сурет жасайды»<sup>49</sup>.

Тарихи өлеңнің жанрлық сипатын айта келіп, автор оны лирикалық өлеңдерден шыққан деген пікірге тоқтайды. Алайда тарихи өлеңнің лирикаға жақын екені рас, онда лиризмнің болатыны да хақ, бірақ бұның бәрі тарихи өлеңді лирикадан шықты деуге дәлел бола алмайды. Себебі тарихи өлең болған оқиғадан соң араға көп уақыт салмай-ақ дүниеге келіп жатады, демек ол жанр ретінде лирикалық өлеңсіз-ақ туады. Бұл жерде анықтап алатын бір нәрсе: тарихи өлең эпикалық түрге жата ма, әлде лирикалық түрге жата ма? Міне, осы тұста та-

<sup>48</sup> Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. — А., 1974. — 247-б.

<sup>49</sup> Сонда. — 248-б.

рихи өлең мен тарихи жырдың айырмашылығы көзге айқын түседі.

Тарихи жыр өзінің поэтикасы, орындалу мәнері, тіпті мазмұны жағынан да эпикалық түрге жатады. Ал, тарихи өлеңде лирикалық сипат болғанымен, бірақ ол лирикалық өлең емес.

Сонымен, тарихи жыр мен тарихи өлең жанрларын зерттеген ғылыми еңбектерге жасаған шолудан шығатын қорытынды мынадай.

Қазақ фольклорының құрамында «тарихи жыр» және «тарихи өлең» деген екі жанр бар екені дау туғызбайды. Алайда, оларды зерттеуде мұндай біркелкілік жоқ. Ғылымда олардың ара жігі әлі толық ажыратылып болмаған. Соның салдарынан зерттеушілер тарихи жырға көп көңіл бөліп, тарихи өлеңдерді әлі арнайы сөз ете алмай жүр. Бұл жанрлар жеткілікті зерттелмегендіктен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда да лайықты дәрежеде қамтылмай жүр. Оның үстіне тарихи жырдың да, тарихи өлеңнің де жанрлық табиғаты әлі толық зерттелмей жүр десе де болады. Сол себепті кейбір фольклористеріміз «тарихи жырды кейінгі дәуірде туған эпос» деп, кейбір зерттеушілеріміз «кенже эпос» деп қарастырып жүр.

Ал, шындығына келсек, қазақ фольклорында «тарихи жыр» да, «тарихи өлең» де өзінше өмір сүре алатын, дербес жанрлар. Бұл — қазақ халық әдебиетінің өзіндік дара сипаттарының бірі.

Тарихи өлең — өмірде болған, нақты оқиғалар мен адамдарға арналған шағын, бірақ біршама эпикалық сарыны бар шығармалар. Тарихи өлең, әдетте, оқиғаның ізі онша суымай тұрғанда, фактілер ұмытылмай тұрғанда туады да, онда шындық іздері басым жатады. Сонымен бірге тарихи өлеңде көркемдік те бар, әрі лиризм де кездеседі.

Тарихи өлеңдер қоғам өмірінің әр кезеңінде туып отырады, яғни бұл — елгезек (оперативтік) жанр. Сондықтан тарихи өлең — өте ескі жанрлардың бірі. Мәселен, бүкіл түркі халықтарының эпикалық жыр түріне айналып үлгерген тарихи өлеңдерінің ең көне үлгісі — Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк т.б. туралы Орхон-Енисей маңынан табылған шығармалар деуге де болады. Ал ең кенже, өмірге жаңа келген нұсқалары деп Ұлы

Отан соғысында туған бір нақты оқиғаға байланысты айтылған шағын өлеңдерді атауға болады. Демек, тарихи өлең әрбір үлкен айтулы оқиға сайын өмірге тұрақты түрде келіп тұратын жанр. Оқиға болып жатқан кезде, немесе дереу соның артынша туған тарихи өлеңдер бірте-бірте, араға біраз уақыт салып барып шоғырланып, белгілі бір циклге топталып, жырға айнала бастайды. Оны жырға айналдырушылар — сол оқиғаның ішінде болған, немесе оны жақсы білетін өте қабілетті ақын, жыршылар.

«Тарихи жыр» терминінің аумағын кеңірек мағынада түсінетін болсақ, оған ел тарихының, халық өмірінің маңызды кезеңдеріне арналған эпикалық, сондай-ақ бірен-саран лиро-эпикалық шығармалар жатады. Әрине, тарихи жыр көркем шығарма болғандықтан тарих фактілері мен деректері онда көркемделіп, біршама өзгертіліп көрсетіледі. Тарихи жыр — түптеп келгенде батырлық жыр мен тарихи өлеңнің аралығындағы жанр. Тарихи өлең әңгімеленіп отырған оқиғаның ізінше пайда болады да, ел арасына тез-ақ тарап кетеді. Кейін сол әр өлеңде айтылған оқиғалардың негізінде көлемді шығармалар туады. Олар бірте-бірте циклденіп, үлкен жырға айналады және оған көптеген тарихи шағын өлеңдер енеді. Содан барады да үлкен, эпикалық тарихи жыр пайда болады. Ал араға көп уақыт салып барып, аса бір үлкен оқиғаға байланысты ол батырлық жырға айналады. Бізге жеткен көптеген батырлар жырының даму жолы осындай. Әрине, бұдан батырлық жырдың бәрі тек осылай дамиды екен деген ой тумауы керек. Батырлық эпостың құрамында миф, аңыз, ертегі элементтері өте көп. Кейбір эпос тек солардан тұрады.

Ал Абылай, Есім, Қабанбай, Олжабай туралы шығармалар батырлық эпосқа толық айналып үлгермеген, бірақ оның поэтикасын бойына сіңірген тарихи жырлар. Батырлық эпос үшін шындық өмірді және ғаламат оқиғалар мен алып батырлардың керемет ерлігін тек қана гиперболалық тәсілмен әсірелеп көрсету — үлкен идеялық әрі эстетикалық мұрат саналады. Эпостық тәсіл бойынша бұрын-соңды болған оқиғалар бір адамның бойына таңылып, олардың кәдуілгі қимыл-қайраты зор ерлік, асқан батырлық дәрежесіне көтеріле суреттеледі. Мұндай эпикалық эталондар көптеген жылдар бойы қалыптасады. Сол себепті эпоста көрсетілгеннің бәрі мүмкіндігінше

кең диапазонды, монументальды сипатта суреттеліп, үлкен қорытындылар жасалады.

Ал тарихи жырда идеялық-эстетикалық мұрат сәл өзгешеу: мұнда үлкен оқиғаның жекелеген фактілеріне, бұқара қауымнан өзінің қайратымен, жүректілігімен, ақылымен дараланып шыққан кәдімгі қарапайым адамдарға мән беріледі. Бірақ олар, яғни жеке факті де, адам да жалпы тарихи жағдайдан бөлек алынбайды. Тіпті тарихи жырдың бүкіл мазмұнының өзі сол заманның оқиғаларынан туып, өрбіп жатады.

Рас, қазақ тарихи жырларында батырлық эпостың көптеген элементтері бар, бірақ олар әлі таза қаһармандық эпос емес. Демек, біз «қазақ фольклорында басқа жанрлар сияқты тарихи жыр бар» деп қарауымыз керек. Оны «кенже эпос» деу де дұрыс емес. Ол — қазақ фольклорының өзіндік ерекше белгісінің бірі. Тарихи жырдың кенже эпос емес екендігіне тағы да бір дәлел ретінде мынаны айтуға болады. Батырлар жырының негізгі мазмұны — қалмаққа қарсы соғыс. Тарихи жырдың да мазмұны — сол. Демек, қазақ пен қалмақ арасындағы соғысты көрсету үшін тағы да бір топ батырлық эпос жасаудың керегі бар ма еді? Мұны жасап үлгігерліктей уақыт та болған жоқ.

Мәселе мұнда басқаша болу керек. Абылай, Олжабай, Қабанбай т.б. туралы жырлар XVIII ғасырдың өзінде пайда болмай, бұл тұста тек шағын өлеңдер мен аңыз-әңгімелер ғана туған. Айталық, «Қап қағылған», «Қаратаудың басынан көш келеді», «Қалмақ қырылған» сияқтылар. Сол тәрізді Абылай туралы, оның батырлары жайында да әртүрлі аңыз, әңгіме, өлеңдер шыққаны даусыз. Шоқан жазып алған «XVIII ғасырдағы батырлар туралы тарихи аңыздар»<sup>50</sup> мен басқа жырлар осының айғағы. Шоқан бұларды XIX ғасырдың екінші жартысында жазып алғанын және олардың өзі бірнеше бөлшектен тұратынын ескерсек, бұл шығармалар оқиғадан көп кейін пайда болғанын көреміз. Мәселен, қай жырды алсақ та, баяндалатын оқиға мен бейнеленетін кейіпкерлердің ертеде өткені атап көрсетіледі. Міне, «Қабанбай» жырының басталуы:

<sup>50</sup> Валиханов Ч. Собр. соч. в 5-ти т. Т.5. — Алма-Ата, 1961. — С. 220-228.

Жарандар, иманыңнан күдер үзбе,  
Айтамын аз мәселе енді сізге...  
Бұрынғы өтіп кеткен ер Қабанбай...<sup>51</sup>

Демек, мұндай эпикалық шығарма Қабанбай дәуірінен әлдеқайда кейін туған.

Қалмақ шапқыншылығы кезінде халықты ерлікке шақыру идеяларын жыршылар ежелгі эпосты айту арқылы дамытқан. Алпамыс, Қобыланды сияқты батырлардың жаулары етіп қалмақтарды көрсеткен. Өйткені сол кездегі анық болған тарихи оқиғаларды, яғни қазақ пен қалмақ арасындағы қақтығыстарды ел ақындары әлі де көлемді жырға түсіріп үлгірмеген. Тек шағын өлеңдер мен әңгімелерді айтумен шектелген. Кейін ХҮІІІ ғасырдың аяғы мен ХІХ ғасырдың бас кезінде солардың басын қосып, мәнерлеп, әсірелеп, көркемдеп үлкен тарихи жырға айналдырған. Ол үшін жыршылар, сөз жоқ, бұрыннан белгілі батырлық эпостың көркем поэтикасын пайдаланған, соған сүйенген. Соның нәтижесінде тарихи жырлар соңғы бір-екі ғасырдың ақиқат шындығын бейнелейтін өзіндік тың құбылыс ретінде дүниеге келіп, халық әдебиетінің өз алдына дербес тума жанры болып қалыптасқан.

Бүгінгі таңда қазақ фольклортану ғылымы тарихи жыр — ұлттық фольклорымыздың айшықты да өзіндік жанры екенін дәлелдеп, оны теориялық тұрғыдан тереңдей зерттеген еңбектермен байи түскенін айту керек. Бұл істе, әсіресе 1979 жылы жарық көрген «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» деген ұжымдық еңбектің маңызы үлкен болды.<sup>52</sup> Атауынан көрініп тұрғандай-ақ, бұл кітап түгелдей тарихи жырға арналған, ал мұның өзі ол шақта онша құптала бермейтін тақырып болатын. Монография үлкен екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде ХVІІІ ғасырдағы тарихи жырлар қарастырылады. Бұл қатарға Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Олжабай, Өтеген, Арқалық секілді батырлар туралы шығармалар енген. Ал екінші бөлім ХІХ-ХХ ғасырлар жырларына арналған. Мұнда Исатай-Махамбет,

<sup>51</sup> Казахский фольклор в собрании Г.Н.Потанина. — А.-А., 1972. — С. 263.

<sup>52</sup> Қазақ тарихи жырларының мәселелері. — А., 1979.

Досан, Бекет, Жанқожа, Сұраншы жөніндегі жырлар талданады.

Кітаптың ұтымды жағы деп тарихи жыр жанрының сипаты мен зерттелуін, тегі мен дамуын жеке қарастырған мақалалардың болуы және халық музыкасындағы тарихи оқиғалардың бейнелену жағдайын баяндауы. Алайда, сонымен бірге еңбекте XVIII ғасырдан бұрынғы замандарда пайда болған шығармалар сөз болмайды. Мұның себебі — арғы дәуірлердегі жырларды зерттеуге рұхсат болмауы және ол материалдардың жабық жатуы еді. Соған қарамастан, осы еңбектен кейін зерттеушілердің тарихи жырға деген ынтасы өсіп, жекелеген мақалалар жариялана бастады.

Тарихи жырды кең көлемде жинау мен жариялау әрі зерттеу жұмысы еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін едәуір қарқын алды. Тарихи жырдың мәтіндері жеке-жеке том болып жарыққа шықты, ол томдарға арнайы кіріспе жазылып, түсініктер берілді.<sup>53</sup> Тарихи жыр жайында диссертациялар қорғалып, монографиялық зерттеулер жазылды.<sup>54</sup> Бұл еңбектердің қай-қайсысында да болсын тарихи жыр арнайы сөз болып, оның өзіндік және басқа жанрлармен ортақ белгілері, жекелеген шығармалардағы тарихилық пен фольклорлық элементтерінің ара-қатынасы анықтала түскен, сондай-ақ жарияланып отырған жырға сипаттама талдау берілген. Осы ретте Р.Бердібайдың «Абылай хан» атты жинаққа жазған «Абылайдың асуы», Ш.Уәлиханның «Тарихи жырлар» көптомдығының 1-томына жазған «Абылай хан туралы өлең-жырлар және тарих», Ш.Ыбырайдың «Тарихи жырлар» жинағының 3-томына жазған «Азаттық жыры» атты мақалаларын атау лазым. Ал Б.Абылқасым «Қабанбай батыр» атты жинаққа енген «Қабанбай батыр» атты жыры туралы және «Қаракерей Қабанбай» деген екі мақаласында аталмыш жырдың варианттары жайлы қысқаша мәлімет

<sup>53</sup> Қараңыз: Абылай хан. А., 1993; Тарихи жырлар. 1-том. Абылай хан. — А., 1995; Тарихи жырлар. 3-том. Кенесары-Наурызбай. — А., 1996; Ақжолтай Ағыбай батыр. — А., 2002; Б.Абылқасым. Қабанбай батыр. — А., 2005. т.б.

<sup>54</sup> Қараңыз: Сәнік З., Садықанұлы Б. Қаракерей Қабанбай. — А., 1991; Сейітжанұлы З. Тарихи эпос. — А., 1994; Ибраһим В.С. Тарихи жырлар тағылымы. — Қарағанды, 1997; Берік Серікбайұлы. Тарихи эпос табиғаты. — Қарағанды, 1999, т.б.

береді және «батырдың бейіті қай жерде» деген мәселені сөз етеді.

Міне, байқасақ, 1990-2005 жылдар аралығында жарық көрген тарихи жырлардың дені XVIII-XIX ғасырдағы оқиғалар, дәлірек айтқанда, Абылай мен Қабанбай, Олжабай, Кенесары мен Наурызбай, Ағыбай туралы екен. Ал, XVIII ғасырдан ертеректе өмір сүрген тарихи тұлғалар мен олардың іс-қимылдары, жаумен ұрысы, ерлігі жайындағы жырлар әлі күнге дейін ойдағыдай деңгейде жарияланбай келеді. Осы олқылықты толтыратын үлкен іс — «Бабалар сөзі» сериясы бойынша XV-XVI-XVII ғасырлар кезіндегі айтулы оқиғалар мен қайраткерлер жөніндегі жырларды бастыру болып отыр. Әлбетте, бергі дәуірдегі, яғни XVIII бен XIX, тіпті XX ғасыр тұсындағы да тарихи жырлардың үлгілері қамтылады. Бұл ғылыми басылым болғандықтан жариялануға тек жыр мәтіндері ғана іріктеліп алынды, ал тарихи өлең мен аңыз, әпсаналар сол жанрларға арналған томдарға топталады.

Ұсынылып отырған томға негізінен XIV-XVII жүзжылдықтарда ғұмыр кешкен, елі мен жері үшін жанын аямай күрескен, орасан ерлік көрсеткен батырлар мен көрнекті тұлғалар туралы шығармалар енді. Мәселен, XIV-ғасырда өмір сүрді деп есептелетін Орақты батыр, XV ғасырдағы Өз Жәнібек хан, атақты Есім хан (XVI ғ.), Олжаш батыр (XVI ғ.), Сәтбек батыр (XVI ғ.) жөніндегі жырлар. Әрине, бұл адамдар жайындағы жырлар дәл сол шақта тумаған, олар бейнеленіп отырған басты кейіпкерлер өмірден өткеннен кейін көп уақыт кеш туған. Сол себепті оларда баяндалатын оқиғалар да дәл сол қалпындай болып көрсетілмейді, сюжеттің алғашқы нұсқасы өзгеріске ұшыраған, түпкі оқиғаға әртүрлі қоспалар қосылған және ауызша орындалу барысында айтушылар мен тыңдаушылар да қалауы бойынша шығармаға, кейіпкердің іс-әрекетіне, мінез-құлқына өзгерістер, қосымшалар жамаған, сөйтіп, тарихи жырда неше түрлі қиял-ғажайыптық, тіпті мифтік сарындар пайда болған. Мұның бәрі тарихи жырды — таза фольклорлық көркем шығармаға айналдырады, демек, бір заманда болған оқиға көркем шындыққа айналады, соның нәтижесінде шығармада алғашқы оқиғаның сұлбасы ғана сақталады. Болған оқиғадан неғұрлым көп уақыт өткен сайын



шығармада соғұрлым ол солғын тартып, көмескілене береді, сюжет кеңейіп, әр дәуірдегі алуан түрлі ұғым-түсініктермен, наным-сенімдермен байланысты мотивтермен толығады да үлкен эпостық дүние болып шығады. Бұл заңдылықты осы томда жарияланып отырған мәтіндерден де көруге болады. Мысалы, «Орақты батыр» жыры бірнеше хикаядан тұрады. Елге жайлы қоныс іздеп жортқан жалайыр жұрты бірде адам жейтін жалмауызға кезігеді, енді бірде айдаһарға ұшырасады, тағы бірде Ақкөбік, Қаракөбік деген күніне бір қыз бен бір қой жейтін екі жалмауызға тап болады. Үш ретте де он жеті жасар Орақты батыр әлгі айдаһар мен жалмауыздарды жайратып салады. Батырдың осындай неше алуан мақұлықтар мен жауыздармен шайқасатыны туралы сюжеттер өте ерте заманда туған деп есептеледі және жанрлық сипаты бойынша олар хикая болады. Ал осы «Орақты батыр» жырында тарихи факті, немесе оқиға бар ма? — деген мәселеге келер болсақ, ол байқалмайды. Рас, Балпық пен Ескелді билер бар жырда. Олар — XVIII ғасырда өмір сүрген қайраткерлер, Жалайыр жұртының атақты билері. Сонда қалай, Орақты батыр XIV ғасырда өмір сүрген болса, XVIII ғасырдағы Балпық пен Ескелді билер бір жырда қатар жүргені несі? — деген сауал туады. Мұндай тарихи анахронизм фольклорда, әсіресе батырлық эпоста бола береді. Оны фольклортану ғылымында «тарихи тұтастану» заңы деп атайды. Бұған тән нәрсе: бір шығармада өртүрлі заманда болған оқиғалар, әр басқа дәуірде өмір сүрген тұлғалар аралас жүреді. Мұндай тарихи тұтастану фольклор поэтикасы бойынша көбінесе бас қаһарманды дәріптеу мен шығармаға шындық сипат беру үшін қолданылады.

Жоғарыда айтылғандай, тарихи жыр саф таза күйінде болмайды. Ол фольклордың басқа жанрларымен бірге, аралас, бір жүйеде ғұмыр кешкен себепті сол жанрлардың кейбір қасиеттерін бойына сіңіреді, сондықтан кейде ертегі, кейде хикая, кейде батырлық жыр сияқты болып көрінеді. Бірақ оны бұлардан айырып тұратын басты ерекшелігі — онда баяндалатын оқиға, немесе бейнеленетін кейіпкер өмірде болған, тарихи шындық болатыны. Ал тарихи жырдың басқа жанрмен жақындасып кеткен түрін осы томдағы Жәнібек пен Есім хан хақындағы жырлар арқылы кездестіреміз.

Мәселен, «Батыр Жәнібектің өлеңі» деп аталатын жырдың басталуы кәдімгі классикалық эпостың прологі: перзентсіз ата-ана қартайған шақта әулиеден әулие қоймай жер шарлап жүріп, ақыры Баба түкті пашты Өзіздің көмегімен болашақ батыр Жәнібекті көреді. Осындай бас қаһарманның ерекше болып тууы, дәлірек айтқанда, ғайыптан (ғажап) тууы «Еңсегей бойлы ер Есім» жырында да баяндалады. Бұл жырда осы мотив екі рет қайталанады. Әуелі Шыңғыс ханның күн нұрынан жаралғаны туралы белгілі сюжет айтылады да, екінші ретте Шыңғыс ханның ұрпағы Түркістанның ханы Тәуекелдің (Тәукенің) қырыққа келгенше баласыз болғаны, оның Қашқардағы Аппақ қожа дегеннің қолдауымен перзент көргені, ұлының атын Есім қойғаны баяндалады. Жалпы, бұл жырда тарихилық сипат басымрақ: Шыңғыс хан, Тәуке хан, Есім ханның бейнеленуі, Тәшкентті билеген Тұрсын ханның жауыздығы, сондай-ақ Дешті Қыпшақ, Түркістан, Қашқар сияқты жер атауларының болуы — тарихи шындықтың көріністері.

Осындай жайттер «Олжаш батыр» жырында да ұшырасады. Жырдың желісі Есім хан мен Тұрсын ханның арасындағы қайшылықты қатынастарға құрылған. Қатаған ханы — Тұрсын қалмақтың ханы Қатаған болып көрсетіледі. Оның іс-әрекеті Есім ханға, қазақ еліне қарсы жауыздық ретінде суреттеліп, Қатаған жеңіліске ұшырап, оның қыздары олжаға түскені жырда біршама кең баяндалады. Бұл жағдай қазақ шежірелерінде де айтылады. Мысалға Шәкәрім жазған шежірені, М.Тынышбаевтың жазбаларын айтуға болады.

«Сәтбек батыр» жыры жоғарыда сөз болған шығармаларға қарағанда, көнелік сипаттан таза. Мұнда ертегі мен эпостың сарындары кездеспейді, соған қарағанда, аталмыш жыр не бертінгі заманда туған, не жеткілікті дәрежеде фольклорлық айналымға толық түспей, тұтастанудың сюжеттік түрін ғана бастан кешірген болу керек деп топшылауға болады. Бұлай болған жағдайда жыр Ермактың қазақ жеріне кіріп, елге жасаған озбырлықтарының ізі суымай тұрғанда дүниеге келген бе деп те болжауға болатын тәрізді. Қалай болғанда да, «Сәтбек батыр» — таза тарихи жырдың үлгісі. Оның тарихи негізі дәл жырдағыдай болмаса да, Ермактың қазақ жерінде

Ертіс өзеніне батып өлгені — шындық. 1585 жылғы тамыз айының 5-күні «Ермактың қарақшылары кішкене аралға түнейді. Жаңбырлы түнде Сәтбек батыр бастаған Көшім сарбаздары күзетшілердің көзін жойып, қалжырап ұйқыға кеткен қарақшылар лагеріне шабуыл жасайды. Оянған Ермак қорғана алмасын біліп, бас сауғалап, өзен ағысына қойып кетеді де, суға батып өледі»,<sup>55</sup> — деп жазады профессор Мұрат Әбдіров өзінің «Хан Кучум: неизвестный и известный» (А., 1996) атты кітабында. Осы жағдай жырда фольклордың дәстүрі бойынша көркем баяндалған, сюжет драмалық сипатты қақтығысқа құрылған, өмірдегі Ермактың өлуіне себепкер болған Сәтбек батыр мен оның сарбаздары болғаны жырдың сюжетіне негіз болған, сондықтан негізгі оқиға жалғыз Сәтбекке байланыстырылған. Бұлай болуының тағы бір себебі — жыр көркем шығарма болғандықтан, Сәтбектің бейнесін қаһармандық мәнде көрсету қажет болғандығы.

Атап айтатын бір нәрсе сол — «Бабалар сөзі» сериясының ғылыми шарты бойынша, томдарға бір шығарманың бірнеше варианты қоса беріледі. Бұл шарт бұрынғы томдарда да, осы томда да сақталған. Сол себепті осы томда Есім хан туралы 2 жыр, Сәтбек батыр жайында да 2 мәтін жарияланып отыр. Келесі томдарда да осы принцип сақталады. Айталық, XVIII ғасыр батырларына арналған төрт томда Абылай туралы 3 жыр, Қабанбай жайындағы 5 жыр, Олжабай, Өтеген, Райымбектер жөніндегі жырлардың әр түрлі нұсқалары берілмекші. Ашып айту керек, варианттар бірін-бірі дәлмедәл қайталамайды. Тіпті сюжет біреу болған күннің өзінде де олар өзара ерекшеленіп тұрады. Бұл — фольклор дәстүріне тән ерекшелік. Бұған бір жырдың өзін бір жыршыдан екі-үш мәрте қайта жазып алу арқылы көз жеткізуге болады. Американың, Ресейдің ғалымдары мұндай тәжірибені жасап, жыршы бір жырдың өзін сюжетін сақтай отырып екі түрлі етіп айтатынын дәлелдеген. Өкінішке қарай, бізде ондай тәжірибе жасалмаған. Тек, абырой болғанда, Жамбылдан «Өтеген батыр» жыры екі рет жазылып алынған екен. Ол нұсқаларды салыстырып көрген кісі бір сюжетке құрылған бірнеше жырды оқыр еді. Сондықтан бір шығарманың

<sup>55</sup> Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 3-том. — А., 2001. — 401-б.

бірнеше вариантын бірге жариялау — фольклортану үшін де, сондай-ақ, әсіресе өнер қайраткерлері мен ақын-жазушылар үшін де өте пайдалы, әрі қажетті іс. Варианттың болуының өзі — фольклордың басты белгілерінің бірі және вариантты зерттеу арқылы фольклордағы, дәлірек айтқанда, жыршылық өнердегі импровизацияның сипатын ашуға мүмкіндік туады. Ал оқырман қауым бір жырдың басқа вариантын оқу арқылы, ұлтымыздың фольклоры қаншалықты бай екенін байқайды және халық поэзиясының қандай әдемі, халық қиялының қаншалықты ұшқыр екенін көріп, рухани ләззат алары күмәнсіз.

«Бабалар сөзінің» тарихи жырға арналған топтамасын қабыл ал, құрметті оқырман!

*Сейіт Қасқабасов,  
Қазақстан Республикасы Ұлттық  
ғылым академиясының академигі*



МӘТІНДЕР





# Батыр Жәнібектің өлеңі

- Кейінгі бізге нұсқа боп,  
Бұрынғылардан хат қалды.  
Ілгері заман адамы  
Мал бағып жүріп аттанды.  
Біздің заман жаңғыртты  
Көп жасаған қарттарды.  
Өзіреті сұлтан уақтында,  
Билеген екен үлкен боп  
Ноғайлы деген халықтарды.
- 10 Ноғайлының ішінде  
Әліби деген бай болып,  
Төрт түлік малы тұмандай,  
Абырой мүлкі сай болып,  
Мастықпен көңіл шаттанды.  
Жетпіс бес жасқа келгенше,  
Бәйбіше бала туған жоқ,  
Көңілде осы дақ бар-ды.  
Күндерде бір күн қасына  
Бәйбішесін шақырып,
- 20 Іштегі сырын ақтарды.  
«Әулие іздеп түнейік,  
Өзіміз жаяу жүрелік,  
Айдағайық жігітке  
Жылқыдан семіз аттарды.  
Ұнамады көңілім  
Бұл малға ие болмаса,  
Бәйбіше бекер жатқан-ды.  
Жер жүзін тегіс қыдырып,  
Әулие іздеп табайық.

- 30 Қайда әулие бар десе,  
Іркілмей іздеп барайық.  
Бір-бір қонып басына,  
Бір семіз аттан шалайық.  
Байлық пен малға мас болып,  
Арт жағымыз пәс болып,  
Тұяқсыз кетіп қалмайық».  
Осыны айтып Әліби,  
Өксіп-өксіп жылады.  
Бәйбішесі Қарлығаш
- 40 Бұл айтқан сөзін ұғады.  
«Сұрайық бала» дегенін  
Көңіліне мақұл ұнады.  
Бай-бәйбіше екеуі  
Қораға шығып тұрады.  
Қызметкерлер шақырып,  
Жол жабдығын даярлап,  
Жол жүрмек қамын қылады.  
Жылқышыларын шақырып,  
Жылқыдан жүз ат айдатып,  
50 «Малдан жоқ бізге пайда» деп,  
Түліктен жүзден қияды.  
Қалманбет шалды басшы қып,  
Төрт жүз малды айдатып,  
Сәрсенбі күні шығады.  
Қаратауды қыдырып,  
Әулие қоймай сыдырып,  
Перзент бер деп сұрады.  
Тынбастан жүріп күндіз-түн  
Әулие қарап, мал сойып,  
60 Осындай істер қылады.  
Қарлығаш пен Әліби  
Жаяулап перзент тіледі.  
Әулие көрсе, мал сойып,  
«Перзент бер» деп түнеді.  
Ешбірі аян қылмады.  
Қаратауды бөкселеп,  
Әулие қоймай қыдырды.  
Сау тамтық қалмай киімнен



- Етегін шеңгел сыдырды.
- 70 «Бермесен перзент, алғын» деп,  
Бір шыбын жаннан түңілді.  
Аяқтары жарылып,  
Күндіз-түн шаршап, зарығып,  
Өкшелері тілінді.  
Ертеңнен кешке сандалып,  
Күн батып қалған мезгілде  
Бір түп шеңгел басында,  
Дәрет суы қасында,  
Бір бұлақ аққан білінді.
- 80 Бәйбіше мен екеуі:  
«Бұл шеңгел тегін» емес деп,  
Мұнартып көзі елестеп,  
Етпетінен жығылды.  
Бір көк атты алдырып,  
Қалекеңе шалдырып,  
Кемпір-шал жылап бүгілді.  
Малшыларға басшы еді,  
Бірге жылап Қарекең,  
Тұзын ақтап бұлардың,
- 90 Еңбегін бұл да сіңірді.  
Әліби мен Қарлығаш  
Жылауменен отырып,  
Таңға жақын болғанда  
Ұйықтап, көзі ілінді.  
Көзі ілініп кемпір-шал,  
Екеуі бірдей түс көрді.  
Бірге жатып екеуі,  
Көңліне қуаныш іс көрді.  
Көрген түсі мынадай:
- 100 Айталық қуаныш істі енді.  
Бір диуана Аллалап,  
Жетіп келді түсінде,  
Көңіліне бұлар күш көрді.  
Бәйбішенің қолында  
Алтыннан жүзік бұрама.  
Біреу жарлы, біреу бай.  
Бәрін де Құдай қыла ма?

- Есітпесе жақсы сөз,  
Жаралы көңіл тына ма?  
110 Жарылқаса Жаратқан,  
Қуанбай пенде тұра ма?  
«Еңбегің жанды, кемпір-шал,  
Мен айтамын, құлақ сал,  
Мен — Шашты Әзиз диуана.  
Болдыңыз бір қыз, бір ұлды,  
Жаратқан кеңдік бір қылды,  
Қайғырып зарлап жылама.  
Талай бардым сен үшін  
Дәрғанна Құдайдың,  
120 «Бір ұл, бір қыз бердім» деп,  
Есіттірді жауабын,  
Бұл болды сізге сыбаға.  
Сендер үшін, кемпір-шал,  
Дәрғанна Құдайдың  
Алты барып, бес қайттым.  
Соңында болды қуаныш  
Төрт барғанда, бос қайттым.  
Өзі рақым қылыпты,  
Көзіңнің жасын көріпті.  
130 Атса, мылтық өтпейтін,  
Шапса, қылыш кеспейтін,  
Бір Алладан болмаса,  
Пендеден ажалы жетпейтін  
Бір ұл, бір қыз беріпті.  
Бірнеше күн зар жылап,  
Көзіңнің жасын бұладың.  
Жылаған сайын Құдайдан  
«Бір перзент бер» деп сұрадың.  
Тілектерің қабыл боп,  
140 Әсіл болды мұратың.  
Ұлыңның аты — Жәнібек,  
Қызыңның аты — Мақпал қыз,  
Атын да мәлім қыламын.  
Қабыл болды көз жасың,  
Қадірлі болды өз басың,  
Енді уайым қылмағын.

- Өліби, қайтқын еліңе,  
Жарылқады сені де,  
Осы сөзді сынағын.
- 150 Батыр болар Жәнібек,  
Қысылған жерде «бабам» деп,  
Көңліне алып, жат қылса,  
Өзім де барып тұрамын.  
Балаңыз маған сыйынса,  
«Баба түкті шашты Өзіз,  
Қырық шілтен» менің ұраным».  
Осыны айтып шашты Өзіз  
Көтерді қолын дуаға.  
Жүректері лүпілдеп,
- 160 Кемпір-шал тұрды қуана.  
Осындай аян көргенсін  
Қуанбай пенде тұра ма?!  
Жәнібек батыр, Мақпал қыз  
Бұларға болды сыбаға.  
«Аллаһ акбар, қош бол!» — деп,  
Осыны айтып болды да,  
Ғайып болып кетті диуана.  
Түсін болжап кемпір-шал,  
Қуанып тұрды шаттанып.
- 170 Жүректері жарылып,  
Қайғысын іштен ақтарып:  
Құдай берді, Қалеке,  
«Шүйінші!» деп мақтанып,  
Ал қайтамыз, жігіттер,  
Еліміз жаққа аттанып.  
Сапарымыз жарыды,  
Далада енді жатпалық.  
Қалған малдың бәрін де  
Құдайы қып беріпті.
- 180 Қуанып қалды жігіттер,  
Қой, сиыр, түйе, атты алып.  
Жолдастары айтып жүр:  
«Бай-бөйбіше шаршады,  
Қашан елге барғанша,  
Жақсы қып бағып сақталық».

- Бай-бөйбіше қуанып,  
Еліне қайтып жөнелді.  
Түстенген қонған жерінде  
Кемпір-шалға жігіттер
- 190 Шатыр тігіп береді.  
Жігіттерден оңаша  
Дем алған жері бір күні  
Паналау жылға жер еді,  
Әлекең байқұс қарбаңдап,  
Алып-ұшып жүрегі,  
Ойнағысы келеді.  
«Не қылсаң, өзің білгін!» — деп,  
Бөйбіше пәлен демеді.  
Қарбаңдап жатып шал байқұс,
- 200 Болар-болмас іс болды  
Көп сөздің не дер керегі?  
Еліне келіп бөйбіше,  
Қампайып қарны жүкті болып,  
Қуаныштың болды дерегі.  
Тоғыз ай өтіп, тоғыз күн  
Туатын уақыты боп еді.  
Бөйбіше бір күн толғатып,  
Арыстандай ұл бала  
Дүниеге енеді.
- 210 «Бөйбіше туды!» — дегенсін,  
Құтты болсын айтқалы  
Елдің игі жақсысы  
Жиылып бәрі келеді.  
Ат шаптырып, той қылып,  
Былайша қуаныш ой қылып,  
Мал-мүлкін үшке бөледі.  
Бір бөлген малын халқына,  
Тілектес бол жұртым деп,  
Қолынан бөліп береді,
- 220 Ырза болып халқы тарқады,  
Үштен бір мал да көп еді.  
Күн санап өсті бұралып  
Кемпір мен шалдың көдегі.  
Тілектес болған әулие,

- Жәнібек сынды батырдың  
Күн санап өскен себебі.  
Жәнібек батыр туғансын,  
Бір жасқа батыр толғанда,  
Бал тасындай жайнады.
- 230 Екі жасқа келгенде,  
Жай оғындай қайнады.  
Үш жасына келгенде  
Бұлбұл болып сайрады.  
Төрт жасына келгенде  
Ақыл айтып әркімге,  
Жігіттермен ойнайды.  
Бес жасқа анық келгенде  
Өз қатары жастарды,  
Ерегіссе, қуады.
- 240 Жәнібек сөйтіп жүргенде,  
Қарындасы — Мақпал қыз  
Айдай толқып туады.  
Қуанып, жайнап Жәнібек  
Алты жасқа келеді.  
Айтысып келген дау болса,  
Төресін әділ береді.  
Жетіге анық шыққанда  
Өзі теңдес балалар  
Нөкер болып ереді.
- 250 Сегіз жасқа келгенде  
Алды-артын болжап әр істің,  
Үлкейіп жігіт боп еді.  
Сегізден өтіп тоғызда,  
Берен мылтық, ақ қылыш,  
Қылыш шауып, оқ атып,  
Үйрену болды өнері.  
Қасында жүрген балалар  
Қаз, үйрек болды жегені.  
Әні-міні дегенше,
- 260 Тоғыз бен толды сегізге.  
Аққу, үйрек, шағала,  
Аулады аңды теңізде.  
Тоғыздан онға келгенше

- Тау-таста жүрді аң аулап,  
Үйренбек мақсат негізде.  
Он бір жасқа келгенде  
«Ат!» — деп ойланды.  
Он екі жаста жылқыға  
Бармақ үшін толғанды.
- 270 Жылқы жаққа барғалы,  
Ат жүгенін қолға алды.  
Адам ертпей қасына,  
Жалғыз өзі кетеді.  
Шымалдай байдың жылқысы  
Қаратаудың етегі.  
Ақ қылышы белінде,  
Мылтығын асып мойнына,  
Ендеп жатқан жылқыға  
Талма түсте жетеді.
- 280 Сылдыратып жүгенін,  
Бір биікте тұрады.  
Шұрылдап жатқан көп жылқы  
Кісінеп даусы шығады.  
Жүгенін жігіт көтерсе,  
Шу асау жылқы бұғады.  
Жылқыны көрді аралап,  
Біріне назар қылмады.  
Қарсы келіп тұрса алдына,  
Жәнібек соны ат қылмақ.
- 290 Қотыр да болса, баққызып,  
Сол аттың көңілін шат қылмақ.  
Жылқыдан бір ат жақпаса,  
Қаратып елден таптырмақ.  
Ноқталады Жәнібек.  
Бір шұңқыр терең бұлақтан  
Жеке жүрген бір жылқы  
Шыға келді шапқылап.  
Батырдың келді қасына,  
Шауып шығып түбектен.
- 300 Өзін-өзі жаратып,  
Құндыздай жүнін түлеткен.  
Маңлайын сипап Жәнібек,

- Жүгенін алды білектен.  
Мінбекке батыр ой қылды  
Қайтпайтын шын жүректен.  
Ішкен суы тұлпардың  
Қаратаудың бұлағы.  
Шақпақ еті бір құшақ,  
От орнындай тұяғы.
- 310 Сазға біткен қамыстай  
Ақ құла аттың құлағы.  
Арқа-басын бір сипап,  
Қарғып мінді тұлпарға  
Өлібидің шырағы.  
Жайдақ мініп құла атты,  
Аулына келді Жәнібек.  
«Құтты болсын!» — деп жатыр  
Үлкен-кіші бөрі кеп.  
Шешесінен сұрады:
- 320 «Ер-тоқым бар ма, кәні!» — деп.  
Алтыннан суын таққызған,  
Күмістен ойып, жапқызған,  
Істеткен екен ұстаға,  
Құла атқа ұрды жабдықты.  
Көргендер айтты: «пәлі!» — деп,  
Мылтығын алып, құс салып,  
Күнде бір көлге барады.  
Үйрек пен қаз жолықса,  
Қаршығасын салады.
- 330 Жұлдыздай ағып тұйғыны,  
Сілтеген аңын алады.  
Біреуін де өзі алмай,  
Қасында жүрген балалар  
Олжаға батып қалады.  
Жай жүрсе, тұлпар тұяғы  
Дүбірі жерді жарады.  
Сол қызықта жүргенде  
Он төрт жасқа толады.  
Қарындасы — Мақпал қыз
- 340 Тоғыз жасар болады.  
Күші сыймай бойына,

- Өр нәрсе түсіп ойына,  
 Манаурап батыр жүргенде  
 «Қалмақ жаман шапты-ау!» — деп,  
 Сөйлесіп отыр көп адам,  
 Құлағы шалып қалады.  
 Аттан түсіп Жәнібек,  
 Сәлем берді бәріне.  
 Қолын алып, бас иді  
 350 Үлкен-кіші, кәріге.  
 Көргеннің бәрі таңырқап,  
 Көз айырмай қарайды  
 Ат-әнжемнің сәніне.  
 «Сөз қылғандарың не сөз?» — деп,  
 Бала батыр сұрады,  
 Көкелер, айтшы әлгіні.  
 — Не айтамыз бұған?-деп,  
 Бір-біріне қарады.  
 Әлібиден ұялып,  
 360 Жай-жайына тарады.  
 — Отыр, балам, бері, — деп,  
 Айтуға бір шал жарады.

*Шалдың балаға айтқаны:*

- Арқадан оқта-текте келер қалмақ  
 Шапқалы біздің елді әдейі арнап.  
 Бес-он жылда бір келіп, шауып кетер,  
 Біздің ел әлі келмей, жылар зарлап.  
 Қалмақтар аттанады ауық-ауық,  
 Жайқын жатқан малға кеп, айдар, тауып.  
 Шамамда он бес жылдай болған шығар,  
 370 Бұл елді кеткен қалмақ әбден шауып.  
 Ақ таяқ, көк таяқпен сабаластық,  
 Қоян-қолтық алысып, жағаластық.  
 Талай адам науыт болып, өліп кетті,  
 Ақыры жау басым болып, жаман састық.  
 Қалмақ келсе, кетірет сәнімізді,  
 Бес-он жылда бір шабар малымызды.  
 Аз ғана жұрт осындай қорлықтамыз,



- Издейтұғын бала жоқ арымызды.  
Шыға алмаймыз, қорқамыз далаға көп,  
380 Жау келсе, қарсы тұрар шама да жоқ.  
Өзіреті сұлтан басшымыз желп етпейді,  
Қалмақтан кек әперер бала да жоқ.  
Балам, артық көрінді сауалыңыз,  
«Батыр бала туса!» деп жылағамыз.  
«Әлібиден бір бала туды!» дейді,  
Ер жетсе, сол бала жарар!» деп, қуанамыз.  
Бала айтты: «Сөзіңізді аңдап қалдым,  
Жауап берсең жолыма бармақтамын.  
Жер-суын, жол-жобасын білесіз бе,  
390 Сол айтқан қай тарапта қалмақтарың?  
Мен іздеп сол қалмақты барар едім,  
Тәуекел деп соғысып қарар едім.  
Анықтап жолын сілте, ей, атажан,  
Әлім келсе, жұрт кегін алар едім!»  
Шал айтты: «Сарқа деген жер болады.  
Таудан арғы сол айтқан ел болады.  
Төрт түлік мал шуылдап ішіп жатқан,  
Өр жерде ауқым-ауқым көл болады».  
Жәнібек «Қош, ата!» — деп, мінді атқа,  
400 Көңлімен бек сыйынып жалғыз Хаққа.  
Қаршығасын салуға пұрсат қылмай,  
Келеді басын бұрмай ауыл жаққа.  
Сынамақ болды батыр күшін енді,  
Қондырды тұғырына құсын енді.  
Әліби мен бәйбіше баласының  
Қарады сол уақытта түсіне енді.  
Көз жасы баласының тізіліп тұр,  
Қол қусырып, Жәнібек сызылып тұр.  
Ашуының келгені мәлім болды,  
410 Реңі Жәнібектің бұзылып тұр.  
— Бәйбіше, жақсы бақтың, ата, — дейді —  
Балаңда көп, кешіңіз, қата, — дейді.  
Қалмақтан кеткенімді әпкелемін.  
Қол жайып, беріңіздер бата, — деді.  
Ауыл аймағы, қарындасы, әке-шешесі  
«Бармағын!» деп айтқан сөзі.

*Қарлығаш—шешесі:*

- Қой, шырақ! — деп Қарлығаш,  
Құшақтап алды баласын. —  
Өлімтік шал мен кемпірді  
420 Кімге тастап барасың?  
Жасың болса, толған жоқ,  
Қабырғаң қатып болған жоқ,  
Қайғыға бізді саласың.  
Он екі жасқа іліндің,  
Жаңадан жұртқа біліндің,  
Жасыңның білдің шамасын.  
Жинап алып қалмақтар  
Аттанбаққа осы елге,  
Жанымның ақ-қарасын.  
430 Сабыр қыл, балам, тілімді ал,  
Сен аттанып кеткен соң  
Бір жағыңнан бұлт етіп  
Жау қалмақ келіп қалмасын.
- Әкесі сорлы еңкілдеп,  
Құшақтап алды батырды  
Сөзінің бөліп арасын.

*Атасы:*

- Тоқсан бес жасты жасаған,  
Сенің атаң мен едім.  
«Бір перзент бер!» деп құдайға,  
440 Қасірет, қайғы жеп едім.  
«Перзент бер!» деп зарығып,  
Бір перзенттен тарығып,  
Әулие іздеп жөнедім.  
Арқа етім арша боп,  
Борбай етім борша боп,  
Әулие қоймай қыдырдым,  
Сөйткенде көрген көдегім.  
Жас балапан жас жүрек,  
Қайтпайтын болат тас түлек,  
450 Он төртке жаңа кеп едің.

- Қабырғаң әлі қатқан жоқ,  
Жау келіп, қинап жатқан жоқ.  
Қиналған осы себебім.  
«Балапаным ер жетсе,  
Ертіп жүріп қасыма,  
Қызығын көрсем», деп едім.  
Ноғайлының баласын,  
Күшіңнің болжа шамасын,  
Қолыңнан келсе, жебегін.
- 460 «Атса, мылтық өтпес, — деп,  
Шапса қылыш кеспес,» — деп,  
Баба түкті шашты Өзіз  
Білдіріп еді дерегін.  
Бәйбіше, бата берелік,  
Баланың көңлін қайт қылып,  
Анау-мынау демегін.  
Аллаһу Акбар, бар, балам,  
Пірлерің болсын жар, балам!  
Қайтпасын бетің жөнегін.
- 470 Бермесе сені, қайтер ем?!  
Бір салғаны Құдайдың,  
Халықпен бірге көремін!

*Қарындасының айтқаны:*

- Мақпал қыз шықты далаға,  
— Міндің бе атқа, көкем-ай?  
Қорқып жылап жатыр ғой  
Кемпір мен шал-екеуі-ай.  
Арыстан туған жігіттің  
Дұшпанға кегі кетеме-ай?  
Жол жүрмекке қалмаққа
- 480 Көңліңіз шапқан екен-ай.  
Тілеу досыңды қасыңа ал,  
Жау қалмақтың басын ал,  
Өзіңе болғын бекем-ай.  
Қарындасың мен болсам,  
Жас жүрек батыр сен болсаң,  
Сенен батыр өтеме-ай.

- Қарындасың — Мақпал қыз,  
Тілектес әке-шешең-ай.  
Батасын алғын, қол жайып,  
490 Ата-ана, көке, менен-ай.  
Ажалды үйде өлмей ме,  
Жол жүрген адам келмей ме?  
Зарықтырмай, кемпір, шал,  
Берсеңдер жауап, нетеді-ай.  
Тапсырдым жалғыз Құдайға!  
Әкем, анам, мұңайма,  
«Бата бер» деген кеп еді-ай.  
Мақпалжан айтты, «Жан көке,  
Сіз — аға, біз — ініңіз.
- 500 Жалғыз Құдай жар болсын,  
Көп кешікпей, жүріңіз.  
Талап қылдың бас тартпа,  
Ерліктің ісі — мұныңыз.  
Қызығып, ұзап кетпеңіз,  
Бұл жақтағы елден де  
Хабардар болып тұрыңыз.  
Қалмақтардың еліне  
Аман-есен барсаңыз.  
Оңаша адам жолықса,  
510 Ел хабарын біліңіз.  
Қойып кетпей қалыңға,  
Кіріп кетпей жалынға,  
Жабылып қалмақ ат қойса,  
Шеттеп ұрыс қылыңыз.  
Жау ортаға алып қалса,  
Көзін сипап құла аттың,  
Самал жаққа шығыңыз.  
Қысылсаңыз, жар берер,  
Буыныңа әл берер,
- 520 Есіңнен, көке, шықпасын,  
Баба түкті шашты Әзіз,  
Қырық шілтен — көміл піріңіз».  
Осыны айтып Мақпал қыз,  
Қол жайып, берді батасын.  
— Батаң бер!-деп қинады.

- Анасы мен атасын.  
— Күліп барып, ұрып кел,  
Қалмақты ойран қылып кел.  
Күшің келсе, шығарғын
- 530 Ноғайлының қапасын.  
Батасын беріп үшеуі,  
Кіріпті жылап үйіне.  
Дамыл таппай еңіреді,  
Түс көргендей боп қалды,  
Қарайды бір-біріне.  
Батасын алып бұлардың,  
Жәнібек батыр ат басын  
Бұрады тізгін түруге.  
Айдын көлді жағалай,
- 540 Тілеу досы екеуі  
Құс салушы еді күніге.  
Нәсіп бердің, жалғыз Хақ!  
Жаратушы бергей бақ,  
Өлі менен тіріге!  
Тілеу досы жүр екен,  
Жанашырдың бірі екен,  
Жәнібекті білуге.  
Жетіп келіп Жәнібек:  
— Қалмаққа, досым, жол тарттым,
- 550 Досымсың, сені ел тарттым,  
Қалайсың бірге жүруге?  
Досы Тілеу қуанып, жүрегі жарылып,  
Кер шабақ тұлпарды борбайлап,  
Достықтың жайын енді ойлап:  
— Сен өлген жерде өлейін,  
Абырой берсе, көрейін.  
Жұр, досым Құдай оңдаса,  
Қалмаққа барып,  
Бір шеттен қиқу берейін.
- 560 Ноғайлының кегін алып келелік, —

деп, екі батыр Мыңжылқының тауынан асып, жүрегін басып, найза-қылышын асынып, үш айшылық жолды бес күнде басып, он шақты күн жүріп, он бір күнде ел шетіне кіріп, жайқын

жатқан халықтың қалмақ екенін біліп, аттан түсіп, бір бұлаққа ат шалдырып, суынан ішіп, дем алып отырды. Сол уақытта бір құрығын сүйреткен жылқышы шал келді, аты Дүрмен деген еді, қалмақтың жылқышысы келіп, аттан түспей, құрығына сүйеніп тұрып, Дүрмен шал бір сөйледі.

Дүрмен сонда сөйледі:  
— Екеуің де — баламсың.

Ат-әбзелің әдемі,  
Түзетіп әбден алғансың.  
Іздеген жоғың бар болса,  
Кешікпей-ақ табарсың.  
Түрлерің суық көрінді,  
Қай қаланы шабасың,  
Сендердей бала жоқ еді,

570 Мыңжылқының тауының

Көріп ем санап саласын.  
Шыққыр көзім шықпаса,  
Қабылан жүрек ерлерсің,  
Хан емессің қарасың.  
Мәрт болсаң, ерлер, шын сөйле,  
Қапыл жатқан жайқын ел  
Арманда боп қалмасын.

Түрлеріңнен таныдым,  
Жолбарыстай шабындың,

580 Бет алған жағыңды аласың.

Бет алған жауың осы емес,  
Шыныңды айтшы, шырақтар,  
Қай жаққа кетіп барасың?

Жәнібек сонда сөйледі:  
— Жан ата, бері келіңіз,  
Сөзіңізден байқадым,  
Бар екен сөзге ебіңіз.  
Жасыңыз болса, қарт екен,  
Біз емес сіздің теңіңіз.

590 Естуіңіз бар шығар,

Сіздің елдің ермегі —  
Ноғайлы біздің еліміз.  
«Кегімізді алсақ, — деп,

- Елді шапқыш ерлерге,  
Бір шулыған салсақ», — деп,  
Ойлаған осы көңіліміз.  
Ханыңызға хабар беріп,  
Айтқыңыз келсе, бара бер,  
Жассынсаңыз да, мейліңіз.
- 600 Ханыңның басын кесеміз,  
«Еркек деп туған шешеміз,  
Сұрасаң, осы — пейліміз.  
Нағарасын қақтырсын,  
Жинап алып нөкерін,  
Мәрт болса, тапсын майданнан,  
Ханыңызға хабар беріңіз.  
Осы елді келдік шапқалы,  
Сіз хабар бер ханыңа  
Жиналғанша топтары,
- 610 Осылай біздің жөніміз.  
Жылқышы шаба жөнелді,  
«Мақұл», деп атын қамшылап.  
Қорқып, жылап келеді,  
Көзінің жасы тамшылап.  
Ордаға кіріп бара алмай,  
Кіруге лаж таба алмай,  
Есіктен тұрды алысырақ.  
— Бармысың мұнда, бермен шық,  
Қарабек батыр — ханымыз.
- 620 Халықты сұрап, хан болып,  
Келіскен еді сөніңіз.  
Хабарға келді патшам,  
Жылқышың — Дүрмен шалыңыз.  
Көріп келдім екі сұм,  
Сөзіме құлақ салыңыз.  
Қарауылдар, қайдасың?  
Тұс-тұсыңмен шабыңыз.  
Ноғайлыдан жас бөрі  
Екі арыстан келіпті,
- 630 Жұртыңды жинап, майданнан  
Ертең түсте табыңыз.  
Түрлері суық айбатты,

- Жолбарыстай қайратты.  
Екпіндеп шауып барып ем,  
Аяғын жимай, жай жатты.  
Халқыңды тегіс жисаң да,  
Келмейді-ау, патшам, әліңіз.  
Мұны естіп Қараман  
Жан-жаққа атты шаптырды.
- 640 «Естісін!» деп барша халық,  
Нағарасын қақтырды.  
«Зәресі ұшып тұрсын!» деп,  
Зеңбірек, мылтық аттырды.  
«Көзі көрсін халықтың» деп,  
Масала шырақ жақтырды.  
«Келе берсін ерлер» деп,  
Керней-сырнай тарттырды.  
Майдан жерге түнімен  
Оқ-дәрісін арттырды.
- 650 Күн-түні бөрі жиылып,  
Ұлы сөске болғанда  
Майданда бөрі сап тұрды.  
Жинап алып нөкерін  
«Ноғайлы қайда? Келсін» деп,  
Батырларды шақырды.  
Екі батыр шақ болып,  
Тау басында жүреді.  
«Мен барамын, сен тұр» деп,  
Бірінен-бірі тіледі.
- 660 Жау қарасын көрген соң,  
Ерлердің тартты білегі.  
Бұрын жаумен ұрысып,  
Қайтпаған ерлер жүрегі.  
«Келген жау екі-ақ бала!» деп,  
Көрген соң бұлар күледі.  
Аққұла ат пен Кершабақ  
Шыдай алмай дүбірге  
Аспанға қарғып тұр еді.  
Баба түкті шашты Өзіз
- 670 Жәнібек деп ат қойған,  
Батырдың кәміл пірі еді.



- «Кел, Ноғайлы, жеке», — деп,  
Қалмақтың ханы — Қараман,  
Қалмақтың дауысы үдеді.  
«Барамын» деп, қоймадың,  
Тілеу айтты батырға, —  
Кезекті саған ойладым.  
Бар күшіңмен ұмтыл», — деп,  
Жәнібекті жіберді.
- 680 Аққұла атқа қамшы ұрып,  
Майданға батыр келеді.  
Ардақ деген палуан  
Батырға жеке келеді.  
Ақ семсерді бір сілтеп,  
Қарсыласқан Ардақты  
Жәнібек екі бөледі.  
Інісі еді Ардақтың  
Сәмөндүн деген ер еді.  
Күн сайын жүз қой жегені,
- 690 Сәмөндүн дәуге Қараман:  
«Майданға сен бар», — деп еді.  
Қалмақтың жасы шамасы  
Жиырма бестің шені еді.  
Майданға кіріп жау қалмақ,  
Батырдың келді қасына.  
Кезек берді Жәнібек,  
Ізет қып үлкен жасына.  
Салып қалды батырды,  
Он екі пұт күрзімен
- 700 Иықтан басқа асыра.  
Пірлер жар боп, батырдың  
Тигізбеді басына.  
Қызарып гүл-гүл жайнады,  
Тікірейіп шашы да.  
Шаққандай шыбын болған жоқ,  
Он екі батпан тасына.  
Жәнібек айтты: «Кезек бер,  
Жасыңды, батыр, сыйладым,  
Мен күшімді жинадым.
- 710 Бар қайратың осы ма?».

- Осыны айтып Жәнібек,  
Ақ семсерді бұлғалап,  
Жіберді салып басына.  
Наркескен болат ақ қылыш  
Қақ бөліп басын жарады.  
Ат-матымен қақ жарып,  
Сәмәндүн құлап қалады.  
Бұл қайратты көрген соң,  
Қалмақта үрей қалмады.
- 720 Екі дәуден айрылып,  
Күн мұнартып, кеш болып,  
Қайтуға керней шалады.  
Қалмақтың бәрі топтанып,  
Жай-жайына тарады.  
Аққұла атты ойнатып,  
Батыр туған Жәнібек  
Досына жетіп барады.  
Түніменен оттатып  
Екі атты Тілеу бағады.
- 730 Күн шығып, таң атқан соң  
Аққұла аттың Тілеу дос  
Айылын мықтап тағады.  
Ұйқысы қанып батырдың,  
Орнынан тұрып шаттанып,  
Майдан жаққа қарады.  
«Екеу ме осы, көп пе?» — деп,  
Қалмақтар көзін салады.  
Әні-міні дегенше  
Майдан жерге үйіліп,
- 740 Қалмақ та келіп қалады.  
Қаладағы көп халық  
Тұмандай болып жиылды,  
Болмады жұрттың санағы.  
Жәнібекті көрмекші  
Көпшіліктің талабы.  
Батырдың даңқы жер жарды,  
Құмырсақдай қимылдап,  
Толтырды адам даланы.  
Жәнібек, Тілеу көреді

- 750 Жиылып жатқан бұларды.  
Көптігіне қалмақтың  
Күн тұтылып, мұнарды.  
Жәнібекті көрмекке  
Халықтың бәрі құмарды.  
Көптігі сондай қалмақтың:  
Таң атып, кеш болғанша  
Үзілмей шаңы шұбалды.  
Комадин деген палуанды  
Сауыт-сайман кигізіп,
- 760 Майданға жеке шығарды.  
Аққұла атты қамшылап,  
Жәнібек кірді ортаға.  
Қарсыласып палуанға,  
Қол салды батыр қолқаға.  
Қысылса, көміл пірі бар,  
Жәнібек жаудан қорқа ма.  
Қарсыласып палуандар  
Жағаласып, жұлысты.  
Аударалмай бір-бірін,
- 770 Ат үстінен тырысты.  
Бір-біріне бой бермей  
Білектен ұстап, ығысты.  
Айқайлап жүріп Комадин  
Бар қайратын түгесті.  
Шаба тартып, жарысты,  
Халықтар шұбап ілесті.  
Тау басында ер Тілеу  
Тілеуін тілеп батырдың,  
Мекен қып жатыр Күнесті.
- 780 Шаба тартып батырлар,  
Бір-біріне тіресті.  
Комадинді Жәнібек  
Жұлып алып атынан,  
Аспанға атып жіберді.  
Жанның бәрі таңырқап,  
Тамаша қылды бұл ерді.  
Пітірі қашып қалмақтың,  
Қапа болып, түнерді.

- Қарабек ханның алдына  
790 Борша-борша боп түсті,  
Денесі дәудің бұл енді.  
Комадинді көрген соң,  
Қорқу кіріп қалмаққа,  
Жаннан үзді күдерді.  
Халықтың бәрі батырға  
«Пар келмес бұған ешкім» деп,  
Қайтпаққа қашып үдерді.  
Бір данышпан уәзірі  
Жетіп келіп патшаға:  
800 — Қайратың болса, қыларсың  
Бұл батырдан басқаға, —  
Деп айтқан сөзі бұл еді, —  
Бұл бала шындап ұмтылса,  
Шыққыр көзім шықпаса,  
Сап қылады бұл елді.  
Денесі жерде болғанмен,  
Сыйынған пірі күшті екен,  
Төбесі көкті тіреді.  
Топырақтай шамалы,  
810 Көп екен мұның адамы,  
Аққұла аты шылаулап,  
Баланы қорғап жүр еді.  
Атса, мылтық өтпейді,  
Шапса, қылыш кеспейді.  
Нанбасаң, ұрыс қылып көр,  
Бұларға әлің жетпейді.  
Аяғына жығылып,  
Бар болса, бергін тілегін.  
Сасып қалды патшасы,  
820 Уәзірдің сөзі бұл еді.
- Сасқалақтап падиша.  
Айқайды салды халқына.  
Қорыққанынан дірілдеп,  
Ілгері басқан аяғы  
Түседі қайтып артына.  
— Бәрің тегіс ат қойып,

- Өлтіргін, — деп, — баланы,  
Рұқсат берді жалпыға.  
Жабылып жұрты ат қойды,  
830 Жастар мен бірге қарты да.  
Жәнібек батыр ұмтылды,  
Лашын құстай түйіліп.  
Кершабақ атпен ер Тілеу  
Тау жақтан ұрды құйылып.  
Ортаға алды екеуін  
Күллі қалмақ жиылып.  
Найзасын белге қыстырып,  
Айдаһардай ысқырып.  
Пішендей орып батыр жүр,  
840 Ақ семсерді суырып.  
Тілеу де кірді қалыңға,  
Майдан болып жатқан жалынға.  
Қалмақтардың өлігі  
Тау-тау болып қалып үйіліп.  
Шеттеп Тілеу қырып жүр,  
Қалмақты қойдай иіріп.  
Бір-біріне соқтығып,  
«Жәнібек» деп оптығып,  
Бірін-бірі өлтіріп,  
850 Өліктер қалыпты жиылып.  
Кезіксе, тірі қоймай жүр,  
Семсері қанға тоймай жүр.  
Кәміл пірге сыйынып,  
Жәнібек қойдай қырып жүр.  
«Қолдай гөр, кәміл пірім!»-деп,  
Қуат берсең, бір құдай,  
Қоймаймын мұның бірін!»-деп.  
Баба түкті шашты Өзіз,  
Жар берер күнің бүгін!»-деп.  
860 Жазым болсам майданда,  
Алдымда ағам, інім жоқ.  
Жалғыз құдай, гөр сақтай гөр:  
Қисайсам, жатар үйім жоқ.  
Жалғыздың даңқы шыға ма?  
Жаяудың шаңы шыға ма?

- Елдегі еркін күйім жоқ.  
Жолдасым — тұлпар Аққұла ат,  
Күндіз-түні шабуыл,  
Сен байқұста тыным жоқ,  
870 Алды-артым қамау, есік жоқ,  
Шығатұғын тесік жоқ.  
Жаһангер соғыс бүгін боп,  
Жалғыз Құдай жар беріп,  
Қырық шілтен пірім әл беріп,  
Жібермесе дем беріп,  
Құтылатұғын түрім жоқ».  
Осыны айтып Жәнібек  
Қалмаққа қарап үңілді.  
Тілеу досы бас қосып,  
880 Тізесін қосып, жұмылды.  
Қалмақтар өліп есепсіз,  
Қашуға ерлер ығылды.  
Кез келіп қалып Жәнібек,  
Патшасын түйреп найзамен,  
Көтерген туы жығылды.  
Ұрыста жүрген ел түгіл,  
Дүбірін үйде есіткен  
Жанынан халық түңілді.  
Есептеп болмас өлікті,  
890 Бұндағы болған шығынды.  
Өлгені өліп қалмақтың,  
Қалғаны шуылдап,  
Қалаға келіп тығылды.  
«Жан!» — деп сұралық,  
Не десе де, қабыл қылалық.  
Бір-біріне айтып жүр, —  
Шығарма, — дейді, — дымьңды.  
Бірін-бірі түрткілеп,  
Жанынан қорқып қалмақтар:  
900 «Есіттірме, — деп, — үніңді!»  
Жаһангер ұрыс соғыс боп,  
Бірнеше күнге сүрілді.  
Түк адам қалмай майданда,  
Қашқаны жаудың білінді.

- Өлмей қалған адамдар  
Бір жерге бәрі жиылды.  
Мойын ұсынып батырға  
Мұхит болып пейілімен.  
«Аман-аман, батыр!» — деп,  
910 Жәнібекке жүгірді.  
Жәнібек, Тілеу бас қосып,  
Тыңдаса достық, сөз қосып,  
Тоқтатып атты алады.  
Шылаулап аттан түсіріп,  
Алып барып ордаға,  
Дастархан түрлі жаяды.  
Аман-аман халық деп,  
Қуанышты керней шалады.  
Сыпатына батырдың  
920 Көрген жан аң-таң қалады.  
Жәнібекке: — Хан бол!-деп,  
Қалмақтар мойнын салады.  
— Керек емес хандық, — деп,  
Жәнібек бұған болмады.  
Тілеуді хан көтеріп,  
Дұрманды ханға уәзір қып,  
Халық жайын атады.  
Қалмаққа Тілеу хан болып,  
Дүрмен шал уәзір болады.  
930 Айдарлысын құл қылып,  
Тұлымдысын күң қылып,  
Ноғайлыны бес шапқан  
Барлық кегін алады.  
Бұлар тұрсын мұнымен,  
Енді баян қылалық  
Жәнібектің сырынан:  
Талап қылған қай тұлға,  
Әлібидің ұлынан.  
Жол жабдығын түзетіп,  
940 Қайтпаққа талап қылады.  
Ел-жұртын жинап алдына,  
— Рұқсат бер, — деп сұрады.  
Қарт-көрме жиылып,

Не қаласаң, алғын, — деп,  
 Бар мүлкін салып балаға, —  
 Қайтсаңыз қайт, — деп, ұнады.  
 Дүниесін бала алмады,  
 Қайтпаққа сабыр қалмады.  
 Тілеу досы нөкер алып,  
 950 Қош айтып, досын шығарды.  
 — Жылда бір келіп тұрармын.  
 Қайтарды елге бұларды,  
 Жолаушы болып Жәнібек  
 Келеді жүріп еліне.  
 Көргенше ынтызар  
 Құс салып жүрген көліне.  
 Ат басын салды туралап,  
 Баяғы келген жөніне.

Енді Жәнібектің ел жағынан баян қыламыз.

Жәнібек еліне қарай қадам басып, өзіне қаратқан елімен амандасып, бірнеше күн жол жүріп келе жатыр.

Ал Ноғайлы елінің хабары:

«Жәнібек батыр болып, Ноғайлыдан бір бала туыпты» деген дабысты естіп, Арқада жатқан көп қалмақ: «Қой, беркерге жатпайық, бір күні қапыл жатқанымызда қу бала келіп, ел шетіне кіріп, жазым қылып кетер. Онан да өзіміз бұрын қамданып, еліне баралық. Малдарын талап, олжалап алалық», — деп, бас қосып, Өтембек, Тетембек, Әсембек, Досамбек, Ақкөбек, Қаракөбек деген алты дәу бас болып алты ту көтеріп, Жәнібек бұл жақта жүргенде, ноғайлының елінің шетінен тиіп, шапқыншылық көрсетті.

Оларға қарсы тұратұғын шамасы жоқ. «Айтқанға көнелік, сұрасаң, талқанымызды берелік», — деп, жұрт қорқып, қол қусырып, қалмақтың дәулерінің алдына келіп, уәдесін береді. Барша халық қарады. Сонда алты дәу болыс, би, елубасы, старшын сайлап, халықты бір шыбықпен айдап, «Кім жақсы, кім жаман?» — деп, болған адамдарды сөзге салды.

Адамдар айтты: «Әзіреті сұлтан деген әулиеміз бар еді. Сіздердің беттеріңізді көрмейміз», — деп, қырық кез жердің астына түсіп кетті. Өліби дегеннен Жәнібек деген бала туып, батыр болып, жау жаулап кетті. Басқамыз бәріміз бұқара.



Сонда Қаракөбек, Ақкөбек — екі дәу айтты: «Ол Өзіреті сұлтан әулиенің есігіне екі биені сойық, кебезесіне тығып қояйық. «Әулие ұры екенсің» деп, жала қылайық, біле алмаса, басын кесіп, елін шауып алайық», — деп, екі биені сойып, әулие қайдасың? Шық, ұры екенсің, — деп шақырады.

Өзіреті сұлтан бұлардың жала қылғанын біліп, үйден қарғып шығып: «Өздерің сойып, маған жала қылып тұрсыңдар. Екеуің екі ит бол, ұлығанда дауысың күндік жерге, қадамың түстік жерге жетсін. Даусың жеткен жерде заһар болып, қыбырлаған жан қырыла бастасын. Атса, мылтық, шапса, қылыш өтпесін» деп бата береді.

Екеуі екі ит болып, бір төбенің басына барып ұлып еді, дауысы жеткен жердегі адам, айуан қырыла бастады.

Сонда Ноғайлы деген ел Құтырған деген жерден бұзыла қашты. «Бұл жалмауыз адамнан бұзылған ит қой, көшкен жұртымызға бір бие, бір қыздан байлап көшейік», деп, қалмаққа ақылдасып, Жәнібектің қарындасы — Мақпалды Мақпал суға байлап, Жабағылы деген жерге жабағылы бие байлап, әкесі мен шешесінің екі қолын артына байлап, алдына салып айдап, Сырға қарап аударылып көше берді.

Сонда қыздың ақ отауын басына тігіп, қазына басына жиып, Мақпалды отауға байлап тастап, кемпір, шалды жаныштап, елдің соңынан айдап жөнелді. Сонда Мақпал отауда байлаулы қалып, әке-шешесіне қарап: «Сендерді көрдім. Бір туысқан Жәнібекті көре алмадым. Көкемді тірі көрсеңдер, менен сөлем», — деп әке-шешесіне қоштасты.

### *Мақпалдың бір сөзі*

Мақпал сонда сөйледі:

- 960 — Аман бол енді, шешеміз.  
«Кәрі-жас» демей, бәріміз,  
Ажал оқ тисе, кетеміз.  
Зорлықтың түбі — қорлық» деп,  
Есітуші едік құлақпен,  
Жылай беріп, не етеміз?  
Маңдайдағы жазудан.  
Бұл дүние баянсыз,

- Бұл дүниеден өтеміз.  
Бір ұядан жұп едік,  
970 Жолықпай қалды жан көкем,  
Қоштаспай қалдық екеуіміз.  
Қайыр қош, жұртым, аман бол!  
Менен сәлем айтыңдар,  
Тірлікпен келсе көкеміз.  
Құлақ сал, жұртым, назарға,  
Бір көрмей қалдым бауырды,  
Көкемнен жаным садаға.  
Дұғай сәлем деңіздер  
Бір туысқан балаға.
- 980 Сорлы , жылама,  
Мен бір өлген қызыңмын,  
Өлмей адам қала ма?!  
Арманда қалдым, шешеке,  
Ел намысын ізденіп  
Кеткенде көкем далаға.  
Таласып емшек еміскен,  
Тай-құлындай тебіскен  
Болмады көкем шамада.  
Жолықпай қалдым амал жоқ,
- 990 Жәнібек батыр ағама.  
Шырылдатып Мақпалдың,  
Қол-аяғын байлады.  
Жалғыздығы құрысын,  
Таба алмады айланы.  
Басы амандар қарап тұр,  
Жалғыздың соры қайнады.  
Шешесі қаздай сыңсылап,  
Әкесі нардай аңырады.  
Жаңа туған қозыдай,
- 1000 Қыз сыңсылап маңырады.  
Бәрін айт та бірін айт,  
Шырылдатып Мақпалды,  
Отауға мықтап байлады.

*Шешесінің жылағаны:*

- Қайыр, қызым, қош бол, — деп,  
Шешесі байғұс аңырайды.  
Қалмақтан қорқып шошынып,  
Сөз айтуға аузы бармайды.  
Парлап иіп емшегі,  
Көзінің жасы парлайды.
- 1010 Аман бол енді, шырақ, — деп,  
Шешесі байғұс зарлайды,  
Қайыр қош енді, шырағым.  
Берейін деген құлының  
Қылады жақын жырағын.  
Жәнібек те кеп қалғай,  
Ойнатып құла ат-пырағын.  
Өзім өліп кеткенше  
Құдайдан сендер сұрағым.  
Сендер мұндай болдыңдар,
- 1020 Мен қайтып өлмей тұрамын.  
Иманым болғай жолдасым,  
Сендерді пірлер қолдасын.  
Байлауда қалдың, жалғыз қыз,  
Тапсырдым Хаққа, шырағым.  
Бір ұядан жұп едің,  
Өсіп ең болып балдырған.  
Қорғасыннан ауыр ең,  
Ұстаған қолды талдырған.  
Балдан шекер төтті едің,
- 1030 Мейірімді, сүйсем, қандырған.  
Тоғыз ай, он күн көтеріп,  
Омыртқамнан бүгілдім.  
Бүгілгенім құрысын,  
Мақпалжан сенен түңілдім.  
Түн ұйқымды төрт бөліп,  
Емшекті салып аузыңа,  
Бетіңе қарап үңілдім.  
Бесігіңді тербетіп,  
Еңбегімді сіңірдім.

- 1040 «Бір перзент бер!» — деп зар жылап,  
Әулие қоймай, қыдырдым.  
Шат болып еді көңлім,  
Енді тоқтап, мүдірдім.  
Қырық шілтен-пірлер, қолдай гөр!  
Ұл-қызымнан айрылып,  
Бұл қайғыға іліндім.  
Жолықтырсын сау қылып,  
Аман бол енді, Мақпалжан!  
Жәнібектен дерек жоқ
- 1050 Қалмаққа қарай аттанған.  
Қайғы басты бұл күнде,  
Бұл қайғыдан құтылып,  
Күн болар ма екен шаттанған?  
Ақ отауға байланып,  
Құтырған итке жем болдың.  
Шырағым, сенен айрылып,  
Сөйлесе алмай қайырылып,  
Тумағандай мен болдым.  
Қартайғанда зарылдап,
- 1060 Қанды көзден барылдап,  
Қара жермен тең болдым.  
Араздаспай ағаңа,  
Далада қалдың жана да,  
Арманда, қалқам, сен болдың.  
Жалғызды жұртқа байлатып,  
Көзімді оттай жайнатып,  
Алғаның жақсы, бір Құдай,  
Бүйтіп тірі қойғанша,  
Қатарымнан кем болдым.
- 1070 Арыздасып Мақпалмен  
Кемпір-шал кетіп барады.  
Мақпал сорлы шырылдап,  
Жылай-жылай қалады.  
Көзі қимай перзентін,  
Кемпір-шал гөй-гөй салады.  
«Баба түкті шашты Әзіз  
Қолдайтұғын күнің, — деп,

- Жалғызды жұртқа байлатып,  
Қайғыға түстім бұл күнде»,  
1080 Көңіліне пірлерді алады.  
«Жұр, қақпас», — деп айдады,  
Жасауыл болып, өзінің  
Үйінде жүрген малшылар,  
Жаны ашыр кісі қалмады.  
Тұзын ішкен өзінің  
Айдады жекіп адамы.

*Мақпал:*

- Мақпал сонда жылайды  
«Аман бол, әке-шешем-ай.  
Қатайып кетті дұшпандар,  
1090 «Босанар ма екен?» десем-ай.  
Айрылдың менен, ырза бол,  
Қалмаққа кеткен балаңды  
Көріңдер аман-есен-ай!  
Ырза бол берген сүтіңе,  
Ата-анам, сіздер мекем-ай.  
Қатты арманым сол болды,  
Ырзаласып, көрісіп,  
Жолықпай қалды көкем-ай.  
Берегірек келіңдер,  
1100 Дидарыңды көрейін.  
Әке-шешем, аймалап,  
Емшегіңді емейін.  
Тай-құлындай тебіскен,  
Таласып емшек еміскен  
Жолықпай қалды-ау Жәнібек,  
Амал жоқ бұған, не дейін?  
Тірі көрсеңдер, айтыңдар  
Тым болмаса, көкемді  
Бір көріп көзбен, өлейін.  
1110 Жүрген шығар жан көкем,  
Аққұла аты астында,  
Талап қып жауға аттанды  
Өзі он төрт жасында,  
Ат-тонына лайық,

- Құндыз бөркі басында.  
Бірге туған жәкемнің,  
Үйде тұрса, жұбанышы ем,  
Далада жүрсе, қуанышы ем,  
Сүйеніші едім қасында,  
1120 Аман бол, барша еліміз!  
Жәнібекке сәлем айт,  
Кеп кетсін, көрсін көзіміз.  
Қияметте көрерміз,  
«Өлді» деген — осы да.  
Өлі болсам, бата қып,  
Тірі болсам, бір көріп,  
Бір келіп-кетсін қасыма.  
Өлігіме кез келсе,  
Оқысын Құран басыма.  
1130 Жәнібек жәкем бар болса,  
Қуалар еді иттерді  
Қызыл таудан асыра.  
Қош енді, байқұс, жүре бер,  
Көрінгеннен таяқ жеп,  
Қайғырып тұрып жасыма,  
Тұра бермей, жөнеңдер,  
Әке-шешем, жылама.  
Біреу мұңды, біреу шат,  
Бәрің де қудай жылама.  
1140 Бір Құдайға жалынғын,  
Бұлардан жәрдем сұрама,  
Құтылармыз бұдан да.  
Қорғасын бізге жәрдем боп  
Түсінде көрген дуана.  
Ұзынынан сұра, кемпір-шал,  
Қысқа тілеу тілеме.  
Біреуге берген өмірмен  
Біреу тірі жүре ме?!  
Ұл шешеге суықты,  
1150 Қыз анаға жуықты,  
Мендей болып Жәнібек  
Қадіріңді біле ме!  
Дұшпанның түстім қолына

- Ашылмастан бір гүлім,  
Бет алдыңнан оңласын,  
Жұлдызың тусын оңыңнан,  
Бір тірлігің өтер-ау,  
Бәрі — менің сорым да.  
Қайта бер енді, шешеке,  
1160 Рауан болғын жолыңа.  
Ажалым менің жоқ болса,  
Қалмақтан келіп Жәнібек  
Жолыңар осы жолыңда.  
Байқұстар неге қайрылдың,  
Мен қудан анық айрылдың.  
Балапан туған Жәнібек  
Өмір берсін соныңа.  
Өздеріңе әзір бол,  
Сенбеңдер, шеше, досыңа.  
1170 Қырсыққа ісің айналса,  
Досың да шабар қосыла.  
Ажалсыз адам өлмейді,  
Болжаусыз өлім келмейді.  
Ажал тура жетпесе,  
Жұмысты Құдай жөндейді.  
Жан шеше, қорқып шошыма,  
Жәнібек жаудан келмесе,  
Іздеп кеп, мені көрмесе,  
Ақ сүтіңе ырза бол,  
1180 Көріскеніміз осы да.  
Ал шешесі жылайды:  
— Жан ашыр жоқ, бәрі — жау  
Жарайды неге айқайым?  
Дұшпандар: «Жүр!» — деп, қоймай тұр,  
Қош енді, қызым, қайтайын.  
Жаратқан ием жар болып,  
Кез келер ме екен Жәнібек?  
Бір құдайға сыйынып,  
Айдауда жүріп байқайын.  
1190 Кез келтірсе Жаратқан,  
Көзімнің нұры қарағым,  
Сәлемінді айтайын.

- Сәлеміңе келмесе,  
 Сені «адам» демесе,  
 Өлгенде Құдай кез қылсын.  
 Лашындай Мақпалжан,  
 Көшкенде көштің көркі едің.  
 Көшіп барып бір жерге,  
 Қонғанда, іргем беркі едің.  
 1200 Қоралы қойды бастайтын  
 Ақылың терең саспайтын.  
 Қойдағы көсем серке едің,  
 Затың әйел қыз болдың,  
 Иттердің жемі сен болдың.  
 Қыз да болсаң, ерке едің,  
 Мінген аты қызылдай.  
 Жұр-жүрлеп жаулар айдады,  
 Ойран боп көңлім бұзылды-ай.  
 Қанды жас төгіп көзінен,  
 1210 Қуаты кетіп өзінен,  
 Қай елді тастап қызындай.  
 Мықтанып мінді атына,  
 Көрінді жолы ұзындай.  
 Әні-міні дегенше,  
 Шұбалған жұрт көрінбей,  
 Қарасы жұрттың үзілді-ай.  
 Ноғайлы халық көштері  
 Үш белден асып кеткенді-ай.  
 «Жұр, қақпас!» деп ұрғаны,  
 1220 Асыраған өз иті  
 Жасауыл болып тұрғаны  
 Сүйегінен өтті енді-ай.  
 Он шақты бел асқанда,  
 Кетеді қайда, қашқанда,  
 Кеткен көшке кемпір-шал  
 Айдаумен жетті енді-ай.  
 Кемпір, шал көшке жеткенде,  
 Қашқан жау ұзап кеткенде,  
 Аққұла атты ойнатып,  
 1230 Жәнібек батыр кепті енді-ай.  
 Мұндай іс бар ма есінде?!



- Көрінбеді көшінде,  
Ойбай, шеше, шыныңды айт,  
Мақпалым қайда? — депті енді —  
Кімнен көрдің қорлықты?  
Кімнен көрдің зорлықты?  
Бұл күйге түсіп қалыпсың  
Қандай бәле жолықты?  
Шешесі сонда аңырайды  
1240 Ботасы өлген түйедей.  
— Көрдім, — деп, — қорлық, — зарлайды.  
Жәнібекті көргенсін  
«Байлаулы қалды Мақпал», — деп,  
Айтуға аузы бармайды.  
Өлді деп жүрген баласы  
Аман-есен келген соң,  
Құшақтап алып батырды,  
Емшектен сүті парлайды.  
Бауырына басып баласын,  
1250 Кемпір-шал байқұс өкірді.  
Баласын көріп көзімен,  
Тоқтатып көңілін бекінді.  
— Алты мың қалмақ ел шауып,  
Екі дәу екі ит болып,  
Сол иттерге жем болып  
Бір туысқан Мақпалың,  
Байлауда қалған секілді.  
Көрер күнім бар екен,  
Жалғызға Құдай жар екен.  
1260 Көрермін деген ойда жоқ,  
Қарағым, сенің бетінді.

Бұлардың сөзін естіп,  
Батыр туған Жәнібек  
Бас қойып ердің қасына,  
Бір ұрып санын, өкінді.  
Ал Жәнібек сөйледі:  
— Ойбай, шеше, не дейсің,  
Мақпалды Құдай қақты ма?!  
Көшкен жұртқа байлау қып,

- 1270 Бауырым жылап қалды ма?!  
Отауға байлап қойғанда,  
Жүрегі ұшып шырақтың,  
Отыр ма, тұр ма, жатты ма?!  
Тірі байлап кетті ме,  
Мылтықпенен атты ма?!  
Аман-есен көрсетсе,  
Тірі боп менің бақытыма.  
Қалғанында байланып,  
Мен сияқты сорлыға
- 1280 Қарағым, қалқам, жалғызым  
Сәлем-мәлем айтты ма?!  
Шешесі сонда сөйледі:  
— Көз қимай, қанша жыладың,  
Сәлемін саған айтайын.  
Қарағым, менен сұрадың,  
Құдай сүйген құлының  
Жақын қылар жырағын,  
Таңда мақшар болғанда  
Сүйген құл мінер пырағын.
- 1290 Қорлықтың бәрі бізде тұр,  
Білесің өзің бұл жағын.  
Сендерді ойлап қайғымнан,  
Сарғайды кекіл сияғым.  
«Тірі болса Жәнібек,  
Кеп , — деп, — қасыма.  
Өліп қалсам, жан көкем  
Оқысын Құран басыма», —  
Деп жылап еді шырағым.  
Ал Жәнібек сөйледі:
- 1300 — Ноғайлыға жау тиіп,  
Мен жоқта бопты аламан.  
Қалмаққа Тілеу хан болды,  
Ұрыста қалмақ қан болды,  
«Хан бол», — деп мені қалаған.  
Көңіл бермей оларға,  
Шаппадым хан боларға,  
Бері қарай шықтым, жан анам.  
Айналайын, Мақпалым,

- Жолыңда сенің өлейін!  
1310 Құтырған итке, жол тосып,  
Бір соғысып көрейін.  
Бір жаным сенің садағаң,  
Туысқан-туған менде жоқ,  
Жаны ашыр маған пенде жоқ.  
Жалғыз боп туған баламын,  
Өліп кетсем, дерек жоқ,  
Қолтық сүйер көмек жоқ,  
Артымда туған інім жоқ,  
Көңілім ойран, тыным жоқ,  
1320 Өттең, қатаң сұм дүние!  
Соны арман қып барамын,  
Бүтін емес ортамын.  
Аман болыңдар көргенше,  
Мақпал жаққа жортамын.  
Жалмауыздың дауысын  
Есіткендер қырылса,  
Көрермін бе сіздерді,  
Аман болыңдар, кемпір,шал,  
Бір шыбын жаннан қорқамын.  
1330 Ал, шешесі сөйлейді:  
— Олай деме, шырағым,  
Шырылдап жерге түскенде  
Қара кіске бөледім.  
«Қара кіс қатты тиер» деп,  
Шұға, мақпал бөледім.  
Түн ұйқымды төрт бөліп,  
Машақатты көп көріп,  
Тілектес саған боп едім.  
Намарттың айтпа жұмысын,  
1340 Бауырыңа жөнел, жан балам,  
Медет берсін бір Құдай,  
Пірлерің болсын көмегің.  
Қу қонбаған қара ағаш  
Қу қондырдым сен үшін.  
Қаз қонбаған қара ағаш  
Қаз қондырдым сен үшін.  
Беліңе садақ будырдым,

- «Жүрегің жалды болып өссін» деп,  
Қашқан жауды қудырдым.
- 1350 Айналайын, Құдайым,  
Тіл тигізбей, жылайын.  
Әуелдіге қуантып,  
Ақырында бұлқындың,  
Бір Жаратқан Жаппар Хақ,  
Екі перзент беріп ең,  
Бірін қыз, бірін ұл қылдың.  
Айналайын, Құдай-ай,  
Әуелі қылып қуаныш,  
Ақыры қор қып күң қылдың.
- 1360 Оңламасаң, Жаратқан,  
Қартайған екі байқұстың  
Қайғыға ішін тұндырдың.  
Жәнібек, сені тербетіп,  
Тал бесікті таяндым.  
Түн ұйқымды төрт бөліп,  
Бір түнде неше ояндым.  
Бауырыңа тартпа тартқанмын,  
Үстіңе торқа жапқанмын.  
Барсаң, балам, бар енді,
- 1370 Ажалың жетсе, өлерсің,  
Әйтпесе, қайтып келерсің.  
Қарындасың қайда?» деп,  
Қатар-құрбың сұраса,  
Не деп жауап берерсің?  
Талапты жолдан бас тартпа,  
«Еркек» деп сені тапқамын.  
Шешесі сөйтіп сайрады,  
Жәнібектей батырды  
Осындай сөзбен қайрады.
- 1380 Сол уақытта Жәнібек  
Барайын деп ойлады,  
Өлімге басын байлады.  
— Қыбылагөйім, мекейім,  
Енді соған кетейін.  
Бір туысқан бауырымнан  
Жанымды аяп не етейін?

- Аман бол енді, анайым!  
Жасаған болсын панайың!  
Тәуекелге бел байлап,  
1390 Жалмауызға шабайын.  
Халықты қырғыш батырмын,  
Бір соғысып қарайын.  
Бата бер, әке-шешем-ай,  
Мақпалжанға барайын.  
Шешесі байқұс сөйледі:  
— Айналайын, жалғызым,  
Асқар ала бел едің,  
Бауырың үшін шыдамай,  
Мақпалыңа жөнөдің.
- 1400 Байқап іс қыл, шырағым,  
Жалқы туған ер едің,  
Сен туғансын көркейіп,  
Даңқы бар адам боп едім,  
Мал-жанды талап өкетті.  
Бар сенгенім сен едің,  
Жылап-еңіреп жүргенде,  
Жаратқан берген ұл едің.  
Жасың толық жеткенде,  
Айтулы ердің бірі едің.
- 1410 «Екі перзент берді» деп,  
«Қор болмасын енді!» деп  
Қуанышым сыймай қойныма,  
Жағамды ұстап жүр едім.  
Жатсам-тұрсам Құдайдан  
Екеуің еді тілегім.  
Байқап іс қыл, қарағым,  
Көңліңе тоқ қылуға  
Артыңда жоқ тіреуің.  
Мұнша қайғы жемес ем,
- 1420 Артыңда болса біреуің.  
Бармашы, бармашы,  
«Барма» деп айтқан бұл сөзім —  
Өшейін қылған далбаса.  
Қиындық жұмыс болмайды,  
Пірлерің қолын жалғаса.

- Далбаса сөз мұнымыз,  
Тілімді менің алмашы,  
Жауды өлтіріп, шырағым,  
Әпкелерсің Мақпалды.
- 1430 Көрген түсім шын болып,  
Жаратқан ием жар болса.  
«Атса, мылтық өтпес, — деп,  
Шапса, қылыш кеспес» деп,  
Әулие айтқан түсімде.  
Мен білмеймін, алдаса.  
Мұратыңа жетерсің,  
Түсімде көргенім  
Егер де шайтан болмаса.  
Сен туған соң Жәнібек,
- 1440 Алдыма алып, ұл еттім.  
Еркелетіп өсіріп,  
Артыма салып, құл еттім.  
Сен де кетіп жау жаққа,  
Қашан аман келгенше,  
Біз сорлыны жүдеттің.  
Жаратқанға тапсырдым,  
«Ұл-қызым бар» деп сендерді,  
Дәулетімде күнелттім.  
Жасың да болса жас еді,
- 1450 Қарсы шауып екі итке,  
Біздей сорлы мұңлыны,  
Қайғыменен жүдеттің.  
«Аман-есен келгей» деп,  
«Абырой, Құдай, бергей» деп,  
Күндіз-түн тілеу тілеттің.  
Абайлап іс қыл, шырағым,  
Күші де кірген жоқ еді,  
Жас ботам, екі білектің.  
Күдер үзген бала едің,
- 1460 Тағы сақтар Жаратқан.  
«Келмейді-ау!» деп қап едім,  
Аман көріп, шырағым,  
Ақ бетіңнен бір өптім.

Сол уақытта Жәнібек  
Шамырқанды, шамданды.  
Ат басын бұрып Мақпалға,  
Барайын деп қамданды.

«Аллаһу Акбар, барғын!»-деп,  
Жалмауызды өлтіріп,  
1470 Абырой, балам, алғын, — деп,  
Батасын беріп, қол жайып.

Жәнібек айтты:  
— Кемпір-шал,  
Мінген атым қаракер,  
Бір Аллаға тапсырдым,  
Артынан елдің бара бер.  
Кешікпей мен де барармын,  
Ажалым жетіп бұл жолда,  
Жұтпаса мені қара жер.  
Үйдегі бала өлмей ме,  
1480 Жол жүрген адам келмей ме?  
Жігерімді құм қылып,  
Жыламай, шеше, қала бер.  
Бұл не деген пал болды,  
Кемпір-шал айран хал болды.  
«Бар» десе де, баланың  
Ізіне де зар болды.  
Аққұла атқа қамшы ұрып,  
Мақпалға батыр жөнеді,  
Жердің жүзі шаң болды.  
1490 Ал жөнеді, жөнеді  
Мақпал суға туралап  
Әлібидің көдегі.  
Оттөбені бір басып,  
Жалғыз өзі келеді.  
Жолдасы жоқ қасында,  
Ұядан екеу басында,  
Бір Құдай болған көмегі.  
«Ғайып ерен, қырық шілтен-  
Кәміл пірім жар беріп,

- 1500 Қысылғанда әл беріп,  
 Қолдар күнің», — дер еді.  
 Әні-міні дегенше,  
 Байлап кеткен Мақпалды  
 Отауға жетіп келеді.  
 Отауға келіп Жәнібек,  
 «Бар ма, жоқ па Мақпал?» деп,  
 Атының басын бұрады.  
 «Шыға ма?» деп дыбысы  
 Біраз аңдап тұрады.
- 1510 «Бола ма, — деп, — бір белгі?»  
 «Мақпал!», — деп дауысын шығарды.  
 Мақпалда түк дыбыс жоқ.  
 «Өліп қалған екен, деп,  
 Ой, бауырым!» деп жылады.

*Жәнібектің айтқаны:*

- Шырағым, отырмысың күліп-ойнап?  
 Ноғайлы кеткен екен жұртқа байлап.  
 «Жалмауыз қай жағымнан келеді?» — деп,  
 Қолына ақ алмасын алды қайрап.  
 Жәнібек қарындасын келді жоқтап,
- 1520 Батырдың жалғыздықтан көңлі тоқтап.  
 «Жалмауыз көрінсе, ұрыс қылайын» деп,  
 Қолына ақ мылтығын алады оқтап.  
 «Жалмауыз із көрейін деп кетті ме?  
 Ажал кеп, Мақпал жазым боп кетті ме?  
 Дыбысы, тірі болса, шығар еді-ау,  
 Шамасы қу жалмауыз жеп кетті ме?  
 Сорлы едім жарымаған ағайынға.  
 Жапсарды тіліп, үйді қарайын да.
- Егер де есің танып қалған болса,
- 1530 Есіктен, аттан түсіп, барайын да.  
 Білмедім, жетпеді ме айқайым да,  
 Бар-жоғын әбден біліп байқайын да.  
 Жапсарды тіліп әбден көзбен көріп,  
 Шырағым бар ма, жоқ па, байқайын да.  
 Мұны айтып, ақ семсермен жапсар тілді,



Жәнібек ат үстінен түспей тұрды.  
Мақпал қыз есін танып, сұлап жатыр,  
Жатқанын есін танып, батыр білді.

*Жәнібектің сөзі:*

- Тауда болар тараша,  
1540 Жылқыда болар алаша,  
Келген жоқ екен жалмауыз.  
Қазыққа қаққан таңылып,  
Көзінің жасы ағылып,  
Естен танып қалыпты.  
Жапсарды тіліп қараса,  
Тауда болар тарғыл тас,  
Тарықса көзден шығар жас.  
Есін білмей сұлық жатыр  
Бір туысқан бауырлар.  
1550 Туысқаның болмаса,  
Қиын екен жалғыз бас.  
Толқыттың, Құдай, миымды,  
Қайғылар маған жиылды.  
Өзгелерден артықша  
Бауырдың ісі қиын-ды.  
Өлімісің, шырағым,  
Тірімісің, шырағым?!  
Жауап бергін мен қуға,  
Кетірме менің сыйымды.  
1560 Басыңа тігіп кетіпті  
Арнаған отау үйінді.  
Тірі болсаң, жауап айт,  
Тарқатайын, шырағым,  
Көңілде шемен түйінді.  
Өлімісің, Мақпалжан,  
Тірімісің, Мақпалжан?!  
Жаратқан Құдай жар болып,  
Пірлерден медет бар болып.  
Осы ажалдан айырсам,  
1570 Бұрынғыдай той-тойлап  
Жүремісің, Мақпалжан.

- Береді Құдай несіпті,  
 Жиналмай есін, кешікті.  
 Жәнібектің дауысын  
 Мақпалжан сонда есітті.  
 Шыға алмай сыртқа бұлқынып,  
 Олай-бұлай жұлқынып,  
 Есі ауып қалған Мақпал қыз  
 Таба алмай жатыр есікті.
- 1580 Сол уақытта Жәнібек  
 Аттан түсе қалады.  
 «Амансың ба, қалқам!?» — деп,  
 Құшақтап, айқай салады.  
 «Қандай болдың, бауырым?» — деп,  
 Бетін ашып қарады.  
 Шіріндігі бауырдың,  
 Қатерлі жолда жолықса,  
 Міне, осындай болады.
- 1590 Жәнібек Мақпалжанмен көріседі,  
 Сөйлесіп бір-бірімен, келіседі.  
 Мақпалды байқамаққа айтты батыр:  
 — Шырағым, ап қайтайын енді сені.  
 Жұр, шырақ, Аққұла атқа мінгеселік,  
 Екеуіміз тізе қосып бірлеселік.  
 Шал-кемпір жылап-еңіреп жүрген шығар,  
 Тауып ап бірге жүріп күн кешелік.

*Мақпал:*

- Мақпал айтты: «Ел Сырға барған шығар,  
 Кемпір-шалды жұрт тауып алған шығар.  
 «Жәнібек пен Мақпал!» — деп жылай-жылай,  
 1600 Шал-кемпір бір жылғада қалған шығар».

*Жәнібек:*

— Ел жаққа олай болса, баралық та,  
 Кемпір-шал қайда жүрсе, табалық та.  
 Ноғайлы, Қалмақ бәрі зорлық қылса,  
 Біз кегін өзіндей қып алалық та.

*Мақпал:*

— Жұрт кеткен жалмауызға мені байлап,  
 Отауға Қалмақ, Ноғай елі байлап.  
 «Жалмауыз екеуін де өлтірсін» деп,  
 Артымнан жіберіпті-ау сені де айдап.

1610 Көріңіз жалмауыздың жолын тосып,  
 Елге барсақ, «Келді дер қорқып, шошып»  
 Бір Алла қуат берсе, пірлер жар боп,  
 Жалмауызды өлтірелік, болса несіп.

*Жәнібек:*

Жәнібек: «Мақұл», — деді ақыл ойлап,  
 Алды-артын әр жұмыстың отыр ойлап.  
 Отауға қу қазықты мықтап қағып,  
 Ойы сол Мақпал қызды байлап қоймақ.

1620 «Бос қойсам, бұл да жүрер, барамын деп,  
 Мен неге, көке сенен қаламын» деп,  
 Жалмауыз менен гөрі басым болса,  
 Бұл да өлер, ажыратып аламын деп.

Мұны ойлап мықтап белін буды енді,  
 Даярлап жататұғын жерді енді.  
 Есіктен кіре беріс шұқыр қазып,  
 Өзінің даярлады көрін енді.

*Жәнібек*

Отырды батыр ой ойлап,  
 Екі жағын тең ойлап.  
 Жан-жағына қарайлап,  
 Жалғыздығын жаңа ойлап.  
 Ой түбіне жетпеді,  
 1630 Мінгестіріп Мақпалды,  
 Елге қайтып кеткенін,  
 Ұят болар депті енді.

- Бір туысқан Мақпалды  
 Жалмауызға жем қылып,  
 Көзі қиып кетпеді.  
 «Құдай қылды шара жоқ»,  
 Туысқан, іні, аға, жоқ,  
 Арманы осы бопты енді.  
 «Баба түкті шашты Өзіз,  
 1640 Өзіңіз берген перзент ек  
 Осындай қылмақ еп пе еді?»  
 Осыны айтып Жәнібек,  
 Мақпалды әкеп, қолымен  
 Отауға мықтап байлады.  
 Үш сайдан арман өткізіп,  
 Аққұла атты байлады.  
 Мылтығын оқтап, даярлап,  
 Жалмауыздарға күтініп,  
 Ақ алмасты қайрады.  
 1650 Тәуекелге бел байлап,  
 Пірлеріне сыйынып,  
 Ерліктің қамын енді ойлап,  
 Жас батыр гүл-гүл жайнады.  
 Кіре беріс есіктен  
 Жатайын деп көрінбей,  
 Шұқыр қазып ерінбей,  
 Өзінің көрін сайлады.

### *Мақпал*

- Шырылдап Мақпал жылайды,  
 1660 Көзінің жасын бұлайды:  
 — Айналайын, жан көке,  
 Тұрма менің қасымда,  
 Мен қу басқа айналып,  
 Көзің қимай жүргенде,  
 Қу жалмауыз кеп қалып,  
 Жалғыздық түсер басыңа,  
 Жігерімді құм қылма.  
 Елге қайт, көке, ертерек,  
 Бір көрейін деп едім,

- 1670 Көргенім, аға, осы да.  
Айналайын, жан аға,  
Үйірілейін, жан аға,  
Жаным сенен садаға.  
Алды-артыңда таяу жоқ,  
Тарылды-ау көке, замана!  
Мені тастап кете гөр,  
Кемпір-шалға жете гөр.  
Затым әйел, ұрғашы,  
Мен — біреудің олжасы,  
1680 Мен қалайын далада.

*Жәнібек:*

- Олай деме, Мақпалжан,  
Сені тастап бұл жерге,  
Елге не деп барайын?  
Жаны ашыр маған туысқан —  
Бермеді Құдай ағайын.  
Өзім жалғыз болған соң,  
Көмекті қайдан табайын?  
Шырағым, мені шошытпа,  
Сүйегімді жасытпа,  
1690 Бір соғысып қарайын.  
Жаратқан ием қолдаса,  
Кегіңді сенің алайын.  
Ұрысып жаумен өлсем де,  
Бір туысқан, шырағым,  
Сені көзден салмайын.  
Жалмауызбен ұрыспай,  
Арыстандай жұлыспай,  
Елдегі қатар-құрбыма  
Күлкі болып қалмайын.

*Мақпал*

- 1700 Мақпал сонда сөйлейді,  
Сөйлегенде, бүй дейді:  
— Айналайын, көкетай,

- Қаратаудың жылғасы  
 Баурында ойнар құлжасы.  
 Төмен етек мен сорлы —  
 Затым әйел, ұрғашы,  
 Бөтен ел мені ап кетер,  
 Мен — біреудің олжасы.  
 Еліңді тап, көкетай,  
 1710 Қарындассыз, інісіз  
 Ел ішінде жүрмей ме  
 Бір байдың жалғыз мырзасы.

### *Жәнібек*

- Ал Жәнібек сөйледі:  
 — Олай деме, шырағым,  
 Өткен өмір келе ме,  
 Ажалсыз адам өле ме,  
 Жалғыз басты Жәнібек  
 Өзі бұрын өлгенше  
 Сені жауға бере ме!  
 1720 «Жауды өлтіріп келдік» деп,  
 Өтірік айтып біз барсақ,  
 Сол сөзге жұрт сене ме?

### *Мақпал*

- Сонда Мақпал сөйледі:  
 — Айналайын, жан көке-ау,  
 Асқар ала бел едің,  
 Ноғайлының ішінен,  
 Жалғыз туған ер едің,  
 «Туысқаным қапты» деп,  
 Мен құды іздеп кеп едің,  
 1730 Шақырған ойым басында:  
 «Бір көрейін» деп едім.  
 Жалғыздық түсер басыңа,  
 Жаны ашыр жоқ қасыңда.  
 Өлі де болса, көкетай,  
 Мені тастап жөнегін,

- Құдайдың берген бағы бар,  
Тағы сөзім тағы бар.  
Зорсынып, тасқан нәрсеге  
Сомдалған балға табылар.
- 1740 Екі дәуді өлтірсем,  
Іштегі дертім ағылар.  
Қуат берсе Жаратқан,  
Қылышым қанға қарылар,  
Ақ берен мылтық атылып,  
Ақ қылышым шабылар.  
Осыны айтып тұрғанда,  
Құлағын тігіп тыпырлап,  
Төрт аяқтап жер тарпып  
Тұра алмай тұрған секілді,
- 1750 Аққұла ат тұлпар жануар.  
Сол уақытта Жәнібек  
Шамырқанып, шамданып,  
«Жау дерегі болды-ау» деп,  
Даярлық жасап, қамданып,  
Аққұла атқа мінеді,  
Өудем жерге жүреді.  
«Келеді деп жау қайдан?» —  
Жол жобалап тұр еді.  
«Ай, жануар, Аққұла ат,
- 1760 Тұра алмадың тыпырлап,  
Көрінбейді еш нәрсе  
Қорыққаның сенің кем еді».  
Біраз жерге жүргенде  
Күншығыс жақтан шаң шықты,  
Жау дерегін біледі.  
Аттан түсіп Жәнібек,  
Шұбыртпалы жібекпен  
Мақпалжанның құлағын  
Мықтап бұрап тығады.
- 1770 Аялаған мақтамен  
Өзінің де құлағын  
Мықтап бұрап тығады.  
Аққұла аттың құлағын  
Киізден шақтап кесіп ап,

- Құлағын мықтап тығады.  
Аспаптарын асынып,  
Көргенше жауды асығып,  
Алыстан тосып алмаққа  
Жау жаққа қарап шығады.
- 1780 «Қуат бергін, Құдай!» — деп,  
Пірлерін жад қып, жылады.  
Сол уақытта Жәнібек  
Кер маралдай керілді,  
Басарына ерінді.  
Бір төбенің басына  
Шауып шықты Жәнібек,  
Көтергелі көңілді.  
Сол уақытта қараса,  
Бұл не деген тамаша,
- 1790 Күншығыс жақтан бұрқырап,  
Бір бұзық шаң көрінді.  
Мінген аты, кер екен,  
Алды ылди, арты өр екен.  
Бір төбе тасты бет алып,  
Шауып шықты Жәнібек,  
Ол биік тастың лақабы  
Шақпақата дер екен.  
Жәнібек сынды батырдың  
Мылтыққа білте тұтатып,
- 1800 Шақпақ шаққан жер екен.  
Алматы, Бішкек, Тоқпақтан  
Келе жатыр соқпақпен.  
Әулиеата тұс жағы  
Екі төбет арсылдап,  
Асадан асты Күйікке,  
Айша бибі дер екен.  
Төрт аяғы тарсылдап,  
Екі төбе тарсылдап,  
Сай асудың басына
- 1810 Екеуі шыға келеді.  
Келе жатқан екеуін  
Баланың көзі көреді.  
Буындары дірілдеп,



- Көзінің жасын төгеді,  
Ал, жақсылар, қарашы,  
Біреудің жалғыз баласы.  
Тарыққан соң Жәнібек,  
Жетіп келді қасына,  
Жар болғанға ұқсайды батырға.
- 1820 Қараса, қарт Қазығұрт  
Жәрдемші болды бабаңа.  
Пірлері жар боп баланың,  
Мылтығынан от шығып енді,  
Келе жатқан екі иттің  
Алдынан өрт айдады.  
Артына қарап қашады,  
Артына өрт айдады.  
Алды-артын өрт басады,  
Құтылатұғын жөн таппай,
- 1830 Ақкөбек енді сасады.  
Айла таппай Ақкөбек  
Алды-артын өрт қамап,  
Күйікте күйіп қалады.  
Тамызған оттай лауылдап,  
Шырақ майдай жанады.  
Күл болып өшті сүйегі,  
Бір будасы қалмады.  
Ақкөбек күйіп өлген жер  
Онан соң Күйік болады.
- 1840 Күйіп өлді Ақкөбек,  
Қаракөбек қаңқылдап,  
Қақса болып келеді.  
Аяқтарын тас қағып,  
Ақса болып келеді.  
Төбесіне күйіктің,  
Жалмауыз шыға келеді.  
Етегіне Бақетей,  
Жәнібек шыға келеді.  
Ол да мықты ер еді,
- 1850 Қарсыласып сол жерде,  
Екеуі қабат келеді.  
Жәнібек батыр сол уақта

- Айдаһардай ысқырып,  
Масаққа білте қыстырып,  
Мылтықтың аузын қаратты.  
Қақ маңдайдан бір атты,  
Дәл жүректен және атты.  
Тисе де, оғы өтпеді,  
Қақ тұмсықтан тағы атты,  
1860 Ту шаптан дәл атты.  
Онда да мылтық өтпеді,  
Сөйте-сөйте Жәнібек,  
Қабырғадан қырық атты.  
Омыртқадан он атты,  
Онда да оғы өтпеді.  
Ер кірісі тарқады,  
Өтпеген соң атқан оқ,  
Атарына жалқады,  
«Ажалым осы екен» деп,  
1870 Кейін қарай қашпаққа  
Атының басын тартады.  
Өтпегенсін атқан оқ,  
Күркіреуді жағалап,  
Биік жерді паналап,  
«Мақпалжан тірі қалсын» деп,  
Мойнына алып өлімді,  
Ізімен кейін қайтады.  
Күркіреу болмақ себебі:  
Жәнібектей батырды  
1880 Жалмауыз қуған күрілдеп.  
Аққұла атқа қамшы ұрып,  
Су жағалай, дүрілдеп,  
«Әке-шешем, ырза бол,  
Састы ғой мендей ұлың!» деп,  
Аулаққа барып өлейін,  
Бір туысқан бауырым  
Көрмесін мұның түрін деп,  
Қырық шілтен-бабам қайдасың?  
Баба түкті шашты Әзіз  
1890 Тигізер қашан пайдасын?  
Қолдайтын күнің бүгін деп,

Жылап кетіп барады  
 Тарылды менің күнім деп,  
 Қашан қуат бересің,  
 Ғайып Ерен, Қырық шілтен,  
 Айналайын пірім?» деп.

Қаша берсін Жәнібек. Мақпал сонда отауда, байлаулы тұрып, Жәнібектің жалмауызға оғы өтпей, қашқанын біліп, пірлеріне сыйынып, бір Құдайға нала қылып, әуелі Құдайды, екінші пірлерін жад қылып, «Мен — Жәнібектің құрбандық лағы, мені алып, Жәнібекті аман сақтай гөр!» — деп, Мақпалдың отауда отырып жылағаны:

- Мақпал сонда жылайды,  
 Жад қылды жалғыз Құдайды.  
 «Жәнібекті сақта!» — деп,  
 1900 Құдайдан медет сұрайды.  
 Жарылқаса Жаратқан,  
 Пендесін қапы қылмайды.  
 Жылап отыр Мақпал қыз  
 Жад қылып жалғыз Құдайын.  
 «Мінәжат қылдым өзіңе! —  
 Деп сыйынып, жылайды. —  
 Мылтығы өтпей көкемнің,  
 Көңліне түсті уайым.  
 Өзің берген перзентпіз,  
 1910 Баба түкті шашты Өзіз,  
 Қатасы болса, кешіңіз.  
 Сізден медет сұраймын,  
 Байлап кетті жан көкем,  
 Қол-аяғым бос емес,  
 Қандай амал қылайын?  
 Мен садаға көкеме,  
 Соны тастап, мені алса,  
 Бүйтіп тірі болғанша,  
 Өлейін де тынайын.  
 1920 Айналайын, Жаратқан,  
 Болды ғой жұмыс орасан,  
 Бүгін бізге медет бер,

- Шашты Өзiз, бiлгiш бабасың.  
 Есiркесең болмай ма?  
 Өзiң берген перзентпiз.  
 Қайтедi, жайға қарасаң,  
 Екi қолым байлауда,  
 Осы маған еп пе едi,  
 Жәнiбек жалғыз көкемдi
- 1930 Ажал айдап кеп пе едi.  
 Бақты қара мен қуды  
 Көзi қиып кетпедi,  
 Өзiретi сұлтан Мiдiуар,  
 Қайтарсаңшы дуанды.  
 Естiп жатыр құлағым,  
 Қанша атса да, өтпедi.  
 Қыз да болсам, мен қудың,  
 Өзiң берген перзент ем,  
 Тiлеуiм менiң жоқ па едi?
- 1940 Айдалада байланған,  
 Жұмысы терiске айналған,  
 Лггерi-соңғы заманда,  
 Мендей сорлы боп па едi?» — деп,  
 Мақпал жылап отауда жатыр.

Ендi Жәнiбек батырдан сөз келедi. Қаракөбек Күркiреуден қуып бара жатқанда, жаратқан пiрлерiне сыйынып, Жәнiбек-тiң жылағаны:

- «Жаратқан, жалғыз Құдайым,  
 Бек сыйынып, жылайын,  
 Жарылқар күнiң болар ма,  
 Өзiңе тәһиә қылайын?!  
 Ат басын төктiм қашқалы,
- 1950 Атқан оғым өтпедi,  
 Қайтiп қарап тұрайын.  
 Жұмысым болды орасан,  
 Өулиелердiң iшiнде  
 Ақ шалмалы Қорасан,  
 Маған бүгiн қуат бер,  
 «Өлгiн!» — деп әлде жауап бер,

- 1960      Зеңгі баба Қорасан,  
            Ғайып Ерен, Қырық шілтен,  
            Қолдайтын күн болды,  
            Қартайып, сарт болмасаң.  
            Атадан әуелі тудым тақ,  
            Болады қашан көңлім шат.  
            Ата пірім — Қожайсақ,  
            Балаларың қысылды,  
            Әлдерің келсе, қолдап бақ.  
            Арыс мойнында алты бап,  
            Сыр бойында жеті бап,  
            Сайрамдағы сансыз бап,  
            Шапағатшы күн болды,
- 1970      Мәдинеде Мұхаммед,  
            Үргеніште ҚожаАхмет.  
            Түркістандағы әулие —  
            Алтын сандық Әзірет,  
            Баба түкті шашты Әзіз,  
            Қырық шілтен, қолда, бабам-ай,  
            Жақындады өлуге  
            Жәнібек — жалғыз балаң-ай.  
            Қашан қуат бересің,  
            Тақсырлар, енді маған айт?!
- 1980      Күркіреуді жағалап  
            Қаша берді Жәнібек,  
            Енді артына қарамай,  
            Ал, жақсылар, қарашы,  
            Жылап-еңіреп барады  
            Ноғайлының баласы.  
            Сөйтіп жылап жүргенде,  
            Баба түкті шашты Әзіз  
            Жар болды Сұлтан бабасы.  
            Жәнібек жылап бөлінді,
- 1990      Көзінен жасы шұбалып,  
            Кірпігі төмен жығылды.  
            Жәнібек жылап күңіренді,  
            Кірпігі оқтай тігілді.  
            «Жылай берме, балам!» — деп,  
            Бір башарат білінді.

- Баба түкті шашты Өзіз  
 Оң иініне мінеді,  
 Мінгенін батыр біледі.  
 Тарыққан ердің пірі еді
- 2000 «Шырағым,енді қайт, — деді  
 Атыңның басын тарт, — деді,  
 Жалғызға Құдай жақ», — деді.  
 Аян берді батырға,  
 Құлағына сыбырлап,  
 Баба түкті шашты Өзіз  
 «Сол жерді парлап ат», — деді.  
 Сол уақытта Жәнібек  
 Тоқтатып атын алады,  
 Артына қорықпай қарады.
- 2010 Қаракөбек арылдап,  
 Үркітіп атын барады.  
 Әулие қуат бергесін,  
 Тұруға қарсы жарады.  
 Енді батыр саспады,  
 Көрұғлының ойынын  
 Жалғыз өзі бастады.  
 Қаракөбек қуып жүр,  
 Бұрынғыдай саспады.  
 Келді төбет жақындап,
- 2020 Ауыз салды тақымдап,  
 Онда да батыр қашпады.  
 Әб жыландай толғанып,  
 Қайратқа мінді Жәнібек  
 Ақ мылтығын қолға алып,  
 Мылтықтың аузын қаратты,  
 Қос өкпеден дәл атты,  
 Тыныстан оғы дәл тиіп,  
 Көбекті батыр сұлатты.  
 Жай тасындай алтын оқ,
- 2030 Мылтық барып тарс етті.  
 Өндіршектен қорс етті,  
 Мұрыны жерге тарс етті.  
 Аузынан көбік бұрқырап,

- Аларып көзі қаңқ етті.  
Бәрін айт та, бірін айт,  
Атылған алтын оқ тиіп,  
Түйреп өтіп өкпесін,  
Арыс су демек мәнісі,  
Басына барып сол судың,  
2040 Қаракөбек арс етті.  
Сол уақытта Жәнібек  
Тоқтатып атын алады,  
Аттан түсе қалады.  
Балтасымен шапқылап,  
Кеудесін кесіп алады.  
Шабара тоқып шыбықтан,  
«Көрмесе, қалқам нанбас» деп,  
Құла атқа байлап салады.  
Қарағым, Мақпал, сүйінші!  
2050 Қайрат берді Құдай»! — деп,  
Аққұла атты тепектеп,  
Отауға батыр барады.  
Қарындасын босатып,  
Көштің ізін шалады.  
Қатты қорқып екі шер,  
Жылап еді қоштасып,  
Еліне қайтты мінгесіп,  
Ақыры қуаныш болады.  
Ағайынды екеуі  
2060 Жылаумен жүрді күн кешіп.  
Мінгесіп алып тұлпарға,  
Келе жатыр бірлесіп.  
Бірнеше белден асады,  
Бірталай ағын су кешіп,  
Келе жатыр екеуі  
Аққұла атқа мінгесіп.  
Ойлады Мақпал: «Көкемнің  
Көңілі тасып келе ме?  
Шүкір қылып Құдайға,  
2070 Көңілін басып келе ме?  
Сөйлейін деді тілдесіп».

*Мақпал:*

— Айналайын, жан көке,  
 Мен түсейін артыңнан,  
 Әбден қорлық көрдіңіз,  
 Жалғыз туып, халқыңнан.  
 Құшыр болар, Жәнібек,  
 Екеуіміз атқа мінгесіп,  
 Ат үстінде шалқыған.

*Жәнібек:*

— Шырағым, жиын-тойды тойладың ба?  
 2080 Көкеңді тағы зар қып қойғаның ба?  
 Қарағым, сен де бірдей, мен де бірдей,  
 Тағы да бір сұмдықты ойладың ба?

*Мақпал:*

— Көкетай, ақыл тапқан кісі болар,  
 Әркімнің басқа лайық ісі болар.  
 Әзелден еркек әзіз, әйел намарт  
 Атыңа мінгескенім құшыр болар.

*Жәнібек:*

— Шырағым, келіп едім құстай ұшып,  
 Жалмауыз пірлер жар боп қалды жатып.  
 Қарағым, сен де бірдей, мен де бірдей,  
 2090 Сірә, жоқ қасиетім сенен артық.

*Мақпал:*

— Әркімге баян қылмаған,  
 Опасы жоқ дүниесің.  
 Ерегіскен дұшпанның  
 Қабырғасы күйресін.  
 Мен болып тудым ұрғашы,  
 Мен — біреудің олжасы.



Құдай берген дәулетке  
Кесірім, көке, тимесін.

*Жәнібек:*

— Құдайым жаратқанда талап берген.  
2100 Құтылмас иман тегі талапкерден.  
Мінәжат сен де қылдың, мен де қылдым,  
Бұл бақыт екеуімізге қабат берген.

*Мақпал*

— Құлдық, көке, — деп, жүре берді.  
Мықтанып Аққұла атқа міне берді.  
Осылай қайымдасып ермек қылып,  
Жақындап Сыр бойына келе берді.  
Жақындап Сыр бойына жетті дейді,  
Ел шетін көріп «Шүкір!» депті дейді.  
Ел жөні Сырдарияның ар жағында,  
2110 Дариядан атын жалдап өтті дейді.

*Жәнібек*

«Құдай-ау тентіреттің қай жағыңа,  
Мақпалды еркек қылуға аядың ба!?»  
Екеуі жылап-еңіреп келе жатса,  
Су түсті Аққұла аттың аяғына.  
Келеді бірі жетелеп, біреуі айдап,  
Ноғайлы қызды кеткен жұртқа байлап.  
Сүрнегін ауған елдің көзі көріп,  
Жәнібек жылай берді бармақ шайнап.  
Шекітіп Аққұла атты жетеледі,  
2120 Жылаумен келе берсін екеуі енді.  
Бір сүрді мал шұбаған тауып алып,  
«Ел жөні осы екен» деп төтеледі.  
Жұрт қылған кемпір-шалды  
Бұлан-талан, мал-мүлкі,  
Алтын-күміс — бөрін де алған.  
«Кемпір-шал аштан өлсін, түк деме» деп,

- Тастаған ас-ауқатсыз, үйге жаман.  
Бұл өлмейді, жауынгер бала берді,  
Мал-мүлікті талап бәрін ала берді.
- 2130 Түк нәрсе іліп алар тастаған жоқ,  
Кемпір-шал айдалада қала берді.  
Біреуі айтты: «Бұларды байла», — деді.  
Бірі айтты: «Бұрынғы күй қайда?» — деді,  
Жылқышысын шақырып, жау қалмақтар:  
— Қотыр тайын тастамай айда, — деді.  
Мұны айтып, Ноғай, Қалмақ кетті жүріп,  
Жылқышы жылқы айдауға кесті құрық.  
— Шұбыртып көп жылқыны айда, — деді.  
Қайрылып көк жал бие қалды тұрып.
- 2140 Бұл бие Аққұла аттың енесі еді,  
Көрген жан мұны «тегін» демес еді.  
«Тастайық кемпір-шалға, ауқат болсын», —  
Деп айтып, жылқышылар кеңеседі.  
Тастады, қала берді көкжал бие  
Бәрі де тастағанын көрді жүйе.  
Кемпір-шал өлмеуіне себеп қылып,  
Биеге мейірім берді Жаппар ие.  
Мейірімді көрген бар ма мұндай малды?  
Биімен бірнеше күн ауқат етіп,
- 2150 Ажалсыз екі байқұс өлмей қалды.  
Кемпір-шал бұл биені еме берсін,  
Ажалсыз несібесін көре берсін.  
Аққұла аттың аяғы жазылғансын,  
Мінгесіп қыз, Жәнібек келе берсін.  
Мақпал жылап келеді, болып алаң,  
Кемпір-шалдың қылғанда малын талан.  
Тұс-тұсымен талап ап жүргенде халық,  
Уақ мал қалған екен бірен-саран.  
Сүрнектің келе жатыр жөнін танып,
- 2160 Қарады қалған малға көзін салып.  
Мақпал қыз, іші жалын, сырты түтін,  
Келеді жылап-еңіреп, елін танып.  
Білдірмей Жәнібекке жылады енді,  
Көл қылып, көздің жасын бұлады енді.

- Білдірмей бір-біріне жылап-еңіреп,  
Мінгесіп бір биікке шыға келді.  
Аққұла ат үш-төрт жасқа келіп еді,  
Енесін бес-алты жыл еміп еді.  
Талтайып көк жал бие үйде тұр,  
2170 Мақпалдың көзіне ыстық көрінеді.  
— Көкетай, анау тұрған көк жал бие,  
Саумалын ішер ме едің, ай-ай дүние!  
Қасында көп қоңсыдан жалғыз үй жоқ,  
Шошайған қу жұлым үй біздің үй ме?

*Жәнібек:*

— Шырағым жаяу жүріп қиналдың ба,  
Шешенді әкең менен сағындың ба?  
Енесі Аққұла аттың — көк жал бие,  
Көзіңе түскеннен соң таныдың ба?

*Мақпал:*

- Көкетай енді жеттік арып-аршап,  
2180 Бізбенен бірге жүрді түлкі-қарсақ.  
Жарылып жүрек қабы өліп кетер,  
Екеуіміз күдер үзген бірдей барсақ.

*Жәнібек:*

— Ішінде әптиектің тең келеді,  
Аштықта ешкі мен қой теңеледі.  
Алмаса ажал жетіп, кемпір-шалға  
Екеуіміз бір барғанда, неге өледі?

*Мақпал:*

- Көкетай көрмегенің бәрі бекер,  
Адамға перзент балдан шекер.  
«Қорыққан қуанғанмен бірдей» дейді,  
2190 Жарылып жүректері өліп кетер.

*Жәнібек:*

— Ерте тұрып келме айтсам, азан болар,  
Отбасы перзентпенен базар болар.  
«Өлтіріп Мақпалымды келдің бе!» деп,  
Кемпір-шал ойбай салып, мазамды алар.

Отыр ғой екеуі байғұс күнде қақсап,  
Қу малды есіз қалған үйіп тастап.  
«Жайыңа қу кемпір-шал тек отыр!» деп,  
Мазасын алған шығар өркім жасқап.

2200 Мақпалжан, мен келгенше тоқтаймысың,  
Сөзге сап, шешең өлсе, жоқтаймысың?  
Көңіліңе мақұл десең, мен барайын,  
Шырағым, балалық қып, қорықпаймысың.

*Мақпал:*

— Сен еді бір туысқан жалғыз ағам,  
Бірзамын, өр не қылсаң, көке, саған.  
Жол көрген менен бұрын сіз барыңыз,  
Кемпір-шал бар ма, жоқ па білдір маған.

Жәнібек: «Мақұл ғой», — деп шаба берді.  
«Көрді екен қандай қорлық мен жоқта?» — деп,  
Қара үйге шаба жортып барады енді.  
2210 Азырақ шалдан гөрі кемпір пысық,  
Деп отыр күнде: «Өлемін», — зәресі ұшып.  
Кемпірдің гөй-гөй тартқан даусы шықты,  
Жәнібек тыңдай қойды аттан түсіп.

*Шешесінің жылағаны:*

— Жаратқан, қадыр Құдай-ау,  
Кім шығарар қапамды!?  
Жас басынан Жәнібек  
Бала батыр атанды.  
Көрер күнім барма екен,  
Қорғасын алтын сақамды.

- 2220 Жұлынымыз үзіліп,  
Халықтың пейлі бұзылып,  
Өлер күнім тақалды.  
Мен болсам, аз-маз қуат бар,  
Далаға шығып келе алмай,  
Аяғы шалдың маталды.  
«Аман барып, сау кел!» деп,  
Жәнібек пен Мақпалға  
Беріп едім батамды.  
Құдай басқа салған соң,
- 2230 Өтен қылып отырмын.  
Құс ұшпас дала-жаланды.  
Құлындарым аман кеп,  
Көрер күнім бар ма екен.  
Айналайын, Жаратқан,  
Бір көрсетіп, ала гөр,  
Жәнібек, Мақпал батамды!  
Түзер күнің бар ма екен,  
Жаратқан жалғыз Жаппар Хақ,  
Бұзылған біздің отанды?!
- 2240 Есіктің алды шоңайна,  
Бас екеу болмақ оңай ма.  
Жалғыз басты баланы  
Бүйтіп жым-жырт қылғанша,  
Бермей-ақ қойсаң болмай ма?  
Шырағым, сен кеткелі,  
Өркімнен көрдім қорлықты.  
Ойбай, Құдай, бұ бөле  
Шырағыма сап етіп,  
Жас басынан жолықты.
- 2250 Қарақтарым кеткен соң,  
Тұзымды ішіп, қолда өскен:  
«Жәнібек — мен келдім» деп,  
Күнде кеп, мазақ қып кетіп,  
Солардан көрдім қорлықты.  
Жәнібек қалқам есен кеп,  
Мен құсадан Жаратқан  
Көрсетсе соған қорлықты.  
Құдай-ау, мұңлы қылып алғаның ба,

- Айрылып ұл-қызымнан қалғаным ба?  
2260 Қаңқылдап қартайғанда жалғыз қаздай,  
Ноғайлы жау қалмақтың заманында.  
Жәнібек жалғыз қалған тірі келіп,  
Бар ма екен салар күнім табаныма.  
Бір жақсы түс көріп пе ем бүгін түнде,  
Көрмекші ем Жәнібектей баланы да.  
Егер де осы түсті келтірмесең,  
Мақұл ғой зарықтырмай алғаның да.  
Жалғызды жасынан-ақ зор қылып ең,  
Ісімді қартайғанда оң қылып ең.
- 2270 Шашты Өзіз бабай түкті, бүгін түнде  
Қолыма қос ақ түйғын қондырып ең.  
Бәтима, бибі Ажар — әзіз пірім,  
Болмаса сізден қайран, болдырдым мен.  
Өткен іске қайғырма,  
Ақыры жетер есесі.  
Осыны айтып, зар жылап,  
Қолынан түсті кесесі.  
Ақ білекті сыбанып,  
Ақша бетке ұмтылып,
- 2280 Олай-бұлай жұлқынып,  
Жылап отыр шешесі.  
Даланы жаман дал қылды,  
Жәнібек батыр дауысын  
Шығармады, ар қылды.  
Іштен шыққан қу бала,  
Шыдай алмай бишара  
Ат үстінен қарғыды.  
Жәнібек батыр ұмтылып,  
Кіріп келді үйіне,
- 2290 Қарады кемпір түріне.  
— Ашылды, шеше, бұлағың,  
Өшкен жанды шырағың,  
Жол жүрген балаң кеп отыр,  
Көңлі бейқош болып отыр.  
Жігерімді құм қылып,  
Мұнша неге жыладың?  
«Әумин!» — деді періште,

- Шілтендер заулап келісті.  
Сол айтқан балаң менмін, — деп,  
2300 Аман-есен келдім, — деп,  
Кемпір-шалмен көрісті.  
Ата-ана білген ерге мекен еді,  
Адамға перзент деген шекер еді.  
Танымай кемпір мен шал жылай берді,  
Күнде: «Балаң — менмін», — деп кетер еді.  
Жалғызға, қайда жүрсе, құдай жар да,  
Қайтейін жалғыздықтан көңлім қалды.  
Дауысын Жәнібектің шырамытып,  
Жығылып шал мен кемпір естен танды.
- 2310 Сол уақытта Жәнібек:  
— Басыңды көтер, шеше, — деп,  
Баулы құстай талпынды.  
Емшегі иіп дызылдап,  
Буындары балқыды.  
Опасыз қалған сұм дүние  
Мүсәпір қылар әркімді.  
Көтеріп басын, қараса,  
Тілеп алған жалғыздың  
Жөргектегі иісі
- 2320 Мұрнына жұпары аңқыды.  
Көтеріп басын алады,  
Іші елжіреп барады.  
Иісін біліп баланың,  
Шал-кемпір сонда нанады.  
«Жәнібек болса, болар» деп,  
Көзін сап анық, қарады.  
Алаудай ішін күйдіріп,  
Аналық жөнін білдіріп,  
Ақ бетінен сүйдіріп,
- 2330 Аузына салды маманы.  
Сақал мен шаштың ағында,  
Өлерінің шағында  
Өлді деген жалғзын  
Аман көріп кемпір-шал,  
Жарылқап Құдайы қалады.  
Қорқыныштың түбі, қуанса,

- Айып етпе, жақсылар,  
 Міні, осындай болады.  
 Әкесі нардай аңырайды,  
 2340 Шешесі құдай маңырайды.  
 «Өлді» деген баласын  
 Аман көріп кемпір-шал,  
 Көңілінде арман қалмайды.  
 «Өтірік пе, шын ба!?» — деп,  
 Кемпір-шал қарғып тұрады.  
 Таныған соң баласын,  
 Құшақтасып жылады.  
 Кемпір-шалға көрісті,  
 Өлді деген шырағы.  
 2350 Ол бетінен бір сүйіп,  
 Бұл бетінен бір сүйіп,  
 Баласын көріп болған соң,  
 Мақпалдың жайын сұрады.  
 Ал шешесі сөйледі:  
 — Өлді деген шырағым,  
 Аман-есен келдің бе?  
 Бір туысқан Мақпалдың,  
 Дидарын, барып, көрдің бе?  
 Талықсып жатқан уақытында  
 2360 Қолынан сусын бердің бе?  
 Мен де сенен садаға,  
 Қыз да сенен садаға.  
 Мен сияқты сорлыға  
<sup>56</sup>Пәлин-кезен деді ме?  
 Шырағым менің қалды ма?  
 Суырып алып отаудан,  
 Жалмауыз қағып салды ма?  
 Мен жатқанда жалмауыз  
 Мен сияқты сорлыны,  
 2370 Аузына, сірә, алды ма?  
 Бір өзіңе, Жәнібек,  
 Өмір берсін Жаратқан!  
 Қалғанына Мақпалдың,

<sup>56</sup> Бұл сөз оқылмайды (кітапты жүйелеушілердің ескертпесі).



- Азамат болсаң, ар қылма.  
Ал Жәнібек сөйледі,  
«Қыз деме, шеше, Мақпалды,  
Адамның жүйрік жорғасы.  
Мақпалды «әйел», мені «ұл» деп,  
Күнәһар, шеше, болмашы.
- 2380 Пірлерді айтып зар жылап,  
«Бір Құдай!» деп көп жылап,  
Жәнібекке елді көрсеткен  
Мақпалжанның көз жасы».
- Жәнібек — жалғыз туған ұлың, — деді,  
Кім сұрар жалғыз өлсе құнын, — деді.  
Ақкөбек жанған отқа күйіп өліп,  
Арылдап Қаракөбек ұлып еді.
- Болмады бір күнгідей өткен істер,  
Иттерді әруақтар ұрып еді.
- 2390 Бересің не шүйінші енді, шеше?  
Өлмей-ақ жалғыз қарғаң тірі келді!  
Қысылып қысталаңда жүргенде де  
Сіздерді аузына алып жүріп еді.  
Екеуіміз «Ал өлдік!» деп жылағанда,  
Қолдаған Ғайып Ерен-пірім еді.  
Сіздерді көреміз бе деп жүруші ек,  
Көрістік аман-есен бүгін енді.  
Қайғыдан бұдан былай аман қылсын,  
Ақырын қуаныш қылғай мұның енді.
- 2400 Көрісіп қызығыңа болғаннан соң,  
Айтарсыз қалмақтардың сырын енді.  
Тірлікпен патша Құдай жолықтырды,  
Оңлағай әр жұмыстың түбін енді.

*Шешесі:*

— Шырағым, өлген жоқ па қарындасың?  
Сау жүрсін, қайда барсаң, жалғыз басың.  
Өлген қызды «келді» деп алдамағын  
Қапа қып мен сорлыны не қыласың?

*Жәнібек:*

- Келгені қызың өлмей анық еді,  
 Қу үйді көрген жерден танып еді.  
 2410 Тұр екен көлденеңдеп көк жал бие,  
 Айқайды соны көріп салып еді.  
 «Өлі ме, әке-шешем тірі ме?» деп,  
 Қызыңыз қыр астында қалып еді.  
 Жазғандар, мен сендерді алдаймын ба?  
 Сөзіме сіз нанбайсыз нағып енді.  
 Жұр, шеше, қолыңыздан жетектейін,  
 Қызыңа көрісіңіз барып енді.

*Шешесі:*

- Жәнібек, нанайын ба бұл сөзіңе?  
 Берсе де Құдай өмір бір өзіңе.  
 2420 Алдында екеуіңнің алсын құдай,  
 Күн болса ол көрінгендей көзіме.

*Жәнібек:*

- Шешеке-ау, рас, нанбай тұрасың ба,  
 Сыймай ма екі перзент бір басыңа?  
 «Әке-шешем өлі ме, тірі ме?» деп,  
 Қызыңыз қалып еді қыр астында.
- Күндіз-түні қайғы мен жылаудамыз,  
 Біздей сорлы бар ма екен күн астында?  
 Екеуі қол ұстасып жүрмек болды,  
 Көңіліңе осы сөзді ұнасты да.  
 2430 Аяңдап енді кемпір қырға шықты,  
 Артынан, демін алып, мырза шықты.  
 Ағасын шешесі мен көргеннен соң,  
 Алдынан айқай салып қыз да шықты.  
 Демегін мұны тегін тыңдаған жұрт,  
 Біргалай насихатпен жырға шықты.  
 Жүгірді шешесі де айқай сала,  
 Жеткізді мақсатына Алла Тағала.

- Қосылып екі мұңлы жылап жатыр,  
Тұрады жасын төгіп жалғыз бала.  
2440 «Көрсетті аман-есен Құдай!» деді,  
Қосылып екі мұңлы жылай берді.  
— Не көрдің, — деп, — мен кеткен соң? —  
Жәнібек шешесінен сұрай берді.  
Қақылдап жылай берді кемпір пақыр:  
— Орнады сен кеткен соң заман ақыр —  
Қу дертті іште қалған батырға айтып,  
Шағынып Жәнібекке келе жатыр, —  
Арқадан алты мың қол қалмақ келді,  
Жыландай жердің жүзін жалмап болды.  
2450 Өл бар ма ұрысуға Ноғайлыда?  
Қалмақтар Ноғайлыны алмақ болды.  
Жүз үйге бір адамды жүзбасы қып,  
Болыс, би, старшындар сайлап қойды.  
Ноғайлыны, келді де, алды қалмақ,  
Құтырған екі дәудің құнын даулап.  
Қалмақтармен қосылып бұзылған жұрт,  
Түтігіп алды-артымды алды қармап.  
Мал-мүлікті тізе қосып талап алды,  
Айрылып екі сорлы қалдық зарлап.  
2460 Сойдырды елден таңдап қары малды,  
Сойысқа елу қой санап алды.  
Далаға біз сорлыны байлап тастап,  
Сен жоқта біздің малды талап алды.  
Қоңсымыз «Мен — Жәнібек, келдім ғой» деп,  
Мазақ қылған қорлығы жана бар-ды.  
Қоңсымыз болыс, би боп өзіміздің,  
Бәрі де үкімет боп жаңаланды.  
Қалмақтың Ноғайлылар шылауында,  
Біреуі күнде келіп тұрар мұнда.  
2470 Олардың қастығының белгісі ғой,  
Қайрат қып, мен далаға шығармын ба.  
Бәрі де сені аңдып жүр келді ме деп,  
Мен әше соған қайрат қылармын ба.  
Бәрі де сені аңдып жүр «келді ме» деп,  
«Кеш қалса, бір ұрысып көрер ек» деп,  
Шамамда көңілі солай бұлардың да.

- Ақ шатыр, қызыл шатыр құрып қойған,  
 Көресің, қырға шықсаң, туар алдыңда.  
 Ұрық-туған жақының қалмақтардың  
 2480 Жорғалап қызмет қып жүр алдыңда.  
 Қалмақтар «келді» десе, шақырады,  
 Ілініп қалма, барып, сұрауына.  
 Шырағым, шақтың келсе, қайрат қып бақ,  
 Көнбейді бұл жатқан жұрт ойнауыңа.
- Аяндап қырға шықты енді батыр,  
 Саны жоқ қатар тіккен қызыл шатыр.  
 Қараса көзін ашып ер Жәнібек,  
 Тұмандап күн батысты алып жатыр.  
 2490 «Осыған күнде айқайлап тисе ме?» деп,  
 Толғанып неше түрлі ойлады ақыл.  
 Деуші еді «Сабырсыздың түбі — науыт»,  
 Көңіліне ап осы сөзді тоқтады ақыр.  
 «Шырағым, бір Жаратқан жар берсін» деп,  
 Шалымен жата берді кемпір пақыр.  
 Бұрынғы Жәнібектің бір қойшысы,  
 Өлі де қойды бағу — қылған ісі.  
 «Жәнібек шырағымды көрем бе?» деп,  
 Ойланып жатып бір күн көрген түсі.  
 2500 Түсінде қойшы шықты биік тауға,  
 Жәнібек Аққұла атпен шығыпты ауға.  
 Қой бағып тауда жүріп қарап тұрса,  
 Кез болды ер Жәнібек қалың жауға.  
 Суырып ақ семсерді қыра берді,  
 Мақсаты малға жауды жуытпауда.  
 Батырды, жау жиылып, алды ортаға,  
 Бір кісіден, жабылмай, жау қорқа ма?  
 Батырға ту көтерген ләшкер келіп,  
 Айқайды «ұмтыл» деген салды ортаға.  
 «Ұмтыл» деп, қойшы көрді, шықты сарын.  
 2510 Көзін салып, тамаша қып тұрды қойшы,  
 Сап қылып, жойып жұрттың бәрін.  
 Көрді де осы түсті, тұрды қойшы,  
 Боларын бір жақсылық білді қойшы.  
 Жұмырды ертеңіне салды иінге,

- Бір жұмыр толған ақта қылды қойшы.  
Ақтаны ертеңіне салды иінге,  
Бергелі кемпір-шалдың барды үйіне.  
Төңіректеп іргеде жайылып жүр,  
Аққұла ат түскен екен зар күйіне.
- 2520 Тастаған тау беттетіп жайған малды,  
Көргенсін Аққұла атты айқай салды.  
Қойшы шалдың даусын есіткендер:  
«Қалай, — деп, — мына дауыс?» — аң-таң қалды.  
Біреу айтты: «Бұл дауыс өрден шығар.  
Жәнібек қу үйіне келген шығар.  
Шақырып бір адамға барғын, — деді, —  
Көзіңді төңірекке салғын, — деді, —  
Жәнібек келді ме екен, өлді ме екен?»
- 2530 Бір адам: «Мақұл-ақ, — деп, тұра шапты,  
Жан-жаққа шауып жүріп, көзін сапты,  
Екеуі көк жал бие көріп Аққұла атты,  
Қалмақ пен қайта шапты Ноғайлыға.  
Қиын қылса, еркі бар, оңайды да,  
Ауғаны ниетінің бұл емес пе?  
Айтпай-ақ қоя қойса, болмайды ма?  
Ашуы қалмақтардың келді қатты,  
«Жиыл!» — деп әскеріне хабар айтты.  
«Айнала Жәнібекті қамаңдар!» — деп,  
Халқына өшкере қып, керней тартты.
- 2540 Әуелі кемпір-шалды талап алды,  
Жәнібекке қастығы жана бар-ды.  
Мылтық-найза, даярлап жарақтарын,  
Саймандарын қолына ала барды.  
Қалмақ, Ноғай қағады барабанын,  
Ұрыс-жанжал қылуға даярланды.  
Болыс, би ту көтеріп, қалмақ бас боп,  
Жәнібектің алды-артын қамап алды.  
Жәнібек сол уақытта шықты түзге,  
«Ноғайлылар Құдайдан күдер үзбе.
- 2550 Ұлтың бір, бір туысқан жұртым едің,  
Ел бар ма, — деп, — қосылар мұнда бізге?»  
Мұны айтып, Аққұла атқа мініп алды,  
Сауытын ақ кіреуке киіп алды.

- Бірге ойнаған қырық жігіт қосылды кеп,  
 Тырп етпей басқа халқы тұрып алды.  
 Жұрт ойланды: «Ұрысты қылалық, — деп, —  
 Жәнібектің дәулігін сыналық, — деп.  
 Бір баланың қолынан не келеді?  
 Ойласты: «Осы орнында тұралық» деп,
- 2560 Қойшымен қырық бір болды қосылғаны,  
 Қалмақтан қорқып, ешкім қосылмады.  
 Қырық бірге шал-кемпір мен Мақпал қызды  
 Тапсырып, батыр жаудан шошынбады.  
 Бағындар осы үшеуін, қоршап алып,  
 Ортаңа ап, жат, тастап, қылма қауіп.  
 Әзір бол, қырық бір батыр мен келгенше,  
 Кетпесін жаулар бірін ұрлап алып».
- Мұны айтып, мінді батыр Аққұла атқа,  
 Бет алып басын бұрды жаулар жаққа.
- 2570 Жабылып тірі ұстап ап байлаңдар деп,  
 Басшысы жауап берді дүйім халыққа.  
 Қалмақтар барабанын қаға берді,  
 Ұста деп Жәнібекті шаба берді.  
 Құнтиып ер Жәнібек қалың құрды,  
 Ортаға шымалдай жұрт ала берді.  
 Көп қалмақ керней-сырнай қойып еді,  
 Сарыны солқылдатты қара жерді.
- Жабылған соң қалың жау  
 Жәнібек түйді дабылды.
- 2580 Қалың ләшкер ат қойып,  
 «Ал, ұста!» деп жабылды.  
 Тосып жатқан Жәнібек  
 Әуре қылмай табылды.  
 Батыр мінген Аққұла ат  
 Жай оғындай ағылды.  
 Боз атты көрсе, «батыр» деп,  
 Бірін-бірі шапқылап,  
 Қылышқа қылыш шағылды.  
 Кемпір-шал, Мақпал қара үйде,
- 2590 Көрсетпей жауға, бағылды.  
 Тартынбай күн-түн соғыс боп,

- Не ерлер шаршап-сабылды.  
Боз атты көрсе, өлтіріп,  
Жауларға бүйтіп неқылды.  
Қарсы келіп қалды батырға  
Ту көтерген басшысы.  
Салды батыр басына,  
Қауындай басы жарылды.  
Жығылды қалмақ өкіріп,  
2600 Аққұла ат кетті секіріп,  
Сол уақытта батырдың  
Үстінен тұман арылды.  
Бірнеше күн ұрысып,  
Майдан жер қызыл қан болды.  
Аянбай қырды Жәнібек,  
Күннің көзі тұтылып,  
Тау-тастың бөрі шаң болды.  
Аш бөрідей аралап,  
Бірін-бірі паналап,  
2610 Қырылар енді қалың жау.  
Батырға пірлер жар болды.  
Қанға тоймас ақ семсер  
Қынабынан шығарды.  
Қарсы алдына кез келсе,  
Ноғайлы, Қалмақ демейді.  
Пішендей орып қырады,  
Ақ семсерді бұлғалап,  
Кез келгенін орады.  
Үш күн, үш түн ұрысып,  
2620 Жолбарыстай жұлысып,  
Соғысып жүрген адамның  
Бәрін де ада қылады.  
Жүйрік аттай ойқастап,  
Еркінсініп бой тастап,  
Тоқты дәу деген қалмаққа  
Еркінсіп қарап тұрады.  
Тоқты дәу сонда сөйлейді:  
— Қолдап жүр сені пірлер,  
Күшті емессің сен, — дейді.  
2630 Жасымды сыйлап ер болсаң,

- Маған кезек бер, — дейді. —  
 Әскердің бәрі қырылды,  
 Жүз қаралы адамнан  
 Қалып тұрмын мен, — дейді.  
 Шын жүректі ер болсаң,  
 Кезек беріп көр, — дейді.  
 Тоқты дәудің бұл сөзін  
 Жәнібек батыр ұнады.  
 «Арманда қалма, батыр», — деп,  
 2640 Кезек беріп тұрады.  
 Он екі батпан, бір қадақ  
 Гүрзісін алып көтеріп,  
 Батырды басқа ұрады.  
 Есі ауып батыр сандалып,  
 Қисайып аттан құлады.  
 Аттан құлап Жәнібек,  
 Есінен біраз танады.  
 Ойбай сойқан болды деп,  
 Қой десе де, бой бермей,  
 2650 Мақпал шығып қарады.  
 Есіктен шығып қараса,  
 Бұл не деген тамаша,  
 Жалғыз туған ағасын  
 Тірі қалған қалмақтар  
 Ортаға алып барады.  
 Сол уақытта Мақпал қыз  
 Шырылдап үйден шығады.  
 Көк жал бие тұлпарды  
 Шақырып алып құраулап,  
 2660 Шыбын жаны шыдамай,  
 Құйысқан-айыл берік тартып,  
 Биеге ерді ұрады-ай,  
 Қойып кетіп қалыңға,  
 Жанып тұрған жалынға,  
 Жауды жік-жік қылады.  
 «Айналайын, Құдайым,  
 Қолдай гөр, Жаппар, — деп, —  
 Баба түкті шашты Әзіз,  
 Жәрдемші болғын, пірім», — деп, —



- 2670 Қолға түсіп барады.  
«Жәнібек — берген ұлың!» — деп,  
Пірлерден жәрдем сұрады-ай.  
Мақпал қызды есіркеп,  
Пірлері жәрдем қылады-ай.  
Осыны айтып Мақпал қыз,  
Биенің басын бұрады-ай.  
Бір Құдайға сыйынып,  
Ұрыста жүріп жылады.  
Көзін ашып қараса,
- 2680 Гүрзісін салып иініне,  
Тоқты дәу қарсы тұрады.  
Гүрзімен ұрды Мақпалды,  
Пірлері жар боп, тигізбей,  
Бит шаққандай қылмады.  
Қайраты қыздың аз емес,  
Өзін-өзі сынады.  
Сол уақта Мақпал қыз  
Бедене көзді бек сауыт  
Үстіне мықтап киеді.
- 2690 «Қолдай гөр, пірім!» деп,  
Тілеуі жаман мұның» деп,  
Құдайдан жәрдем тіледі.  
Баба түкті шашты Өзіз  
Оң иініне мінеді,  
Мінгенін Мақпал біледі.  
Қайрылып кеп артына,  
Батырдың түсіп салтына,  
Қайрат қылған бұл еді.  
«Қалмақты ердің, — деп, —
- 2700 Дәл жүректің басы», — деп,  
Найзамен түйреп жіберді.  
Ақ қылышпен бір салды,  
Таспадай дәуді тіледі.  
Жерді сызған қолаң шаш  
Төбесіне түйеді.  
Найзалап, мылтық, сүйменді,  
Аш бөрідей аралап,  
Еркімен Мақпал жүреді.

- 2710 Сылдыр моншақ, сылаң төс,  
Сылаңдап жүріп Мақпал қыз  
Лашын құстай тиеді.  
Ажыратып ағасын  
Қалмақтардың қолынан,  
Бір кілемге көтертіп,  
Үйіне қарай жіберді.  
Қарашы қыздың қылысын,  
Оңлады құдай жұмысын.  
Тіл жетпейді айтуға  
Мақпалдың жауды қырысын.
- 2720 Пірлері жәрдем беріп жүр,  
Көзіне жаудың көрінбей,  
Әскер болып келіп жүр.  
Деміктірмей тынысын,  
Шыбын жаны шыдамай,  
Сабыр қылып тұра алмай,  
Қылып жүр Мақпал ұрысын.  
Ажыратып алғанша  
Жәнібек үйге барғанша,  
Аянбай ұрыс қылып жүр.
- 2730 Жалғыздығы құрысын,  
Көкжал бие жануар  
Аяғын келіп басады.  
Мақпал қыздың майданы  
Ағасынан да асады.  
Күннен-күнге дәуірлеп,  
Зәһәрін жауға шашады.  
Қалмақтар айтты: «Жүгірмек,  
Ағасынан мықты, — деп.  
Бағынбасақ бұл қызға,  
Өлтірмей қоймас тіпті», — деп,  
2740 Бәрі де қорқып, сасады.  
Бәрі айт та, бірін айт,  
Тастап-тастап туларын,  
Бет-бетімен қашады.  
Үйде қалған қырық нөкер:  
«Тоқта!» — деп, айқай салады.  
Қашқан жауға бұлар да ер

- Тоқта деп қуып барады.  
Қашқаны қашып құтылды,  
2750 Баз біреулері тұтылды.  
Жәнібек сынды батырды  
Аман-есен қалмақтан  
Ажыратып алады.  
Қарашы қыздың қылысын,  
Жалаңаштап қылышын,  
Тірі алды қалмақтан  
Өкпесіне қол салып,  
Бір-екі жүздей тірісін  
Артына қолын байлады.
- 2760 Батыр туған ағасын  
Кілемге салып көтеріп,  
Қалмақтың бәрін айдады.  
Қой баққыш қойшы баяғы  
Қолынан түсті таяғы,  
Соларға басшы сайлады.  
Еділ менен Жайықты  
Мекен қылып Жәнібек  
Он шақты жыл жайлады.  
Күндерде бір күн Жәнібек
- 2770 Туған жер түсіп ойына,  
Көшуін елге ойлады.  
Аққұла атты мініп ап,  
Байлады қылыш беліне.  
Жанып тұрған қызыл шоқ,  
Жау жолай ма шеніне?  
Аудара көшіп ел ауып,  
Келеді өскен жеріне.  
«Жаңылдық, жаздық, кешкін! — деп,  
Пар келмес саған ешкім», — деп,
- 2780 Аяғына жығылып,  
Табысты шулап өзінің  
Туысқан Ноғайлы елі де.  
Жиылған жалпы қалың жұрт  
Отырып жалпы кеңес қып,  
Бір жұмыс кірді көңліне  
«Хан көтерсек батырды»,

- Ұйғарды соған ақылды.  
Бәрінің сөзі сол болды,  
Келеді осы іс ебіне.
- 2790 Қарт, қария айтады:  
«Бір үлкен той қылайық.  
Жұртты тегіс шақырып,  
Қызметінде тұрайық.  
Тойға келген адамның  
Алдынан шауып шығайық».  
Бәрі ұйғарды халықтың,  
Хандыққа батыр лайық.  
Осыны айтып, ұйғарып,  
Хабар берді халыққа.
- 2800 Халықтың бәрі қуанып.  
Қолына бір-бір ту алып,  
Тұрыпты тойға барып та.  
Хан көтеріп батырды  
Хан Жәнібек атанып,  
Ноғайлының баласы  
Қалмақтан шапқан құтылып,  
Сонан соң шықты жарыққа.  
Хан болып, батыр ел сұрап,  
Ноғайлы халықтың ішінен
- 2810 Кейінге қалды тарихқа.  
Жәнібекке жау болып,  
Бірталай адам жан болды.  
Хан көтеріп той қылып,  
Тойға сансыз мал келді.  
Хан Жәнібек хан болып,  
Кейінге тарихқа қалды енді.  
Қысылғанда сыйынса,  
Кәміл пірі жар берді.  
Жүзбасы қылған қойшысын
- 2820 Уәзір қып алды енді.  
Хан Жәнібек лақабы  
Жер жүзіне барды енді.  
Құтырған дәуді өлтіріп,  
Бүлінген халықты жинап ап,  
Жай-жайына келтіріп,

Жағасына Арыстың  
2827 Ханқорғанда хан болып.

Ноғайлы деген халық Құтырған деген жерден көшіп қашып құтылған. Алматы, Біспек, Тоқпақ екі жалмауыздың көрініс берген жері екен. Әулие-ата, Қосбурыл, Айша бибі бермен қарап асқан жері екен. Күйік тауда Ақкөбек күйіп өлген жер екен. Қаракөбек өлмей қалып, Күркіреу деген суды жағалап, Жәнібекті күрілдеп қуған жер екен. Мақпалсуға Мақпалды байлап кеткен жері екен. Жабағылы деген жерге жабағылы бие байлап қашқан жері екен. Арыс судың Арыс болмақ себебі: Қаракөбек басына барып арс етіп құлаған жері екен.

# Еңсегей бойлы ер Есім

## *Кірісу*

Төле дейді ұраным,  
Қоғалы дейді тұрағым.  
Бақтиярдан ажырап  
Бәйдібек бай Жәнібек,  
Жалғыз ұлы — Жарықшақ  
Домалақ деген ананың.  
Албан, Суан, Дулат боп,  
Бөлініп бері шығамын.  
Жарылғамыс, Жанту боп  
10 Жаныстан келіп тарадым.  
Патша менен ханы көп,  
Байы менен жарлы көп,  
Ілгергі өткен заманның.  
Ұлы Шыңғыс ханыңды  
Алдымен баян қылайын.

## *Хан Шыңғыс*

Өте ерте заманда қазақ, өзбек болып аталмай тұрып, күншығыста бір хан болған. Хан неше жылдай перзент көрмей жүргенде, әйелі құрсақ көтеріп, бір күні қыз туады.

Туғанда қызының реңі қараңғы үйді жарық етеді. Хан: «Бұл қызымды ерге бермеймін», — деп, қызына темірден сарай салдырып, соның ішіне қойып бағады екен. Күндерде бір күні темір үйдің ішіне иненің жасуындай тесіктен күннің сәулесі түсіп, қыздың бойы соған балқып кетіп, жүкті болады.

Ханның бұған қаһары келіп, неше күн ас ішпей, азаптанып дағдарып, ақыры хан өзінен туған қызын өзі өлімге бұйырады.

Ханның туысқан інісі қарындасына артықша жаны ашып, жаллаттардан жасырып қызды сарайдан алып шығады. Қарындасымен жыласып қоштасқан соң: «Іле бойы адам, ақыры біреуге кез боларсың», — деп, тіллә сандыққа салып, Іле дариясына ағызады.

Орнына бір жазықтыны өлтіріп, киімдерін қандап, жаллаттарға да, ханға да қызды «өлді» деп жариялайды.

- Екі адам моңғолдардан шықты аңға,  
Зер салды тамаша етіп дарияға.  
Жарқырап алтын сандық келеді ағып,  
Иаскукей баһадурмен қалды таңға.
- 20 Сандықтың таңдап бірі ішін алды,  
Екеуі уәдесінен қажымады.  
Ішінде бір қыз жатыр шала-жансар  
Аспанға нұры шығып жарқырайды.  
Ол қызды таңдағаны кетті алып,  
Қараса, өзі жүкті, пайымдайды.  
Өзінің ресімінше неке қиып,  
Қасына бір күндерде жақындайды.  
Тылсымат дарбазасы аман екен,  
Құлыбы ашқан сайын шатырлайды.
- 30 Дүниеге бір күн бала пайда болды,  
«Ділікүнболдақ» деген жерінде еді.  
Қатындар кіндік кескен назар салса,  
Оң қолы қан уыстап жұмулы еді.  
«Зілінде үлкен патша болар» десіп,  
Аттарын Темушин деп, қойыпты енді.  
Жұрт сұрап даражаға жеткеннен соң,  
Лақабын сонан кейін Шыңғыс дейді.  
«Қожа — нұрдан, төрелер — сағымнан» деп,  
Бұл сөздің осылайша мағынасы еді.
- 40 Тоғыз ұл туды артынан аналары,  
Он екіге келгенде әкесі өлді.  
Санаға 1237 жыл толғанда,  
Жасында жиырма екі патша болды.

Темушин өсе келе өзінің ақылымен, ерлігімен жұрт көзіне түсті. Тоғыз ұл оны күндеп, көре алмайтын болды. Бір күні анасы айтты: «Сенің мыналармен анаң бір болса да, атаң басқа еді. Бір күні болмаса, бір күні зорлық қылар. Осылар есейіп, өз беттерімен кеткенше, Іленің басына барып, садақ атып күн көр. Іленің беті құстың жүні болса, сенің тірі екеніңді білемін. Мына алтын жүзігімді қай кезде жіберем, сонда кел. Онан бері келме», — дейді.

Темушин Іле басына барып, аң атып, құс жүнінен кепе қылып жатады. Садақ жасап, оқ жонады. Табақ жасап, табақтарына: «Мынау — хан табағы, мынау — жасауыл табағы» деп ат қояды.

Дәл осы кезде манғұл елінің ханы өліп, кімді хан қоярын білмей, манғұлдар дағдарады. Ел хандыққа таласып, бөлініп, келісе алмай, ақылы зерек Темушиннің анасына келіп, ақыл салады.

Әйелайтады: «Менің алдыма талапкерлердің бәрін жиыңдар. Аспанға садақ тартсын. Кімнің садағы сағымға тоқтаса, соны хан сайлаңдар», — дейді. Талапкерлер жиылып, садақты қанша тартса да, ешбірі сағымға тоқтата алмайды. Сонда әйел: «Ендеше, мына жүзікті алып, Іле басындағы менің балама барыңдар», — деп, жүзігін беріп баласына ел басшыларынан бірнеше адам жібереді.

Шақырушылар барған жерде Темушин бұларға қарсы садақ тартпақ болады. Келгендер жүзікті көрсетіп, анасы шақыртқандығын айтты. Темушин отырып: «Ендеше, мен жанды нәрсеге мініп бармаймын», — дейді. Келгендер ойласып, ағаштан иіп арба жасады. Темушин арбаға мінді. Жүргенде арбаның қаңқылдап дауысы шықты. Сондықтан арба қылған ұстаның атын «Қаңқулы» деп қойды. Соның өзін халық бері келе «Қаңлы» атап кетті.

«Қаңлы» деген сөз «арбалы» дегенді білдіреді. Арба қылған ұста келе жатып, «Енді осы хан болатын болды ғой, жанасам, қор болмаспын» деген оймен өз аяғын шотпен шауып, ақсақ болды. Соған Темушин мейірі түсіп: «Арбаны істеп берген осы ғой» деп бірге мінгізіп алды. «Қаңлы елінде хан бар, кәделі елде қаңлы бар» деген қазақта мақал бар. Және «Хан жоқ болса, қаңлыдан хан көтер» дейді. Бұл мақалдар содан қалған. Қаңлы елі әлі күнге дейін өзге қазақпен: «Арбаға ханмен бірге мінгенбіз», — деп талас етеді. Бұл таластың мәні осы-



лай. «Түрік патшасы қаңлыдан» делінеді. Олар Шыңғыс ханнан қашып барған 300-400 үйдей қаңлы тұқымынан. Шыңғыс халықтарды қырып, опаттап, өзіне бағындырып жатқанда, үш жүз-төрт жүздей қаңлы араб жұртына қашып барады. Шыңғыс ханнан кейін оның немересі Алаку деген хан араб жұртының Абесения руынан болған «Мутауакәл-Алала» деген патшасын Бағдат шаһарынан қумақшы болады. Баяғы Шыңғыс заманында қашып барған қаңлылар өсіп, құралданып қалған екен. Араб патшасы қорқып, Бағдаттан қашпақшы болып жатқанда, бұлар патшаға келіп: «Сен ұрысқа қарсы тұра алмасаң, тілхатпен патшалықты бізге бер. Шыңғыс хан нәсілдерімен біз ұрысамыз», — дейді. Патша тілхатпен патшалықты береді. Олар Шыңғыс немересімен ұрысып, жеңіп, қуады. Мұнан соң қаңлылар арабпен қатар, түрікті де билейді.

Түріктің хандық тұқымы қаңлыдан қалған. Түріктің осы күнгі патшасы да сол тұқымнан делінеді.

- Арбасын даярлап,  
Кілемге алтын салады.  
Қызмет етіп ардақтап,  
Еліне алып барады.  
Хабар тапты Шыңғыстан  
Маңғұлдардың тамамы.
- 50 Хабар айтып жұртына  
Теп-тегіс жинап алады.  
Садағын тартып аспанға,  
Сағымға тоқтап қалады.  
«Сағымға ілген садағын  
Төрелер» деген мақал бар,  
Осы еді — себебі.  
Жеті мәрте оқ атты.  
«Осыдан мысал, әлеумет,  
Жеті жүз жыл әулетім
- 60 Дүниенің жүзіне  
Хандық құрар», — деп еді.  
Әмір Темір патша да  
Шыңғыс ханның нәсілінен,  
Айналып бәрі төре еді.  
Орыс алып жоғалтқан,

- Кенесары, Наурызбай,  
 Ақырғы жері бұл еді.  
 Құлақ салсаң, әлеумет,  
 Бұл да — Шыңғыс әулеті.  
 70 Тәуекел ханнан баяндап  
 Әңгіме қылып берелі.

*Тәуекел хан*

- Ал тыңдасаң, әлеумет,  
 Түркістан атты қалада,  
 Дешті-Қыпшақ далада,  
 Баласына үш жүздің  
 Тәуекел атты төреңіз  
 Хан болып көп жыл тұрады.  
 Он сегізде хан болып,  
 Қырыққа жасы кеп еді.  
 80 Осынша хан болғанмен,  
 Бір перзенті жоқ еді.  
 Жері байтақ, елі бай,  
 Алтын-күміс, қазына сай.  
 Иісі қазақ баласы  
 Лақап қылып сол күнде  
 «Хандардың ханы» дер еді.  
 Қазақстан жұртының  
 Атырабын болжасаң,  
 Еділ, Жайық, Қапқазбен  
 90 Бір шеті Жаркент, Құлжамен,  
 Омск пен Томск,  
 Ауған, Бұқар арасы,  
 Есепсіз жұрты көп еді.  
 Зарлаушы еді дәйімі:  
 «Жүз жасадым да, Рәббім,  
 Ақыры ажал келеді.  
 Аяды перзент», — дегенді.  
 Бір күн айтты зар жылап,  
 Гүлханым деген зайыбы  
 100 Ханыңыздың бар еді:  
 «Қосылған жастан, алалым,

- Сөзіме енді құлақ сал.  
Оңашалап айтайын  
Білдірейін сырымды:  
Бұрынғы жастық күнім жоқ,  
Сақалым болса ағарды,  
Не қылғанмен, қартайдым.  
Құдайға зарым жетпеді,  
Датымды кімге айтамын.
- 110 Немере сүйіп, ұл көрді  
Өзімнен соңғы қатарым.  
Сорлы болдық сіз бен біз  
Қуарған ағаш мысалы,  
Абайлап мұны байқағын.  
«Өліп кетсе ханымыз,  
Орнына өзім болам деп,  
Қазына, мүлкін алам» деп,  
Жыбыртқылап сөзі бар.  
Алмас болды тілімді,
- 120 Сөзім өтпей барады,  
Уәзірлерді байқадым.  
Көзім тірі күнінде,  
Тәж-тағымды тастайын.  
Шаһар мен шаһар қыдырып,  
Қалендер болып жүрейін.  
Құдай берсе тілекті,  
Қайтып таққа мінейін.  
Диуана болып, күлшарап,  
Қолыма аса алайын.
- 130 Әулие қоймай, қыдырып,  
Бөріне бір-бір барайын.  
Осы жасқа келгенше,  
Естімедім дауысын  
Үйімнен ешбір баланың.  
Башәрат бірі бермесе,  
Көзімнің жасын көрмесе,  
Ендігі сөздің қысқасы  
Меккеге таман барайын» ...  
Гүлханым сонда сөйледі,
- 140 Ханға қарап қамығып.

- Қол ұстасып зарлады  
Екеуі де тарылып:  
«Жақсы күнде жолдасым  
Жаман күнде ажырап,  
Қалайын сізден, не қылып?»  
Дәулетіңе серік ем,  
Күлгеніңде қуандым,  
Жыласаңыз, қуарып.  
Халықтан шығып, тарынып,
- 150 Аударып қоныс көрейін.  
Жұрттан шығып жаңылып,  
Сенімен бірге көнейін,  
Құдайдан мен де тілейін.  
«Алал жүріп, ақ тұрса,  
Қырық күнде берер деуші еді,  
Әйелдердің тілегін».  
Несіне айта берейін?  
Берместен, Құдай қасарса,  
Етегіңнен ұстап ап,
- 160 Сіз өлген жерде өлейін».  
Қайғымен әбден қамыққан,  
Перзентті ойлап зарыққан.  
Хан мен көріп ханымын,  
Салы деген уәзірдің,  
Сондағы айтқан сөзі еді:  
«Қадірлі Тәуке ханымыз,  
Насихат сөзге құлақ сал.  
Қыдыруың қашпайды,  
Дамыл қылып біраз күн,
- 170 Тақтыңызда қарар ал.  
Ел ішінде өзіз көп,  
Мұстажап дұға адам бар.  
Жарлығы қылып қайырды,  
Сынықтардың көңілін ал.  
«Кіші Мекке» деуші еді,  
Әзірет сұлтан, Арыстан бап.  
Оларға түнеп, құрбан шал,  
Басыңнан қылып садаға.  
Асыңыздан қайыр бер,

- 180 Қылып көр қолда барында.  
Біқтияры кетпестен,  
Құдай берген малың бар,  
Құдайдың берген шағында.  
Ханға рауа қырық қатын,  
Біреу түгіл онды алғын.  
«Біреуінен болмаса —  
Біреуінен дегендей,  
Ол болмаса, тағы да ал.  
Құдайдың берген шағы бар,
- 190 Жасық жер дақыл бермейді.  
Адамын тауып алғын да,  
Сүдігер етіп, дақыл сал.  
Биесін тауып жем берген,  
Жабыдан тұлпар туады.  
Әуелі сөйтіп өшінді ал,  
Жаңа астың қырықтан.  
Сен қатарлы кедейлер  
Қатыны түгіл малы жоқ.  
Құдайдың ол да пендесі,
- 200 Осыларды жадыңа ал.  
Болмаса тағы айтайын:  
Жала қып ешкім әкетпес,  
Білдірместен жасырын  
Бозбаланың көңілін ал.  
Бір жағынан тағы да,  
Тәуіп, құшнаш, бақсыға,  
Молдаларға оқытып,  
Алланы айтып, зікір сал.  
Есің барда, етек жап,
- 210 Армансыз мұны қылып қал.  
Бөрінен де болмаса,  
Онан соң айтар сөзім жоқ.  
Маңдайыңның соры бар,  
Жұрт иесіз қалмайды,  
Тон жағасыз болмайды,  
Біріміз хан болармыз,  
Қайда барсаң, сонда бар.  
«Жүйе» деп бәрі шулады,

- Мәжілістегі адамдар.  
220 Салының айтқан сөзіне,  
Арқасынан қағады.  
Тәсіл келіп бұл сөзі  
Ханыңыздың өзіне:  
«Жайымды білер құрбым» деп,  
Ден қойды қатты өзіне.  
Ойланды хан қиял қып,  
Бала күннен қосылған  
Теңгеріп алған бойыммен.  
Алғаным қашпас, иншалла,  
230 Гүлханым сынды ханымға  
Әуелі адам салайын.  
Жүруші еді: «Алғын» деп,  
Әуелі байқап сынайын».  
Ойланып мұны ханымыз,  
Гүлханым сынды ханымға  
Әуелі адам салады.  
Ханынан алып хабарды,  
Гүлханым енді біледі  
Елінің қылған кеңесін.  
240 Көмейі бос бұл жалған  
Разылық бергендей,  
Бұдан артық не десін?  
«Барамын мен да қартайып,  
Бірақ әлі де үміт бар,  
Сонда да маған сенбесін.  
Таңдап алсын дұрыстап  
Ақылды, пайым данадан,  
Ұяты бар жақсыдан.  
«Кіші қатын — кәрілер,  
250 Кісі қатыны» деуші еді.  
Жастар жанап, қырындап,  
Қарамасаң арыңа,  
Алал істер арам боп,  
Үй-іші топар болмасын.  
Нәсіп болып бір сұлу  
Ала қалса көп елден,  
Жасқа ауып ниеті,

- «Кәрі-құры» демесін.  
 Алдап тұрсын кезінде,  
 260 Суғарып тұрсын егінді.  
 Шілдедей болып қақырап,  
 Уатым шөлдеп қалмасын».

\* \* \*

- Естіген соң ер Тәуке  
 Гүлханымның жауабын,  
 Халыққа салды хабарды.  
 Тұранның жалпақ еліне  
 Дешті-Қыпшақ жеріне.  
 Жайылды тегіс бұл сөзі:  
 «Тіллаға тартып аламын,  
 270 Жақса егер адамы».  
 Дүниеге көңлі ауып,  
 Көрсетпекке қыздарын,  
 Қолдарынан жетектеп,  
 Үзіріне барады.  
 Кейбіреуі ертелеп,  
 Кейбіреуі кешелдеп,  
 Ордаға қарай самғады.  
 Ұялды хан бұл істен  
 Салған соң халық қауғаны.  
 280 Отырып тақта, назар сап,  
 Қапа болып, қамығып.  
 «Еріккен Құдай екі күйеу  
 Қылады» деген сөз бар.  
 Дана Салы уәзірін  
 Оңашаға шақырып,  
 Осыған ақыл салады:  
 «Қарашы, қазір, тысқары,  
 Тағы да бұған амал тап,  
 Қандай қылсақ болады?  
 290 Қыздарын қолдан жетелеп,  
 Мазамды алып барады».  
 Уәзір Салы не деді?  
 Ханға жауап береді:

- «Айналайын, хан тақсыр,  
Тағыңда тыныш отыршы!  
Осы келген жұртыңа  
Менің өзім барайын.  
Ұят болса, бұл істі  
Қылдырмас еді Құдайым.
- 300 Мастықпен қылған жерің жоқ,  
Бұл да өзіңнің талайың...  
Дүние үшін бастарын  
Базарға салып бәрі жүр,  
Айналып оң мен солына.  
Бәрі емес, біреуін,  
Бір дұрысын қарайын.  
Әдемілеу, аласа,  
Орта бойлы, дембелше,  
Айыр құйрық, мүшелі,
- 310 Күләлі жақсы сиырдай  
Біреуін таңдап алайын.  
Жаққаны маған бар болса,  
Сізге де жағар ақыры.  
Арғысын ары өзің біл,  
Қойныңызға салайын».  
Осыны айтып ер Салы,  
Аралап бір-бір қарады  
Келгендердің тамамын.  
Ешбір адам жақпады
- 320 Орта жүздің елінен.  
Абиырлы реңдер  
Бірінің тапты хабарын,  
Құштар еді көп бала,  
Айымқыз дейді аттарын.  
Алып қалды осыны,  
Дүние беріп аямай,  
Разы қылып қалғанын.  
Оңашаға апарды,  
Хан да барды қамданып.
- 330 Құпиялап айтайын  
Онан соң не болғанын:  
Дәуірін сүріп неше жыл,



- Қайғы кетіп көңлінен.  
 «Берер, — деп, — төңір ақыры»  
 Бірнеше жыл шыдады.  
 Уақытсыз бола ма?  
 Сонда да нышан болмады.  
 Бір күні тұрды қамығып,  
 Артықша етіп наланы:  
 340 «Пешенемде жоқ екен,  
 Не қылсам да, болмады».  
 Бөлінді түрлі қиялы,  
 Шақырып алып кішісін,  
 Ханның айтқан жауабы:  
 «Айымқыз, болды әулие түнегенің,  
 Құдайдан бір ер бала тілегенің.  
 Ешбір жан бір дегенде тәуір көрмес,  
 Бәрі де жеккөрінішті тіленгеннің».  
 Үмітсіз жалғыз шайтан деген сөз бар,  
 350 Үмітпен сарғайтышты реңдерін.  
 Кетемін енді, міне, жаһан кезіп,  
 Кеудемнен жан шыққанша жүре берем.  
 Ұл түгіл, қызын Құдай аяп қойды,  
 Болғанда, қайғырмас ем, бір ермегім.  
 Өмірің менде тұрсаң, өтер босқа,  
 Болмасын саған обал, өсіп-өнгін.  
 Бар, рұқсат, мен риза, Құдай риза,  
 Айнал да Әзіретті, жүре бергін...»

\* \* \*

- Осыны айтып хан Тәуке,  
 360 Рұқсат берді Айымға,  
 Қалмайын деп забырға.  
 «Рақым қылдым, ойланып  
 Сенің де жас жаныңа.  
 Бір баланың зарпынан  
 Жапанға қаңғып барамын.  
 Жүрер болса бірлесіп,  
 Бәйбішені Гүлханым  
 Жолдас қылып аламын.

- Көңілдегі болмастан,  
370 Қаңғырып кетіп барамын.  
Тірегімді бермеді,  
Көзімнің жасын көрмеді.  
Болмасына көз жетті,  
Бұл қиялды қоямын».  
Егіліп жүріп ер Тәуке  
Астанасын айналды.  
Хан тағына хан етіп  
Уәзірді Салы сайлады.  
Ханның тастап киімін,  
380 Қалендер киді лыпасын.  
Тәңірге мойын ұсынып,  
Қолына алды асасын.  
Бірлесіп шықты Гүлханым,  
Тастап зерлі торқасын.  
Ханға қарап тарынып,  
Бір сөзді сонда сөйледі,  
Төгіп тұрып көз жасын:  
«Мұңдасым, ақылдасым, құлағың сал,  
Иесіз қалды шіркін дүние-мал,  
390 Бір жерде өліп кетсең, кебін болар,  
Әжетке жарарлықтай дүние ал.  
Жиреніп, көмген адам, ерінбейді,  
Зеріңнің көз жұмғанша керегі бар.  
Тұл қалып жеті жылдай тумай жүрген  
Жылқыда құла торы бір байтал бар.  
Е, тақсыр, баяндайын алдыңызда,  
Байталдың адам төріз ақылы бар.  
Зарлансам кей уақытта, кісінеп кеп,  
Иіскеп тұрушы еді бұл жануар.  
400 Һәм, жолдас, һәм мінерге көлік болсын,  
Хайуан да болса, ақыл осында бар.  
Түбіңіз — Шыңғыс ханнан келе жатқан  
Нақышты дүрри гауһар бір жүзік бар.  
Салсам, деп, итаяққа ойлаушы едім,  
Ішінде алтын сандық тұрған шығар.  
Мәбада сізден бұрын ажал жетсе,  
Саусағым шірімесін, қолыма сал.

Еңбек мал, әлдекімге бұйырасың,  
Дүние мұндай болсаң, адыра қал!

Хан қолына жүген алып, жылқыға келіп еді. Құла байтал көзінен жасы шұбырып, ханның қасына келіп тұра қалды. Хан көңілі бұзылып, аяп кетіп, мойнынан құшақтап, жылап тұрып айтты:

- 410 «Деуші еді хан Тәуекел патша мені,  
Мінбекке жүгендедім, хайуан сені.  
Адамнан сорлы болып мен шығып ем,  
Қасартты, мендей қылып, Құдай сені.  
«Таптым ғой бір қылмыстан» деп ойлаушы ем,  
Жануар, себеп қылды саған нені?  
Ұрықсыз жаралғанда мақұлық жоқ,  
Ағаш та жапырақтап, мәуе береді.  
Биылғы шашқан ұрық жазға шығып,  
Мамыр боп дүние-жиһан көгереді.
- 420 Тасбақа қырық күн қарап қадалумен,  
Онан да бірталай боп ұрық толады.  
Жануар, Құдай иіп, құлын тусаң,  
Тағы бір ниетім бар көңілдегі.  
Мәбада Құдай маған бала берсе,  
Ат қылып, жақсы ниет, мінсін соны.  
Қуансақ, қуарсақта бір жүрейік,  
Қосылып, қайда барсақ, екі сорлы».  
Осыны айтып Тәуекел,  
Жүгендеп мінді биені.
- 430 Гүлханыммен екеуі  
Ел-жұртымен қоштасып,  
Арыздасып жыласып,  
Бет алып енді жүреді.  
Жер-жиһанды кезеді,  
Әулиеге ат айтып,  
Қорасанға қой айтып,  
Бір перзентті тіледі.  
Бір күндері болғанда  
Ыдырыс нәби, Ысқақ бап —
- 440 Бұған да келіп түнеді.  
Болмады ешбір башарат,

- Онан да өтіп жөнөді,  
Ешбір белгі болмады.  
Әулие қоймай қыдырды,  
Етегін шеңгел сыдырды.  
Нағышбанға бармақшы,  
Бәрінен үзіп күдерді.  
Бәйбішесімен екеуі  
Қоқанменен айналып,  
450 Бұқараға кірді аралап.  
Баһауиддинге түнеді,  
Белгілі нышан болмады.  
Қарадария дегенді  
Қайтты енді жағалап.  
Байталын отқа қояды,  
Тағамын ішіп саялап.  
Жарылып дария күңіренді,  
Бір хайуан шығып келеді.  
Кеудесі жылқы, басы адам,  
460 Осындайша сүйегі.  
Байталға келіп асылды,  
Иіскелеп аймалап,  
Түсіп кетті қайтадан,  
Байталы қалды арам ап.  
«Иншалла, ат болсын,  
Құлындаса балалап».  
Жүрегі кетті жарылып,  
Жыласты біраз қамығып.  
Бір дауыс келді ғайыптан,  
470 Ұйықтаса көз ілініп:  
«Талабың сонда болады,  
Қашқарда бар Базұрық».  
Бейшаралар қуанды  
Көргендей өзір жұбанды.  
Жалаң аяқ, жалаң бас  
Қашқарға бармақ талабы.  
Келе жатса жеделдеп,  
Жолықты сансыз саудагер.  
Танымайды ешбірі  
480 Хан мен мынау ханымын.

Алыс-жуық, жақыннан  
Жай-күйлерін сұрады.

Көп саудагерлерден: «Алыс-жақыннан естіген-білген не хабарлар бар?» — деп сұрап еді, саудагерлер жамырасып жүрген жерлерін, алған бұйымдарын, тапқан пайдаларын айтысты. Екі мүсәпірді бұлардың сөзі тойдырмады. Ақыр соңырада біреуі: «Қашқарда Аппақ қожа Ешен деген пайда болды. Ешен рақым етсе, тумаған әйел ұл туып, жылағандар қуанады екен», — деді. «Көп сандалғанымыздың бірі-дағы, соған да бір барып, зиярат қылайық», — деп, хан мен ханым Қашқардың жолына түсті. Бірнеше күн жол жүріп, табандары ойылып, Қашқарға кетті.

Ерлі-қатын бірлесіп,  
Жол тартты бұлар қабағат,  
Бола ма деп дарамат.  
«Аппақ қожа пірім» деп,  
Зарлайды жолда етіп жат.  
Аянбастан жүрген соң,  
Аяқ-қолы болды жарақат.  
490 Еңбектері жансын да,  
Осынша тартты қасірет.  
Бір күндері болғанда,  
Астанаға бас ұрып,  
Қожаны қылды зиярат.  
Түнде жатса жазғандар,  
Дәрет суын жолына  
Өзірлеп қылды қызмет.  
Жақсы-жаман жауап жоқ,  
Қылғанымен көп пұрсат.  
500 Бір күндері болғанда,  
Қожасынан түңіліп,  
Көңілі тағы бұзылып,  
Гүлханым айтты Тәукеге:  
«Жер-жаһанды аралап,  
Бір бала деп зарладық,  
Өмір өтті заяда.  
Босқа жүріп сандалдық,  
Өлі әулие бермеді,

- Тірі әулие жебей ме?  
 510 Болмады перзент лайық.  
 Онан дағы патша,  
 Қызылбасқа баралық.  
 Алтынға тең тартсақ та,  
 Бір бала сатып алайық.  
 Өзімізден туды деп,  
 Әмбеге хабар салайық.  
 Елде қалсын сүйегің,  
 Қой, енді елге барайық.

Хан айтты: «Бәйбіше, бұл не дегенің? «Тауып алмай ұл болмас, сатып алмай құл болмас» деген. Кісінің шырағын кісі шығара ма еді, елге не деп барамыз? Онан да жалғыз жанды күйттеп, Меккеге баралық», — деді. Екеуі түнімен ұйқтамай жатып, таңға жақын көзі ілінді. Тәукенің түсінде аспаннан нұр түсіп, бәйбішенің етегіне кіріп, нұр қайтып көкке шығып, ай болып туып, бара-бара оншақты ай болып бытырап кетті.

Ұйқыдан шошып оянып, қуанғаннан жылап, бірі-біріне жориды:

- «Бәйбіше, мен бір түс көрдім,  
 520 Осылайша баяны.  
 Сен де соны көрдің бе,  
 Елестейді алдымда.  
 Көргендей өзір өңімде,  
 Ай болып туды жарқырап,  
 Бара-бара көбейді.  
 Ұрығының бәрі хан болып,  
 Дариды екен көбіне,  
 Ұзақ өмір көп жасап.  
 Жанады екен шырағым.  
 530 Сұрағаным қабыл боп,  
 Болады екен мұрадым.  
 Қызығын еркін көрмеспін,  
 Құдыққа түсіп құладым.  
 Бүгін өлсем арман жоқ,  
 Естісем даусын баланың».  
 Біріне-бірі жорытып,

- Кірді шат боп ажары.  
Қуанып бұлар тұрғанда,  
Білінді Ешен хабары.
- 540 Сәлем беріп байғұстар  
Тағзым етіп тұрады.  
«Жанар болды еңбегің,  
Башарат бүгін көрдің», — деп,  
Арқасынан қағады.  
«Бір бала», — деп, — бейшара  
Талай жерге сандалдың,  
Әулие қоймай қыдырдың,  
Бөрінен бар хабарым.  
Жағасында дарияның
- 550 Су тұлпар шауып биеге,  
Бір Құдай салды назарын.  
Мінер аты белгісі  
Туатұғын баланың.  
Пәлен күнде туылар,  
Пәлен айда білініп.  
Есің кетіп көріп ең,  
Есім қой атын балаңның.  
Аллау әкбар, рұқсат,  
Бар, жолыңнан қалмағын».
- 560 Бата алып бұлар жөнөді,  
Қуанып елге домалап.  
Көңілдері шадыман,  
Төте жолды жағалап.  
Бірнеше күн жол жүріп,  
Аз ғана емес, мол жүріп,  
Адам шықты алдынан,  
Келе жатыр еді жазғандар  
Алтайдың тауын аралап.  
Салы уәзір хан болып,
- 570 Тұрушы еді орындап.  
Хан кеткеннен қапа боп,  
«Тілегін Құдай берсін» деп,  
Көзінің жасын көрсін деп,  
Дерек салып әр жұртқа,  
Сұраушы еді хабар сап.

- Іздеушілер жолығып  
Амандасты қолын ап.  
Елдің жайын сұрады,  
Тағам ішіп, демін ап.
- 580 Еліне есен келеді,  
Қарсы алды халқы қуанып.  
Әр түліктен мал сойып,  
Той қылып жұртқа береді.
- Есімге жүкті болып ханым тұрды,  
Биеден құла торы сөз білінді.  
Жүні жоқ қара құлын құлындапты,  
Жабыдан түрі бөлек неше қилы.  
Бір бауға адам бармас қоя беріп,  
Жанына жан жолатпай бағып жүрді.
- 590 Шапқанда шаңына жан жете алмайды,  
Бақшадан бақшаға ырғып қуаныш қып,  
Гаухардан нақыштатып ер қылдырды.  
Енді мен иесінен сөз қылайын:  
Су тұлпар бола берсін осы түрлі.  
Бірнеше уақыт өткен соң,  
Гүлханым жүкті болады,  
Құрсағы шығып томпайып,  
Бара-бара ұлғайып,  
Тоғыз ай, он күн тауысып,
- 600 Бір ұл бала туады.  
Жүзі жарық баланың,  
Тұрғанындай шам жанып.  
Ханнан алды сүйінші,  
Елі-жұрты қуанып.  
Қазынаның ашып ауызын,  
Сыйменен халқын суарып,  
Есім қойды аттарын,  
Пірінің сөзін ойланып.  
Түсірмей жерге қолға алып,
- 610 Жібекке орап бағады.  
Алтын бесік жасатып,  
Гаухардан шеге қағады.  
«Жараға берік болсын» деп,



- Киелі дәрі жағады.  
«Әмбеден өзіз болсын» деп,  
Алтынмен жуып алады.  
Жетіге жасы жеткен соң,  
Оқуға ауды талабы.  
Он беске жасы жеткенше,  
620 Әр түрлі ғылым алады.  
Осы жастың ішінде  
Білгір, тапқыр артықша,  
Адам болды саналы.  
Топ ішінде сөйлесе,  
«Олай емес, бүй десе»,  
Халқы көріп таң қалды,  
Бұл сықылды дананы.  
Су тұлпардан туғаны,  
Қара жорға ат болды.  
630 Желден жүйрік жануар  
Иесіне тап болды.  
Мініп алып Есекең,  
Баптанып қарсы жауына  
Тартады садақ толғанып.  
Өнерге сонша жетілді,  
Теңгені дәлдеп, обаны,  
Тастайтын болды аударып.  
Ғылым, өнер үйреніп  
Есейген соң Есекең,  
640 Хан, уәзір кеңесіп,  
Қосынға қойды сардар қып.  
Жетіге Есім жеткенде,  
Анасы туған бір қызды,  
Ханымша қойған аттарын.  
Бір ұл, бір қыз көрген соң,  
Артықша Құдай берген соң,  
Қайта жасап екеуі,  
Қуанышпен шаттанып,  
Ажыратпай қасынан.  
650 Пәруана болып басынан,  
Отырғызып қасына,  
Тағына бірге апарып.

Қай түрлі іс болса да,  
Түсініп алсын аңғарып.  
Ие болса халыққа,  
Артымда кейін соң қалып.

*Есім Қашқарға аттанды*

Бір күні қайтты жеке өзі  
Хан Тәукенің алдынан.  
Келе жатса баласы,  
660 Алдынан шықты анасы.  
Бетінен сүйіп аймалап:  
«Айналайын Ешеннің  
Түскен-ай, — деді — саясы.  
Өмірің берсін, шырақтар,  
Ақыры Құдай аласы».

Сонда Есімге қайал түсіп. «Менен де жақсы көретін ол — қандай Ешен?» — деп, анасынан сұрады.

«Шырағым, сен бітпей тұрғанда, неше жыл көз жасымыз көл болып жүріп, Қашқардағы Аппақ қожа деген Ешеннің себебінен пайда болғансың», — деп, анасының айтып тұрғаны.

Гүлханым сонда сөйледі:  
«Сұрап алған оғланым,  
Не күндер өтті басымнан,  
Қайғылы күнге шыдадым.  
670 Көз жасымнан көл тұрған  
Гүлханым сынды анаңның.  
Әулие қоймай қыдырып,  
Бәріне бір-бір барғанмын.  
Төбе көрсем, бір түнеп,  
Бір малдан құрбан шалғанмын.  
Болмаған соң бәрінен,  
Естігенбіз Қашқардан  
Бір әулие хабарын.  
680 Тәңірі салды себебін.  
Тұмай тұрып аталып,

- Қойылған сонан намдарың...  
Сізден кейін туылған  
Ханымша — мынау ділмәрің.  
Сол күндер естен шығып жүр,  
Туған соң екі қарағым.  
Жақсылығын көрген соң,  
Болса да алыс, ықыласпен  
Әрдайым еске аламын.
- 690 Бейнетін қатты көрген соң,  
Рәтін көрсет, Құдай-ау,  
Алдымда екі баланың» .  
Анасы осылай деген соң,  
Білді Есім жайларын.  
Тумай тұрып, әуелі  
Бәшарат сонан болғанын.  
Құмар болды көрмекке,  
«Бір көрсем» деймін қаялым,  
Бармаққа ауды талабым
- 700 «Жақсылық көрген жеріңе  
Еңбекте де жет» деген  
Нақылы бар сананың.  
Дуамен ер көгерер,  
Көпке арзысын бір басым,  
Дұғасын барып аламын.  
Ата-анам, бер рұқсат,  
Керек емес тәж-тағың,  
Қашқарға енді барамын» .  
Мәжілістен келіп хан Тәуке,
- 710 Ұлының көрді зарлығын.  
Білді сұрап анығын.  
Қоймасына көз жетті,  
Арада қанша сөз өтті.  
Қанып апты ханымнан  
Қашқарда Ешен барлығын...  
Көтеріп басын ер Тәуке,  
Ұлына айтты: «Шырағым,  
Бір насихат айтайын.  
Керегін кейін білесің,
- 720 Сөзімнің тыңда кәмілін.

- Шекарасы — Қазығұрт,  
Шаһары — Ташкент, Самарқанд  
Қатаған деген бір жұрттың  
Шибани дейді хандығын  
Осыдан үлкен жауың жоқ.  
Арада өткен қысас көп,  
Келе жатыр бұрыннан  
Атадан-ата дұшпан боп.  
Дос пенен қасты байқағын,  
730 Жетеді енді пайымың.  
Пәлен ғарда қазына бар,  
Осы күнде көріп кел,  
Білдірмей жұртқа, жасырын.  
Салы атты уәзір бар,  
«Өл» десе, өліп-тірілген.  
Дос пенен қасты байқасаң,  
Үлкені осы досыңның.  
Қырық жігітті сайлап ал,  
Палуан нағыз айлалы.  
740 Келгенше — барып тосам мен...  
Тілеп алған жалғыз ұл  
Досы келсін қасына,  
Дұшпанын алыс қашырған.  
Қуанып барып, күліп қайт,  
Аллау Әкпар, рұқсат,  
Артымда жалғыз нәсілім.  
Бір кетсең, қайтып көрмеспін,  
Та — қиямет болғанша,  
Жоруы осындай түсімнің.  
750 Қолыңнан сусын бермедің,  
Көзіңмен көрмей өлгенім.  
Бойыңды аулақ қашырдың  
Бір тәңірі, саған тапсырдым,  
Аман бол, жалғыз нәсілім».  
Хан Тәуке баласына бата берді,  
Қазына — алтын, күміс артады енді.  
Қасына қырық жігіт сайлап алып,  
Қашқарға аттың басын тартады енді.  
«Шырағым, қияметте көрермін» деп,

- 760 Тәуекел жылап-еңіреп қайтады енді.  
 Аң атып, тамаша етіп тау мен тасты,  
 Күндері шаттықпенен өте берді.  
 Арада таулар асып, сулар көшіп,  
 Қашқарға бір күндері барып кірді.  
 Халқымен Аппақ Ешен отырғанда,  
 Іздеген хан ұлынан хабар келді.  
 Ер Есім қырық жігітпен аттан түсіп,  
 Иіліп әдеппенен сәлем берді.  
 Ап келген тартуларын тамам беріп,
- 770 Хал-жайын Тұранының айтады енді.  
 Білмейді ойын-қызық тамашамен,  
 Арада алты-жеті ай күн өтеді.  
 Ер Есім Ешенінде жата тұрсын  
 Хабарды Тәуекелден айталы енді.

### *Хан Тұрсын Түркістанды шапты*

- Сол заманда Ташкентке  
 Қараған көп халықтың,  
 Қатаған дейді намдарын.  
 Шибани ханның нәсілінен,  
 Шаһ — Тұрсын дейді хандарын.
- 780 Қарақалпақ, Қатаған  
 Самарқанд, Жызақ Қоқан мен  
 Сұраушы еді барлығын.  
 Мұсылманның кетірген  
 О басынан, әлеумет,  
 Алалық деген шендерін.  
 Хан Тұрсыннан сөйлейін,  
 Түсініп бәрін, аңғарғын.  
 Бір күні айтты шаһ Тұрсын,  
 Жиып алып жұртына:
- 790 «Арқан дәулет, құлақ сал,  
 Бір пайдалы сөзім бар.  
 Жеткілікті бөріңе  
 Осы жолы дүние-мал.  
 Ежелгі қазақ дұшпаның,  
 Бұл сөзімді жадыңа ал.

- Түркістанды Тәуекел —  
Қазақтың қазір ханы сол.  
Қартайған ғана шалы бар,  
Қымыз ішіп, мас болған,  
800 Халқының аңқау әлі бар.  
Ұлы кетті Қашқарға  
Адамын алып жарамдар.  
Қарауылсыз, күтімсіз,  
Бейқам жатқан жайы бар.  
Шөлейтпенен барайық,  
Олжа, жесір талайық.  
Білінбей барып түнінде,  
Түркістанда шабайық.  
Бір аяқ жансыз жіберіп,  
810 Әуелі хабар алайық,  
Неше жылғы кегіңді  
Сөйтіп бір енді алайық.  
Осы жолы тілімді ал,  
Бірің қалмай, бөрің бар.  
Қызыл түмсық боласың,  
Есепсіз қанша дүние-мал» .  
Осындай деп хан Тұрсын  
Ташкенттен шықты сайланып.  
Желбіретіп туларын,  
820 Жалаң қылыш байланып,  
Қатаған деген елінен  
Есепсіз қосын айдалып.  
Түркістанды қамады,  
Түн ішінде айналып.  
Нақақ төкті қандарын,  
Есепсіз халықты жамғарып...  
Түркістанды қалың қол  
Айнала қоршап алады,  
Қатты састы халығы.  
830 Жекеге шыққан ер болса,  
Ортаға алып қамады.  
Қарайғанды оқ жұлып,  
Тартылды қазақ заманы.  
Бөксе жағын бөрі жеп,

- Кеуде болды аманы.  
Қорықса да, қой өлді,  
Дұшпандар тұтты жағаны.  
Жанды қарға ұшқызбай,  
Осындай болды лаңы.
- 840 Зеңбірек, мылтық, оқ атса,  
Жұлдыздай болып ағады.  
Тәуекел айтты жұртына:  
«Тірлік бұмен болмады,  
Мың күн жүріп, жаманат  
Ілінгенше басыңа,  
Бір мәртебе өл деп, жақсы атпен».  
Машайықтың кебі еді.  
«Қырық жыл қырғын болса да,  
Ажалды өлер адамы».
- 850 Қазынананың аш ауызын,  
Испаһанлы қылыш ал.  
Өлсең қалсын денеңде,  
Сауыттар кигін жағалы.  
Қазам жетсе, кебінім  
Жылдамдатып кигізгін,  
Алтын айдар гүләні.  
Шошып тұрмын мен бүгін,  
Заманым қандай болады?»  
Ханымша атты қыздарын,
- 860 Бауырына қысып ап,  
Сүйіп-сүйіп алады.  
«Өлгенде көрген шырағым,  
Жазым болсам майданда,  
Заманың қандай болады?  
Бұрынғының нақылы  
«Сұрап алған жалғыз ұл  
Жолда, жұртта қалады».  
Армансыз болып өлер ем,  
Осындайда бір көрсем
- 870 Артымда жалғыз баланы».  
Халқын жиып Тәуекел,  
Майданға шықты қамданып.  
Артына ерді ерлері,

- Баршасы да сайланып.  
 Доп, зеңбірек қояды,  
 Жау тарапқа оңғарып.  
 Сары жай тартып, оқ атты,  
 Тудың түбін болжал қып.  
 Көрсетті хан өнерді,
- 880 Есік-есік жол салып:  
 «Тірлікке қайрат қылайын,  
 Заман жоқ келер айланып».  
 Сілтегенде Тәуекел  
 Он адамнан жамғарып,  
 Мұнар болды жер-жаһан,  
 Күннің көзі қызарып.  
 Үріккен қойдай қашып жүр,  
 Қай тарапқа бет алса,  
 Жапырақтай түсіріп,
- 890 Кәріңіз қылды тамаша.  
 Сел болып сайдан қан ағып,  
 Нөсер болды оңаша.  
 Құмдай боп қаны ағып тұр,  
 Жаны шығып, жерге құласа.  
 Кім бар, кім жоқ белгісіз,  
 Әдиса таң-тамаша.  
 Тәуекел атты ханыңыз  
 Он бес жерден жаралы,  
 Денесін бір күн қараса.
- 900 Есі кетіп, сандалып,  
 Құлады жерге жанаса.  
 Туы құлап қалыпты,  
 Есін жиып бір уақта,  
 Оң-солына қараса.

Хан есін жиып, жан-жағына қарап еді. Туы құлап, халқы қашып, ада болғанын көрді. Гүлханым бәйбіше мен жеті жасар қызы Ханымша қолға түсіп, зарлап қалың жаудың ортасында тұр екен. Хан өлерінде айтты:

«Замандас, жау да болсаң, құлағың сал,  
 Азырақ саған айтар арызым бар.



- Баршамыз мұсылманның баласы едік,  
Мұхаммед шапағатшы ақ пайғамбар.  
Тән бердім, күмәні жоқ тағдырына,  
910 Ажалым сенен себеп болған шығар.  
Сипай көр жетім-жесір маңдайынан,  
Бір қыз бен Құдай берген жалғыз ұл бар.  
Пәтшағар, бейәбиір қылып жүрме,  
Біріңе, тірі болса, қатын болар.  
Жалтаңдап, жетімсіреп қалар болды,  
Атам, — деп, — хан Тәуекел, кімге асылар.  
Бүгінгі ажал маған, ертең саған,  
Құдай — бір, кезек — екі, ойланыңдар!  
«Басыңды жомарт кессін» демеп пе еді,  
920 «Жанымды, жаллат болсаң, қанамандар.  
Сүйегім ит пен құсқа жем болмасын,  
Хан Тұрсын, замандас ең, тасалай сал.  
Айтарсың білімсізің: «Жалынды» деп,  
Жарғақ қып, енді менің понтайымды ал».  
Қаза жетіп Тәуекел  
Дүние салды осылай.  
Дұшпанын шауып мұқатып,  
Хан Тұрсынның көңілі жай.  
Қуанып елі теп-тегіс,  
930 Төрт түлік малға болды сай.  
Олжа, жесір үлесіп,  
Не қылғанмен болды бай.  
Мал айдалып шымалдай,  
Дүние кімді тасытпас,  
Жарлысы да, байы да,  
Кәрісі де, жасы да,  
Бәрі шалқып қуанды-ай.  
Ташкент барды хан Тұрсын,  
Көңілі тасып, шаттанып.  
940 Ерлердің көңлі раушан,  
Есепсіз қанша олжа алып.  
Қатыны шоры жұмсады,  
Мастықпен бәрі паңданып.  
«Артым қандай болар» деп,  
Өкінбейді ойланып.

- Сұрап алған Ханымша  
 Қорлық көрді мал бағып.  
 Өмірі өтті осымен,  
 Ертелі-кеш сандалып.  
 950 Опасы жоқ дүние-ай,  
 Гүлханымдай бәйбіше  
 Су әкеліп, от жағып,  
 Қылмасына лаж жоқ,  
 Қолына балта, шот алып.  
 Бұлар тұрсын қорлықпен  
 Қашқардағы баладан  
 Енді Есімнен қозғалық.

*Есім Қашқардан қайтты*

- Аппақ Ешен қолында  
 Қашқарда жатты бес-алты ай.  
 960 Қызметкер бар аз адам,  
 Ішкені болып таза шай.  
 Зеріксе, шығып аң аулап,  
 Қару-жарақ бөрі сай.  
 Әмбені бір-бір мас қылған  
 Бозбаланың саудасы-ай.  
 Бір күні ұйықтап кеткенде,  
 Бір іс көрді ер Есім.  
 Түркістанды өрт алып,  
 Қараңғы тұман боп тұрды,  
 970 Көпке дейін ашылмай.  
 Атасы тұр теріс қарап,  
 Тәжісі жоқ басында-ай.  
 Қарындасы, шешесі,  
 Салы уәзір — үшеуі  
 Аяқ-қолы шынжырлы,  
 Тұман түскен басына-ай.  
 Қарғалар шулай бастады,  
 Жақындап еді қасына-ай.  
 Аппақ қожа Ешені,  
 980 Тұйғын салды бір нұсқап,  
 Қырғын сап бұған қосылды-ай.

- Қашқар жақтан жел тұрып,  
Шаһардан тұман ашылды.  
Бір қол шығып ғайыптан,  
Атасының тәжісі  
Киіліп қалды басына-ай.  
Жылай берді оянып,  
Түсінен жаман шошыды-ай.  
Айқайлап қатты жылады,
- 990 Түсінің әлгі дерегі.  
Бәрі шошып оянып,  
Жігіттер жиылып келеді.  
«Ханның ұлы ханзада,  
Ойбай тақсыр, не? — дейді.  
Шошынсаң, тақсыр, періден,  
Ешенге хабар берелі.  
Тәуіп, құшнаш, балгерге,  
Дем салдырып көрелі...»
- 1000 Жылаудан бала тынбады,  
Айтуға аузы келмеді.  
Жалғыздың жары — бір Құдай,  
Жаратқан болсын көмегі.  
Ата-анасы қорлықта,  
Баласы болса далада.  
Көрсетпесе қайратын,  
Баланың не керегі!  
«Жігіттер, несін сұрайсың?  
Бір сыр болды халыққа,  
Хан Тұрсын болып себебі.
- 1010 Қайранда өткен атакем,  
Насихаты көп еді,  
Байғұс басым білмеппін,  
Осынша маған деп еді».  
Үрей боп бұлар тұрғанда,  
Ешеннің білді сарынын.  
Әлейкі алып сөйледі,  
Түрін көріп бөрінің:  
«Тағдырға тән бер, шырағым,  
Сөзін тыңдап піріңнің,
- 1020 Хайуан да сыйлар ұлығын.

- Әмбеден де зары бар,  
Ойлап тұрсаң, өлімнің.  
Қанаты бүтін жан бар ма?  
Ұнатам көңіл сынығын.  
Насихат сөзін естігін,  
Сөзін тыңдап көрінің.  
Тәкәппарлық қылмайсың,  
Кем-кетіктен жетілгін.  
Өткен іс келмес орнына
- 1030 Ақырын хақтан өтінгін.  
Мүләйім болып, сынық бол,  
Үлкейген сайын кішіргін.  
Рас қой бол, шын сөйлеп,  
Хақ жолына ұсынған.  
Асқанға қанша жаза бер,  
Көңілін аула кішінің.  
Қаласында Самарқан  
Әмір Темір патшадан  
Қалған екен бір қылыш,
- 1040 Жазып алса, он бес кез,  
Бүктеп келсе, бір уыс.  
Осыны беріп Есімге,  
Байлап жатып беліне:  
«Қан ұрттамай, шырағым,  
Қатысына түспейді,  
Бұйағына түсінген,  
Ырымға алған пал қылып.  
Әкең сойған қойының  
Сақтап едім ілгері
- 1050 Ту қара қойдың асығын.  
Дабылға тілла иіргін,  
Оңқадан тұрса, оңладың.  
Басқасы болса, насырың,  
Жолың болсын, бар балам,  
Хан Тұрсынды қашырғын».  
Ешені насихаттап бата берді,  
Ақылын бастан-аяқ айтады енді.  
«Жан балам, есендікпен көрсетсін» деп,  
Қоштасып, шығарып сап, қайтады енді.

- 1060 Келеді жардан ырғып, тастап сырғып,  
Көргенше шыдай алмай ата-ананы.  
Бөрінен жігіттердің озып шығып,  
Тұлпарға қамшы басып жөнеледі.  
Көргенше шыдай алмай елін-жұртын,  
Жас төгіп жолда зарлап еңіреді.  
Түркістан, шаһар Сайрам аман ба екен,  
Қазағым киіз туырлық, керегелі?  
Жараным Дешті-Қыпшақ аман ба екен,  
Жарлы-бай, жақсы-жаман, жас пен көрі?
- 1070 Қамқорым, дұғагөйім аман ба екен,  
Көретін күн бар ма екен ата-ананы?  
Сүйенішім, таянышым әм қанатым —  
Ханымшам ағакелеп көрсе мені.  
Алғыскөй, қыбылагерім аман ба екен?  
«Дұғамен ер, — деген сөз, — көгереді.  
Жолықсам сау-саламат осыларға  
Мекке мен күзерлер ем Мединені.  
Алматы, жеті дуан, шаһар Сайрам,  
Өзбек, Ақмешітім, Қазалымен.
- 1080 Ата-анам қайтып шыдап отыр екен,  
Бір сағат тайдырмайтын назарынан.  
Түсімді көргеннен-ақ шошып едім,  
Сенбеймін бұл жағыма, ойбай қайдам!..»  
Осыны айтып ер Есім,  
Тұлпарға қамшы салады.  
Еті қызса жануар,  
Жұлдыздай болып ағады.  
Қызған сайын шабады,  
Үй жыққандай екпіні.
- 1090 Көлденең ұшқан құс болса,  
Омырауда қағады.  
Көтеріліп үйрек ұшқанша,  
Жұмарланып қалады.  
Қусырылып жердің танабы,  
Артында жатып қалады.  
Қара тасқа кезіксе,  
Жаңғырықтай қылып шағады.  
Кейбір тастан от шығып,

- Шамдай болып жанады.  
 1100 Неше тауға кезіксе,  
 Анда-санда қалады.  
 Бір күн шапса су тұлпар,  
 Айшылық жолды алады.  
 Жер-жаһанды күңіrentті,  
 Көргенше ата-ананы.  
 Келе жатса, алыстан  
 Көреді бір топ қараны,  
 Жайылған көп пада екен.  
 Отынға жүрген қатынға  
 1110 Баланың түсті назары.  
 Жасырындап тыңдап тұр,  
 Қатынның айтқан ғазалын.

*Анасының зары:*

- «Қашқардың жолы қашықта-ай,  
 Сүйегімді жасытты-ай,  
 Лаж бар ма тағдырға,  
 Көрер күн болса осындай!  
 Алатауда ақша қар,  
 Ташкентте залым Тұрсын бар.  
 Айналайын атыңнан,  
 1120 Жүз жиырма төрт мың пайғамбар,  
 Отыз үш мың сақаба  
 Медет бер тақсыр, Әліайдар!  
 Тоқсан тоғыз мың машайық,  
 Сұлтанлы-арпыл назар сал.  
 Кәтте Базырық өзіздер,  
 Болсаңдаршы хабардар.  
 Тұз-наныңды татып ем,  
 Аппақ қожа қолымды ал.  
 Бір патшаның зайыбы ем,  
 1130 Отын, сумен болдым қор.  
 Әулие қоймай қыдырып,  
 Сұрап алған жалғыз ұл,  
 Еш болмаса, хабар ал.  
 Жолбарыс, қабылан сақтаған,

- Торғайдың қалың бадалы.  
 Аспаннан бұлт қашырар,  
 Қыбыланың соқса самалы.  
 Бейнет, қайғы, жылаумен  
 Өл-дәрменім қалмады.
- 1140 Сусын десе, беруші ем  
 Шекер менен алуаны.  
 Қара су болды ауқаты,  
 «Атам» деп, кімге шағады.  
 Залымдарды ұрмады  
 Жас нәресте обалы.  
 Жеті жасар қызымды  
 Ортаға күнде алады.  
 Қабырғасы қатпаған,  
 Кімге де тиді залалы.
- 1150 Армансыз боп өлер ем,  
 Бір көрсем жалғыз баланы.
- Дәйімі зарлаумен күнім өтті,  
 Ұстадым күн жебелеп, балта-шотты.  
 Қамқаны апта киіп тастаушы едім,  
 Сол күнім, қазір менің қайда кетті?!  
 «Дәулет бер қартайғанда» деген екен,  
 Шағымда өлетұғын имеңдетті.  
 Талайға қол қайырды қылып едім,  
 Алдыма бірде-бірі келмей кетті.
- 1160 Ханымшам, қайран жаным, ерке қызым,  
 Жалтаңдап әркімдерге өмірі өтті.  
 Қосылған бала күннен керт Құдайым,  
 Өйтеуір, менше қорлық көрмей кетті.  
 Құдайдан өліп-талып сұрап ап ем,  
 Құлыным Есім атты қайда кетті?!  
 Тимесе ол дүниеде, бұл дүниеде  
 Пайдасы жалғызының тимей кетті».
- Осындай деп Гүлханым,  
 Зарлайды қатты қамығып.
- 1170 Арқан-жібі қолында,  
 Ескі тонды жамылып.

- Қанша мықты болса да,  
Шыдасын енді не қылып?  
Анасы бүйтіп тұрған соң,  
Тұра алмады сабыр қып.  
Атынан түсті секіріп,  
Тұра алмады бекініп.  
Айқайласып көрісті,  
Анасымен өкіріп.
- 1180 Осылай боқты ел-жұрты,  
Көрмесе бәрі өтірік.  
Айтуға аузы бармастан,  
Құшақтасып жыласты.  
Аз ғана емес бұларға  
Хан Тұрсынның лаңы.  
Құшақтап Есім анасын,  
Өксіп жылап тұрады.  
Анасы айтып жылайды:  
«Сұрап алған, оғланым,
- 1190 Бір жыл айтсам таусылмас,  
Басымнан өткен мұңдарым.  
Мен білмеймін ұрыста  
Қазақтың қандай болғанын.  
Хан Тұрсын қосын жиып кеп,  
Қамал қылды жарым ай  
Түркістан атты қалаңа.  
Ұрыс болды неше күн  
Шаһар менен далада.  
Жазым қылды әмбені,
- 1200 Қараңғылық орнады,  
Бала менен шағаға.  
Сонан қайтып көрмедім,  
Көп қосынмен атаңыз  
Шығып еді далаға.  
Бөксеңді қойды бәрі жеп,  
Қадамың жетті жаңада.  
Екі көзім далада,  
Сорлы көңілім балада.  
Серуендеп сен жүрсің,
- 1210 Баланың көңілі далада.



- Атаң сорлы ашынып,  
 Бара жатып майданға  
 Бармағын тістеп зарлады:  
 «Бір перзент» деп қоймап ем,  
 Қыдырып Дешті даланы.  
 Өліменен тірі ісі жоқ,  
 Жастық қойып басына,  
 Сусыны нәсіп болмады.  
 Атаңның кегін жібермес,  
 1220 Баласы болса алалы.  
 Төмен етек әйелмін  
 Жауға қылар шама жоқ.  
 Қазынадан айрылды,қ,  
 Сол қырғында талан боп.  
 Кеудеден жаны шыққанша,  
 Зарлап кетті «бала» деп.  
 Ажалға ара тұрмайсың,  
 Қисайған сүйеп басынан  
 Армансыз болып кетеді,  
 1230 Қолыңнан қойсаң кебіндеп...

Есім анасына: «Енді жылама, өткенге өкінбе, жетпесті құма», — деген. Сен осы бойыңмен ешкімге білдірмей, осы жерде тұра бер. Мен қарындас пен Салы уәзірді тауып алып келейін. Үшеуің Түркістанға қарап жүре беріңдер, — деді.

Өзі жансыз бөтен кісі болып, хан Тұрсын алдына бармақ болды. Осы атырапта үш хан болушы еді.

Олар — айтылып отырған хан Тәуке, хан Тұрсын және Үргеніш жағын Әбілғазы баһадүр хан билейтін. Есім хан Тұрсынға осының жіберген елшісі болып бармақ болды.

Осылай етіп ер Есім,  
 Анасына айтты: «Жауап бер,  
 Заман шіркін айналып,  
 Қараң кетіп ағың кел.  
 Жазым болсам қапыда,  
 Халқымды бассыз тағы жер».  
 Осылай деп ер Есім,  
 Қамшы басты атына.

- 1240 «Елшімін» деп танытты,  
Қатағанның жұртына.  
Бір тараптан шу шықты,  
Қарап еді артына.

### *Ханымша*

- Байқады қарап шамалап,  
Біреулер қуып келеді,  
Жеті жасар баланы.  
«Қашасың ба, залым» деп,  
Ортаға алып сабады.  
Өрқайсысы бір түртті,  
Жәкөтайлап жылады,  
1250 Ешбір рақым қылмады.  
Біреулер кеп сол жерде,  
Өңгеріп алды сабалап.  
Есімге келіп тығылды,  
Жолаушы деп шамалап.  
«Айналайын, көкөтай,  
Мыналарды тоқтатшы,  
Барайын бірге өзім-ақ».  
Қарындасы Ханымша,  
Қараса байқап, назар сап.  
1260 Дірілдейді бейшара,  
Қамаласа, ортаға ап.  
«Мен-ақ алып жүрем» деп,  
Тоқтатты бала илалап.  
Қыз бейшара жылайды:  
«Қашқарға кеткен көкекем,  
Келер күнің бар ма екен?  
Жамалыңды сағындым,  
Атам өліп, жетім боп,  
Көрінгенге таңылдым.  
1270 Алуа ішкен шекермен,  
Атала ішіп қаңғырдым.  
Сабалайды ортаға ап,  
Мен бұлардан түңілдім.  
Жеті жасар күнімде

- Осыншалық қылғандай,  
 Ойбай, тәңірі, не қылдым!?»  
 Осылай деп жылады,  
 Ешбір рақым қылмады.  
 Қаһары келіп Есімнің  
 1280 Түгі тесіп шығады.  
 Әрқайсысын бір іліп,  
 Найзамен шаншып ұрады.  
 Өліктерін жасырып,  
 Оңаша жерге тығады.  
 Қарындасын құшақтап:  
 «Айналайын бауырым,  
 Туысқаным, туғаным,  
 Қарындасым Ханымша,  
 Қашқарға кеткен сорлы ағаң,  
 1290 Мен едім ғой», — деп жылады...

«Шырағым, мынау атың бірін мініп, біреуін жетелеп, па-  
 дада жүрген шешеңе жет. Қарындарыңды тоқтап, атқа мініп,  
 Түркістанға қарай жол тарта беріңдер. Жолда қашқындар  
 жолықса, ертіп алыңдар. Мен хан Тұрсынды бір жайлы қылып  
 барамын, — деді. Есім елші пормасына түсіп, ханның алдына  
 кіріп келеді. Хан орнынан ыршып түрегеледі. Елші бірнеше  
 күн елшіханада қонақ болып жатты. Елші бала алдына кіріп  
 келсе, хан орнынан еріксіз ыршып тұра беретін болды. Бұлай  
 деп айтқанға сенбеген соң, уәзірлер бір күні ханның етегіне киіз  
 тігіп қойды. Бала кіріп келгенде, хан киізді көтере түрегеліп,  
 сонда сенді. Баланың қағазын көрсе, Үргеніштегі Әбілғазы  
 баһадүр ханның елшісі. «Әбілғазы баһадүр күллі мұсылман  
 хандарын шақырып, бір үлкен мәжіліс құрмақшы еді, соған  
 сізді шақыра келіп едім», — дейді бала.

Хан бұған нанды. Жарамды ерлерін алып: «Әңгіменің ішінде  
 болалық», — деп Үргенішке жүріп кетті.

### *Есім хан көтерілді*

Есім далаға шығып, ілгері айтқан хабары бойынша үш  
 жүздің баласын тегіс жинап, хан көтерілді. Әскер құрып, сап  
 түзеп, елеулі ерлерін іріктеп, шығарып сап алдына қойды. Сол

күнде үш жүздің баласында атақты төрт батыр болар еді. Ұлы жүзде Бөгежілі елінен Шабайұлы Жақсығұл деген мерген еді. Қоңыраттан Алатау деген батыр еді. Кіші жүз Алшын-Жаппаста Бөрітоғашұлы Жиёмбет деген еді. Үйсіннен Сүлеймен батыр. Қай Үйсін екені белгісіз.

- Далаға шығып ер Есім,  
 Жинады қазақ жаранын.  
 Тұтқындарын босатып,  
 Шақ қылды қосын тамамын.  
 Сапсыз ерлер жиылды,  
 Айтайын бір-бір хабарын.  
 Ұлы жүзден — Жақсығұл,  
 Бөгежілі затынан,  
 Руы еді Жаныстан —
- 1300 Шабайдың ұлы Жақсығұл,  
 Ауада ұшқан аққудың  
 Шашар еді қандарын.  
 Ер Алатау Қоңыраттан,  
 Батыры еді әмбенің.  
 Бөртоғашұлы Жиёмбет,  
 Алшын дейді, аңғарғын.  
 Үйсін батыр Сүлеймен,  
 Білмеймін ру намдарын,  
 Пана қылды қазақтар.
- 1310 «Атасының орнына,  
 Есім болды хандарың,  
 Нәсілі — Шыңғыс төреден  
 Қабыл тұт мұны барларың.  
 Құтты болсын тақымың,  
 Мүбәрак болсын қадамың,  
 Жолың болсын, әумин!..»  
 Дуылдасып қалың жұрт,  
 Кілемге алтын салады.
- 1320 Қазығұрттың басына  
 Хан көтеріп шығады...  
 Ту көтерді, сарын қып,  
 «Есім хан» деген ұранды.  
 Шаппаққа енді қамданып,

- Ташкенге қосын шығарды.  
Сапсыз ерлер жиылып,  
Дүркін-дүркін айдады.  
Білдірместен шаһарын,  
Түн ішінде қамады.  
Әр дарбаза аузына
- 1330 Мыңнан әскер қояды.  
Зеңбірек атып, талқандап,  
Ордасын ханның бұзады.  
Аллалап тегіс ұран сап,  
Қазақтың бәрі ұрады.  
Атқан садақ қалаға  
Қардай болып борады.  
Тұман боп оқтар түтеді,  
Өткізбеді аспаннан  
Жайын ұшқан қарғаны.
- 1340 Тастан берік сарайды  
Дәрі қойып ақтарды.  
Найзамен түйреп көрісін,  
Жасының басын жояды.  
Қарап етіп халқын,  
Өз қылғанын қылады.  
Жақсығұл атты мылтығын  
Қалың топқа жобалап.  
Талқандады саптарын,  
Қабаттап өтіп қидалап.
- 1350 Қазақтар болды шадыман,  
Қатағандар жыламақ.  
Алатаудай батыры  
Қасқырдай тиді аралап,  
Жиёмбет асты бәрінен  
Тұс-тұсына қуалап.  
Сауытқа тиген оқ болса,  
Жерге түсті домалап,  
Сүлеймен батыр жұмылды,  
Қабаттап қырқып, жаралап.
- 1360 Өшпенді баз жазғандар,  
Қашқан жауға қатын ер,  
Күші жетпес жазғандар

- Өлігін жүр сабалап.  
 Кейбірі кейіп сөгіп жүр  
 «Ұрайын қызыңды, өлдім-ақ».  
 Тәшкеннің қырғын салды қаласына,  
 Алалық бастан кірген арасына.  
 Ордасын бір күн, бір түн ойран етіп,  
 Келтірді өзі қылған жобасына.
- 1370 Сапсыз қазақтарға олжа түсті,  
 Үлесін алып жатыр бас-басына.  
 Қазына-мүкамбалын артып алды,  
 Өрт қойып хан Тұрсынның ордасына.  
 Бір қатар Қатағаннан кетті қашып,  
 Бармаққа Үргеніште хан қасына.  
 Есім хан айтты: «Халқым, құлағың сал,  
 Олжаны тақсымымен үлесіп ал.  
 Алдынан жолын тосып іс қылайын,  
 Хан Тұрсын Үргеніштен қайтқан шығар.»
- 1380 Қасыма ығай-сығай жүзің ілес,  
 Өзгеңіз осы арадан қайтыңыздар.  
 Әйтеуір жауды шаншып, намыс әпер,  
 Болса да қанша олжа өздерің ал ».  
 Шығарды Шыңғыс ханнан қалған туды,  
 Туды ұстап жарқыратып, тұлпар мінді.  
 Туына хан Шыңғыстың жасын сүртіп,  
 Ішінен тарқатты Есім сары суды.  
 Сайланып, іріктеніп өңшең батыр,  
 Ерлердің наһансінген бәрі жүрді.
- 1390 Бір порым бәрі бірдей сыпайылар,  
 Өнерпаз ығай-сығай неше түрлі...  
 Сырдария бадалына жеткен кезде,  
 Азырақ Бұқар жақтан шаң білінді.  
 Хан Тұрсын хабарланып қайтқан екен,  
 Үш мәрте «Есім хан» деп дабыл ұрды.  
 Қасына бірін-бірі жолатпастан,  
 Атысып екі жақтан оқ жаудырды.  
 Найзамен хан Тұрсынды шаншиын деп,  
 Есім хан тұлпарымен дарияға ұрды.
- 1400 Ақыры араласып, кескілесіп,  
 Сырдария қызыл қан боп ағып тұрды.

- Ешені Аппақ қожа берген семсер  
Он бестен-жиырмадан қан қып тұрды.  
Қайтпай, қашпай екі жақ,  
Қырғын қылды қабағат.  
Қарсы шапқан ер дейміз,  
Қашқынға болмай маламат.  
Хан Тұрсын келіп күрзі ұрды  
Есім ханға дауамат.
- 1410 Сүрініп барып түзелді  
Астындағы тұлпар ат.  
Ақылы ауып тоқтады,  
Күшпенен қылды парасат.  
Жүгіртіп келіп найза ұрды  
Жиёмбет деген азамат.  
Тобышақ жазым боп кетіп,  
Хан Тұрсын түсті домалап.  
Қайрылып қожа жөнелді,  
Сүлеймен кетті қуалап.
- 1420 Қатағандар тоқтатты,  
Тұс-тұстан найза сидалап.  
Араласып шауып жүр,  
Қалқан ұстап паналап...  
Қаһарланып Жиёмбет  
Ұстады найза қолына,  
Араласты аянбай  
Қатағанның тобына.  
Хан Тұрсынға күрзі ұрды,  
Сүйенді аттың жалына.
- 1430 Ту ұстаған адамын  
Екі бөлді атымен  
Келтірді батыр табына.  
Қатағанды қашырып,  
Қойша айдады алдына,  
Қашқанменен қоймады,  
Түсті ерлер соңына.  
Әр жерде аттан түсіріп  
Сұлатты көбін жолына.  
Ақырында қашқындар
- 1440 Жеткізбей кетті шаңына.  
Хан Тұрсын қашты жұртымен

- Үргеніштің көліне.  
Қарамады қайрылып  
Қырғын тапқан еліне...  
Есім хан айтты айғайлап:  
«Залым ит, бар ма арманың?  
Айнымай келді басыңа  
Өзіңнің қылған ылаңың.  
Сен қылғанды мен қылдым,  
1450 Сенен артық не қылдым?  
Пендем де, қатын-балаларым  
Қорқады деп ойлама,  
Шыдасаң, тағы шындадым!  
Арманда қалсаң бұл сапар,  
Тағы қайта қамданғын.  
Сенімен бармын, хан Тұрсын,  
Сынғанша қылыш-балдағым».
- Осыны айтып, ер Есім  
Үлеске салды олжаны.  
1460 Дүниеге кенелді  
Қасына ерген ерлері...  
Сауыт-сайман, асыл зат  
Шат болысты келгені.  
Қайтты енді жұртына,  
Жадырай түсіп елдері...  
Қайтып келді Есім хан  
Түркістан атты қалаға.  
Тамаша болды неше күн  
Бала менен шағаға.
- 1470 Атасының басына  
Қатым Құран түсіріп,  
Әдия беріп молдаға,  
Жұртына болды ұлы той.  
Неше күн өтті арада...  
Үргеніштің ханы еді  
Әбілғазы баһадүр:  
«Жарасқын, — деп, — екеуің»  
Түсе берді араға.



*Әбілғазы баһадүр хан*

- 1480 «Ассалаумағалейкум,  
Арқан дәулет Есім хан!  
Үргеніштен келемін,  
«Әбілғазы баһадүр»  
Деуші еді мені қанша жан.  
Бітімге келген жайым бар,  
Сөз тыңда, уәзір, сыпамен.  
Хан Тұрсынмен жау бопсың,  
Қандым көп сөз араңнан.  
Пенделері себепкер,  
Жақсы-жаман Құдайдан.
- 1490 Насихат айтам, тыңдасаң,  
Жолдас болған кісімін,  
Тәуекел хан атаңмен.  
«Әкемнің көзі көрген» деп,  
Бір мәрте тұтсаң қадірден.  
Жыламасын жас бала,  
Қорқыңыздар Құдайдан,  
Қайтыңыздар райдан.  
Насырани жуит қарсы емес,  
Бәріміз де мұсылман.
- 1500 Өсер ғана басың бар,  
Шырағым, сенен сұрадым,  
Өз жұртың да аз емес,  
Тілеуін соның сұрағын.  
Босатып бер пендеңнен  
Хан Тұрсынның адамын.  
Құсемет кетсін араңнан,  
Кідірут кінә шығарғын.  
Өлмесе де, өлімші,  
Білдің бе Құдай ұрғанын?
- 1510 «Алдыңа келсе құнын кеш  
Әкенің» деген сөзі бар,  
Машайықтың ұнауын.  
Біріңе-бірің мұнан соң  
Ала көзбен қарама.  
Нан сындырып, шартнама,

Ортаңа Құран қоямын.  
 Әкең қатар хан едім,  
 Бейәбир қылмағын.  
 Пайғамбар жасын жасап ем,  
 1520 Бір жолға, балам, сыйлағын.  
 Пәтті бәби себеп ән,  
 Құранның сөзін аңдағын.  
 Көнбесендер мұныма,  
 Менің жайым — Үргеніш,  
 Бірің өліп, бірің қал,  
 Қызығыңды көріп тұрамын».

Әбілғазы баһадүр  
 Осындай көп сөз нұсқады.  
 «Кештім» деді ер Есім,  
 1530 Құрмет етіп патшаны.  
 Құсеметтерін тастады,  
 Қағаз қылып шартнама.  
 Хан Тұрсын Құран ұстады,  
 Өтірік қана өтініп,  
 Иламен көзін жастады.  
 «Құлығым асып осыдан,  
 Бізге болсын,» — деді де,  
 Қолына ұстап бір бізді,  
 Лақтырып тастады.  
 1540 Әбілғазы сөйледі:  
 «Бұдан кейін жамандық  
 Қайсысың қылсаң, мабада,  
 Аруақ ұрсын ұранмен,  
 Қияметке дейін оңалма.  
 Ұрық, нәсілің құрысын,  
 Ағаштай боп, қуар да.  
 «Әумин» десін періште,  
 Машайық болсын дұғада.  
 Батагөйің мен болдым,  
 1550 Үргенішке қайтамын,  
 Сау болғын енді, жан балам,  
 Тапсырдым сені Құдайға.

- Есім хан айтты бір сөз: «Құлағың сал,  
 Баһадүр Әбілғазы, арызым бар.  
 Мынау іс осылайша тындым болды,  
 «Кеңге кең, — деген еді, — тарларға тар».  
 Адамнан, Әзіреті бермен қарай  
 Жауымен ғазат қылған падишалар.  
 Қырық жыл күндіз-түнгі ғибадаттан,  
 1560 Ғазатқа бір-ақ қылыш артық шығар.  
 Баласын мұсылманның жылатпайық,  
 Өр жақта қалмақтайын дұшпаным бар.  
 Омск, Томскінің айналасы,  
 Темір хан, Атас пірас көпір шығар.  
 Хан Тұрсын мына жұртты аңғарып тұр,  
 Зерек қас надан достан артық шығар.  
 Тапсырдым баршаңызды бір Құдайға,  
 Көргенше қайта айналып, кім жоқ, кім бар».

### *Қалмақты алуы*

- Еңсегей бойлы ер Есім  
 1570 Талап етті жүргелі,  
 Ниетін қылып ілгері.  
 Темір ханның жұртына  
 Жүзі ауды өрдегі.  
 Қалың қалмақ қара қол,  
 Атас Пірас дінді еді.  
 Неше сапар жұрт шауып,  
 Жетім-жесір, жөбір қып,  
 Төрт түлік малын неше айдап,  
 Бүлдірген еді елдерді,  
 1580 Тіпті тыныштық бермеді.  
 Қайғымен өтіп қазақтар,  
 Шашынан көп еңіреді.  
 Атасы өліп біреудің,  
 Інісі өліп біреудің,  
 Біреулер жардан айрылып,  
 Жазылар малдан қамығып.  
 Жалғыз-жарым саяқтап,  
 Не ерлер өлген зорығып.

- 1590 Үш Алаштың баласы  
Жылаушы еді күніге.  
Қысасы бар бөрінің  
Қуанады жүргелі.  
Күшті боп қалмақ сол күнде  
Өзгелер, сірә, ел ме еді?  
Нәсілі кетті түзеліп,  
Шыңғыс хан осы дінде еді.  
Жеті ықылым халқын  
«Жердің жүзін алған» деп,  
Айтып едім ілгері.
- 1600 Заманнан неше бері қарай  
Он үшінші тақсым Шыңғыс хан.  
Шежіре нұсқа көргені  
Жолға қарап көз сүзіп,  
Қыналап, қамдап ат мініп,  
«Құны, — деп, — басым арымның».  
Үш жүз енді сайланды,  
Қам қылып жатыр барғалы,  
Қос ат, жарақ қамданып.  
Қылыш, мылтық байланып,
- 1610 Қош айтысып, қоштасып,  
Көрісіп қолын ұстасып.  
Әбілғазы, хан Тұрсын  
Сарпай беріп қайтарды.  
Қайта-қайта дайындап,  
Ішкі арманды айтады:  
«Селтендеген неме еді,  
Кім біледі сайтанды?»  
Сол уақытта Есім хан  
Біреуін қоймай айттырып,
- 1620 Жинап алды қазақты.  
Жұртты аузына қаратты.  
«Есікке жұртым, бекем бол,  
Дұшпаның көп оң мен сол.  
Алдыңғы жағым оңланса,  
Артқы жағым алақ-ты.  
Болжаңдар шартарапты,  
Жұық арада келмеймін,

- Барған жерге өрлеймін.  
Қанағатсыз ел еді,  
1630 Қатағанға сенбеймін,  
«Бұған да түсін ер» деймін.  
Үш жүз қазақ баласы,  
Үш би сайла, ойласып.  
Таянышымды кім деймін?  
«Аузы бар бақандай,  
Қайратты болсын ер» деймін.  
«Жасып туған атадан,  
Басқара алмаса қор» деймін,  
Осалға өкім бермеймін.
- 1640 Жақсығұл мерген елде қал,  
Қылатын сенің ісің бар.  
Шолғыншы болып айланып,  
Асынып мылтық байланып,  
Елдің шетін електеп,  
Некен-саяқ деректеп,  
Рақат ұйқы көрмейін,  
Шолғыншы болып жүр деймін.  
Алдымдағы қалың жұрт,  
Анықтап айтшы билерді,
- 1650 Аттарын, сірә, кім деймін?  
Үш жүздің енді баласы  
Қарар тауып ойлады.  
Ынтымақпен сайлады:  
Құдайберді Жаныстан-  
Ең әуелі болғаны.  
Орта жүздер сайлады  
Арғын Шаншар мырзаны.  
Қаз дауысты Қазыбек  
Осыдан тарап шығады.
- 1660 Кіші жүз — Алшын Жидебай,  
Баласы мұның — Әйтеке.  
Шежіреде шығады,  
Ескі ұлт нұсқада  
Осындай дейді хабары.  
Атап-атап берейін,  
Енді Есімге келейін.

- Жеті мың әскер жинап ап,  
Қалмаққа деді жүрейін.  
Қалған жұрты тарқады,  
1670 Қайыр-қошын айтады.  
«Ақ жүзді абырой бергін деп,  
Көздің жасын көргін деп.  
Есен барып, сау қайтқын  
Сапары еді қатерлі...  
Хан Тұрсындай ханымыз,  
Ағармапты көңілі,  
Жаулықпен өткен өмірі.  
Темір хандай қалмаққа  
Жасырын сәлем айтады.
- 1680 Қағазында не депті  
Қанеки, оқып байқалы.  
«Жанабыңа үрметлу,  
Темірхан саған көп сәлем!  
Достық сөзін байқағын,  
Жазылған мынау хатымнан.  
Есім хан саған бара жатыр,  
Жарамды, жаулы адаммен.  
Оза шауып, мал алған,  
Шығаннан шыққан ерлері,
- 1690 Жүрегі өскен қолайдан.  
Досыңды шақыр қабыңа,  
Жау тірелді маңайдан,  
Дұшпанды бездір панайдан.  
Достығымды білдірдім,  
Пешене көр маңайдан.  
Егей-сығай адамы  
Қозғалтпасын қалаңнан.  
Қайратың болса, өлтіргін,  
Ханнан шырақ өшіргін.
- 1700 Біреуін тірі жіберме  
Осы барған адамнан.  
Нан пісіп тұр деміне,  
Осы биыл таланмен».   
Сөздің енді қысқасы,

- Қалмаққа тиді намасы.  
Қағаздан қатты шалынды  
Темір хан деген патшасы.  
Шапқыншылар жүрдіріп,  
Жаудың түрін білдіріп
- 1710 Бүлінді қалмақ немесі.  
Әскербасы, онбасы,  
Қарауылшы, құрбасы.  
Арбаға таңып зеңбірек,  
Оқ-дәрісін түгендеп,  
Хабарланды топ басы.  
Қарауыл қойып күтініп,  
Берік болды қаласы,  
Шаһар мен Дешті даласы.  
Жол-жолға мерген төктіріп,
- 1720 Жай-жайына сап қылып,  
Бұқтырма болды арасы.  
Темір хан жүр жол тосып,  
Қалың қолмен бас қосып.  
«Келетін жолы — осы» деп,  
«Ұрысатын жердің басы» деп,  
Бір парсаң жерде арасы.  
Мұның жайы мұнымен,  
Енді Есімнен қозғашы.
- Еңсегей бойлы ер Есім,
- 1730 Келе жатыр сап қып,  
Жер қайысқан қосынмен,  
Шенінен пенде шошыған.  
Қызмет етіп сыпалар,  
Ажырамайды қасынан.  
Кигені темір көк сауыт,  
Артынан жалпы жығалы,  
Кекке шығып мұнары.  
Жасынған жаудың алдында  
Ажалды киік тұрады.
- 1740 Дүркіреген дүбірі  
Түстік жерге шығады.

- Күншілік жерден елеуреп,  
 Керең болып құлағы.  
 Панайында хайуан, шу жын,  
 Тауларға үркіп шығады.  
 Таймаған бағы басынан,  
 Талқылы туған жасынан,  
 Бет алған жер қашық па,  
 Ақбөкендей жосыған.
- 1750 Аралап киік, аң атып,  
 Кез келгенді сұлатып,  
 Бірнеше күн жол жүрді,  
 Аз ғана емес мол жүрді.  
 Қалмаққа жақын кеп кірді,  
 Көрмеген жер тосыннан.  
 Аралап келді қонбаққа,  
 Бір өзеннің басынан.  
 Шөлейтке қонды қапылдан,  
 Су таппады жақыннан.
- 1760 Көп қосын кетті су іздеп,  
 Рұқсат алып ханынан.  
 Аттарын жалпы суғарып,  
 Су құйып меске тақсымен.  
 Бүлдіргенге кез болып,  
 Тере берді қызығып,  
 Жүгіре түсіп атынан,  
 Хабарсыз бөрі артынан.  
 Қосты бағып бір өзі  
 Қап еді жалғыз Есім хан.
- 1770 Сапсыз қосын сау етіп,  
 Түсе қалды тосыннан.  
 Кебенек шекпен киіп ап,  
 Шыға берді бөлініп.  
 Жүре алмай қалды жұртында,  
 Төрт шолақ байталмен.  
 Астында тұлпар аты жоқ,  
 Қалмаса игі еді майталман.  
 — Кім, — деп, — шаһар, тек жайың?  
 Сұрайды жауап Темір хан.



- 1780 — Мен өзім — нәсілім төре, қазақ — затым,  
 «Түркістан, Сайрам» дейді шаһарым атын.  
 Есім хан — осы күнде жұрттың ханы,  
 Қалмақтың талап етер уәлаятын.  
 Қасында егей-сығай ерлері көп,  
 Төбені, сары жай тартса, аударатын.  
 Бет алса қай тарапқа, талқан қылар,  
 Ешкімнен сыңайы жоқ жасқанатын.  
 Егескен қанша патша болғанменен,  
 Жеңіліп, қара жерді жастанатын.
- 1790 Баршасы ат суғарып кетіп еді,  
 Солардың азғыны едім қос бағатын.

— Қарасам, қай патшадан кем шығарсың,  
 Ақылға бір қатардан кең шығарсың?  
 Қараға сендей тұлға бітпеуші еді,  
 Бір ермен жұрт иесі тең шығарсың?  
 Кебенек шекпен киіп, елеусіз боп,  
 Еңсегей бойлы Есім хан сен шығарсың?  
 Оңаша, Лат-Манат кездестірді,  
 Дұшпаным мен іздеген сен шығарсың?

- 1800 Қанжармен жүрек-бауырың араласса,  
 Саспағын, бөлем, енді тыншығарсың».

Айтты да қалмақ мынаны,  
 Ерлерін тегіс жияды,  
 Көзінің жанып мұнары.  
 Айнала қамап, айғай сап,  
 Қылыштарын шығарды.  
 Қысылды енді ер Есім,  
 Арасында қас-кірпік  
 Көргеннен соң мынаны,

- 1810 Қатты арман қылды.  
 Астында тұлпар аты жоқ,  
 Састырды жау тосын кеп,  
 «Аңдыған жау — осы» деп.  
 Ақырынан сүйінтсін,  
 Әуелі тұр басым боп,  
 Сыр берместен тұрады.

- Аз кідірсең, қызығы  
Арт жағында болады.  
Білінді қосын хабары,  
1820 Алдын бастап келеді  
Жиёмбет батыр-сардары.  
Ақырында түсініп,  
Әуелінде дағдарды.  
Жаудың түрін аңғарды.  
Айқай-сүрен салысып,  
Қолына найза алысып,  
Кимелесіп жақын кеп,  
Ажыратты хандарды,  
Жеткерді Құдай жамбарды.
- 1830 Тоғысып біраз, соғысып,  
Екі әскер айрылды  
Біріне-бірі батпады.  
Екі жақ та байқады,  
Қарауыл қойып күтініп,  
Кездескен жерде ұмтылып,  
Жай-жайына жатады.  
Рауаж тауып дін ислам,  
Кәпірдің қашқай сайтаны.  
Бір уақытта таң атып,
- 1840 Сұбы садық білінді.  
Намазын оқып мұсылман,  
Қыбылаға жүзін үйірді.  
Салауат айтып Расулға,  
Салды дұға, зікірді.  
Қайратты ерге күн туды,  
Көрсететін ер тұрды.  
Аллалап бөрі ұран сап,  
Майдан жерге жиылды.
- 1850 Қалмақ, қазақ екі жар,  
Қанды жұртқа қаһар бар.  
Түйіліп дабыл ұрылып,  
Сап түзеп майдан құрылып,  
Сырнайдың даусы білінді.

*Майдан*

- Екі жұрт келді қаптап майданына,  
 Кең қойып майдан жерді аңғарына.  
 «Қырғында кімнің басы жойылар» деп,  
 Қауіпте қорқағы мен сардары да.  
 Барша жан тіршіліктен күдер үзіп,  
 Қой айтып Қорасанға жалбарына.
- 1860 Әркімге мынау ажал елестеді,  
 «Құдайым, қуат берсе, — деп, — қалғаныма».  
 Не қырғын, не ұрыстар болып өткен,  
 Заманда әр патшаның заңдарында.  
 Боялған неше сапар жердің жүзі,  
 Келеді ұрық болып қалғаны да.  
 Шейіттік нәсіп болса, жақсы өлім,  
 Кісідей ағайынды иманына...  
 Жекеге қалмақтардан шықты біреу,  
 Таң болып, жұрт түңіліп тұрғанында.
- 1870 «Қазақтан қандай сабаз шығады» деп,  
 Қырдағы көзін тікті, ойдағы да.
- Жекеге шықты бір қалмақ,  
 Қолында кездей шоқпар.  
 Оң мен солға айғайлап,  
 «Талапкер» деп айтады.  
 Қарсы қарап ұмтылып,  
 Оң мен солға жүгіріп,  
 Қарсы жауға қасарып,  
 Долдығынан жас алып,
- 1880 Екпіндетіп ат шауып,  
 Қорқар емес жасқанып.  
 Бұяқтан да талапкер,  
 Есім ханнан бата алды.  
 Жүгіре барып шанышып,  
 Тездіктен дайын боп қалды.  
 Қарсыласқан қазақтың  
 Келдесі ұшты аспанға.  
 Насыр қалмақ мақтанды  
 Шауып шықты жесір боп,

- 1890 Иесіз аты бос қалды.  
Шалқая барып артынан,  
Қара жерді жастанды.  
Насырдан шықты қатты айқай:  
«Қатынға теңе қашқанды,  
Қара жермен теңейін.  
Қорықсаң, қайтып келмейін,  
Есім хан саған біл деймін,  
Келелеп айда дұшпанды».
- 1900 Ыза болып Есім хан,  
Бұрылды оң мен солына,  
Жасанған қазақ қолына:  
«Кім берсе бұған жазаны,  
Шашайын алтын жолына.  
Жұрт үшін туған бар ма екен  
Иісі қазақ ұлында?»  
Жаяулап келіп бата алып,  
Шыдай алмай Сүлеймен,  
Ақ жалау найза қолында,  
Жүре берді жолына.
- 1910 «Еншіңді Насыр беремін,  
Ажал жетсе өлермін,  
Жұлдызым туса оңына».  
Атқан оқтай зырқырап,  
Көзін таймай самғады.  
Шаншар жерін пайлады,  
Анда-санда бұрқ етіп,  
Шіреп ұстап найзаны,  
Жүректен шаншып Насырды,  
Көтеріп алды қолына,
- 1920 Лақтырып жіберді  
Қалмақтардың тобына.  
Намыскөй басты жүрегін,  
Берген соң Құдай тілегін  
Іс айналып оңына.  
Артынан келіп інісі,  
Барып түсті жанына,  
Жекелеп еді тағы да.  
Үлкен кілем көтеріп,

- Түсетін жерін ескеріп,  
 1930 Өлтірмей қалмақ жабыла.  
 Сүлеймен тұрды тіктеніп,  
 «Талапкер» деп тағы да.
- Сүлеймен күдер үзді майдан жерден,  
 Екеуін жайлап салды ербеңдеген.  
 Қалмақтың енді сапы «бәнт» боп қалды,  
 Ілесіп кеткендей-ақ өлгендермен.  
 Темір хан ыза болып айқай салды,  
 Бірқатар күдер үзіп келгендерден:  
 «Қазақтан аз ғана әскер шошындың ба?»  
 1940 Қозыдай қалмақ едің көгендеген.  
 Қырылып, иә қырылатын күнің туды,  
 Келіпті аз ғана әскер төменгі елден.  
 Күш көрсет, оза шауып, олжаланып,  
 Бұл жерге неге келсін, өлем деген.  
 «Болса да қырық жыл қырғын күндіз-түні,  
 Бекер ме еді ажалды өлер» деген.  
 Еш уақытта жау санасып ұрыса ма,  
 Ерлерім, жоқ боп кеттің дікеңдеген.  
 Бірме-бір пышақтасып өле бергін,  
 1950 «Екеудің бірге күші келер» деген.
- Осылай дей айқайлап,  
 Айналдырды көтеріп,  
 Қамшы алып басына,  
 «Біреуі қалмай ұмтыл» деп,  
 Има қылды қосынға.  
 «Әкең де болса, аяма,  
 Бекер-қорқып, шошынба!  
 Тілеген жауың тұсыңда,  
 Көрнек көрсет осында!  
 1960 Пәстеген көңілім тындырсаң,  
 Жарақ қып күрзі ұрсаң,  
 Тоқтаусыз қыз беремін  
 Есім ханның басына».  
 Біреуі қалмай қалмақтар  
 Майдан жерге ағылды.

- Құмырсқадан қалың-ды,  
Борандай түтеп жабылды.  
Артынан демеп, төніп тұр  
Айнымайды қалыбы.
- 1970 Айланбаса оңына,  
Көптің қиын айбыны.  
Аллалап бөрі ұран сап,  
Қарсы шапты қазақ та,  
Жанын қиып ғазатқа.  
Дариядай толықсып,  
Екі әскер қосылды.  
Шыққандай жайын толқыны,  
Бесін шашып онынан  
Озық ерлер ұмтылды.
- 1980 Тозаңы ұшты аспанға,  
Күннің көзі тұтылды.  
Үні бітіп ерлердің,  
Қап-қараңғы боп тұрды.  
Атасы кетіп баладан,  
Іні айрылды ағадан.  
Алтын жаға сауыттар  
Жыртылып тозды жағадан.  
Қара жерді қандады,  
Қандалмай жер қалмады.
- 1990 Өліктер бітеп аңғарды,  
Бидайдың орған бауындай,  
Қыр менен адыр, сайларды.  
Сел болып сайлар қан ағып,  
Нөсер басты ойларды.  
Ажалсыз шығар сырлығып,  
Қырғыннан аман кім қалды.  
Сүлеймен батыр, Жиёмбет,  
Қылып жүр ерлер тойларды.  
Ешкім осал демейді,
- 2000 Қоңырат Алатау ер еді  
Ұрыстың алған әдісін,  
Керіп тартып қылышын.  
Бәрі де ұлы салдар-ды.  
Қойдай қырып айдап жүр,

- Кез келгенін жайлап жүр.  
 Шымалдан көп ел екен,  
 Шегірткемен тең екен,  
 Есекең барып еңсерді,  
 Көрмеген қырғын ел екен,  
 2010 Өліктер қалды төбе боп.  
 Қазақтар аз, қалмақ көп,  
 Қосылып тұр күн сайын,  
 Тұс-тұсынан жәрдем кеп.  
 Көкте дұшпан, жерде шөп  
 Ұрыс қызды қабағат.  
 Ұдайы төрт күн қырғын боп,  
 Бесінші күн толғанда,  
 Ұлы сәске болғанда,  
 Қаз-қатар құды артынан,  
 2020 Үркітіп жауын жалпымен.  
 Қалмақтар қашты тоз-тоз боп,  
 Қашқан жауға қатын ер,  
 Артынан шанышты, қуып кеп.  
 Қойдай қырды қалмақты,  
 Кім санайды түгендеп?  
 Шәріне тақап жақын кеп,  
 Дарбазасын бұзбаққа  
 Ой қылды қазақ жалпы көп.  
 Кетпен ұрып ақырындап,  
 2030 Дүркіреп келді жақындап,  
 Қайта құды артына.  
 Борай хан деген біреу кеп,  
 Елеместен ұрысты,  
 Жатушы еді ғапыл боп.  
 Ер Алатау шанышты,  
 Алдынан тура қарсы кеп.  
 Күрзі ұрған зарпына,  
 Жөнделді, аттан ауып кеп.  
 Қармақтай жұлып ап кетті,  
 2040 Кете берді көкпар боп.  
 Сүлейменге күрзі ұрып,  
 Атынан доптай ұшырды.  
 Болжамай кетті,

«Өлді» деп.  
 Жиёмбет батыр қоста еді,  
 Қалып еді зақым жеп.  
 Кез келгенді аман қоймады,  
 Не ерлерді жайлады,  
 Әмбеден күші басым боп.

### *Батыр Борай*

- 2050 Ұрыста қарсы шығып, қарысқанның,  
 Өлтіріп, басын кесіп, төкті қанын.  
 Өрек боп, еңбекпенен қуғанында,  
 Осынша қалың қазақ жасығанын.  
 Әзірге қазақтарға болды зауал,  
 Төгілер, күні болса тасығанның.  
 Халықтың үріккен қойдай болды бөрі,  
 Бармады ешбір пенде алдына оның.  
 Бас тығып батыр ерлер қойдай ықты,  
 Болмаса бір-ақ өзі Есім ханның.
- 2060 Қуады оңын оңға, солын солға,  
 Дестелеп, не ерлерді қойды жолға.  
 Кездеспей адамына жүрген қазақ,  
 Пана іздеп, тау мен адыр, тасыманда.  
 Бытырап алды-алдына кетті тозып,  
 Бастарын қай уақытта қосылар да.  
 Уақытында ерге лайық дұшпан шығар,  
 Дұшпаның биік болсын досыңнан да.  
 Өрек боп, көңіл тасып, ұран салып,  
 Борай хан жетіп барды Есім ханға.
- 2070 Сонда Есім хан сөйледі:  
 — Іздеген жауың — мен, — деді,  
 Жамандық тамыр табылар,  
 Сөйленсін әуел сыр, — деді.  
 Аты-жөнің кім болар  
 Көрмеп едім ілгері.  
 Деніңнің сау күнінде?  
 Бүгінді ғанибет біл, — деді.  
 Шынардай болып көріндің,



- 2080 Болжап тұрсам, келімің.  
Алтын жығаң қисайса,  
Бір нұсқау шығар өмірің.  
Түсінемін аяғын,  
Ұрысатұғын көріндің,  
Сенімен мен терілдім.  
Армансыз сөйлеп, мүдденді айт,  
Патшасы — мен өлімнің.  
Асығып сөйлеп, азамат,  
Тікесінен ұрындың.  
Жылауды Құдай оңғарса,
- 2090 Ерде кие бар болса,  
Есебін табар Есім хан  
Сен сияқты көрімнің.  
Борай хан сонда сөйледі:  
— Түсіндім, Есім — сен, — деді,  
Көрмеп едім мен де ілгері.  
Ерлігің мен шерлігің  
Көз алдымда тұр, — деді.  
Адамыма кездестім,  
Бір өлім ақыр шын, — деді.
- 2100 Келген екен түрің де,  
Тумайды сендей ұл, — деді.  
Аман қайтсақ біреуміз,  
Дос-дұшпанға сын, — деді.  
Менің жасым ілгері,  
Кезегімді бер, — деді.  
Жасың кіші баласың,  
Оттай қаулап жанасың,  
Білмейсің атаң шамасын.  
Уызың кешпей, қу бала,
- 2110 Осынша қарсы шабасың.  
Мен жайымды сөйлесем,  
Күні бұрын жыларсың.  
Сансыз қол дес бермеді,  
Сен неге тұлға боласың?  
Менің атым — Борай хан,  
Неден үміт қыласың?  
Меніменен соғыссаң,

- Құдайыңа барасың.  
Азғантай қазақ, шошайып,  
2120 Аламын деп келдің бе  
Мәнжүрдің дардай қаласын?  
Садағым тартып көрейін,  
Өлмесең, бөлем, мерейің.  
Кезегің беріп, көнеки,  
Қасқайып қарап тұрасың.  
— Мақұл деді Есім хан,  
Қарсы тұрып көлденең.  
Пәсейер ақыр өрлеген,  
Тасығанға зауал бар,  
2130 Не кешпейді пендеден...  
Садақты қолға алады,  
Жерде тұрып шамалы,  
Майысып аты, бүк түсіп,  
Үзеңгіде табаны.  
Шыдай алмай барады,  
Қабат-қабат сауытын,  
Күшімен барып қабады,  
Жыртып барып тоғызын,  
Торқаға барып шыдады.  
2140 Аппақ қожа пірінің  
Аруағы жар болып,  
Тоқтатқан екен залалды.  
Жыртылып барып тоқтады  
Сауыттың алтын жағасы,  
Қиын екен шамасы.  
Қызыр Ілияс шылаулап,  
Қашаннан бергі панасы.  
Өлмегенін білген соң,  
Кезегін берді ағасы.  
2150 «Қалай қылсаң, олай қыл,  
Былай барып, былай тұр.  
Арманда, балам, қалмашы».  
Есекең де садақ ап,  
Толғанып неше піренді,  
Үзеңгіге аяқ тіреді,  
Оңай деп пе бұл ерді?

- Шыдай алмай, жіберді.  
Екінші тартса, үзгендей  
Жібектен иген шідерді.
- 2160 Көкірегіне Борайдың  
Оғы барып тірелді.  
Өтпесе де сауыттан,  
Тоздырып барып торқасын,  
Дарыды етке бір елі.  
Шыдамай Борай зарпына,  
Жасы ағып жылап жіберді.  
Жығыса алмай мұнымен,  
Қылыштасып шабысты,  
Найзаласып алысты,
- 2170 Садақтан үзіп күдерді,  
Жай-жайына ажырап,  
Күн батқан соң түнеді.  
Таң атқан соң айқайлап,  
Майдан жерге жөнелді.  
Қарама-қарсы келеді,  
Күндегіден бетер боп.  
Ұрыстары үдейді,  
Зарпына тау-тас күңіренді.  
Алыса алмай алысып,
- 2180 Өткерді неше күндерді,  
Алысып ұдайы түндерді.  
Күрзілесті кезекпен  
Ақыры бір күндері.
- Алысып үш күн, үш түн ұрыс қылды,  
Күрзі ұрып, қылыштасып, неше қилы.  
Күрзімен Ескеңді ұрып еді,  
Су тұлпар шыдай алмай тізе бүкті.  
Шаң шығып, майдан жерді кетті қаптап,  
«Өлді» деп, сыртта жүрген қауіп қылды.
- 2190 Борай хан екпінімен кетті өгіп,  
Неше уақ есеңгіреп атта тұрды.  
Қуатын денесіне әбден жиып,  
Майданға төрезада қайта кірді,  
Тоқтамай, Борай ханды кетті жұлып.

- Ұран сап, үш қайтара жерге ұрды,  
 Көтеріп жерден алып, көкке атты.  
 Сауыт-сайман, анжамы жарқырапты.  
 Айналып қара құстай келе жатыр,  
 Түсерде, доптай ұстап, қағып апты.  
 2200 «Ініңе енді, жәке, разы бол», — деп,  
 Тас байлап аяқ-қолын, шынжырлапты.  
 «Шынымен бәрің тозып кеттің бе?» — деп,  
 Халыққа ата үкіммен хабар айтты.  
 Тау-тасқа шілдей болып тозған халық,  
 Сай, тасқа, пана жерден теріп апты.  
 «Қазағым, бұлай боп ел болмайсың», — деп,  
 Есім хан қапаланып бір сөз айтты:  
 «Өлімде малы-басың, күнде талан,  
 Алты ауыз ала болсаң бұл сияқты.  
 2210 Өр жағың — қалмақ, қытай, бұяғы — орыс,  
 Қатаған не қып жатыр артқы жақты?!  
 Артынан Есім ханның ере берсең,  
 Сендерді жұрт қылармын бір сияқты.  
 «Қалмаққа қысас ғазат», — деп,  
 Күніге айтып, ерледің,  
 Құлаққа маза бермедің.  
 «Неше сапар қырған», — деп,  
 Тыншымастан еңіредің.  
 Қатаған қылды ондай іс,  
 2220 Барып қайтып Қашқарға  
 Арасында келгеннің.  
 «Жұртым үшін тудым» деп,  
 Сендер үшін келгенмін.  
 Ат болғандай үйіліп,  
 Борайға дес бермедің.  
 Ит пенен құсқа жем болып,  
 Мұнда қалсаң, өлгенің.  
 Күштерің болды белгілі,  
 Өрексіген ерлерім.  
 2230 Қу әдетті қойсаңдар,  
 Қалмаққа тағы өрлейін».  
 Енді келіп Есім хан,

- Бір сөз айтты Борайға:  
 «Бір нәрсе десем, жарай ма?  
 Аман қалсаң осыдан,  
 Кетерсің, батыр, талайға.  
 Иманды болып өлгендер  
 Кіреді алтын сарайға.  
 Келте қылып айтайын:
- 2240 Пайғамбарға үмбет бол,  
 Жарайма бұл сөз, жарай ма?»  
 Тәсір қылды бұл сөзді,  
 Борайдың жақсы мінезі.  
 Мұсылман болды кәлиме айтып,  
 Не қылайын ұзайтып,  
 Әскербасы қып қойды,  
 Орын беріп сорайтып.  
 Алтын сауыт кідірді,  
 Арғымақ тұлпар міндірді.
- 2250 Көрсетіп көпке өрнегін,  
 Олай-бұлай жүрдірді.  
 Қайтадан бәрі жол тартып,  
 Қалмақтың барды шәріне.  
 Баяғыдай қараса,  
 Азаймапты өлі де.  
 Жетім-жесір, саяқты,  
 Олжа қылып талапты,  
 Кезіккен аман қалмапты.  
 Қамал қылды қаланы,
- 2260 Бейсарамжал тамамы,  
 Қалмақтың жалпы адамы.  
 Ынтымақ қылып ханымен,  
 Ойласып жасы-кәрімен,  
 Қазаққа қалмақ қарады.
- Жарасып, қалмақ, қазақ тату болды,  
 Шақырды хабар беріп, қалың елді.  
 Дүр, маржан, алтын-күміс, жауһар шашып,  
 Бастады Есім ханды шәріне енді.  
 Той қылып, неше күндей жұртын жиып,  
 2270 Ізетпен неше түрлі күте берді.

- Қалмақтың бағындырды қалаларын,  
 Көңіл қош, қылып жатыр қалағанын.  
 Мешіт пен медресе бина қылып,  
 Дінге сап, жол үйретіп және бәрін.  
 Бұл күнде Омскінің айналасы  
 Бір қала намын айтар Есім ханның.  
 Алтыннан айбалтасы — белгісі бар,  
 Бар дейді он шақты үйлі төре тағын...  
 Солар да осал патша болмап еді,  
 2280 Аумат бақ жүргізер де аруағын...  
 Алдынан Есім ханның көңілі қош,  
 Хабар ап білмедік-ау арғы жағын.  
 Бұзылды Есім ханның бір күн түсі,  
 Қайғыда аңғарады аналарын.
- Бір күн жатып түс көрді,  
 Былайынша түстері:  
 Қой бағып қапты, қойшы боп,  
 Бөріге бір күн түс болды.  
 Аузын ашып арандай  
 2290 Кез келгенін тістеді,  
 Барған сайын күштеді.  
 Кез келгенін талады,  
 Өрлеп кетіп барады.  
 Сабаншының жалындай  
 Шұбатылып қалады.  
 Есеңгіреп, сандалып,  
 Қалғаны тіпті шамалы.  
 Қатты шошып оянып,  
 Осылайша аяны:  
 2300 «Хан Тұрсынды ант ұрған  
 Бола ма, бұл іс болады.  
 Көптен кейін талаурап,  
 Тағы ұйқыға барады.  
 Көзі ілініп кеткенде,  
 Гүлханым көрді ананы:  
 «Айналайын, жалғызым,  
 Мені мұнша ұмыттың,  
 Көңілді тіпті суыттың,

- Пайдасын көріп жүрсің ғой  
2310 Алыс пенен жуықтың.  
Ата-анасы бір-ақ пұл  
Өзінің көңілі тынықтың.  
Итке күнін бермесін,  
Артындағы халықтың,  
Осыншалық тарылттың.  
Күн-түн қатып, жетпесең,  
Өлеріме жуықпын.  
Қарға сені желіндеп,  
Мұзға барып туыппын.
- 2320 Қандай боп сені тапқамын,  
Бұтасын қоймай шатқалдың.  
Толғағың тіпті ауыр боп,  
Ұдайы үш ай жатқанмын.  
«Әмбеден әзіз болсын» деп,  
Алтынға бөлеп баққанмын.  
«Көңілі раушан болсын» деп,  
Бесігіңе айнала  
Гауһардан шеге қаққанмын.  
Өлмесең, балам, деректе,
- 2330 «Еркек» деп сені тапқанмын» ...  
Тағы да шошып оянды,  
Өртүрлі болып қиялды.  
Ұйқтамады бір түнге,  
Таң-тамаша болады.  
«Алдымнан жүріп оңалсам,  
Артқы жағым қараңғы.  
Бұяғын бассам қолыммен,  
Бұяғынан ұрады.  
Біреуінен құтылсам,
- 2340 Біреуі даяр тұрады.  
Аппақ қожа Ешенім,  
Сен таппасаң есебін,  
Арт жағымда өсегім.  
Тумастан тұрып себеп боп,  
Жақсылық қылған кісі едің.  
Қолымды қойып көксіме,  
Қалендар болып кетемін.

- Қори алмай қор болдым,  
Қазағым, сені қайтемін?..»
- 2350 Ер Есім осылай деп жылайды зар,  
Көзіне кең дүние көрінді тар.  
Жар бопты Аппақ қожа бабалары,  
Тағы да ұйықтап кетсе, аяны бар:  
«Шырағым, ер тарықпай, молықпайды.  
Мойныңа «нар» деп жүкті артқан шығар.  
Туғаннан туысы артық, талқылы едің,  
Қайтсең дағы, еліңнің қамын жегін.  
«Сары алтын — сабыр түбі» деген сөз бар,  
Тәңіріңнің іс ақырын сұрай бергін.
- 2360 Бек сайлап, бажың алып мынау елден,  
Кідірмей, енді еліңе сапар еткін.  
Бір үлкен енді алдыңда майданың бар,  
Онан соң дәулет, рақат, тыныштық көргін.  
Көп заман нәсіліңнен бақ арылмас,  
Өр болып жұрт иесі әулеттерің.  
Рұқсат, Аллаху акпәр, барғын, балам,  
Нәсіліне болдың зауал бір тайпа елдің».  
Бір түнде үш ұйықтап, үш оянды,  
Бәшерет белгі көріп, әбден қанды.
- 2370 Сүлеймен, Жиёмбетті шақырып ап,  
Көргенін құпиялап, баяндады.  
Ойласып Алатаудай сардарына,  
«Ешкімге сездірме, — деп, — осы халды».  
«Темір хан енді бізге рұқсат бер» деп,  
Бегіне шырындықпен сөзін салды.  
«Қас едің әуелінде, енді доспыз,  
Көруге қайта айналып болдым зарлы.  
Ынтымақ, бірлік, тірлік күн көрейік,  
Күш келсе, біз де мүштеп жасқағанды.
- 2380 Таяныш керек кезде болысайық,  
Ел жауын бірдей көріп, басқаларды».  
Қайсысқан жеті жүз нар қазына артып,  
Жау-жарақ, жол жабдығын тастамады.  
Есекең аттың басын тартты елге,  
Қоштасып қалды шулап, қалмақ халқы.



*Хан Тұрсын қазақты қайта шапты*

- Барып қайтты ғазатпен  
Қалмақтың мекен қалаға.  
Бір жыл өтті арада,  
Қайтардың ханды жаңада.  
2390 «Хан Тұрсынмен шартнама —  
Құран қағаз болған» деп,  
Айтып едім бағана.  
Сөйледі бір күн хан Тұрсын  
Уәзір, сыпа, данаға:  
«Есім ханды жібердік,  
Алдауменен итеріп  
Қалмағы көп қалаға.  
Өлмей тірі қала ма?  
«Өлтірдік, — деп, — тамамын,  
2400 Қырдық, — деп, — жалпы адамын»,  
Құпиялап жансызы  
Темір ханнан хат әкеп,  
Білдірді маған жаңада.  
Қашқын, босқын бар болса,  
Артынан қуып тауысқан,  
Шаһар Жаркент, Құлжада.  
Сөзімді қабыл көрсеңдер,  
Артымнан жалпы ерсеңдер,  
Ойым соған кетіп тұр  
2410 Бел ауырмас олжаға.  
Олжа, жесір үлес бар,  
Қарық боласың барғаның.  
Қатынды бол бойдағың,  
Кетпейді босқа қармағың.  
Армандасың қалғаның,  
Бай боласың барғаның,  
Төрт түлік малын айдағын.  
Буаз қатын кез келсе,  
Жау болар нәсілі есейе,  
2420 Ішін тіліп жайлағын.  
Нәрестелер кез келсе,  
Найзамен түйреп жамғырғын,

- Қазақтан там-тұм қойсаң да,  
 Төреден тұқым қоймағын.  
 Қазаққа, міне, аттандық,  
 Қалмағын қапыл, қалмағын!  
 Бір уәзірі сөйледі.  
 Құдайменде аты еді,  
 Қатағанда заты еді:  
 2430 — «Болмайды бұл іс жөн, — деді, —  
 Не істер өтті ілгері.  
 Не деп едің ілгері,  
 Тағы бірге діндері!  
 Тураға тура жаратқан,  
 Қиянатқа жүрмейді.  
 Сел пәсейтем десең де,  
 Көрмейсің бе, өрлейді?  
 Аққа зауал бермейді,  
 Арамның ауы жүрмейді.  
 2440 Есім ханға Құдай жар,  
 Көзі жоққа Құдай бар,  
 Бата қылған сертің бар.  
 Оның да сансыз халқы бар,  
 Әуелін құртсаң, арты бар.  
 Бұл райдан қайтыңдар,  
 Кесірің тиер халыққа.  
 Міскіндерді налытпа,  
 Тоба қылған барлыққа,  
 Зорлықтың түбі қорлықта.  
 2450 Алдына келер пенденің,  
 Бақ-дәулет тұрмас қалыпта.  
 Кең жерге қанағат қылмаған,  
 Тұс болар ақыры тарлыққа.  
 Хан, қаралар, не дейсің,  
 Мына сөзім анық па?!  
  
 Насихат Құдайменде айтты дана:  
 — Зауал бар алтын тақта падишаға.  
 Сынбайды ақ иіліп, қара өрлеп,  
 Пәтуа, әдіс, нұсқа кітапта да.  
 2460 Халықты кесірімсіз ұрып кетер,

Жеңді іс жөнделеді алыста да.  
 Есім хан Құдай үшін бел байлаған,  
 Ғазатқа әуел баста барыста да.  
 Хан Тұрсын, кесепатың көпке тиер,  
 Аруақ ұшынды боп жабысса да.  
 Ойландым мына істің түбі ауыр,  
 Жалпы көп, өздерің біл, не қылса да?!

- Хан Тұрсын көзін алартып,  
 Қатты нықтап сөйледі:  
 2470 — Ерлердің белін босатып,  
 Мынаған қаза бер, — деді.  
 Былай-олай жүрсек те,  
 Өткізерміз дүниені.  
 Уайым арты тұңғиық,  
 «Озбыр өлмес» деп еді.  
 Жұмыстың бәрі Құдайдан,  
 Өзірге пайда жегені.  
 Бүркен де, өзің жата бер,  
 Намыс қылсаң ергелі.  
 2480 Осылай деп хан Тұрсын,  
 Жинады қосын елінен,  
 Ташкент деген шәрінен.  
 Сырдария, Мырзашөл,  
 Қоқан, Бұқар төрінен.  
 Келіп жатыр көбінен  
 Жас, көрі, құрбы теңінен.  
 Қылыш, мылтық байланды,  
 Сауыт-сайман сайланды.  
 Арғымақ мініп жөнімен  
 2490 Пенде жүрмес шенінен.  
 Армансыз болып сайланды,  
 Дүркіретіп айдады.  
 Жар шақырып деректеп,  
 Бос қалғанды қоймады.  
 Қырғын салды қазаққа,  
 Самалын Құдай оңдады.  
 Кезіккендер қырылып,  
 Алды-алдына аңдады,

- Қара жерді қандады.  
2500 Буаз қатын кез келсе,  
Ішін тіліп жайлады.  
Бас қамында анасы,  
Шырылдап жылап баласы  
Бесіктер қалды жол-жолда,  
Найзамен түйреп жамғарды.  
Өлікпенен бөгеді  
Қыр менен адыр, сайларды.  
Ошаң етер кісі жоқ,  
Сапасыз көрді пайданы.
- 2510 Төрт түлік малын айдады,  
Тозғыны шығып қазақтың,  
Бір бөлігі ауды Бұқарға  
Жиделі Байсын барғалы.  
«Ұлы жүз алты ауыпты  
Байсынға» деген сөзі бар.  
Хан Тұрсынның заманы  
Ең әуелі барғаны.  
Бес ауыпты мұнан соң  
Өзіз Төле нұсқасы.
- 2520 Сонда айтылар қалғаны,  
Шежіреден оқыңдар,  
Сөзімнің болса жалғаны.  
Көбірек ауқым Шуға ауды,  
Отан қылып тұрғалы.  
Кейінірек күнінде  
Үш ата өткен заманда,  
Қоңтаж деген бір қалмақ,  
Бері қарай тағы айдады.  
Бір бөлігі ұрысты
- 2530 Қарсы тұрып жаулармен.  
Біреуі жоқ сау қалған  
Ұрысқанның көбі төре еді.  
Нәсілі аз боп қалмағы —  
Алалық болып бірлік,  
Осындай болып тірлік,  
Әлі жеткен басып жеп,  
Бірінен-бірі басым боп,

- Нәрестені зарлатып,  
Сол себептен патшалық  
2540 Мұсылманда қалмады.

*Анасы мен қарындасының қоштасқаны*

- Жаудың түрін көрген соң,  
Жақындап дұшпан келген соң,  
Гүлханым мен Ханымша  
Қоштасып зарлады:  
— Айналайын, анажан,  
Қандай заман, күн болды,  
Қорлықпен жасап күндерді.  
Бұрынғы ұрыс өтірік,  
Осы жолы шын болды.
- 2550 Бет алдыма қаңғырып,  
Талап еттім жүргелі.  
Қатағанның елдерін  
Табым жоқ қайта көргелі.  
Тірі қорлық көргенше,  
Сазайы болып жүргенше,  
Пенденің жақсы өлгені.  
Бір арманым көңілімде  
Жәкемді Есім көрмедім,  
Саулықта сәлем бермедім.
- 2560 Тіріміз болса, қорлықта,  
Ит-құсқа жем өлгенім.  
Бір кетсем, сені көрмеймін.  
Жау сияғы жаман боп,  
Жыға-жыға шаншады,  
Ұстамастан жағамнан.  
«Ақ батаңды бер» деймін,  
Бұл дүниеден көрмеймін.  
Сайрам су, Бадам, Ақсу бар,  
Тау сағалап қашайын,
- 2570 Жоғарылап өрлейін.  
Бөлеңнен құтқар, Құдай-ай,  
«Артым — жау, алдым — ел» деймін.  
Қия алмастан құшақтап,

- Гүлханым өксіп жылады.  
«Аһ» деп лебін шығарды:  
— Зарлай-зарлай қайғымен,  
Көзімнің алды мұнарлы.  
Білсем бола ма, шырағым,  
Құдайым мұндай ұрарды!
- 2580 Он ай сені көтердім,  
Омыртқам менің бүгілді,  
Аязды күні айналдым,  
Бұлтты күні толғандым.  
Түн ұйқымды төрт бөлдім,  
Қабыртқам менің сөгілді.  
Өліңнен өлі айрылдым,  
Көремін қашан тіріңді?!  
Ақ батамды берер ем,  
Біле алмай тұрмын, шырағым,
- 2590 Қайта айналып көруді.
- Қайыр қош, енді, ана, қайғырмағын,  
Аяғы мынау болды айрылғанның.  
Пайғамбар шапағатқа отырғанда,  
Күнінде қияметтің жолығармын.  
Құдайдың жылатпаған пендесі жоқ,  
Көз жасын көре берсе зар қылғанның.  
«Ханымша тірі ғайып жоғалды деп,  
Бәріне сәлем айтқан оңлылардың».  
Тас қамал, қорған тас қып қалай берді,
- 2600 Аралап, пана тұтып, таудың бәрін.  
«Хан қызы шаш тараған» деп айтады,  
Сайрам суда бір бөлек таудың нәмін.  
Хан Тұрсын Ханымшаны таппай қалды,  
Болжаса сарамжалдап жұрттың бәрін.  
Әр жаққа талаптыны деректетті,  
«Алғын, — деп, — сансыз дүние тапқандарың.  
Шымкеттің өр жағы Алатаудың,  
Аңғарын тегіс қара шатқалдарын».  
Ханымша Алатаумен арыздасты,
- 2610 Құғыншы көргеннен соң жаудың бәрін:  
Айналайын, Құдай-ай,

- Жалғыздық түсті басыма.  
 Өркеш-өркеш тасы бар,  
 Сайрам су басы осы ма?  
 Сазан ата, Сарыайғыр,  
 Балдыберек, Қасқасу,  
 Белгісізбін басында.  
 Суын беріп кебіндеп,  
 Көметұғын пенде жоқ,  
 2620 Ажал жетсе осында.  
 Шешемнен тірі айрылдым,  
 Әкемді алып жасымда.  
 Бәйшешектей солдым ба  
 Сегіз-тоғыз жасымда?  
 Қарға-құзғын, ит пен құс  
 Келеді қазір қасыма.  
 Қарлы тау, мият жолдасым,  
 Жәкем келсе қалмақтан,  
 Менен сәлем дегейсің.  
 2630 Жылай, зарлай мен сорлы,  
 Көктей солды дегейсің.  
 Ұядан жұбай бір ұшқан  
 Тай-құнандай тебіскен,  
 Әм іздерім, сұрарым,  
 Әм сүйеуім, медеуім,  
 Кейіннен келсе деректеп,  
 Сазаната, Сарыайғыр,  
 Менен сәлем дегейсің.  
 Жас нәресте баланың  
 2640 Қабыл болып көз жасы,  
 Ғайып болды сол жерде,  
 Білінбестен қарасы.  
 Артынан қуған дұшпанның  
 Таба алмай қалды әмбесі.
- Қарлы тау, Азар биік басындағы,  
 Сарыайғыр, Сазаната қасындағы.  
 Бөрінің осы айтқанның белгісі бар,  
 Елдер де аңыз қылады қасындағы.  
 Өрт шалып, олжа, жесір қолдан қолға,

- 2650 Тайған соң кімнің бағы, осы дағы.  
 Бейнеті дүниенің ысапсыз көп,  
 Шашыңнан, есептесең, басындағы.  
 «Таба алмай, осылайша, сыр көрдік» деп,  
 Жоқшылар қосынға кеп қосылады.  
 Хан Тұрсын Ханымшадан күдер үзді,  
 Не қылсын, таппаған соң осы бәрі?  
 Мергеннен Жақсығұлдай сөз сөйлейін:  
 Жұртқа ие шалғыншы еді басындағы.

### *Жақсығұл мерген*

- 2660 Зерігіп кеткен еді тауға таман,  
 Аң атып, жолбарыс пен аю, қабылан.  
 Үш жүзге аты шыққан даңғар еді,  
 Атақты озық мерген осыншадан.  
 Аспаннан аққуды атып түсіреді,  
 Жердегі былай тұрсын жүгірген аң.  
 Болжаса, жолдың бойы кесілген бас,  
 Көп өлік, жердің жүзі қып-қызыл қан.  
 Хан Тұрсын елді қырып, қойған жамсап,  
 Байлауда бір қатары қалғандардан.  
 «Қалайын бір атысып Құдай үшін,  
 2670 Өлгенде артықпын ба, осынша жан?»  
 Қарлы тау зорға шықты ең басына,  
 Дәрісін оң келтірді жамбасына.  
 Бастады қатағанға қырғын түрін,  
 Тоғыстың Бадамменен арнасында.  
 Түтінін түтініне қосты атып,  
 Жаңғырық пайда болды тау-тасына.  
 Жақсығұл атты мылтық топ үстіне,  
 Кез келген тұра алмады ат үстінде.  
 Тең екен Сұрмергенмен батыр сабаз,  
 2680 Оқ атып, құлайды жау үсті-үстіне.  
 Базыға іштен өтіп тура барды,  
 Базыны қос өкпеден туралады.  
 Ысқырып оғы барып түскен жердің,  
 Арасы үріккен қойдай ашылады.  
 Қызығып қырғынына тұрғанында,



- Оқ-дәрі жақындапты жанындағы.  
 «Қориын қалғанымен енді өзімді  
 Шаң жетпес, сірә, жалғыз қашығалы».  
 Артынан қуғандар атып тастап,  
 2690 Бадалмен қайтты ығыстап басындағы.  
 «Алдынан Есім ханның жол тосайын,  
 Жарар, — деп, — өжетіме осы дәрі».

- Әулиеата тарапқа  
 Сапар тартты Жақсығұл,  
 Аңғыртырақ жақсы ұл.  
 «Алдынан шығып кезіксем,  
 Ел түрін баян қылайын.  
 Бұл болды сары уайым.  
 Аң кезіксе, атын жеп,  
 2700 Өлмес ауқат қылайын».  
 Жұртқа басшы сабазым,  
 Қалып түр әзір ұятқа,  
 Жұтатқан малын байдай боп,  
 Ісі тынды бұяқта.  
 Жылап-жылап алады,  
 Елді ойлап аулақта.

*Хан Тұрсын олжаны үлеске салды*

- Хан Тұрсындай ханыңнан  
 Енді баян қылайын:  
 Қатағандар қуаныш,  
 2710 Қазақтарда уайым.  
 Төрт түлік малдан кемі жоқ,  
 Ұшы қиыр, шегі жоқ.  
 Бұзауы қалса, санатып,  
 Лағы қалса, қаратып,  
 Қол бала малдай түгелдеп,  
 Саяғы болса, шідерлеп,  
 Жер жаһанды шаңдатып,  
 Дабыл, сырнай аңыратып,  
 Аз ғана жол арада,  
 2720 Дария Шыршық жағасы  
 Барып кірді қалаға.

- Мақтанып қатын-балаға,  
Мұндай олжа бола ма?  
Сүйінтпесе соңынан,  
Әзіргісі бояма.  
Хан Тұрсын атқа мінген соң,  
Қазақты аман қоя ма?!  
Хан ұлына — қасқалдақ,  
Бек ұлыма — безгелдек,  
2730 Теп-тегіс барғам, көр, — деді.  
Оза шапқан онды алғын,  
Қырқа шапқан қырықты алғын.  
Белгілі батыр бесін ал,  
Таңдап-таңдап естіні ал,  
Аты — ұрғашы демегін.  
Іске жарар ісі бар,  
Саргерделер сегізді ал,  
Саралап барып семізді ал,  
Затында бар негізді ал.  
2740 Қамалды бұзған қатын ал,  
Жаманнан бойың сатып ал,  
Жақсы-жаман парқы бар.  
Қос-қос жетім, қос-қос жесір,  
Әуелінің арты бар.  
Аңдап алсын оңлылар,  
Есіктің де төрі бар.  
Санаққа барған сорлылар  
Пұшығың барып, көрін ал,  
Көрі болса, көріп ал.  
2750 Отын алғыш, су құйғыш,  
Жалықпасаң, көбін ал,  
Ақсағың барып қонысты ал.  
Мінасарға дұрыс бар,  
Әрқашан десең жетеді  
Бас-басыңа тоғыз пар.  
Жастарың барып жасын ал,  
Маржан тіс, қара шашы бар.  
Күл, көмірден көбірек,  
Құдай қосар басы бар.  
2760 Шалдардың барып кемпір ал,

- Үй-ішіңе қарым ал.  
Кәрі-құры демегін  
Мұның да әйел аты бар.  
Қайдан құлақ шығарса,  
Қазаншының еркі бар.  
Саудагердің түйе ал,  
Көші-қонға жүйе мал.  
Бәріңе де жетеді,  
Жүйе-жүйе ие бар.
- 2770 Қымызға құмар жылқыны ал,  
Жауға көрікті сырты бар.  
Көрмеге бойлы арғымақ,  
Қазақтан сансыз мүлкім бар.  
Қыстақларың сиырды ал,  
Ұзамайтын үйір мал.  
Шешілетін күндерің,  
Жүрегінде түйін бар.  
Қалағаның қойын ал,  
Шаруа, байлыққа ойы бар,
- 2780 Сүті шырын, еті бал,  
Тегін олжа демегін,  
Арт жағында ойым бар.  
Есі кеткен ешкіні ал,  
Есіңді жинар ешкі мал.  
Тау-тасқа қарғып оттаған,  
Ауру, сауға емі бар.  
Мыңдап, жүздеп жетеді,  
Екі беті Шыршықтың  
Шегірткедей сансыз мал.
- 2790 Алтын менен күміс бар,  
Сауыт-сайман, қылыш бар.  
Хан Тұрсынға сыбаға  
Қанды жұртта ұрыс бар.  
Олжадан бәрі құрсан боп,  
Жай-жайына тарады,  
Елді-еліне барады.  
Әйелдері су құйғыш,  
Малшы қылды баланы.  
Кемпірлер алып баласын,

2800 Қай іске келсе шамасы,  
Сол орынға қояды,  
Әйтеуір, босы болмады.  
Құл менен күң соры боп,  
Күндер өтіп барады.  
Гүлханым бір күн бала алып,  
Жұбатып қиял ойланып,  
Айтышты осы наланы.  
Әлі күнге мақал боп,  
Айтады қазақ тамамы.

*Анасының зары:*

2810 «Отын алған біздің қыз,  
Суды құйған біздің қыз,  
Қызметкер, күң, шорымыз.  
Еңсегей бойлы ер Есім  
Есен барып, сау қайтса,  
Біздің қызға ұқсар ма екен  
Сіздің қыз.  
Жылама, бөпем, жылама,  
Жүгермек, бөпем, жылама!  
Алатау қарлы, Бадалым,

2820 Тауысты өзір адамың.  
Еңкейген кәрі күнімде  
Тағы да тұс болғаным.  
Көретін осы күнім бе,  
Быламық ішер асым ба?  
Жасаған жасқа обалым,  
Он сан өлім, аз ауру,  
Не қып нәсіп болмадың?  
Қосқанмен алмай қосақтап,  
Тәуекел сенен қалғаным.

2830 Ұлым кетті Ұрымға,  
Ханымшам кетті Қырымға,  
Баласындай жаулардың.  
Бетіңнен сүйер күн бар ма?  
Тіріңді әлі білмеймін  
Ханымша атты шырағым.  
Басымда дәулет барында,

- Жанымнан жалпы түңілдім,  
 Әулие қоймай қыдырдым,  
 Өлдім-талдым дегенде
- 2840 Тырнағыма іліндің.  
 Алдым кешу, артым тар,  
 Қарауылы өлімнің.  
 Тірі қазақ тілектес,  
 Қай уақта көзге көріндің?  
 «Шүкірден» басқа сөзім жоқ,  
 «Тобадан» бөлек кебім жоқ.  
 Ерден кие кете ме?  
 Тілімнен қате етті ме?  
 Аппақ қожа әулие
- 2850 Қашқардан ұзап кетті ме?  
 Жоқ, дүниеден кетті ме?  
 Шарапатың көрмедім,  
 Иә, бөшірет бермедің.  
 Жылама, бөпем, жылама,  
 Жүгермек, бөпем, жылама!
- Ал, бөпем, әлди-әлди, жыламағын,  
 Көңілді босатады жылағаның.  
 Нәресте тілсіз, ессіз, зарары жоқ,  
 Қайтейін, күйгенімнен бұрап алдым.
- 2860 Жас күнде көрсеткенге шүкір деп ем,  
 Бүкшеңдеп қартайғанда жүре алмадым.  
 Көп жылап, тілегімді бермеді ме,  
 Ақыры не боларын біле алмадым.  
 Алдымен бір күн күлсем, он күн жылап,  
 Сорлы талық, қорлық өмір ұнағаның.  
 Жалғызым, көріп өлсем, арманым жоқ,  
 Дерегің өлі-тірі біле алмадым.  
 Адам боп, алдаса да, арта қалсын,  
 Береке мыңын беріп, бір адамның.
- 2870 Батаңды, өлтірмесең, тілегім бер,  
 Қорлыққа бұдан артық шыдамадым».

Осындай деп жылады,  
 Етпетінен құлады

- Керең болып құлағы,  
 Боп еді сәрі уағы  
 Көзі ілініп барады.  
 Аппақ Ешен пайда боп,  
 Басын сипап тұрады.  
 Осылайша аяны:
- 2880 «Біраз күндік бейнетің  
 Енді кірер дәулетің.  
 Тұйғының қонып тұғырға,  
 Түзеледі сәулетің,  
 Іс айналар оңына.  
 Ұзын баулы ақ сұңқар  
 Бекітіп байла қолыңа.  
 Аштықтың бар тоқтығы,  
 Тоқтықтың бар — жоқтығы,  
 Бейнеттің түбі — рақат,
- 2890 Жылатқанды — шырғатар.  
 Қуанышың бар соңында,  
 Қайтайын енді жолыма,  
 Жылай берме, зарланып...»  
 Ұйқыдан кетті оянып,  
 Жори берді қуанып.  
 Осындай түстің түрлерін  
 Көрмеуші еді ілгері,  
 Лүпілдеп кетіп барады  
 Басылып қалған жүрегі.
- 2900 «Рахманы болсын деп,  
 «Айнымай түсім келсін», — деп, —  
 Есен келіп, Есім хан  
 Көз жасымды көрсін», — деп,  
 Жазасын жаудың берсін, — деп, —  
 Аллаһу әкпар» деп еді.  
 Сыртынан дұшпан сезеді,  
 Хан Тұрсынның қатыны  
 Байқаусызда кеп еді.  
 Кідірместен жылдамдап,
- 2910 Ханға келіп не деді?  
 Баяндап айтып береді:  
 — Айнымай кетіп жүрмесін,

«Әумин» иттің дегені.  
Хабар айтып халыққа,  
Жар шақырып, анықта.  
Ойланбаған іс — ойран,  
Қиянаттың көп еді  
Қамыңды сен же, — деді.

### *Хан Тұрсын соғысқа даярланды*

- Хабар айтты хан Тұрсын  
2920 Қарасты жәмі халқына,  
Бағынған жалпы жұртына,  
Қоқан, Бұқар, Өндіжан,  
Жалалабат, Наманған,  
Қатаған, тәжік, сартына:  
«Жетіден жетпіс жасаған  
Кәрі-жасың қалмасын,  
Ақсақ, соқыр, ауру мен  
Қатынды тастап артыңа.  
Біреуіңді қоймаймын,  
2930 Сенімен әуел ойнаймын.  
Бұғып қалған сабаздар,  
Болады шексіз тойларың.  
Қырдағы мен ойдағың,  
Тасадағы, сайдағың,  
Қос-қос жетім, қос жесір,  
Қалың олжа алғаның.  
Тайсалдатып, тайсалтпа,  
Іске жарар балаңды,  
Інің менен ағанды.  
2940 Басын тартып қалғанның  
Мал-басы таланда,  
Көресің пәле табанда.  
Насихат айтып арыздас,  
Бала-шаға, қатынмен,  
Үйдегі қалған адамға.  
Кім өліп, кім қайтады  
Көреді қайсы заманда.  
Тағы бір сойқан болады,

- Түркістан, Шымкент, Сайрамда».
- 2950 Осындай деп хан Тұрсын,  
Үйінде пенде қоймады.  
Қалмай келді бәрі де —  
Қырдағы мен ойдағы,  
Даладағы, таудағы,  
Бура, бота, тайлағы.  
Армансыз болып, қамданып,  
Іріктеп сайлап ат мініп,  
Белгілі батыр, сардары,  
Биі менен бек, хандары.
- 2960 Даярланған қырмандай,  
Жер бетін өрт шалғандай.  
Құмырсқадай өрмелеп,  
Мысалы, шіркей, көбелек,  
Жердің жүзін қаптады,  
Жүрген жерін таптады.  
Қамын жесін қазақтың,  
Армансыз болып қамданды.  
Шекарасы бұрында  
Белдің шығып қырына
- 2970 Қарауыл қойып күтініп,  
Қазықұртқа жайлады.  
Зеңбірек тізіп биікке,  
Аттарына сайлады,  
Келетін жауға аңғары.  
Түнде ұйықтап түнеріп,  
Баспалап қарап, тынбады.  
Оқ-дәрі, сайман тасытып,  
Садағын жонып қырлады.  
Шақырым жерде желбіреп
- 2980 Жыбыр-жыбыр тулары.  
Еріккендер атып ап  
Аспаннан ұшқан қарғаны,  
Кез келгенді қандады.  
Еліріп тұр көп қосын,  
Тап бергенді, ап беріп,  
Бір шаң шықса қуғалы.  
Дұшпан шықса тұсынан,



- Дап-дайын сойқан салғалы.  
Күн-түн келіп қосылып,  
2990 Дариядай тасып кернейді,  
Барған сайын өрлейді.  
Жау санасып ұрысса,  
Иесіз қазақ баласы  
Оннан бірге келмейді.  
Көптің келсе қолынан,  
Жуық арада бермейді.  
Қатағандар қам емес,  
Қам қалатын жан емес.  
Есім ханның алдынан  
3000 Өрлеп кеткен Жақсығұл,  
Айтайыншы мергенді.  
Әулиеата тараптан  
Бір хабарын білген-ді...

- Бара жатыр бұл жазған  
Кеше, күндіз салақтап,  
Жан-жағына алақтап,  
Жалғыздықтан зерігіп,  
Дәрмені қалмай ерігіп.  
Мергендігі тағы бар,  
3010 Біразырақ бағы бар.  
Аянбай жүріп барады,  
Көлденең тауға кезігіп,  
Үстіне шығып қарады,  
Жаһанға назар салады.  
Алыс жерде шаң шығып,  
Көз ұшында шамалы,  
Жақын тартып барады.  
Ақ туы бар басында  
Кез боп қалды қосынға.  
3020 Шырамытып, елеріп,  
Жақындады қасына.  
Сыбызғы, сырнай дауысын,  
Жақтырғандай құлағы,  
Есім ханның ұраны  
Елеріп біраз тұрады.

- Құшақтап кеп көрісіп,  
 Айқай салып жылады.  
 Аузынан емеріп,  
 Көп қосын да шулады.
- 3030 Мергенің айтты мынаны:  
 — Келдің бе, тақсыр, аман боп?!  
 Арнаған жауға шаршы көп.  
 Екі көзім жолыңда,  
 Кеше, күндіз алаң боп,  
 Күнім өтті қараң боп.  
 Бұяғыңды білмеймін,  
 Бұяғың кетті талан боп.  
 Ілгерідей заман жоқ,  
 Алдың ел, артың арам боп,
- 3040 Тапсырып па ең жұртыңды  
 Хан Тұрсынға адам деп?!  
 Несін айта берейін,  
 Иісі қазақ ұлынан  
 Қашқан, босқын болмаса,  
 Тігерге тұяқ қалған жоқ.  
 Осылайша деп еді,  
 Есім хан еңіреп жылап жіберді.  
 Есінен танып көп уақыт,  
 Ақылына келеді,
- 3050 Сөз қатпай жанға түнерді.  
 «Атаңа нәлет, хан Тұрсын,  
 Хан Тұрсынды ант ұрсын!  
 Алдыменен сендіріп,  
 Арт жағынан іс қыпсың.  
 Қара болсам, мені ұрсын,  
 Жүйесіз болса, оны ұрсын!  
 Екі аруақ, Құдайға,  
 Шет болып, өзі ұрынсын.  
 Келтірмесем алдыңа,
- 3060 Тауыспасам ұрығын,  
 Есім хан атым құрысын!  
 Жақсығұл саған айтамын:  
 Аңғырт, шалыс адамсың,  
 Адам емес надансың,

- Қапқа тыққан сабансың,  
Мергендігің болмаса,  
Мысалы, бір қабансың.  
Бас ие болып, бата алып,  
«Еркекпін» деп қалғансың.
- 3070 Етегі салпы ер Дулат,  
Қопал халық тамамсың.  
Шыдай алмай өрмелеп,  
Тауға таман барғансың,  
Сөйтіп, қапыл қалғансың.  
Алдымен келіп аптығып,  
Қазақтың құрттың баласын.  
Сүйеп айтсаң болмай ма,  
Қырғын деген оңай ма?  
Бұғып жатқан қазақ көп,  
3080 Әлі тоғай-тоғайда.  
«Есіл мерген өлді» деп,  
Күйінер ем сыртыңнан.  
Сол қырғында томпайып,  
Көшпен өлсең болмай ма?  
Жалғыз тұлға болар ма ең?  
Бірге адассаң болмай ма?  
Құдіретті кең биру бар  
Тілсіз балалар өлгенше,  
Сен жаман өлсең болмай ма?
- 3090 Арт жағымнан жау шығар,  
Алдымды ел етемін.  
Кейінгі балалар қамы деп,  
Ел қорғауға кетемін.  
Алдым тар, артым қараңғы,  
Тірлік қайтіп етемін.  
Қарыса алмай қор болдым,  
Қазағым сені, қайтемін!»
- Есім хан осылай деп күйіктенді,  
Өрт болып, неше жанып күйіп тегі.
- 3100 Ажалы келген күні табытқа атар  
Тақтағы патшаларды биіктегі.  
Құранда неше жерде дәлел айтқан,

- Ақты кім сындырады иіп тегі...  
 Осындай қатты күйіп жылаған соң,  
 Сол тауды осы күні «Күйік» дейді.  
 «Бөлеге — сабыр, — деді, — қазаға ырза»,  
 Бел байлап тәуекелге, жүріпті енді.  
 Түбіңе не кірмейді, дұшпан не деп,  
 Пендесі кеміте алмас білікті ерді.
- 3110 Есім хан одан келіп шақпақ шаққан,  
 Аңғарсаң одан бергі биіктерді.  
 Пейілі қатағаннан кегін алмақ,  
 Баласын үш алаштың жиып тегі.  
 «Жақсылар, енді жұмыс не болсын» деп,  
 Ойласып, сөз салады іріктерді.

*Есім ханның халқын соғысқа үгіттеуі*

- Халыққа айтты Есім хан,  
 Күйікте естіп, күйініп:  
 — Шақпақтың өттік тауынан  
 Жуалыға жиналып,
- 3120 Отырмыз әлі қауырман.  
 Мынандай болып ақыры,  
 Айырылыпмыз бауырдан.  
 Туысқан-туған бөрінен,  
 Ағайын, құрбы, жәмінен,  
 Бастар кетіп малымен,  
 Бір жыл өтті ұдайы,  
 Шыққалы біз ауылдан».  
 «Ергелі саған, сұлтаным,  
 Ұрысқа ұрыс ұласып,
- 3130 Құтылмадық дауылдан,  
 Жаман болдық аурудан.  
 Күн-түн қатып, қыр асып,  
 Түнде ұйқы, күндіз тыныштық жоқ,  
 Қатыңқы қабақ салынған.  
 Биттеп, құртап жабығып,  
 Зорығып жалпы келеміз,  
 Ілгері бассақ өлеміз.  
 Жүрегіміз шайылды,

- Бәлен-түген деменіз.  
3140 Бір-ақ уыс боп қалдық,  
Қай жауға шыдас береміз.  
Қатағандар қанша ел,  
Қырғыннан аман ылди-өр.  
«Құмырсқа мен шымалдай»,  
Деп айтады көргендер.  
Өзің-ақ өлтір қолыңмен,  
Ел билеген төреміз.  
Сабыр қылып шыдайық,  
Құдайдан күтіп тұрайық,  
3150 Аман қалған ел бар ма екен?  
Шотымызды шабуға  
Әр жерге дерек салайық.  
Қосылуға лайық  
Таусылып қалса қалың ел,  
Қалғанымыз ұрық болайық.  
Көшпенен жауды жаулаңыз,  
Әр қиялға аумаңыз.  
Жауласып нені бітірдің  
Үркердей қазақ шоштайып.  
3160 Есім хан айтты: «Халқым,  
Осы ма ойың бәріңнің?  
Құрымады қопал қалыбың.  
Тірлігің қорлық әм бейнет,  
Мал-бастан тегіс айрылдың.  
Сірә, бір халқым, ел болып,  
Ынтымаққа келмейсің.  
Аз емессің әлі де,  
Мысалы, қара жердейсің,  
Шегірткемен теңдейсің.  
3170 «Қысас талап болдық» деп,  
Былай-олай жүр дейсің.  
Олжаласаң мақтанып,  
Қырылсаң, маза бермейсің,  
Күбежектеп сөйлейсің.  
Бір адам шаншып түсірсең,  
Біріңді-бірің «балуан» деп,

- Мақтай сөйлеп «ер» дейсің,  
Ала болсаң, алты ауыз,  
Қорлықтан басқа көрмейсің.
- 3180 Бөксеңді қойды бөрі жеп,  
Осынша қорлық көрсең де,  
Тірі боп тағы, өлмейсің.  
Құдайдан соңғы патша,  
Менің атым — Есім хан.  
Тіке-тіке сөйлейсің,  
«Жұрт» деп едім сендерді,  
Мінездерің өзгерді.  
Бірақ қалмақ қашырып,  
Қаншаңа ажал кез келді.
- 3190 Күйеу жолдас қалмаққа  
Барып ем ертіп сіздерді?  
Бұл айтқаның жөн емес,  
Бір басымның қамы емес,  
Ел қоритын Есім хан,  
Қашанғы жүрер дейсіңдер?  
Болмаса, қойдым мен, — дейді.  
Дәрет қыла бір сайға,  
Оңаша бір күн барып ем.  
Құтырған бір ит кез келді,
- 3200 Қапқанына қырық күн  
Есептесем күндіз-түн.  
Құтырамын мен де енді,  
Кесірім ұрар сіздерді,  
Құтылар жерің кез енді.  
Үркіп қашты қанша жұрт,  
Қағылысып «тез» деді.  
Бір-екеуін атты да,  
«Тыңдаушы халқым, сөз», — деді.  
Бір насихат кез келді.
- 3210 Қуып ем жалғыз құтырып,  
Бөрің қаштың ұмтылып.  
Құтырыпсың бөрің де,  
Қатағанды жыттырдың,  
Рас па, бұл сөз өтірік.

- Осындай Есім деп еді,  
Бәрі де ұнап, жөн көрді.  
«Түсінбеп едік ілгері  
Басшысына әр жұрттың  
Сәлем қағаз береді  
3220 Құдайберді, Жидебай.  
Құдайберді өлген соң,  
Әлібек деген баласы  
Орнына би боп тұр, — деді, —  
Шаншар мырза Орта жүз —  
Қолыңмен қойған би, — деді, —  
Жиделі Байсын төрінен,  
Ауқымы елдің Шуда еді.  
Ауып көшіп Арқаға,  
Еділ, Жайық жағалап,  
3230 Ноғайымен бір, — деді, —  
Қалған шығар ұрықтық  
Жұрт емес пе кен, — деді, —  
Армансыз айтып қамданған,  
Сабырлықпен қыл, — деді, —  
Жүрген шығар бәрі де,  
Алқымына таянып,  
Дерегің білсе, келеді».  
Сол жерде бұл сөз боп еді,  
Осыдан мысал қып жүрміз  
3240 «Құтырған Сарыбұлақ» дегенді.  
Есім хан қуаттанды көрген соң,  
Қазағы іркес-тіркес жөнделген соң.  
Қырғынға екі сапар ұшыраппыз,  
Тұрайын қайтіп шыдап, көз көрген соң.  
Әлі де неше қырғын көрмейсіңдер?  
Қасарып, қысас жолын іздеген соң.  
Бейнетті дүниенің рақаты бар,  
Сопы боп, тәркі дүние безбеген соң.  
Пәлеңді неше түрлі сөндірермін,  
3250 Лайық заманыма кез келген соң.  
Өлгенше маңайымнан жүргізбеймін,  
Не болсаң, ол бол, қазақ, мен өлген соң.

*Билерге жазған сәлемі*

- Осындай деп ер Есім,  
Атап-атап билерге  
Сағыныш қағаз береді.  
Әбілғазы баһадүр  
Болған бұрын басында.  
Өкпесін айтып, өкініп,  
Саясатпен жекіріп,  
3260 Қағазда мынау дегені:  
«Әбілғазы баһадүр —  
Дұғай сәлем досыма!  
Боп едің ғой басында,  
Алдамаққа әдісқой  
Сен екенсің ашына!  
Аман болып Қатаған,  
Қырылған қазақ қырылсын,  
Бір келіп кет қасыма.  
Не деп едің басында,  
3270 Кетті, — деп, — іс жасынға.  
Ағарғанда сақалың,  
Әуел сенен қапамын,  
Болғаның аға осы ма?  
Бұдан артық не дейін?  
Көзіме әуел бір көрін,  
Иә, өлтіріп, өлейін.  
Жұмыс кетті қандай боп,  
Отырып ең дардай боп,  
Сенен бұзық адам жоқ.  
3280 Екі жүзді қардай боп,  
Жорғалап тіпті болмадың.  
Обалы саған көп елдің,  
Бала менен шағаның.  
Хан Тұрсын өзін өлтіріп,  
Қоймас па едім тамамын.  
Құрып кетсе бір тайпа ел,  
Жүктермін сенің мойныңа  
Хан менен қара обалын.  
Міне, өкініш, пұшайман,



- 3290 Тілін қайдан алып ем,  
Сен сияқты қабанның.  
Құдайдан қорықсаң, қысқа сөз:  
Үркіп барған шеніңе  
Қазақтың ұлы болса кез,  
Білдірмесіне білдіріп,  
Көшпесе, «көш» деп, — қайтар тез.  
Билерге айтқан сәлемі  
Мынамен тұрсын мына сөз:  
«Мына сәлем ханыңнан,
- 3300 Қабыл көргін жаныңмен.  
Құдайберді баласы —  
Әлібек деген Жанысқа.  
Әкеңнің берсін иманын,  
Аман еді барыста,  
Шалқайма, жатып алыста.  
Жақында болса, сырласып,  
Айқайлаған алысқа.  
Хан Тұрсынмен, мінеки,  
Тағы түстім жарысқа.
- 3310 Ер өледі намысқа,  
Барларыңды қарышта.  
Менің дерегім,  
Иә, өлтіріп, өлемін.  
Бұяқтан қаппыз мұндай боп,  
Ояқтан тасып кеп едім.  
Естігенде, жүре бер,  
Біреумізге серт болды,  
Өзір осы келгенім.  
Ұлы жүздің бәріне айт,
- 3320 Жасың менен кәріңе айт.  
Сіргелі мен Қаңлыға айт,  
Жалайырға барып қайт.  
Жетіден жетпіс жасаған  
Іске ілінер қалмасын,  
Істің қиын жайын айт.  
Суанға, Албан сәлем айт,  
Дулат атам ұлына айт,  
Жалғанын айтпа, шынын айт.

- 3330 Үлди менен өріңе айт,  
Оңың менен солыңа айт.  
Қатыны кетсе, байына айт,  
Жесірі кетсе, қайнына,  
Әкесі өлсе, ұлына айт...  
Екінші сәлем айтайын:  
Орта жүз Шаншар еріме,  
Басшы деймін еліме,  
Білдіргін хабар тезінен,  
Құрбы, қатар теңіңе.  
Арғын, Найман еліңе,
- 3340 Көші-қонмен жүрген-ді  
Сарыарқаның жерінде.  
Тоқсан бір баулы халық еді,  
Сансыз қыпшақ жегіңе.  
Қоңыратың да қалмасын  
Сырдария шенінде,  
Бала-шағаңа арыздас,  
Кім өліп, кімдер қалады,  
Разы болып өлімге.  
Қатаған қыпты былайша іс
- 3350 Қалмақта жүрген жерімде...  
Үшінші саған сәлемім:  
Кіші жүз Алшын Жидебай,  
Есекең жауға бармайды,  
Алды-артын жинамай.  
Түрін аңда наманың,  
Әлім ұлы, Байұлы,  
Алшын, Жаппас, Тамамен,  
Жетірулар хабарын.  
Хатым тисе қолыңа,
- 3360 Екі көзім жолыңда.  
Бір күн де болса, кідірсең,  
Әуелі түсем соңыңа.  
Ас ішсең, шала іш, тоймағын,  
Күліңді жерге қоймағын.  
Шаң болса жүз бен қабағың,  
Лай болса аяғың,  
Жұмастан бері жөнегін.

- Енді арманда қалмашы,  
Үш алаштың баласы,  
3370 Ақыры бір Құдай аласы.  
Басың болса өлімде,  
Малың болса, таланда,  
Бұ да ғой ада қалғаның.  
Иә, адам бол, ада бол,  
Ең қысқасы, болғаным:  
Үйде қалса, қоймаймын,  
Әуелі соны жайлаймын.  
Бұрынғы ұрыс ойыншық,  
Хан Тұрсынмен ойнаймын.
- 3380 Ол жеңсе, қылар білгенін,  
Мен жеңсем, тұяқ қоймаймын,  
Сөзі тамам наманың.  
Кезігелік сол жерден,  
Ертелі кеш келе бер.  
Мен іздесем табайын  
Түркістанның ар жағы,  
Шымкент жақын күншілік,  
Арыстың салқын аралын».
- 3390 Осындай хабар айтты елдеріне,  
Қара көк шынжыр балақ ерлеріне.  
Сарыарқа, Еділ, Жайық, Сібірдегі,  
Көкшетау, Орынбордың жер-жерінде.  
Лаж жоқ бұғып жатқан жазған халық,  
Бәрі де бөлінеді елді-елінде.  
Олжа боп жетім, жесір, қираған жұрт,  
Баршасы қайыл болып өлгеніне.  
Шымал мен шегірткедей еніп жатыр,  
Тау күйіп, тас өртеніп жүргеніне  
Топ-топ боп, будақ-будақ шаң шығарып,
- 3400 Жер күйіп, күн қараңғы жүргенінде.  
Қос атын, азық-түлік қамдап алып,  
Жарамды ат сайлап мініп ерлері де.  
Айбалта, алтын сауыт, тілла қалқан  
Ерлердің жарасқылық жүргеніне.  
Ағаш үй, киіз туырлық жазған қазақ

Білмеймін кез боп қалды іргеліге.  
Армансыз алды-артын жинап болды,  
Неше ай, неше уақыт күндерінде.  
Шолғыншы алды-артын тығыздайды,  
3410 Күтініп, қарауылдап түндерінде.  
Сақасын иірмекке қолына алды,  
Бал еді Ешен берген ілгеріде.  
Үстіне тіллә дабыл тастаушы еді,  
Бет алып жау тарапқа жүргенінде.

Ту қара қойдың асығы,  
Қашқардан келген асылы.  
«Тайғақ кешу, тар жолда  
Көз жасын көр жесірдің.  
Жетім, жесір, балалардың,  
3420 Бола ма мүддем, болмай ма,  
Бәйгеге тіктім басымды?!

Пірім берген, ақ сақа,  
Осы күнде мен қапа.  
Көрейінші бір опа,  
Алдап кетіп жүрмегін,  
Жұмыс болып бейопа.  
Алшың да сенің жаудікі,  
Тауаң да сенің жаудікі,  
Бүке-шікең жаудікі,  
3430 Хан Тұрсындай хандікі,  
Іс ағына айналса,  
Бір-ақ оңқаң менікі.  
Төтендесе оныкі,  
Тураласа менікі,  
Оңқаңды көрсет, жануар».

Осындай деп ұстады,  
Тастауына нұсқады.  
«Әумин» деп қол жайып,  
Иісі қазақ жасқанды.  
3440 «Аллаху әкпар» деді де,  
Тіллә дабыл үстіне,  
Лақтырып тастады.  
Дірілдеп барып қисайып,  
Оңқасынан жанышталды.

- «Оңлайтын күнің бар ма?» деп,  
Қазақтар шулап жіберді,  
Күңірентіп тау мен тастарды.  
Айқай салып «Алла» деп,  
Есім хан төре бас салды.
- 3450 Нәзір айтып пірлерге,  
Салауат айтып Расулға,  
Иман айтып Құдайға,  
Енді ұрысқа бастады.  
«Әбиір алып осыдан,  
Орнаса мүлкім орнына,  
Аппақ Ешен жолыңа  
Түйеден нар тоғыздан,  
Сиырдан бұқа тоғыздан,  
Қойдан қошқар тоғыздан
- 3460 Тәжі, бақтым әдия.  
Кегін алсам қазақтың  
Хан Тұрсындай доңыздан,  
Тілегім осы бастаған».  
Балдыберек деуші еді  
Сайрам су бір саласын.  
Домбыра шалды бір төбе,  
Азат биік бас жағы,  
Басына шығып төбенің.  
Нағыра шалды Есім хан,
- 3470 Күңіренді тау мен тастары.  
Хайуандар үркіп інінен,  
Құстар тайып у-шудан.  
Жүгірген аң, ұшқан құс  
Дірілдей бәрі бастады,  
Хабарланды даусынан.  
Күншілік жер арасы  
Хан Тұрсынның әскері,  
Қимылдай бәрі бастады.  
Жатқан жері — бел үсті,
- 3480 Қазығұрттың бас жағы.  
Екінші рет айқайда  
Көшіргендей аспанды.  
Жүрексіздер жасқанды,  
Жүрді ерлер ілгері,

- Дүйсенбінің күнінде.  
Жылай берді зарланып,  
Бістық, суық көп көріп.  
Тарынды көріп жерлерді,  
Күндіз-түнді білмеді.
- 3490 Жақсығұл айтты: «Есім хан,  
Ғайып болған Ханымша  
Сонау тұрған жер деді.  
Қалаған тасын көр деді,  
Қаратөбе жер деді.  
Алатаудың қастары,  
Қарамұрттың бас жағы».  
Жылап айтты Есім хан:  
«Е, кермісің, кермісің,  
Қаратөбе, сенбісің?
- 3500 Көзіме суық көріндің,  
Шымкенттің өрі сенбісің?  
Қазақтың ұлын жайлатып,  
Қатағанға байлатып,  
Төрт түлік малын айдатып,  
Талан қылған жермісің?  
Е, кермісің, кермісің,  
Қоңыртөбе сенбісің?!  
Жетпіске жеткен жасында  
Ата-анамды зарлатып,
- 3510 Аяқ-қолын байлатып,  
Пенде қылып айдатып,  
Тарындырған жермісің?!  
Е, кермісің, кермісің,  
Шүтөбе осы сенбісің?  
Таянышым, сүйенішім —  
Қабырғамда қанатым.  
Таласып емшек еміскен,  
Тай-құлындай тебіскен,  
«Ағамды жалғыз көрсем» деп,
- 3520 Жолығуға зар болып,  
Өркімдерден түрткі жеп,  
Жалынып жауға, жалтаңдап,  
Көре алмастан арманда,

- Ғайыптан болған жалғанда,  
Қарындасым Ханымша  
Зар жылатқан жермісің?  
Апырмау, қайдан сені көргенім-ай,  
Көріндің көзге суық жерлерім-ай!  
Не қырғын, не пәлені өткеретін
- 3530 Түркістан, Шымкент, Сайрам ерлерім-ай!  
Ойлансам есеп қылып, бір жыл бопты,  
Қалмақтың барып қайттым өрлеріне-ай.  
Кір төгіп, кіндік кескен жерім ғой деп,  
Әйтеуір отаным деп келгенімді-ай!  
Не қырғын, неше ойран істер көріп,  
Бейажал уақыты жоқ өлмедім-ай!  
Алды ел, арты дұшпан боп жүрсің деп,  
Құдайым көп ермекті бергені-ай!  
Су құйып, отын алып, «жалғызым» деп,
- 3540 Бейшара тірі сұлде жүргенің-ай!  
Қандарын Қатағанның суша ағызсам,  
Бадамның сайрам сумен өрлерінде-ай.  
Түркістан өскен жерім, Шымкент қала,  
Бір жағың Шолаққорған, Созақ жана.  
Сыртымнан қарай-қарай келеді деп,  
Жүрген-ді тілеулес боп қатын-бала.  
Тілеуін солардың да қабыл етіп,  
Өткен күн екі айналып келсе жана.  
Ұядан екеу едік ұшқанымда,
- 3550 Бұл күнде жеке тамыр болдым дара.  
Көгертіп арт жағымды дуа алғызып,  
Сүйінтсін ақырынан Алла тағала.  
Бейнетті, қайғыменен жояр ем-ау,  
Көріссе сау-саламат ғаріп ана...  
Сырбаз ет, сары қымыз Шымкент едің,  
Семіз сөз, салқын жайлау бір кент едің.  
Жайылған шымалдай боп төрт түлік мал,  
Аңқайып қалыпсың-ау, дүр кент едің.  
Алдымнан келерімде пәле дайын,
- 3560 Айналып жыл құсындай бір кетемін.  
Есім хан әгәр өзгермесе,  
Бір қара қарсы жауға көрсетермін.  
Болмаса Құдай бекер, Құран жалған,

Баласын өзімдей қып еңіретермін.  
 Қорымал мендей қазақ біте бермес,  
 Жүз жасап парлағанда мен де өтермін.  
 Бір көрсем қайта айналып қазақ сені,  
 Берсе егер ықтиярын көп кетердің.  
 Артымнан бұл қалыппен ере берсең,  
 3570 Бәлеге қарсы келген міндеткермін.  
 Өнерлі Түркиядай болмасаң да,  
 Ауғандай Иранменен қып кетермін.  
 Өлгенше өзім, қазақ, қор қылмаймын,  
 Онан соң ит пен құстың жеп кетерін.  
 Шұбалған шаңы шығып, жауым шығар,  
 Тездетіп саптарыңды, ту көтергін.

Шыдамай Есім хан келеді,  
 Дүбір жақын кеп еді.  
 Арғымақтар еліріп,  
 3580 Алды-артына төнеді.  
 Қайта-қайта пысықтап,  
 Насихат айта береді:  
 — Үлкені едің алаштың,  
 Басшысы ең Ұлы жүз — Жанастың.  
 Әлібектей өз аға,  
 Жақын келді жауыма.  
 Ту ұстаған ерімсің,  
 Таяу тұрған соңыма.  
 3590 Әзір боп, оң мен солыңа  
 — Жақсығұлдай мергенім  
 Оғың тайса, өлгенің,  
 Мылтығыңды ал қолыңа.  
 Түнерген қалың тобына,  
 Түтінін қос түтінге.  
 — Алатаудай батырым,  
 Бар күшінді шақырғын,  
 Әзір бол, сенде тобыңа,  
 Дайын бол, сенде тобыңа,  
 Дайын бол, Шаншар, сабыңа.  
 3600 Өлмей пенде қайтпасын,  
 Қайта-қайта дайында,



- Ажырайып, қарулан,  
Сескенең дұшпан айбынға.  
Құшақтасып өле бер,  
Адасқан көппен қалыңға.  
— Жидебай батыр, жиналғын,  
Дестелеп тобын, жамқарғын.  
Әлімұлы, Байұлы  
Жетірулар жамдарың,  
3610 Қамданғын, ерлер, қамданғын!  
— Сүлеймен қайда, бармысың?  
Алды-артын шол қосынның.  
— Жиёмбет батыр — сардарым,  
Дос пен қасты аңлағын.  
Дабыл түйіп, ұран сап,  
Желбіреткін туларды,  
Сескендіргін қуларды,  
Аңырат енді сырнайды.  
Топтың қойып ішіне  
3620 Жүрексіз жаман қуларды.

- Жау сарыны ұлғайды  
Бара-бара еліріп,  
Судан шыққан жануар,  
Астында тұлпар тұрмайды,  
Ортекедей ойнайды.  
Дәл сол күні, халығым,  
Есім хан түрін айтайын:  
Алдын бастап әскердің,  
Айдай болып жамалы.  
3630 Жарық болып қараңғы,  
Тілла жыға, көк сауыт  
Басында төжі жағалы.  
Гауһардан көз орнатқан  
Алтын кемер белінде,  
Бүктеме семсер қолында,  
Айбалта алтын қолға алып,  
Өбжыландай толғанып,  
Етек-жеңін сыбанып,  
Сақал-мұрты тебіндеп,

- 3640 Жиырмаға жетпеген,  
От шашырап көзінен,  
Тірескен аман кетпеген.  
Қабағынан қар жауып,  
Кірпігінен мұз тоңып,  
Жауатын күндей түнеріп,  
Жауап қатпай пендеге,  
Жан-жағына еліріп,  
Күн түскендей жарқырап,  
Сәулесі басып әлемді,
- 3650 Көргенше құмар ұрысты.  
Бір саласы Бадамның  
Дейтұғын Тоғыс бір жер-ді.  
Қалған қазақ қарсы кеп,  
Тоғысқа келіп тоғысты.  
Екі жағы өзеннің  
Екі бөлек боп түсті.  
Шатырын тікті хан Тұрсын  
Шатыртөбе дегенге.  
Тауға қарай ығысып,
- 3660 Арқасын сүйеп кемерге.  
Бадамға жақын өзенге,  
Есім хан да сап тартты.  
Мыңбайырды жағалап  
Орда қонды бір ұшы,  
Қоғадай халқы жапырып  
Қоғалы деген өзенге.  
Үркер мен айдай тоғысып,  
Қас пенен дос кез келді.  
Белтек шықты ортадан,
- 3670 Мұны да баян қылайын:  
Ханы еді қырғыздың  
Ер Көкім би деген-ді.  
Алатауды жайлаған,  
Киіктей болып ойнаған,  
Бұлаң-бұлаң тауларды  
Өтен қылған неме еді.  
Бір тайпаға тең еді,  
Қырғыз деген ел еді,

- Жұлдыздан да көп еді.  
3680 Сыбайлас жұртқа белгілі,  
Есім хан мен хан Тұрсын —  
Екеуінің дерегі.  
«Жеңген жаққа қосылып,  
Олжа алсам», — деп еді,  
Бұ да үміткер ел еді.  
Дүниеге көзі тоймаған,  
Пікірлі айтты ниетін.  
«Маған жәрдем бергін» деп,  
Екі жақ та кеп еді.
- 3690 Қағазбенен хат беріп,  
Мүддесін жазып ап келіп.  
Хан Тұрсынға Есім хан  
Елші қылып жіберді.  
Нама сөзі бұл еді:  
«Хан Тұрсын, саған сәлемім,  
Жасың үлкен аға едің.  
«Ақыры болар бір жайлы,  
Мұсылман ғой» деп едім.  
Бұрынғың да — ауыр іс,  
3700 Қашқарға барып кеп едім.  
Құнын кешіп әкемнің,  
Жетім-жесір, баланың,  
Іні мен үлкен ағаның,  
Төрт түлік мал тамамын.  
Әбілғазы бітіріп,  
Сақалыңды құрметтеп,  
Тапсырдым да Құдайға,  
Пәлен-түген демедім,  
Кешіріп ауыр күнәңді.
- 3710 Өз көңілімдей көрдім де,  
Ант пенен сертке сендім де,  
Азат қылып жібердім.  
Надан достан — зерек қас,  
Таяныш сені деп едім...  
Дұшпанға ғазат жөнедім,  
Жайылған мал, жалпақ үй,  
Мынау бопты өнерің,  
Кездестім, қайтып кеп едім.

- 3720 Әуелі менен өтініш —  
Білмегенді кешіріс.  
Құдай, аруақ күтейін,  
Алдыңнан тағы өтейін,  
Кім өліп, кімнің қалуы —  
Пешенеді жазылыс.  
Жарамайды асығыс,  
Даяр тұр ғой бір ұрыс.  
Аяғы қозы, лақтан,  
Бұзау, тана, торпақтан,  
Төрт түлік мал әмбесін,  
3730 Қалдырмастан тамамын,  
Үй мұкамбал, айнамды,  
Жырытмастан біреуін  
Жарамасын, жарарын,  
Жетім, жесір, көрі, жас,  
Құл менен күң, қарабас,  
Бесіктегі баланың,  
Досыңменен ойласып,  
Жай бағыстап, жайғасып,  
Нысапқа келіп, бергейсің.  
3740 Ханға десең бұяғын  
Осылармен тынайық,  
Құдайға жөн қылайық,  
Дінге қылыш ұрмайық.  
Мың толғанып, ойландар,  
Үмбеті бөрі Пайғамбар  
Көрмеген бар, көрген бар,  
Қырықта қызыр, мыңда өлі,  
Дуалы ауыз ерлер бар,  
Жалғыз-жарым, көріп бар,  
3750 Хан Тұрсын аға, не дейсің?  
Тездікпен жауап бергейсің.  
Егер жазым боп кетсең,  
Дүниеге екі келмейсің.  
Жөнделіп жөнге жүргейсің,  
Қысқасы сөздің, өлмейсің».  
Елші болып Көкім би,  
Амандасып, көрісіп,

- Хан Тұрсын барды алдына.  
Жауаптасып, сөйлесіп,  
3760 Отырды барып жанына,  
Қағазды беріп қолына,  
Мағлұматын білдірді.  
Әр қилы кеңес жүрдірді,  
Уәзір, сәргер, жәміне.  
Құлақ салып отырды,  
Қайтатын жауап сарынға.  
Қатағандар бас қосып,  
Мәслихат құрып, ойласып,  
Неше күн-түн жиылып,  
3770 Бір жерге ерлер үйіліп.  
Хан Тұрсынның жауабы:  
«Есім хан, рас айтқаның,  
Мынаны оқып байқағын.  
Жап-жас қана басыңмен  
Осынша жасқап қайтардың.  
Ұнаған жақтан есіріп,  
Семірген екен сайтаның.  
Басында ер боп қылып ем,  
Лоққыңнан неге қорқайын?!
- 3780 Ұзыннан өш, қысқа кегім бар,  
Бұрынғы тек атаңның,  
Соның зарпын қайтардым.  
Бұл олжа кеткен қиынға,  
Айналып келмес жиюға,  
Арыстанның аузына,  
Түркпеннің түбіне,  
Пәрғана, Бұқар кенітке,  
Қарақалпақ, Қатаған,  
Өзбек, сарт, тәжікке,
- 3790 Дария мен шөліне,  
Қыстақ-қыстақ еліне,  
Бөлек-бөлек ауылға,  
Ылди менен өріне,  
Өлі менен тіріге.  
Болар ма еді бір сәп,  
Келе алмай тұр бергім де,

- 3800 Үлесіп тозған әркімге,  
 Мұны қайтып жинайын.  
 Дуана боп қайтіп ақтайын,  
 Алтын, күміс, гауһар тас  
 Дүниемен сыйлайын.  
 Түтінге салық салсам да,  
 Өстіп ізет қылайын.  
 Тиместікке шарт қылып,  
 Өткен іске тоба деп,  
 Бала орнына бала деп,  
 Жөні келсе аға деп,  
 Көңілімді ағартып,  
 Қайтадан іні қылайын.
- 3810 Мұны қабыл қылмасаң,  
 Қасарып тағы, шындасаң,  
 Қыласың да білгенің.  
 Қолынан не келеді,  
 Аз ғана елдің дерегі.  
 Әуелі менен көп еді,  
 Шілдей тозып қазағың,  
 Қалғаны болса, жөнелді.  
 Үркердей сорлы ел болдың,  
 Еріксең, жемім сен болдың.
- 3820 Қалай қылсаң, олай қыл,  
 Екінші пәлен деме енді.  
 Көкте дұшпан, жерде қас  
 Қатағанның елі еді,  
 Шегірткедей орады.  
 Қорықсам мұндай қылмас ем,  
 Көп айтып, азбан сойылмас,  
 Көттеріңді көрелі».
- 3830 Мұңайып, пікір ойланып,  
 Алдырған нанын сарттай боп,  
 Көкім би қайтып келеді.  
 «Өздерің оқып көріңдер,  
 Білмеймін қағаз не дейді».  
 Есім хан оқып көрсетті  
 Қағазды қазақ ұлына,  
 Бұрылып оң мен солына:

- Қара қол, дана, кәрі, жас,  
Бәріңе де тәуір ме?  
Айналды жұмыс ақырға —  
Ойланбаңдар мен үшін,  
3840 Жорысаң көрген бұл түсім.  
Артымда жылар балам жоқ,  
Қатын, інім, ағам жоқ.  
Бар болса қапты бір шешем,  
Өлі, тірі хабар жоқ.  
Қайда барсам, әзізбін,  
Іс тұтпаңдар «маған» деп.  
Жұртым үшін туғанмын,  
Қынай белді буғанмын.  
Қорыққаның қайт ауылға,  
3850 Ұрынбай тұрып қауырға.  
— Көкім би, тағы барғын да,  
Шекараға тез келсін,  
Шартнамаға қол қойсын!  
Тігерге тұяқ қоймасын,  
Қазақтың жеңсе баласын,  
Арманда, қапы қалмасын.  
Егер оны мен жеңсем,  
Осындай дедім жобасын.  
Қимап едім, ілгері,  
3860 Осы ма еді білгені?!  
Кім өліп, кімнің жыласын  
Пешенеңде сынарсың,  
Қараны Құдай табарсың.  
Қарар қылды ұрысқа  
Бітіре алмай қалыс та.  
Екі жақ та мөр басып,  
Қол қойысты қағазға.  
Көкім би жазды намасын,  
Жарысты күтіп қарарсың.  
3870 Ұрыстан хабар білінді,  
Дабыл, керней ұрылды,  
Үсті-үстіне түйілді.  
Қорқақтар шошып,  
Ерлері атқа жүгірді.

«Жекеге кім шығар» деп,  
 Көргенше жұрт құмар боп,  
 «Кімнің аты жесір боп,  
 Иесіз босқа қалар» деп,  
 Майданға барша үңілді.

### *Майдан*

- 3880 Қатаған, қазақ қарады,  
 Есірік, аңқау, ер шалыс  
 Қазақтың бірі бар еді.  
 Серендеген жаманы,  
 Көрнекті еді қарамы.  
 Болмады шығар адамы,  
 Оң-солына қарады.  
 Кеткен еді олжаға,  
 Некеленген алалы,  
 Жүруші еді шыдамай
- 3890 Шыққанша ұрыс хабары,  
 Қалмастан сабыр қарады.  
 Есім ханнан бата алып,  
 Ала атына аттанып,  
 Шекесін тартып жібекпен,  
 Майданға жетіп барады.  
 Ат ойнатып көлбеңдеп,  
 «Жеке» деп айқай салады.  
 Ояқтан да табылды,  
 Мінасар байғұс адамы.
- 3900 Өзі сыпат бір байғұс  
 Қарама-қарсы барады.  
 Екі жақтан ырғалып,  
 Біріне-бірі көз салып,  
 Шанышуға келгенде,  
 Екеуі қалды тоқталып.  
 Әлі тұр, ерлер әлі тұр,  
 Найзаларын шоштиып.  
 Жұрт қайран боп қалады,  
 «Жын ұрды ма бұларды?»
- 3910 Ет пісірім тұрады.



- Шыдай алмай Сүлеймен,  
Барып көрсе аттанып,  
Жүрегі болмай шаншуға,  
Көздерін жұмып тұр екен.  
Екі салды қамшымен,  
«Сендерді Құдай алсын» деп,  
«Сорлылар неғып жүрсің» деп,  
Кейіп-кейіп екеуін,  
Екі жаққа қайтарды.
- 3920 Онан кейін Сүлеймен  
Өзі келді Есімге:  
— Түсіп тұр бір сөз есіме,  
«Сағындым» деп ата-анам  
Кіріп еді түсіме.  
Екі-үш күндік өмірім,  
Өтермін кіші бесінде.  
Аруақ жолдас хақым бар,  
Жас бала, жесір қатын бар.  
Қарайлап, қармап, қарай жүр,
- 3930 Бір ердің, — деп, — тұяғы  
Орнына санай жүр.  
Сиқымбай деген ұлым бар,  
Он алты да жасы бар,  
Жалғыз еді өзімде,  
Ісі орнына келмей жүр.  
Нешеуі менен өлерін,  
Майданға кірмек табым бар.  
Осыны айтып Сүлеймен,  
Майданға қарай самғады,
- 3940 Атқан оқтай парлады.  
Сабыншының жолындай  
Шұбатылып шаң қалды.  
Боз арғымақ астында,  
Ошақтай көрмес аңғал-ды.  
Хан Тұрсынға жалтаңдап,  
«Бос қойма» деп майданды.  
Хан Тұрсын бұған жұмсады  
Қараман деген сардарды.  
Көрген соң ерлер қарасын,

- 3950 Екеуі де оңланды.  
Жаман кетер дерексің,  
Жақсылардан ат қалады.  
Қараман шапты зырқырап  
Шатыртөбе баурынан.  
Сүлеймен барып айқасты  
Мыңбайырдың тауынан.  
Айқай, сүрен бергенде,  
Тігілісіп келгенде,  
Қараман батыр жығылды
- 3960 Қара арғымақ саурынан.  
Болжай алмай халық тұр,  
Арылғанша шаңынан.  
Артта қалды мал-басы,  
Хан Тұрсынға көз жасы.  
Қарамандай ерінің  
Аспанға ұшты найзасы.  
Сүлейменге бұйырды,  
Ат, қылыш, сайман, олжасы.  
«Өттең ғана ерім» деп,
- 3970 «Арманда болып, қалдың» деп,  
Хан Тұрсын басын шайқады.  
«Неғылып шыдап тұрсың?» деп,  
Інісіне айтады,  
Өлгенін бұ да байқады.  
Ақыры қандай боларын,  
Әуелгі ісі шайналды.  
Атының белін тартады,  
Үйіне сәлем айтады.  
Түрлі қиял ойналды,
- 3980 Жалаулы найза қолға алды.  
Атқан оқтай жылыстап,  
Сүлейменді пайлады.  
Сілкінткен ерлер бір елді,  
Қазасына кез келді.  
Мұны да шанышты жүректен,  
Өкпесіне тірелді.  
Бұ да түсті олжаға —  
Шарайна қалқан, үдері.

- Несін айта берейін?  
3990 Сүлейменнен сол күні,  
Жекелеп келіп, оны өлді.  
Уақыты шам кеші боп,  
Барабан, дабыл ұрылды,  
Жай-жайына қайтады.  
Қарауылдар ұйықтамай,  
Шолғыншылар жортады.  
Атырабын байқады,  
Бүркеніп жатыр көрпесін  
Есіңгіреп қорқағы.
- 4000 Сүлейменді Есім хан  
Түнімен алып қасына:  
— Үзеңгі жолдас, сырласым,  
Бір гүлі төжім сен едің.  
Бақ серіктес басымда,  
Әбиір берсе осыдан,  
Арт жағынан шошыма.
- Ұйықтамай таңды атырды.  
Намаз оқып халық тұрды.  
Ұрысқа құлақ сап тұрды,  
4010 Бүгін қандай боларын.  
Қазақты бір күн шат қылды.  
Хан Тұрсындай ханыңыз:  
«Оңтайлы енді кім бар» деп,  
Таң-тамаша боп тұрды.  
Көңілінен өткеріп,  
Жаманды-жақсы парық қылды.  
Бар еді бір ер кезеңді  
Зарпы тиген көп елге.  
Олжа, жесір, жетім қып,  
4020 Қазақты қанша жамсаған.  
Әр аттанып келгенде,  
Жылаған бала жұбанып,  
Зарпынан үркіп, шұбалып,  
Қазақтар шошып түсінен,  
Ұйқыдан шошып оянған,  
Айрылмас батыр дегенде.

- Жастығыма ап жатсам,  
 «Кезіксе» деп Сүлеймен,  
 Шықпай тұрып үйінде  
 4030 Нәзір айтып піріне.  
 Хан Тұрсын айтты хабар қып,  
 Самсаған қалың көп елге,  
 Жоғары мен төменге:  
 — Күйе жағып бетіне,  
 Жамандар, сенен түңілдім.  
 Көп болар әлі бұл күнің,  
 Келген жерден сүріндің.  
 От басында томпайып,  
 Қатыныңа мақтанып,  
 4040 Істемекке құмарсың,  
 Жата кетсе талтайып.  
 Өзіміз қылған жұмыс та,  
 Датты кімге айтайық?  
 Қазақтан шықса бір жалғыз,  
 Құлай кетіп жантайып,  
 Дөңбектей боп тоңқайып,  
 Жығыласың, қаласың,  
 Барасың да шолтайып.  
 Ауыздарың ашылып,  
 4050 Бұзылған тамдай аңқайып.  
 Туғанда бос туып ең,  
 Қылжырайып, қисайып...
- Басында неше шауып, олжаны алдың,  
 Мен емес, жалпы бәрің олжаландың.  
 Қоймастан түтін тергеп, адам санап,  
 Өзіме тоқтатпадың қолда барын.  
 Шашыңның есептесем түгі жетпес,  
 Қолында сап-шоты молдалардың.  
 Шыршыққа малдың қаны судай аққан,  
 4060 Олжасы Арқа, Жаркент, Құлжалардың.  
 Тегін ас, етің түгіл сүйекке өтіп,  
 Еңкейген, еңбектеген ырзаландың.  
 Тізеден қан болғанда, беліңнен май,  
 Білмейсің мұны неге, мырзаларым?

- Құл жұмсап, шоры от жағып, көңілің хош,  
Тегін мал, аузың аста, құрғамадың.  
Ойланшы енді ақырың не болады,  
Есім хан, жазым қылып, жеңсе бәрін?  
Құдайдың мендей баста ұрғаны жоқ,  
4070 Сөзіме өзім айтқан тұрғаным жоқ.  
Самалы Есім ханның оңала ма?  
Барады шуу дегеннен ырғағы көп.  
Өзіреті Адамнан бермен қарай  
Бақ-дәулет бір қалыпта тұрғаны жоқ.  
Жамшит, Зәқық, Придом, Самнаримен  
Жаһанды неше талқан қылмады кеп.  
Ескендір, Шаддат, Намірет, Сүлейменге,  
«Еш опа, — айтады ғой, — қылмады, — деп».  
Үрістем дүниені дүр сілкіндіріп,  
4080 Ақыры жазым еткен інісі кеп.  
Өзінің әмірі жүрсін заманында,  
Жан болған осылар да ақылы көп.  
Шеріден Өзірет Әлі бақ қайтқанда,  
Мауия зорлық қылған ақыры кеп.  
Қашырған дәу, періні Қойқаптан  
Алмадай тауларды атқан опырып, жеп.  
Ер Асан Пайғамбардың сүйген ұлын  
Жайлаған заһарменен қатыны кеп.  
Опасы дүниенің сәл-ақ екен,  
4090 Мысалы, әуелі бар, ақыры жоқ.  
Тұқымын бір тайпаның құртар болдым,  
Шулатып құлағымды «кесірлі» деп,  
Жаман ат қияметке алып кеттім.  
Адамнан өлі-тірі кесірім көп,  
Қалды ма ажал шіркін таянып-ай!  
Түс көріп, түрлі-түрлі қиялым-ай!  
— Айрылмас, жекеге бір өзің шықшы,  
Кәдімгі істі бастап баяғыдай.  
Қойша айдап көше қырып, шауып,  
4100 Шыршықтың қып тасташы, аралындай.  
Кірбіңі көкіректің бір ашылсын,  
Тамырым үш жүз алпыс оянып-ай!  
Қар жауып кірпігіңнен, мұздар тоңып,  
Қайтпайтын қасарғанды ада қылмай.

- Қазақ пен қатағанның хандарына  
 Қара жер бір қаларсың боялып-ай!  
 Хан Тұрсын осылай деп, бата берді.  
 Қойдан қошқар, түйеден нар атап енді,  
 Сауыттан алтын жаға тоғыз берді,  
 4110 Құнымен бір-бір қыздың қатар еді.  
 Бүктелген бір-ақ уыс семсер берді,  
 Деміне шақырымнан тартар еді.  
 Заманынан Әмір Темір бері қарай  
 Бұрышында қазынаның жатыр еді.  
 Он кілем, бір қап күміс тағы берді,  
 Қатарынан бес жүз адам жатар еді.  
 Біреуін өзге жерге апарғанда  
 Пәлен алтын, тіллөдан сатар еді.  
 Жететін жеті пұтқа зерлендірді,  
 4120 Баяндап, қайсы бірін айталы енді.  
 Хан Тұрсын қазынаға сондай толық,  
 Лақап қылса, Қытаймен қатар еді.  
 Қырғынмен неше сапар таусылады,  
 Қымбат шаһар Қоқан мен Бұхар еді.  
 «Адамның жанынан бөлек табылар» деп,  
 Сол күнде жердің жүзі айтар еді.  
 Хан Тұрсын қазынаның аузын ашты,  
 «Тарынған басын малға сатар» деді.  
 Айрылмас армансыз боп шықты жеке,  
 4130 Баяндап майдан жерді айталы енді.

### *Айрылмас батыр*

- Енді батыр қам қылды,  
 Үстіні еді айбынды.  
 Қаһарына шыдамай,  
 Сауыттары айрылды.  
 «Жетеуінен өтер» деп,  
 «Сегізі әлде қайтер» деп,  
 Тоғыз қабат жам қылды.  
 Қалың мақта ішінен  
 Сырытып барып, жайдырды  
 4140 Керіктің қалың терісін,

- Басына қалқан қойдырды.  
«Түтеген мылтық тиер» деп,  
Көзінің алдын тор қылды.  
Кемінің бәрін толтырып,  
Тіллә дабыл төңкеріп,  
Қара арғымақ жабдықтап,  
Бектергісін тоқ қылды.  
Шекесін тартып жібекпен,  
Жалаулы найза қолға алып,  
4150 Көрнекті үлкен төбедей,  
Дарияға жүзген кемедей,  
Майдан жерге кеп тұрды,  
«Жеке, жеке!» деп тұрды.  
Қазақтан барды бір жігіт,  
Бата алып жекеге.  
Бір-ақ шаншып түсірді,  
Келіп еді төтеге.  
Қолындағы найзасын,  
Жығылды барып, көтере.  
4160 Артынан келіп ағасы,  
Оның да келмей шамасы,  
Бір кездей шығып көтерді,  
Арқасынан найзасы.  
Лақтырды халқына,  
Көрінбей кетті қарасы.  
Жерге түсіп мида боп,  
Күл-күл болды денесі.  
Жетеуі келіп қазақтан,  
Жекеге шығып ұрысып,  
4170 Қара жерге жайласты.  
Оңына келсе, он шауып,  
Қыратынан қырық шанышты.  
Аударылып, ат шауып,  
Жарқыратып жон асты.  
Келмеген соң еш адам,  
Садақ тартты келеме,  
Керіп-керіп құлашты.  
Әрбір атқан оғынан  
Он бес адам сұлатып,

- 4180 Не қылса батыр жарасты,  
Қазақ халқы бір састы.
- Жекеге ешбір адам келмей тұрды,  
Атқан оқ бірді-бірді ұрындырды.  
Көздеген не ерлерді көкке ұшырып,  
Мауырытте туға жақын келіп тұрды.  
Қосынға мауырытында араласса,  
Алдынан дүркіретер жүзді, мыңды.  
Қазақтан сапсыз кеп олжа алған,  
Үзіп жеп, оза шауып, неше түрлі.
- 4190 «Сүлеймен, не Жиёмбет бірің кел!» деп,  
Айқайлап шамалыға келіп тұрды.

### *Сүлеймен батыр*

- Естіген соң сарынды,  
Қамданып батыр Сүлеймен,  
Қабаттай шапты қалыңды,  
Шаршамапты қалыбы.  
Ошақтай болып ойылып,  
Шапқан жері айрылды.  
Үй жақындай екпіні  
Жауаптасып азырақ,
- 4200 Қарама-қарсы боп тұрды.  
Айрылмас сонда сөйледі,  
Сөйлегенде не деді:  
— Қош, палуан, келесің,  
Сын-сипатың төресің.  
Аты-жөнің баянда,  
Кім деген өзің немесің?  
Осал неме емессің,  
Мына түрің тұрғанда,  
Қара тасты бөлесің.
- 4210 Біріміз абиыр алармыз,  
Халқың үшін келгенсің.  
Сүлеймен сонда сөйледі:  
— Асылым қазақ еді,  
Баяндайын жайымды:



- Жақсы-жаман болсам да,  
Көңілімде арман қылатын  
Бір адамым бар еді.  
Жылаған бала жұбанып,  
Қалың қазақ халқыма  
4220 Тіпті даңқы зор еді.  
Жолығып өлсем, арман жоқ,  
Көңлімді мүлік неме еді.  
Шыққанымда ауылдан,  
Қорасанға қой айтып,  
Әулиеге ат айтып,  
Тілеп едім Құдайдан.  
Көпті көрген бір ерсің,  
Сол айтқаным сенбісің,  
Айрылмас деген ер еді!  
4230 Айрылмас айтты атынан,  
Баяндап ұрық затынан:  
— Мұратыңа жетіпсің,  
Дұрыс ниет халқыңнан.  
Менің де шықпай жадымнан,  
Тілеуші едім сыртыңнан.  
Қырғынында Шибан хан  
Бір сұлу жесір алыпсың.  
Бір ата, бір анадан,  
Туып ем сол қатынмен.  
4240 Табыса алмай екі жұрт,  
Бара алмай осы қауіпінен.  
Кектеспін сол уақыттан  
Дос пенен қас болсам да,  
Бір құмақшы ем артыңнан.  
Ұрыспай қайтсақ, һәм намыс,  
Дос екенбіз, қас болдық,  
Ер ажалы жақыннан,  
Бір ажалы қатыннан.  
Әйелге ажал баладан,  
4250 Ақ та күйер жаламен.  
Өлтіреміз, өлерміз,  
Қалды ма перзент артынан.  
Сүлеймен айтты: «Жүйелім,

- Бұл сөзіңе күйемін.  
Өзі өліп, арты бар,  
Сиқымбай деген бұл күнде,  
Он алты жасар жиенің.  
Өзіңе тартса, қор болмас,  
Құдайдан осы тілегім.
- 4260 Келіп едік екеуміз  
Екі жұрттың ары үшін.  
Құда деп, құн кешпейді,  
Сібіт болар білемін,  
Сатпайық сүйек, көп елді.  
Шартнама Құран боп еді,  
Өлтіріп, яки өлсек те,  
Бір-бірімізге ырза боп,  
Қияметте көрейік.  
Ізетің болса, қыла бер,  
Кезегіңді берейін.
- 4270 Армансыз қамдан, қайыным,  
Айтқан жездең — мен едім.  
Айқай салды: «Берік бол» деп,  
Шатыртөбе барды да.  
Алатаудың жанында,  
Айқайына селк етті,  
Халықта жүрек қалды ма?  
Аты үркіп біреудің,  
Домалап түсті алдына.
- 4280 Ұрыс деген оңай ма?  
Иман айтып Құдайға,  
Оқ келеді зырқырап,  
Сүлеймен қарсы жайында,  
Қақ жүректен тиеді.  
Шыдай алмай зарпына,  
Жер кеміріп жануар,  
Боз арғымақ сиеді.  
Босатты жүйе-жүйені,  
Ері кетіп быт-шыт боп,
- 4290 Тоқымға желдік мінеді,  
Тоғыз қабат өтіп сауыттан.  
Кезегін алып атпаққа,  
Айрылмас келді жайына.

- Қайым тұрды жолына,  
Толғап-толғап садағын,  
Өткірін алды қолына.  
Нысана қойып атқанда,  
Тоғыз белді төңкеріп,  
Кетпенен тоғыз өтетін.
- 4300 Бар күшімен тартқанда,  
Сәскелік жерге кететін.  
«Кенеп осал болар» деп,  
Жібектен күш берілген.  
Тарамыстап, пайыл қып,  
Қарағаштың қаттысын,  
Қатырып әбден желіммен.  
Жұмсамайтын бекерден,  
Керегіне келгенде,  
Төрт адам жерден көтерген.
- 4310 Ұстаға Әлім соқтырған  
Орай төбе затында.  
Мақтасы қалың қамзолға  
Әлсіз боп оғы тірелді,  
Етіне дарып бір елі.  
Сайрамда сансыз бап,  
Өзірет Сұлтан жар болып,  
Сүйеп қалды бұл ерді.  
Сәл болғанда үш алаш  
Үзіп еді күдерді.
- 4320 Әрқайсында дауыстап,  
Айрылмас тағы үш атты.  
Ақылдан танып базында,  
Ердің қасын ұстапты.  
Сонда дағы дәс беріп,  
Бәріне де шыдапты.  
Сауыттар тозып жұлдыздай,  
Шіріген жерде бөздей қып,  
Шілте қылып жіберді.  
Жарыла жаздап халықтың
- 4330 Қалбыр болған жүрегі.  
Бұрыннан даңқын біледі,  
Көрсетті қанша өнерді,  
Армансыз қылды бұл ерді.

- Тауысқанын құралдан,  
Есім хан да түсінді.  
Қалмақтан артқан қазынаның —  
Бәрінің теңін шештірді,  
Өткізіп көзбен келтірді.  
Алтын жаға кіреуке
- 4340 Тоғыз қабат даярлап,  
Қалдырмастан керегін,  
Еріне гауһар орнатқан,  
Жабдықтаған алтынмен,  
Тіллә дабыл төңкеріп,  
«Жаңалап ат мінгін» деп,  
«Армансыз боп жүргін» деп,  
Көк арғымақ төбедей,  
Алып келіп ұсынды.  
Киіп алып жаңасын,
- 4350 Ескі анжамын шешінді.  
Жарқырайды айдай боп,  
Тұрпаты келіп пішімді.  
Тартпасын қатты тартқанда,  
Көк арғымақ астында  
Уыс боп белі қысылды.  
«Армансыз бол, ерім» деп,  
«Кезегіңді бердім» деп,  
Айрылмас та ұсынды.  
Сүлеймен шықты айқайлап
- 4360 Мыңбайырдың төріне,  
«Кезегімді бердің бе?»  
Шыдатпай садақ сындырды,  
Шіреп-шіреп көрді де,  
Лақтырды Есімге,  
Ортасынан бөлді де.  
Мұны да алды жаңалап,  
Енді төуір келді ме?  
Қалмақтар соққан сары жай,  
Темір ханның елінде.
- 4370 Садақты қолға алады,  
Толғап-толғап қарады,  
Түнерді жаман қабағы.

- Көк арғымақ бүк түсіп,  
Үзеңгіде аяғы.  
Тықыршып аты барады,  
Өлмесе де белі үзіліп,  
Қашан оғы кеткенше,  
Талаусырап қалады.  
Үй жыққандай екпіні,  
4380 Гулеп оғы барады.  
Төсіндегі сауыттың  
Ортасынан жарады.  
Талқандап жыртып әмбесін,  
Денесіне сәл дарып,  
Әлсіз боп оғы қалады.  
Үш мәртебе жіберді,  
Бірінде батты бір елі.  
Төртінші барып атқанда,  
Тура тимей, жантайып,  
4390 Сәл-сәл дарып етіне,  
Сауыттың бәрін талқандап,  
Қаңғырып кетіп барады.  
Там қаралы төбе еді,  
Шалқасынан аударды.  
Шөгіп жатқан түйе екен,  
Онан өтіп, кезігіп,  
Өлтіреді жануарды.  
Керегі болды күрзінің,  
Атысумен болмады.  
4400 Бір-біріне ұран сап,  
Атқан оқтай зырқырап,  
Тіктеп ерлер шабады.  
Шанышқанда тіктесіп,  
Найзалар күйреп қалады.  
Қатты тасты тесетін  
Бұларды не қып аяды?  
Сол күні түс болғанда,  
Түсіре алмай бір-бірін,  
Оннан жиырма найзаны,  
4410 Отын қып, ерлер санады.  
Болмаған соң онымен,

- Жағасынан алады.  
 Аудара алмай бір-бірін,  
 Аттарға заһар салады.  
 Қандар сиіп, тобышақ,  
 Жата-жата қалады.  
 Күрзілесіп, салысты,  
 Шекелесіп алысты.  
 Нәубетпен күрзі ұрғанда,  
 4420 Бүк түсіп аттар, тізерлеп,  
 Қара жерге барысты.  
 «Ертең келіп ұрысайық,  
 Кеш болып тіпті қалыпты».  
 Қосына барып қоныпты,  
 Таң атып, күн шыққан соң,  
 Қайтадан майдан жаныпты.  
 «Амандасып, қоштасып,  
 Арыздасып алайық,  
 Ажал жақын қалыпты».  
 4430 Айрылмас айтты: «Жезде, бір түс көрдім,  
 Хабары Пайғамбардың дұрыс, — дедім.  
 Бұрын да, неше сапар аян берген,  
 Айнымай келіп жүрген мініскерім.  
 Иншалла, екеуміз де шейіт болдық,  
 Сіз бен біз, айтуынша, пейіштеміз.  
 Есім хан біздің жұртты жеңеді анық,  
 Аяғы бір жайлы боп бұл істердің.  
 Серт бойы, қатағаннан тұқым қоймас,  
 Мен сізге дайындаймын бір іс, — деймін.  
 4440 Қатыным Қаңлы қыз жүкті еді,  
 Көрмедім, арманым сол, туыс жерін.  
 Осыдан бір ұл бала туса керек,  
 Шалынып құлағына періштенің.  
 Нәсілі Қатағанның содан қалар,  
 Ақырын Құдай білер әр істердің.  
 Ақыры Шанышқылы болып тарар,  
 Ақиқат түсіндірді мәніс жерін.  
 Бұған да «Айрылмас» боп ұран қалар,  
 Арасы бөлінгенде әр істердің.

- 4450 Болмаса, күшім емес біліс менің.  
 Барғын да Есім ханға, құпиялап,  
 Сүйінші сездірместен сұрап келгін.  
 Баламды, өз балаңды дайындағын,  
 Қатынның тарылтпасын мукаммалын.  
 Ұлыңды ұлымменен табыстырып,  
 Шығарсын өкпе-кіне жалындарын.  
 Сыртымнан иә ырза боп, лағнет айтар,  
 Көргенде, сонда сенер зайыр бәрін.  
 Сәскеде мені, ортақ, өлтірерсің,  
 4460 Жазуы құдіреттің, қайғырмағын.  
 Болған соң мені өлтіріп, сені өлтірер,  
 Бір мерген біздің елде тамырларың.  
 Сізді мен, өлтірсең де, дос тұтындым,  
 Туынан Асан, Үсен тауып алғын.  
 Есім хан сансыз бапқа қойсын мені,  
 Ұрпағы, жұрнағы еді Шахарлардың.  
 Есекең осыларды жайғастырса,  
 Саған да, ханыңа да ырзамын.  
 Жетеді енді халқың мақсатына,  
 4470 Зар жылап, басып жүрген азуларын.  
 Хан Тұрсын емес, бәрін Құдай қылған,  
 Пендесі екі қылмас жазуларын.  
 «Тағамның әнжамы» деп Құран оқыр,  
 Бәрін де әнжамыңның дайындағын.  
 Патшаның сіз бен бізге өмірі уәжіп,  
 Айтқанын мойнымызда қалдырмайын.  
 Болмаса екеумізге ұрысар жөн жоқ,  
 Түсініп, бұрыннан соң қайылдандым.  
 Жиғаннан мұсылманға иман артық,  
 4480 Лә иллаха, илалла, мұсылманмын.

Сыр берместен пендеге,  
 Арыздасты екеуі.  
 Аманаттай болды да,  
 Дүниенің қаупі кетеді.  
 Жылыстап барып Сүлеймен,  
 Қосынына жетеді.  
 «Сезді ме» деп, білдіріп,

- Оңашалап төндіріп,  
Баяндады кептерді.  
4490 Көп өтініш етеді,  
Манзұр көріп тамамын,  
Кейінгі жақта боларын,  
Есім хан шарт етеді:  
— Аруағыңды сыйлармын,  
Мал түгіл, басым қиярмын,  
Құдайдан ерлер, күт, — деді,  
Көп уәде береді.  
Кідірмей қайта жөнөді,  
Айрылмасқа келеді.
- 4500 Кәдімгі дұшпан қалыпта,  
Аянбай ұрыс береді.  
Қабатын жазып семсердің,  
Сүлеймен келіп төнеді.  
Мойнынан бір шапты,  
«Лә иллаха» деп еді,  
Басы жерге домалап,  
Атынан жерге құлапты.  
Қайғы-қамнан тиыш тапты,  
Айрылмастай батырың
- 4510 Ақырет сапар жөнөді.  
Хан Тұрсын жыртып жағасын,  
Халқы шулап жылапты.  
Әнжамын бүткіл жинап ап,  
Семсерін бүктеп, тығып ап,  
Жетелеп барды қосынға,  
Ер Сүлеймен қара атты.  
Қатағандай елінің  
Айбындысы жайланды,  
Қырсығына айналды.
- 4520 «Сүлейменнің келдесін  
Алып келген адамға  
Беремін, — деп, — көп дүние»,  
Жар шақырып хан Тұрсын,  
Оң мен солға айналды.  
Қылып жатыр болжалды,  
Онымен де болмады.



- «Төмен қып тұр жүзімді,  
 Қайғы басты өзімді.  
 Бір шаһарды сұрапты,  
 4530 Беремін, — деп, — күмәнсіз,  
 Нұрбике деген қызымды». .  
 Білінді жұртқа дерегі,  
 Күш қуаты кем еді.  
 Дүниенің бар керегі,  
 Аты шыққан ұранға,  
 Бір туылған шағында,  
 Белгілі халыққа нәмдері  
 Бар еді Танау мергені.

*Танау мерген*

- Мынандай еді түрлері:  
 4540 Аққуды атып аспаннан  
 Аң құтылмай қашқаннан,  
 Сары жай жонып, тартқанда  
 Өткерген қара тастардан.  
 Қуып атып киікті,  
 Түтінге түтін қосқаннан.  
 Үш атқанша, бір атып,  
 Болғанша қимыл, құлатып,  
 Аспаннан ұшқан тырнаны.  
 Жол жағалай шұбатып,  
 4550 Қырына алса қырық атып,  
 Қып жүрген ісі ілгері,  
 Қатаған төнті елдері.  
 Айнытпай барып тигізген,  
 Ұстап тұрса бір адам,  
 Шақырым жерде теңгені,  
 Көз жұмғанша, демде еді.  
 Жұбатпаса көңілін,  
 Хан Тұрсын өзір дендеді.  
 Қол қусырып алдына  
 4560 Изетпенен келді енді.  
 Шыға келді тосыннан:  
 — Міндеткермін осыған.

- Қызыңды барып алармын,  
 Басқа олжаңды бер», — деді, —  
 Нақты қылып алмасам,  
 Жарамайды екен далбасаң.  
 Тәуекел ханмен ұрысқанда,  
 Алдап едің ілгері.  
 Шығарып едің есіңнен,  
 4570 Оқ тигізіп төсінен  
 Себеп боп менен өлген-ді.  
 Бергін де, көрсет, жата бер,  
 Сәскелік болсын жердегі.  
 Жамына түсіп ілгергі,  
 Ұялып ханың терледі.  
 Несін мақтап айтайын,  
 Қысқа сөзбен тартайын.  
 Тауыспайды тергенмен,  
 Кем емес еді бергеннен,  
 4580 Айрылмасқа ілгергі.  
 Бұйырап болса өзіне,  
 Мергенің де зерленді.  
 Сүлейменнің шамасы,  
 Екеуінің арасы  
 Жеті шақырым жерде еді.  
 «Зер шынас болсаң байқағын,  
 Қай жерін пайлап атайын.  
 «Жақынырақ кел» деді, —  
 «Өз көзіңмен көр» деді, —  
 4590 Көкірегінде сауыттың,  
 Теңгедей ашық жер», — деді, —  
 Толғап-толғап садағын,  
 Шіреп, тартып жіберді.  
 Екпіні тұрған самалдай,  
 Зырлап оғы жөнелді.  
 Көкірегінен қақ жарып,  
 Сауыттарын дал-дал ғып,  
 Қаңғырып оғы жөнелді.  
 Бірнешеуді сұлатты,  
 4600 Жерді қауып құлатты.  
 Қосынға тура кеп еді,  
 Жерге батып жарым кез

- Жантайып барып тірелді.  
 Үркітті тағы көп елді.  
 «Алла» деп, аттан құлады,  
 Жалғаннан ісі тынады.  
 Үш түрегеп, жығылып,  
 Ашуына тығылып,  
 Саламат қылсын иманды,  
 4610 Жан төсілім қылады.  
 Хандардан шынар құлады,  
 Не болар екен бұяғы...
- Таң қалды екі қосын мергенге енді,  
 Тәсін қып көрмеген де, көрген де енді.  
 Мысалы, қардай борап, тұттай төгіп,  
 Мылтықтың дүркін-дүркін оғы келді.  
 Опырып оңынан он, солынан қырық,  
 Ажалы жайлап жатыр келгендерді.  
 Түтінін тұмандай қып шұбатып тұр,  
 4620 Танауың рас терлеп, төнгенде енді.  
 Айдады оңын оңға, солын солға,  
 Боятты қызыл қанға қара жерді.  
 Қарғадай құстан қашқан, үркітіп тұр,  
 Әркімге әртүрлі бақ берген енді.  
 «Мал түгел, тәжі-тақтым әдия» деп,  
 Хан Тұрсын тарына ма бергенге енді.  
 «Оғыңды жалпылама қор қылмастан,  
 Әр жерді туралап ат көргендерді».  
 Арманда Есім хан да болып жатыр,  
 4630 Жақсығұл сол күндері ауру еді.  
 Баласы Сүлейменнің ер Сиқымбай,  
 «Атамды көрейін» деп, іздеп келді.  
 «Жарым күн бұрын келсем, көрер ем» деп,  
 Зарланып арманда боп, жылай берді.

### *Ер Сиқымбай*

«Дүниеден өттің, ата-еке,  
 Ғазатпен қылыш жастанып,  
 Іс қылмадың жасқанып.

- Ақыл-есім жарым боп,  
 Жапа шектім жас қалып.  
 4640 Ағы, көгің мен едім,  
 Бір күн бұрын келмедім,  
 Жастық қойып басыңа,  
 Қолымнан су бермедім.  
 Бір шешіліп сөйлесіп,  
 Өз көзіммен көрмедім.  
 «Ұлым, қызым» дедің де,  
 Нелер күнді көрмедің.  
 «Әл бөпем» деп, өсіріп,  
 Қызығымды көрмедің.  
 4650 «Орнында бар оңалар,  
 Артымда қал деп едің.  
 Есім хан айтты: «Балажан,  
 Жылай берме зарланып.  
 Мен сияқты сен болдың,  
 Атадан сен де соң қалып.  
 Біреуге ата болармыз,  
 Қатын алып, малданып.  
 Өлгенмен арты ілеспес,  
 Жайбағыстап жамдалып.  
 4660 Атаға ұқсап туған ұл  
 Ісін тұтар арланып.  
 Өлгеннің даңқын асырар,  
 Дабысын жайып намдар қып.  
 Ішіңде болсын ендігі іс,  
 Сырыңды алар көп дұшпан.  
 Дабыр қылып сырды жаймалық  
 Мына жаумен ойналық...
- Есім хан көп насихат сөзін берді,  
 «Бір Құдай аман қылсын өзіңді енді».  
 4670 Тапсырған мал-мүліктің берді бәрін,  
 Аруақ сыйлап, Сүлеймен сөзін енді.  
 Шамада әр нәрсеге талабы бар,  
 Бұл бала осал емес көзі көрді.  
 — Бір мерген харап қып тұр халықты,  
 Парласам қайтер еді өзіңді енді.

Ақжолтай боп, қадамың маған жақса,  
 Қылар ем бір уәзір өзіңді енді.  
 Сиқымбай айтты: «Тақсыр, жүйелі сөз,  
 Он тақсым палуандық өзі, — деді, —  
 4680 Түнінде бір әдисә іс қылайын,  
 Келмейді күндіз ебі, көзім көрді».  
 «Жолың боп, есен барып, сау қайтқын» деп,  
 Барша жұрт қойдай шулап бата берді.  
 Күн батып, құтпан уақыты болғаннан соң,  
 Сиқымбай топтан шығып жүре берді...

Майдан тарқап кеш болды,  
 Қарауыл қойды кешке енді.  
 Аярлық киіп киімін,  
 Сиқымбай сөзін ескерді.  
 4690 Мысықтай боп кеп өтті,  
 Секіріп барып, топ етті.  
 Құмырсқадай жорғалап,  
 Төрт аяқтап сырғанап,  
 Білдірместен қарасын,  
 Өскердің жарып арасын,  
 «Үлкен тудың қасы» деп,  
 «Хан Тұрсын орны осы» деп,  
 Шамалап мұны көздепті,  
 Діттеген жерге кеп жетті.  
 4700 Әрқайсысын іздеумен  
 Біраз уақыт боп кетті.  
 Іздеп жүріп Танауды  
 Хан Тұрсынға кез болды.  
 Дәрі сүйкеп мұрнына,  
 Тонап алды тамамын,  
 Қымбат баға жарарын,  
 Тәжі, сауыт-сайман, әнжәмін.  
 Сақал-мұртын күзеп ап,  
 Қара жағып бетіне,  
 4710 Тығып қойды көтіне.  
 Шұбар-шұбар ала қып,  
 Бояу жақты етіне.  
 Қағаз жазды басына:

- «Келемін ертең қасыңа,  
«Сүлеймен ұлы Сиқымбай,  
Осындай қылып кетті» де.  
Еншіңді беріп, даярлап,  
Жетемін ертең аяңдап.  
Енді қыраж жөндеп қой,  
4720 Болмаса, үлкен болар той.  
Айтқанымды қылмасаң,  
Өрексіп, егер шындасаң,  
Әйелің, еркек белгісіз,  
Өлімнен қиын, ұялмақ,  
Кетемін ертең қаяңды ап».  
Осындай қылып жасқады,  
Түзетіп кетті патшаны.  
Жиған-терген мүлігін,  
Бір жыраға тықты да,  
4730 Қосынға жақын тастады.  
Шығып барып далаға  
Қайтып келді және де.  
Адамы бөлек бастығы,  
Танау мерген нұсқауы,  
Мұны да тауып ұстады.  
Дәрілеп, мұрнын көтерді,  
Көп қосыннан өтеді.  
Салбырап кетіп барады,  
Шуы түскен қойдай боп,  
4740 Сүйретіліп бас жағы.  
Кідірместен алып кеп,  
«Тартуым, — деп, — Есім хан»,  
Теуіп-теуіп басына,  
Лақтырып тастады.  
Түн ішінде оянып,  
Тамам адам қуанып,  
Даярлап дарды, құрдырып,  
Түн ішінде тындырып,  
Халық көзіне көрсетіп,  
4750 Таң ертең дарға асқалы.  
Жайластырып болды да,  
Құрсандықпен ұйықтады.

- Лезде жазғы таң атты,  
Памдаттың болды уағы.  
Екі әскер, екі жақ,  
Жай-жайына тұрады,  
Дабыл, сырнай даусымен  
Керең болды құлағы.  
Төтелеп құстар ұша алмай,  
4760 Іннен безіп хайуандар,  
Қашыңқырап тұрады.  
Сарыны алып әлемді,  
Күннен-күнге күшейіп,  
Қиын болды ұрыс сияғы.  
Жел көтеріп тозаңды,  
Екпінімен шаң тынады.  
Хан Тұрсыннан азырақ  
Айтайыншы хабарды:  
Сәскеге жақын оянды,  
4770 Тұра салып ұялды.  
Жауап қатпай пендеге,  
Төмен қарап тұрады,  
Қарамақ түгіл, бұғады.  
Екі көзден бөлегін,  
Тасалап жауып паналап,  
Қарай алмай, сығалап,  
Бет аузын шарып орап ап,  
Жас ағып көзінен,  
«Аурумын» деп шығарды.  
4780 Киімдерін кидіріп,  
Бір уөзірін шығарды.  
Не әмір айтса сыбырлап,  
Ишарат, иман қылады.  
Керең болды құлағы,  
Бас жағынан хат тауып,  
Жылай берді есі ауып.  
Мәнісіне түсініп,  
Өсік көңілі кішіріп:  
Есіл ғана мергенім —  
4790 Асқар тауым, інім, — деп, —  
Түбіне жетті жүгермек,

- Иә өліп, бүгін қырыл» деп, —  
 Әлемет баста бүгін», — деп, —  
 Құмырсақдай өрмелеп,  
 Қардай жауып төтеле,  
 Шықпай-ақ қой жекеге.  
 Құшақтасып өле бер,  
 Біреуге күшің жете ме?  
 Өзі азғантай қазақты  
 4800 Қырып тастап, төтелеп,  
 Біріне оның боласың,  
 Жүзің бірін сабайсың.  
 Үркердей боп халқы тұр,  
 Көптіктен болса, боласың.  
 Оның халқы көшпелі,  
 Сен қыстақтың баласың.  
 Хайуан қатар даладан,  
 Не қылып кейін қаласың?  
 Бұрынғыдан жаман қып  
 4810 Шулатайық баласын.  
 Қайтпай, қашпай ұрысып,  
 Тұқымдарын тауысып,  
 Өшірелік қарасын.  
 Өршісең, жауды аласың,  
 Өршеленсең, боласың.  
 Малы-жаны, жесірі  
 Бұрынғыдан бетер боп,  
 Үйме-үйге тарасын.  
 Көтере бермей табасың,  
 4820 Хан Тұрсынның тұрысында  
 Жеті ата, жеті пұстыңа  
 Төп-тегіс бай боласың.  
 Егер мұны қылмасаң,  
 Құдды осындай боласың.  
 Күннен-күнге сұйылып,  
 Жасып кетіп барасың.  
 Біреуіңді жіберсем,  
 Жүректерің жоқ па еді,  
 Жау, санаса, көп пе еді?  
 4830 Аяқтарың талтайып,



- Ауыздарың аңқайып,  
Аралдағы томардай,  
Қапқа тыққан сабандай,  
Өліп-өліп қаласың.  
Боққа ұйлыққан қарғадай,  
Жел ұшырған тозаңдай  
Ада болып барасың.  
Әкем берген малымды ал,  
Қазынада барымды ал!
- 4840 Азсынсаң оны, тағы да ал,  
Тағы түгіл тағымды ал!  
Сүлейменнің баласын,  
Көңілімде арман қалмасын,  
Сонау тұрған көрдің бе?  
Иә өлі емес, тірі емес,  
Дардың болжа ағашын,  
Танау мерген қарасын.  
Жаңбырдай жауып барыңдар,  
Ажыратып алыңдар,
- 4850 Келтірместен шамасын.  
Осындай деп сөйледі,  
Майданның жеке өрнегі,  
Үстін-үстін түйіліп,  
Дауылдың даусы кернеді.  
Ар жағына бір шауып  
Ат тұяғы тас қауып,  
«Сиқымбайлап» ұран сап,  
Нағыра тартып жіберді.  
Иман айтып әр қилы,
- 4860 Үйінен үзіп күдерді.  
Хайуандар безіп інінен,  
Адасып бірі-бірінен,  
Тау мен тастар күңіренді.  
«Хан Тұрсын, Хан Тұрсын,  
Хан Тұрсын, сені ант ұрсын!  
Білді ме ешкім мәнісін,  
Сүйегіне дарысын!  
Тақсым-тақсым қылып ем,  
Салған тамға қабыл боп,

- 4870 Үстіне жаққан дәрісін,  
Ерлердің жібер асқанын.  
Түрі бар Рүстем дастанның.  
Қолы қатты қандысын,  
Қоймай айда жандысын.  
Шошынсаң ерлер, жекеден,  
Тобыма кел төтеден».  
Он екі алуан ойнады,  
Жалғыз аяқ, жалғыз қол.  
Үстінде қаз тұрады,
- 4880 Кейде жатып қалады  
Бұяғынан айналып,  
Бұяғынан шығады.  
Түсіп қалып жалп етіп,  
Қарғып шыға қалады.  
Айнымай кетіп барады,  
Шақпақ бөркі басында,  
Торы арғымақ басында,  
Түтінге шауып көлденең,  
Сондай-ақ туар пендеден.
- 4890 Қуса, жетіп қашқанды,  
Қуса, теңдік бермеген,  
Кірапта болып көрмеген.  
Әзіреті Жүсіптей,  
Мысалы, рең, сияғы.  
Кисек, киім жарасқан,  
Жаңа ашылған қызыл гүл,  
Тартқандай жарық қараңғы.  
Барған сайын өрлейді,  
«Қайратымды көр» дейді,
- 4900 Сүлеймен ұлы Сиқымбай,  
«Танысаң, міне, мен» дейді.  
Ыза болып хан Тұрсын,  
Қамшы алып қолына,  
Оңмен солға сермейді.  
Біреу тұрды орнынан  
Ұлықсат алып жүргелі,  
Қоқаннан келген тәжіктен.  
Алтынменен малынған,

- Атпенен тоң торлады,  
4910 Көрмеген мұндай ілгері.  
Қолдан соққан моладай,  
Келген екен қарамы.  
«Тұз-наныңды көп жеген,  
Қасыңыздан дәндеген,  
Жолдасың қалды жарамай,  
Тәуекел деп баралы».  
Бөктергісін тоқ қылып,  
Тіллә қылыш өңгерді.  
Түсінгілік болмай тұр,  
4920 Майданның жайын білмеді.  
Бұ да жүрді ілгері,  
Екеуі қарсы кез келді.  
Жауаптасып, қатысты,  
Түсінікті болмай тұр  
Бір-біріне тілдері.  
Аттарын сабап бауырға,  
Бір-біріне тездеді.  
Даяр ма еді кездері,  
Шаншар жерін көздеді.  
4930 Қорқатын болса өлімнен,  
Майданды неге іздеді.  
Қолтыққа таяп найзасын,  
Қолдарына алады.  
Құстай ұшып барады,  
Қарсы найза салады,  
Қағып тастап Сиқымбай,  
Қолындағы найзасын  
«Дәл жүректің басы» деп,  
«Жанды жерің осы» деп,  
4940 Толғап-толғап салады.  
Жарым кез шығып арқадан,  
Жантайып барып, шалғайдан,  
Айландырып көтеріп,  
Көкке қарап ырғытты,  
Жерге түсті шамалы.  
Лінбестен олжаға,  
Аты қашып барады.

Ендігі іс не болсын,  
Мұнымен де болмады...

- 4950 Сіқымбай ұран салды оң мен солға,  
Жекеден тайлығыпты барша жан да.  
«Қорықсаң, енді өзім барайын» деп,  
Найза ұрып, қылыш шапты кез болғанға.  
Мысалы, көктен жауып, жерден еніп,  
Қозғалды толқындай боп Қатаған да.  
«Жас бала жау бетінде жалғыз-ау» деп,  
Тықыршып Есекең де жата алмады.  
Ұран да «Алаш» деген көкке шықты,  
Қай бірін санай бердік атағанға?
- 4960 Аллалап екі әскер араласты,  
Қорқыныш керек екен, бас аманда.  
Адамның қаны кетті судай тасып,  
Нөсер боп шаң-топырақ тасаланды.  
Бидайдың бауындай боп қалды өлік  
Үйіліп төбе-төбе қыр мен сайда.  
Жиёмбет, ер Алатау, ер Сіқымбай,  
Айдап жүр оңын оңға, солын солға.  
Ет қызып, дүбіріне шыдай алмай,  
Хан Тұрсын бұ да шапты, Есім хан да.
- 4970 Дүние қараңғылық шаңдарына,  
Қарасаң, қарлы боран аңғарына.  
Кезіккен кездескенді шауып жатыр,  
Бытырап, әрқайсысы алды-алдына.  
Айрылды ұл атадан, іні ағадан,  
Атасы парық қылмай балаларына.  
Белгісіз кімнің бары, кімнің жоғы,  
Есен ер есептелер, қалғанында.  
Жол тауып, атылған доп жүре алмайды,  
Тоғыстың қандар толып сайларына.
- 4980 Не қырғын, неше ойран болып өткен,  
Шымкенттің Бадам менен сайларында.  
Ұдайы үш күн, үш түн ұрыс болып,  
Қол қойды төртінші күнге айналуға.  
Есекең ыңғайланып түсті жолға,  
Семсерін испаһанлы алды қолға.

- Жиырма, жиырма бес басын алып,  
 Нәсердей қан ағызып әр ұрғанда.  
 Шуылдап жүрген жері қойдай үрікті,  
 Жаратқан Құдай артық басқадан да.
- 4990 Су тұлпар атқан оқтай зырқырайды,  
 Жануар рас қызып тасқағанда.  
 Аузына сақал-мұртын бұрап тістеп,  
 Хан Тұрсын ларза түсіп патшаға да.  
 Ат басып не ерлердің жүрегінен  
 Торы шолақ толып жатыр ақсаған да.  
 Мысалы, сондай болып қалды өлік,  
 Пал қылып, бидай орып тастағанда.  
 Қараңғы жердің жүзі шаң мен тұман  
 Ұқсайды күндізгі күн кеш болғанға
- 5000 Әзірге, бұл ұрыстан көз жетпей тұр.  
 Тоғыстың сай-шұқыры бос қаларға.  
 Бытырап алды-артына кетті әркім,  
 Білінбей ұдайы ұрсып күн менен түн.  
 Қадірі аманшылық, сау күнінде,  
 Бағасы бірақ бақыр өлігіңнің.  
 Тас күйіп, тау жаңғырып дауысына,  
 Адасып хайуандар таппады інін.  
 Қақ жарып қалың топты тасқа батып,  
 Жақсығұл атқан оғы батырыңның.
- 5010 Сабынан қабатталған түйреп өтіп,  
 Шығып тұр ол шетіне саптарының.  
 Оғы бар пиаладай мылтығының,  
 Жарығы жасылдай боп атқанының.  
 Қоңыраттың Алатаудай оннан шаншып,  
 Домалап басы жерге жатқанының.  
 Он беске оза шауып өрлейді ерлер,  
 Бәрі қап ұят-аят, жасқанудың.  
 Сиқымбай жұлдыздай боп, қырғында жүр,  
 Тау менен бәрін кезіп шатқалының.
- 5020 Семсерін екі жақтап, керіп шауып,  
 Дағы қап қара тасқа батқанының.  
 Жиіембет жолбарыстай нағыра тартып,  
 Ойлайды «бір жетсем» деп, тудың түбін.  
 Сауытын топтан шығып сілкінгенде,

Бұршақтай оғы төгіліп көздерінің,  
Қашырып қатағандар, қайтарып тұр,  
Бәрі де барып-қайтып екпіндінің,  
Ұдайы алты күн-түн қырғын болды,  
Болғанда, ұрық қалмас, бір апта, он күн.

- 5030 Есім хан айтты: «Жануар,  
Судан шыққан неме едің,  
Су тұлпар деген сен едің.  
Атқан оқпен жарысқан  
Жұлдыздай сені дер едім.  
Көлденең ұшқан құстардың,  
Көлденең ұшқан үйректің  
Қанатын басып жөнөдің.  
Ерге лайық ат туар,  
Маған серік сен едің.
- 5040 Жалықтың ба, жолдасым,  
Шабандау сені көремін,  
Осы бүгін керегің,  
Хан Тұрсынға бір жеткіз,  
Иә өлтіріп, иә өлейін.  
Сеніменен бір қылыш,  
Бір-ақ сақа керегің.  
Мирас едім бабамнан,  
Дабылға тіллә салғаннан.  
Қызырдай боп дарып ең,
- 5050 Үшеуіңді алғаннан.  
Қалып едің басында  
Ықпалы жүрген әлемге.  
Алты ықылымды сұраған,  
Әмір Темір нәмінен  
Жылаған бала жұбанған.  
Бүктесем сиып уысқа,  
Қандасам түсіп қатысқа,  
Тағыммен тіллә тең едің.  
Опаңды көрсет, жануар,
- 5060 Сенімен менің мерейім.  
Хан Тұрсынға барайын,  
Қарсыласып қарайын».

- Осындай деп Есекең,  
Ілгерілеп айдады.  
Атқан оқтай самғады,  
Шапқан жері ойылып,  
Будақ-будақ шаң қалды.  
Жер ошақ құрлы көрмеді,  
Алдындағы аңғарды.
- 5070 Оң мен солға айналды.  
Керіп тартып қылышты,  
Оңынан келсе, оң шапты,  
Қырына келсе, қырық шауып,  
Алдындағы аман қалмады.  
Аждаһадай деміне  
Келеді тартып әмбені,  
Шеніне пенде бармады,  
Ойнаса бұрын, шындады.  
Осындай ерлер көп еді,
- 5080 Баршаны ажал ұрлады,  
Тұтқа болып тұрмады.  
Бір жерлерге келгенде  
Қирата шауып көп елді,  
Қылышынан қан тамған.  
Тұла бойы қызыл қан,  
Алдынан үркіп мың мен сан.  
Оза шауып қиратқан,  
Тәж киіп, жібек шырмалтқан.  
Саптарын бұзып ұзақтан,
- 5090 Сансызды қырып қазақтан.  
Әнжамы сай өтімді,  
Көне бура секілді,  
Хан Тұрсынға кез келді.  
О да мұны іздеген,  
Арада қанша сөз болды:  
— Келдің бе, жәке, кезіме,  
Құмар едім өзіңе,  
Жолыға кеттің көзіме.  
Неше сапар алдандым,
- 5100 Сенімсіз сеніп сөзіңе.  
Себеп боп халықты жамсаттың.

- Құдайыма мың шүкір,  
Көрсетті ме көзіме!  
Сонда да әуел сыйладым,  
Армансыз болып қамданғын,  
Кезек бердім өзіңе.  
Хан Тұрсын айтты: «Қарағым,  
Артық еді талабың.  
Кірді ме сайтан ойыма,  
5110 Бұзықтар бұзып қойды ма?!  
Өткен іс келмес орнына,  
Құдайдан шығар әр жұмыс.  
Пәтті байы — себеп ән,  
Жазулы Құран бойында.  
Күтініп, жина күшіңді,  
Қол қойдым ауыр ойынға.  
Осындай деп семсермен  
Есім ханды үш шапты.  
5120 Қалқанын бөліп әуелгі,  
Жаңалап бәрін ұстапты.  
Екіншіде сауыттар  
Шіріген бөздей қирапты,  
Тілген жерін уатты.  
Үшінші зақым ұрғанда,  
Өтіп барып тоғыздан  
Қабатын қырып киімнің,  
Екі елі дарып етіне,  
Ары бармай тоқтапты.  
Есекең де қамданды,  
5130 Бітірген соң нәубетті.  
Бұған да кезек үш келді,  
Бір-біріне тұс болды.  
Анжамдарын талқандап,  
Сүйектерін кеспеді,  
Сол сипат семсер өтпеді.  
Қапаланып, сұс болды,  
Өкініп бармақ тістеді.  
Қылыштасып болмады,  
Найзаласып қалады.  
5140 Түйреп өтіп сауыттан,



- Төніне тоқтай қалады.  
Өр істің бар себебі,  
Уақытымен болады.  
Ада қылды екеуі  
Он бестен отыз найзаны.  
Қылмаған соң бұлар кәр,  
Аударыспақ ойнады,  
Ұстасып бір-бір қолынан.  
Бір қолдар аттың жалынан,  
5150 Майысып аттар бауырлап,  
Неше уақыт өтті сонымен.  
Шалығып қанша, шаршады,  
Жүректері айнып, қабынан.  
Бірнеше уақ боп кетті,  
Күрзінің келді нәубеті.  
Бұрынғы анжам тасталды,  
Күрзімен ойын басталды.  
Хан Тұрсынның бар еді,  
Бірнеше пұт салмағы,  
5160 Болаттан соққан шоқпары,  
Өткерген қанша патшаны...  
Түнеріп Есім қабағын,  
Үзеңгіге тіреп аяғын,  
Қабаттап қалқан ұстады.  
Үш мәртебе айқайлап,  
«Берік бол!» деп, тастады.  
Жерге жетіп сәскелік,  
Жаңғырықты жердің тастары.  
Қалқандары дал-дал боп,  
5170 Шоқ болып жерге тасталды.  
Тізе бүгіп су тұлпар,  
Дүр сілкініп, жасқанды.  
Ақылы айнып Есімнің,  
Тізгіні аттың бос қалды...  
«Кезегіңді сен де ал» деп,  
Ұсынып басын нұсқады.  
Есім хан жиды қуатын,  
Шіреніп қармап қолына  
«Жәдігер менен болсын» деп,

- 5180 Беріп еді Борай хан.  
«Салмақты күрзі ауыр деп,  
Заршынан өлген көп ел» деп,  
Бірнеше пұт салмағы.  
Бір атқа өзін арттырып,  
Ап жүрушы еді шідерлеп.  
Толғап-толғап алады,  
Айнала шауып майданда.  
Айнадай жерге барады,  
Гулеп барып бір салды.
- 5190 Құлақтары шыңлады,  
Күркіреген күндей боп.  
Тау менен тас жаңғырып,  
Бездірді іннен хайуанды.  
Хан Тұрсынның есі ауып,  
Шаңнан тұман орнады.  
Белі үзіліп атының,  
Қисая барып құлады.  
Есін жиып бір уақта  
Хан Тұрсын тұрды орнынан,
- 5200 Жамбасын сүйеп қолымен.  
Тағы бір атты жеткеріп,  
Мінгізді біреу тобынан.  
Туына қайта қыңырықтап  
Қайтайын деді жолымен,  
Қашудың ұят-арымен.  
Сөйтіп ерлер тұрғанда,  
Қалың оқ жауған жаңбырдан  
Бір оқ келіп тиеді  
Есім ханның қолынан.
- 5210 Саусақ жақтан жарып кеп,  
Тоқтады тұйық тұғылдан.  
Қосыннан шықты бөлініп,  
Зақымет ауру мұңымен.  
«Бар ма, — депті, — талапты ер,  
Тіліп, ыстар оғымды?»  
Әмбеге бір-бір көрінді,  
Алуға болмай шамасы,  
Шайқады басын әмбесі,

- Ешкімнің табы болмапты.  
5220 Тістеніп тұрып тістерін,  
Қолына алды пышақты,  
Қабағын шытса ұят-ты.  
Жарып келіп тұғылдан  
Ысытып алып тастады,  
Біразырақ қан ақты.  
Ақ дәрісін жақты да,  
Шүберекпен байлапты,  
Елеместен зақымын.  
Елеуреп тағы батырың,  
5230 Тартпасын тартып атының  
Майданға қарап ат шапты.  
Талқандап бұзып сап-сапты,  
Аңғарады жау жақты.  
«Келтірме, — деп, — жақынға»  
Жүгіріп жаяу, атты да,  
Қатағандар шулапты.  
Аңғарлы салып құлақты,  
Қарсы келсе жамғарып,  
Жетер жерін ойланып,  
5240 Лақтырып өлігін,  
Алдын ашып атының,  
Жиёмбеттей батырың.  
Пәйтiне түсіп барудың,  
Тiптi жақын шамалы,  
Есік пен төрдей араны.  
Алла болып ұраны,  
Ту ұстаған Құраны,  
Испанани қылышпен  
Төбесiнен бiр шапты.  
5250 Бар күшiмен нұсқапты,  
Қақ жарып барып, тас қапты.  
Екi жаққа керiлiп,  
Атымен теңдей бөлiнiп,  
Қора батыр құлапты,  
Қара жердi қабады.  
Қисайып туы барады,  
Тасмас деген бiреуi

- Түсірмей ұстап алады.  
Нәсілі төжік ел еді,  
5260 Өзі қопал неме еді.  
Бұрыла алмай артына,  
Екпінімен тұлпардың  
Ағып өтіп барады.  
Оңай емес, өршіл жұрт,  
Қатағандар қамады.  
Қолынан түсіп бөрінің  
Асығыста жарағы,  
Тас кесекпен сыбады,  
Кез келгенмен ұрады.  
5270 Қорыққандай от басып,  
Айнала шауып құрлады.  
Айналып кетті қырынға,  
Туына қайта ұруға.  
Әр тарапқа сүріліп,  
Кезіккен жауға ұрынып,  
Қашықтатты араны.  
Басым көріп ерлерін,  
Туынан өтіп желгенін,  
Қораны екі бөлгенін  
5280 Болжаған соң ер Есім  
Көңілі өсіп, айқайлап,  
Айтқан мынау ұраны.

*Хан шақыруы:*

- «Қымыз ішіп, сырбаз жеп,  
Қанды қызыл, алашым!  
Айран ішіп ағарған,  
Қарыны кең, алашым!  
Сүйегі тың, май жілік,  
Миы толық, алашым!  
Қатаған, сарт, төжікті,  
5290 Аямай шаншы, алашым!  
Кең далада, кең өскен,  
Ысырап қып көп ішкен,  
Малға сайлы, алашым!

- Өзіндей қылып жылатқын  
Қатағанның баласын!  
Әбүйір берсе осыдан,  
Үш алаштың баласы,  
Ер басына ілесіп,  
Қос-қос жетім аласың.
- 5300 Шылауды қызыр ұстаса,  
Әбүйір беріп, бақ қонса.  
Бағың тайып басыңнан,  
Досың кетіп қасыңнан  
Туың құлап, Хан Тұрсын,  
Алтын жығаң қисайса,  
Ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз,  
Қалауынша қыларсың,  
Қос-қос жесір аларсың.  
Ұлы жүздің ағасы,
- 5310 Елтірі тонның жағасы,  
Әлібек би қыласың,  
Құдайберді баласы.  
Қамыстан көп Жанысым,  
Өрнекті жұрт табысың.  
Жақсығұл қайда мергенім?  
Көрнекті қайрат көргенім,  
Жыға шанышқын ерлерім.  
Сіргелі, Қаңлы, Жалайыр,  
Қара ағаштай Дулатым,
- 5320 Қарсы жауды шулатқын.  
Ер Алатау — Қоңыратым,  
Жау бетінде миятым.  
Тоқсан бір баулы Қыпшағым,  
Олжаға толсын құшағың.  
Арғын, Найман, Қызайым,  
Дүркін-дүркін айдағын,  
Алшын, Жаппас, Адайым,  
Жидебай, сені қалаймын.  
Білінсін ерлер сыңайың,
- 5330 Талқылы боп талайың.  
Ер Жиёмбет, қайдасың,  
Жыға шанышқын найзасын?!

- Танып тұрсың сыңайын,  
Бостау тартып келгенің.  
Бәрежелді, ерлерім!  
Иісі қазақ баласы,  
Қос жесір, жетім аларсың,  
Қалауыңша қыларсың.  
Қайда кеттің көрінбей,  
5340 Сүлеймен ұлы Сиқымбай?  
Жалықпай жауға шабатын,  
Жаңа талап, ерінбей.  
Мінген атың кер дөнен,  
Түтінге шап көлденең.  
Ел жоғары, жау төмен,  
Бәрежелді, ерлерім!  
Іс ағына айналса,  
Қызыр дарып, бақ қонса,  
Көрген түсің оңалса,  
5350 Хан Тұрсынның, иншалла,  
Тәжі, тақтың аларсың,  
Қазына, мүлкін таларсың». .  
Осындай деп сөйледі,  
Қуаттанып досынан,  
Ерлердің бәрі өрледі.  
Ашылып барып, жауындай  
Тудың түбі түнерді.  
Ынтымақ қылып, бірлесіп,  
Тізе қосып екеуі,  
5360 Ер Алатау, Жиіембет  
Туға қарай жүргелі,  
Ер Сиқымбай артынан  
Бұларды қорып демеді.  
Тұс-тұсына әзір боп,  
Топтанып ерлер келеді.  
Әзір беті қайтқандай,  
Шегірткедей ел еді,  
Тауларды өлік бөгеді.  
Сел болып сайдан қан ағып,  
5370 Нәсердей боп келеді,  
Хан Тұрсын халқы көп еді.

- Қоралаған қойдай қып,  
Тұс-тұсына бөледі.  
Қиратып, шаншып, аралап,  
Ірілерін саралап,  
«Өлдім, талдым» дегенде,  
Туға жақын келеді.  
Таймас деген батырың  
Асылы төжік елі еді,  
5380 Өзі қорқақ неме еді.  
Елеңдеп екі құлағы,  
Шу-шу жақын келгенге,  
Зорғадан туды ұстап тұр.  
Ерлерді байқап көргенге  
Жылап, мұрны сорайып,  
«Өлейін» деп қылжиып,  
Осалдап байғұс келеді.  
Пұшайман болып алғанға,  
«Неге ұстадым» дер еді.  
5390 Жиёмбет батыр бір шауып,  
Келеді де, бөледі.  
Таймас батыр жер қауып,  
Ажал жетіп өледі.  
Туы құлап, хан Тұрсын,  
«Не болсаң, халық, ол бол» деп,  
Ташкентке қарай жөнөді.  
Жұлдыздай ағып арғымақ,  
Құстай ұшып келеді.  
Шілдей тозып қосыны,  
5400 Бұлар да қашып жосыды.  
Аллалап бәрі ұран сап,  
Артынан қазақ қосылды.  
Өршігіп барып, қуанып,  
Қашқанмен қуған шұбалып.  
Түсіргендер артынан,  
Әр жерде олжа бір алып,  
Қара жерді қандады.  
Епшілерді сонда көр,  
Оза шауып олжа алды.  
5410 Ұмтылғаны озық ап,

- Ерінген қорқақ құр қалды.  
Біреулер жүзді алғанда,  
Біреулер зорға бірді алды.  
Орта буын оңды алды.  
Есім хан қырып ысапсыз,  
Етекпенен айналды.  
Қазығұрттың астымен,  
Шымкент, Сайрам үстімен.  
Сауыршымен төтелеп,  
5420 Келеспенен жағалап,  
Семізін қырып, саралап,  
Қойға шапқан қасқырдай,  
Оза шауып аралап,  
Қуып, қырып жөнелді.  
Теп-тегіс қуып келеді  
Көкім би де бүйректен.  
Бұ да қырып қосылды  
«Олжа алам» деген тілекпен.  
Екі жақ болып жөнелді,  
5430 Сапсыз қашқан көп елді.  
Екі ажырап қатаған,  
Бірі өрде, бірі жотамен.  
Пәс жағын қырып Есім хан,  
Бір тарабы өр еді,  
Қатаған қашып келеді.  
Қазығұрттың өр жағы  
Бұлың-бұлың сайы бар,  
Тауға жақын жер еді.  
Тас біткен тауменен,  
5440 Биік жота бел еді.  
Сонан қалған атақ боп,  
«Көкінің белі» демегі.  
Қашқан менен қуғандар  
Бәрі де Ташкент айдады.  
Бәрі де сонда қосылар  
Үш тайпаның аймағы.  
Бұл жерде ешкім қалмады,  
Қырдағы мен ойдағы,  
Тасадағы, сайдағы.



- 5450 Ташкентке қуып, қашып бәрі барды,  
Сән кетіп бір жағынан, бірі сәнді.  
Бас кетсе бір жағынан, бірі олжа алып,  
Болғанда бірі малсыз, бірі малды.  
Ұғынар енді халық айтпасам да,  
Басында ант қып қойған шарты бар-ды.  
Кез келсе еркек тұқым, бірін қоймай,  
Кезіксе буаз қатын, ішін жарды.  
Тапқанға еркек бала сүйінші айтып,  
Үлесіп жетім, жесір қатындарды,
- 5460 «Нәресте Қатағаннан» десе біреу,  
Тең тартып сүйегіне тіллә алды.  
Үлесіп сүйіншіге тауысыпты,  
Қайысып нарларға артқан қазынаны.  
Жылшылық жерге қашса, қуып сұрап,  
Қауышты жерді қоймай аралады.  
«Бар болса, жер жүзінде Қатаған» деп,  
Өтініш әр патшаға хабар салды.  
«Дүниені, бірі қалса, бұзады» деп,  
Зер беріп, сәлем-сауқат, көп жалбарды.
- 5470 Қамданып, бір топ адам, қашқан екен,  
Паналап Әбілғазы ханға барды.  
Есім хан қуып барды арт жағынан,  
Бір адам сүйінші айтып осыларды...

*Хан тілегі:*

- Қош, патша, амандасып сәлем бердім,  
Көргелі бармасаң да, іздеп келдім.  
Ақыры мынау жұмыс, мұндай боп тұр,  
Сенімді еркек патша басында едің.  
Бір ауыз сенің тіліңді алмағанда,  
Тұқымы құрымас еді бір тайпа елдің.
- 5480 Өзгесі аман болып қалмас па еді?  
Өлтіріп хан Тұрсынды-ақ қояр едім.  
Жамандық, жақсылығым болғаннан соң,  
Сен қалдың обалына тәмәм елдің.  
Бір тобын қашып келген жасырыпсың,  
Қоймаймын біреуін де шартым менің.

- Баласын Өзірет сұлтан өлтірген соң,  
 Қараған қожа Ахмет тамам елін.  
 «Дүниеде сүйір халқы қалмасын» деп,  
 Сөзі бар пәтуа, кітап көнелердің.
- 5490 Сол кісі жазу десе, қоймас па еді,  
 Ондай-ақ өулие емес, бір пенде еді.  
 Сақаптар Мәуияға аунаған соң,  
 Қырғанын білмеуші ме ең Әлі шердің.  
 Сақаба, өулиені қоймай қырған,  
 Көңіліне жақпаған соң тамам елін.  
 Сыйласа «мұсылман» деп қырмас еді,  
 Бұлар да сол сияқты жауым менің.  
 Қаласаң мейлі алтын, мейлі жұрт ал,  
 Не жайлы Қатағанды тәуір көрдің?
- 5500 Сөйледі Өбілғазы сонда тұрып,  
 Өтініп, қол қусырып, құлдық ұрып:  
 — Бәрі де тағдырдағы жазу шығар,  
 Ақырын ойланамын қайдан біліп.  
 Пайғамбар ғайып ісін болжамаған,  
 Жазасы — тауысыпсың бәрін қырып.  
 Жібермек тіпті құртып, Құдайға қас,  
 Бұлар да дүниеде болсын ұрық.  
 Зерің де, шаһарың да керек емес,  
 Қоймасаң, қыз берейін тарту қылып.
- 5510 Бұтаға қорғалаған торғай қалар,  
 Қайтпаған нәмірт най үміт, көкке шығып.  
 «Болса да көпір, нәй үміт қайтпасын» деп,  
 Оғына балықты ұстап қарам қылып,  
 Зерінді, тағымды ал, жұртымды да ал,  
 Жалынып қайта-қайта құлдық ұрып...»  
 Есім хан лажы жоқ бермек болды,  
 Ұсынып тұрғаннан соң, мойын ұсынып,  
 Қоштасып, көп дүние алып, қайтып кетті,  
 Зер, алтын ізет қылған тіпті көп-ті.
- 5520 «Бұзық халық саған бір сыр көрсетер» деп,  
 Дайындап қайта-қайта айтып кетті.  
 «Ант пенен бұл халыққа өуәде жоқ,  
 Сонда бір сөйлесермін саған», — депті.  
 Өзірше алып қалды ажыратып,

- Сөйлейін қалғандардан біраз кепті.  
 Біраз күн сыр берместен жүріп еді,  
 Бір күні хан қызына ғашық бопты.  
 Төсектен бір күн түнде ұрлап алып,  
 Жабылып, ортаға алып, арын төкті.
- 5530 Түсініп анық бұзық екеніне,  
 Есітіп, Әбілғазы қаһары кепті.  
 Түгелдей дарға аспақ боп тұрғанда,  
 Жиылып уәзірлері арыз етті.  
 «Әй, тақсыр, баста сұрап өзің алдың,  
 Көп айтып, зарлап еді бұзылғанын.  
 «Тілеген жаңбыр, еңбек басқа» дейді,  
 Бұрыннан ескі, көне адамдарың.  
 Семірсе арық адам, басқа тебер,  
 Май етер, бақсаң, ауызды арық малың.
- 5540 Онан да екі-екіден алысқа айдап,  
 Таратып әр патшаға жібер бәрін.  
 Бұл жәбір, бұл жаза да соған жетер,  
 Мүсәпір түрткісі бар барша адамның...  
 Бұл күнде Ауған, Бұқар арасында,  
 Бар дейді сол таралған Қатағанның.  
 Бір шеті шаһар Бұқар атыраптан,  
 Бір шеті Қайсар Күләп», — дейді намын.  
 Бұл жақтан бір жайлы боп қайтып еді,  
 Бұл жақта не боп жатыр Есім ханың?
- 5550 Хан Тұрсын Ханабадта бой бермей тұр,  
 Өзгенің тамам етіп қырды бәрін.
- Ада қылып Есім хан,  
 Еркек жынысын жайлады,  
 Бала да болса жамдады.  
 Буаз қатын кез келсе,  
 Ішін жарып, жамғарды.  
 Бір қалғанда бір күні  
 Қаңлы қызы кез болып,  
 Даяр тұрды жаллаттар
- 5560 Басын кесіп алғалы.  
 Айрылмастың қатыны,  
 Тапсырып кеткен осыны,

- Түсініп жайын, аңдады.  
 Есім хан дос еді,  
 Атасы оның әм тағы.  
 Қызы тұр зарлап жалынып,  
 Тарылды бұ да налынып,  
 Батпай тұр сұрап алғалы.  
 Жауап берді Есім хан,  
 5570 Естіп мұны барша жан.  
 «Шешілсін, досым қапаң» деп, —  
 «Байдың қызы Дарқан» деп.  
 «Шанышқылы» дейді туылып,  
 Дарқан боп содан таралған,  
 Сұрасаң тарих санадан.  
 «Олай емес, бұлай» деп,  
 Біреулер мұны сөйлейді:  
 — Туылған егіз ұл», — дейді, —  
 Құдайназар — ағасы,  
 5580 Арназар — дейді інісі.  
 Құдайназар, Дарқан боп,  
 Аталады бөрісі.  
 Жайылған мәшһүр жабысы.  
 Ақиқат жер — бұл, — дейді, —  
 Інісінен Ерназар  
 Туылыпты үш бала,  
 Таралған қалың ел, — дейді.  
 Шежіре сана білгені,  
 Баба Дербіс өулие  
 5590 Болған екен пірлері.  
 «Шаныш, құлым» деген себептен,  
 Ат тағылып келеді,  
 Дуалы ауыз ілгері.  
 Сол заманнан бері қарай,  
 Өсіп-өніп көбейіп,  
 Іргелі жұртқа теңелді.  
 Болмағанда мұндай іс,  
 Бір тайпадан көп еді,  
 Патшалы ел еді.  
 5600 Нағашылы, жиен боп,  
 Қаңлы, Шанышқылы дегені.

- Заманында Қоқанның  
Сіргелі мен Дулатқа  
Сүйек қас боп кеп еді,  
Арада істер көп еді...  
Бұлардан көңілі тынған соң,  
Қосынын жинап Есім хан  
Ханабадқа жөнеді,  
«Хан Тұрсын сонда» деп еді.
- 5610 Ташкентпенен арасы,  
Сәскелік қана жер еді.  
Оң бетінде Шыршықтың  
Бір шақырым бар еді.  
Қатын, қызын, малайын  
Бірге алып қасына,  
Құтылып жалғыз кеп еді.  
Басқадан үзіп күдерді,  
Бұрыннан соң істетіп,  
Бекем еді қаласы,
- 5620 Тегіс еді даласы.  
Салынған жері дөңестеу,  
Биік еді шамасы.  
Аспап, әнжам сай қылып,  
Пенде бұзып кірмейтін  
Болат еді қақпасы.  
Саяхат, дәріханасы,  
Ортасына қойылып,  
Мүкәмбалы жиылып  
Керекті нәрсе үйіліп,
- 5630 Алтын, күміс әмбесі,  
Амандап барып бір өзі,  
Қасында жоқ жолдасы.  
Хан Тұрсындай ханыңның  
Болар еді үш қызы —  
Қоңырбике, Айбике,  
Нұрбике дейді нәмдері...  
Есім ханның келерін  
Анасы шексіз біледі,  
Тауысқанын көп елді.

- 5640 Үш қоржын бас алтынды  
 Арғымаққа салдырып,  
 Жол қаражат жам қылып,  
 Әлі деген қызметкер  
 Бар еді сарты алдырып.  
 Арыздасып, қоштасып,  
 Жыласын қанша, сықтасып:  
 — Қияметте көрермін,  
 Есім ханға тұс болмай.  
 Шоры болып жүргенше,
- 5650 Жарылқасын алдынан.  
 Тірі болсаң, шырақтар,  
 «Бізден де қалсын ұрық» деп.  
 Ерге таңдап тиерсің,  
 Қор болмайтын дүниең бар,  
 Қалағаның киерсің,  
 Өздерің тауып жүйесін, —  
 Деді де енді анасы,  
 Құшаққа кеп еңіреді.  
 Есім ханнан ілгері
- 5660 Шығарып жолға жіберді.  
 Күн-түн қатып жүреді,  
 Орта жүз Тобықты еліне  
 Әлі сартты басшы қып,  
 Тұс боп соған келеді,  
 Ерлерге таңдап тиеді.
- Еліне Тобықтының нәсіп болды,  
 Қаңғырып, тәңірі айдап тура келді.  
 Жазылған пешенеге жұмыс болар,  
 Әлі сарт тура бастап алып келді.
- 5670 Атақты ерлер шығып ұрығынан,  
 Нәсілінен қыздың тұяқ қалыпты енді.  
 Шәкәрім санасын жазған екен,  
 «Ақиқат бұл — мамамыз анық» дейді.  
 Есім хан Тұрсын ханмен не қып жатыр,  
 Қамал қып Ханабадқа барып па еді?

*Хан қамалы*

- Жиылып барып көп қосын,  
 Айналасын қоршады.  
 Жақындап барып ілгері,  
 Жол таппады көргелі.
- 5680 Есігі болат темірден,  
 Шапса қылыш жүрмеді.  
 Биіктен тартып садағын  
 Дүркін-дүркін жіберді,  
 Қардай болып түнерді,  
 Тағы өлтірді көп ерді.  
 Оққа ұшырып жіберді,  
 Алатау батыр дегенді.  
 Жарып өтіп жүректен,  
 Сауыттарын талқан қып,
- 5690 Қара жерге тірелді.  
 Жазым қылды көп ерді.  
 Оқ жерден жетер сырлығып,  
 Серпіліп қосын жөнелді.  
 Жалғыз өзі сұс қылды  
 Қуғыншы қазақ көп елді.  
 «Әдіс қылсақ, қайтер» деп,  
 Оң жағына келеді.  
 Қарғадан сақ хан Тұрсын  
 Оларды да көреді,
- 5700 Әдісқой әккі неме еді.  
 Жауған қардай садағын  
 Тартып-тартып жіберді.  
 Сап-сабымен қиратып,  
 Тағы өлтірді көп ерді.  
 Өр оғына он өлді,  
 Қырына келсе, қырық өлді.  
 Айналып келсе арқадан,  
 Құлата берді шалқадан.  
 Бірқатары тағы өлді,
- 5710 Инедей көзге ілмейді.  
 «Тауысар оғым» демейді.  
 Сол жағынан кеп еді,

- Ашылды үдеп өнері.  
Қиратты тағы нешеуін,  
Болмаса ақыр өледі.  
Қайтсін байғұс хан Тұрсын,  
Таусылып қалды көмегі.  
Атырабын қаланың  
Төрт тараптың тамамын,  
5720 Неше дүркін ат шауып,  
Әлденеше айналып,  
Есім хан үзді күдерді.  
Өр айламен ептеді,  
Түнінде де кетпеді.  
Атқан оғы аспандап,  
Таса жерге жетпеді.  
Зеңбірек, мылтық, доп атса,  
Қаласынан өтпеді.  
Іші шала болған соң,  
5730 Алысқа ұзап кетпеді,  
Ең қиын жауы осы еді.  
Өлтірмей кетсе, еп пе еді,  
Мұныңдағы кетпейді.  
Мінажат қылып зарланып,  
Бірнеше күнді өткерді.  
Ұйқы көрмей, ас ішпей,  
Диқат болып жырлады,  
Болмай тұр мақсат-мұраты.  
Ерте тұрып Есім хан,  
5740 Таң қарасы болғанда,  
Тамашалап айналып,  
Биікке пәс зер салып,  
Көзін тігіп тұрды.  
Ербең етті бір нәрсе,  
Анық байқап көргенше,  
Қаланың шығып басына,  
Бір әйел келді қасына.  
Шошайтып қолын нұсқалап,  
Су шығатын бұрышына,  
5750 Мезгіл-мезгіл тұрады.  
Су кіретін жер екен,



- Анықтаса сияғы.  
«Тілегінді берем» деп,  
Әйелге уәде қылады.  
Хан Тұрсынның қатыны  
Осының айла-ақылы.  
Ерлерін өңкей жияды,  
Тесігінен сияды.  
Қосынды жиып, шақ болып,  
5760 Қақпасын талқан қылады.  
Ұйқысын тездеп оятып,  
Даяр болып тұрады.  
Ақырын барып қозғады,  
Ұйқысынан оянды.  
Түсінеді өзі де,  
Үстінде жоқ құралы.  
Есім ханның жауабы:  
— Пайғамбардың сүннеті,  
Жауап сәлем бердім мен,  
5770 Жәке, не қып айрылдың  
Дария шалқар көліңнен,  
Ажырап құрбы теңіңнен.  
Біреуі де қалмады  
Мың кісілік әрқайсы,  
Жора-жолдас бегіңнен,  
Қазақтан көп еліңнен.  
Бағың тайып астыңнан,  
Тәжің түсті басыңнан.  
Арылды құрал тәніңнен  
5780 Бәрі кетті қашыққа,  
Енді өзіңді жасытпа!  
Пешенеде бар шығар,  
Көресіз де Тәңірден».  
Хан Тұрсын айтты: «Шырағым,  
Не қылса Құдай, ұнадым,  
Анықтап білмей сөзіңді,  
Керең боп тұр құлағым.  
Өлмесе, бәрі жойылсын,  
Оларды не қылайын,  
5790 Осы ма еді уайым?!

- Тәжі-тағым тауысса,  
Саған табыс қылайын,  
Інімсің ғой қияйын,  
Дүниеде қызық өлімді.  
Нәубет-нәубет көрулі,  
Дүниеге тұлға бол,  
Тұл қалғанға ие бол,  
Бәрі саған берулі.  
Ел түгіл, тақ, жерімді,  
5800 Қылып ем мен де тәнтімін,  
Қылғаныма шыдайын...  
Есім хан сонда сөйледі:  
— Асы жапы пендеміз.  
Кім ақысын жедің бе,  
Жылатып жетім, жесірді,  
Сөз айтып, қорлық бердің бе!?  
Маған да кезек келді ме?  
Бар шығар көп қатамыз,  
Тәуекел атты атамыз:  
5810 «Ит пенен құсқа жем қылмай,  
Айналайын, хан Тұрсын,  
Жасыра кеткін» деді ме?  
Гүлханымдай анамыз,  
Үстінде бүтін киім жоқ,  
Быламық іштім, етім жоқ,  
«Айналайын, хан Тұрсын,  
Құлақ салшы» деді ме?  
Қарындасым Ханымша  
Өрқайсыңа жалтақтап,  
5820 «Жәкетай», сірә, деді ме?  
Арам, алал жегізгем,  
Ұлым, қызым дегізген,  
Қарсы тұрып ажалға,  
Енді жәрдем берді ме?  
Хан Тұрсын сонда сөйледі:  
— Қам сүт емген пендемін,  
Пенде боп нені көрмедім.  
Қасарғанға қасарып,  
Қарсы қылыш сермедім.

- 5830 Мен де жаза бергемін  
Өзім де тірі күнімде.  
Зарлап тұрса бір адам,  
Көз жасын қабыл көрмедім.  
Ханның басын хан алар,  
Қардың басын қар алар.  
Қуып қашып кезекпен,  
Қарайып дүние жоғалар,  
Жазуға не шара бар?!  
Жақсы адам жанды қинай ма,
- 5840 Жаманның ісі табалар.  
Өліге азар бергенмен  
Мына сөзің бара-бар.  
Иман айтып Құдайға,  
Намаз оқып алайын.  
Көрдім, көндім, Құдай-ау,  
Иманымды сұрайын,  
Жетерсің ақыр мүддеңе,  
Сабыр қып ерлер тұра бер,  
Жаның шығып бара ма?
- 5850 Есім хан қабыл көреді,  
Азырақ сабыр береді.  
Дәрет суын даярлап,  
Қатыны жақын кеп еді,  
Бармағын тістеп, бас шайқап,  
Теріс қарап бұрылып:  
«Е, опасыз» деді енді,  
Әйеліне түнерді.  
Екі рекет намазбен  
Қыбылаға жүзін жіберді.
- 5860 Салауат айтып Расулға,  
«Лә иллаха» деп еді,  
Толғап-толғап садағын,  
Мекірегін жіберді.  
Жүрегінен қақ жарып,  
Қара жерге қан тамып,  
Түйреп оғы қадалып,  
Шымырқанып, шырқанып,  
Қашан жаны шыққанша,

- Сірә, бір сыр бермеді.  
5870 Отырып еді тізерлеп,  
Сол бойынша жөнөді.  
Тәуіп, құшнаш жүрегін,  
Сыбанып екі білегін,  
Ақтарып жарып көреді.  
Додаланып, шырғалып,  
Самал тұрса ырғалып,  
Шудасындай түйенің  
Жүрегiнiң түгi бар едi.  
Сүйектерiн түгендеп,  
5880 Жаназа оқып, кебiндеп,  
Сағанасын тұрғызып,  
Жалаулап белгi жүргiзiп,  
Бұйырған жерге көмеді.  
Ханабадта деп еді,  
«Надан достан, зерек қас».  
Өттең, дүние, опаң жоқ,  
Ап жатырсың себеп боп.  
«Жазым болды-ау бір ер деп.  
Мен де өтермін дүниеден,  
5890 Осындай болып кезек кеп».  
Есім хан жылап жіберді:  
«Дүниеге тоймас қу көзім,  
Тыңның ба, сірә», деді енді.  
Ақтарып көрсе қазынасын,  
Алтын, күміс, гауһар тас.  
Қуанысып кәрі, жас,  
Кемі жоқ, тіпті көп еді,  
Қытайдай мүлкін дер еді,  
Төгілген жері теңелді.  
5900 Бөгеді олжа көп елді,  
Бәрін де артып келеді.  
Тәуекел ханның тәжісі  
Бір сандықта тұр екен.  
Көңілі шат боп, қуанып,  
Басына Есім киеді.  
Хан Тұрсынның қатынын,  
Айтайын енді ақырын:

- Күн сайын сыйлап кетеді.  
«Жүйе» деп тентек мақұлын,  
5910 Жайылып жастық болады,  
Қабағына қарады.  
Осындай ізет көрсе де,  
Күн сайын азып барады.  
«Қандай, — деп, — мұның себебі»,  
Есім хан бір күн сұрады.  
Қатынның мынау жауабы:  
— Хан Тұрсынның маған қызметі,  
Осындай боп ізеті:  
Қырық қойдың май жілігі  
5920 Әр күніне дайын боп,  
Тұрушы еді қайыл боп.  
Жақсылығын айтамын,  
Азбай, тақсыр, қайтейін,  
Өлгеннен соң жазым боп,  
Өгейсіндім соны деп...»  
Есім ханның қаһары кеп,  
«Опасыз жалған әйел» деп,  
Болса да, мен дұшпан ем.  
Сондай күткен еріңді  
5930 Маған ұстап бердің, деп,  
Кімге опа қыласың,  
Берейін саған жаза! — деп,  
Қинап-қинап өлтірді,  
Қатын да кетті тамам боп.  
Қатынның мынау болды ақыр түбі,  
Фибрат ал үлкен-кіші, ойлап мұны.  
Еркексіз әйелдің де күні болмас,  
Әйелсіз еркектің де болмас күні.  
Опалы алалына кез қылмаса,  
5940 Бір опық жегізеді ақыр түбі.  
Бұл дүние, ол дүниеге залалы бар,  
Осындай кесапаттың тисе бірі.  
Өз байын дұшпанына ұстап берді,  
Осындай-ақ бір еркек жақсылығы.  
Күткеннен опа қылса, қылар еді,  
Бар ма еді еш нәрседен тапшылығы.

- Түбіне не ерлердің әйел жеткен,  
 Ойлағын, үлкен-кіші, жақсы, мұны.  
 Есімді анасына келтірелік,  
 5950 Осындай тақалды ақыр жаудың түбі.

*Ана насихаты*

- Енді келіп Есім хан,  
 Анасын іздеп жолықты.  
 Аман-есен көріпті,  
 Ботадай боздап, көрісті.  
 Өкпесін айтып зарлады,  
 Жүрегі қалған шемен боп.  
 — Өтірік пе, рас па?  
 Түсім бе осы, өңім бе?  
 Қозым, сені көргенім.  
 5960 Көргеніме сенбеймін,  
 «Елестеп қаял жүр» деймін.  
 Не көрмедім дүниеде!  
 Алысқа кетсең, арман боп,  
 Қалбыр жүрек боп өлдім.  
 Бір-ақ өлім көрмедім,  
 Туғаның кейін болған соң,  
 Өлгеннің қадірін білмейсің.  
 Басыңа келсе, білесің,  
 Ата-анасын алдында ал,  
 5970 Баланың дағы қалмасын.  
 Сенде мендей боларсың,  
 Үйленіп қатын аларсың,  
 Қатын-бала табарсың,  
 Ұл сүйіп, қызды боларсың.  
 Өз жайыңа қонарсың.  
 Өзен, суға барарсың...  
 Атаң кетті жайланып,  
 Көрмей қалдың арманда  
 Қартайған әкең қарасын.  
 5980 Мені қайдан табарсың,  
 Ұялас ұшқан сұңқарың,  
 Қанат-құйрық, жұбайың,

- Іздеп, сұрар жекжатың,  
Артта медеу, миятың,  
Ханымшаң кетті қай жаққа,  
Оны қайдан табасың?!  
Қайта жасап ата-анаң,  
Інімен бітіп қарындас,  
Түгендер ме еді шаласын.
- 5990 Арт жағыңнан көгертіп,  
Сідігіңе дарытса,  
Перзентті, балам, боласың.  
Қызба табан желікпе,  
Өрдәм қиял ойыңыз,  
Мас буын әлі бойыңыз.  
Елде жаршы қойдырып,  
Төрт түлік малдан сойыңыз.  
Ақ батамды берейін,  
Құтты болсын тойыңыз!
- 6000 Өлгенге Құран оқытып,  
Сағанасын бекітіп.  
Қосылып ем он бес жасымда,  
Бірге жатсам қасында,  
Құдай қосқан жолдасым  
Бабаатада қап еді.  
Терең қазып тепкілеп,  
Қасына бірге қойыңыз.  
Келеді, балам, жақындап,  
Түсімде көрген осы кәп.
- 6010 Біздің де болар тойымыз,  
Мүдделі осы ойымыз...  
Топырақтан бір түріп,  
Ақ туына жүгіріп,  
Маһшардың жарқын күнінде,  
«Үмбетім» десе Пайғамбар,  
Өткенге тоба келтірдім.  
Көргенге шүкір бір уа бар...  
Насихатым және де:  
Жалаңаш, шөлейт жер еді,
- 6020 Байтағыңды тұрғызба  
Түркістан атты қалада.

- Ауасы салқын, жері саз,  
Тірлікке бейнеті аз,  
Сары қымыз, сырбаз ет,  
Көңілің қош, қысы-жаз,  
Шымкент, Сайрам жарасар,  
Осында тұрсаң жарасар.  
Әзірет Сұлтан атасы  
Сансыз баптың жайы бар.
- 6030 Көгере жайлау Алатау,  
Еріксең, әр қилы аңы бар.  
Екі Келес, бір Талас,  
Қозыбағар, Иірқас,  
Төңіректе сәні бар,  
Асанқайғы сөзі бар.  
Наны тәтті, ісі күш,  
Бір қиялға ауыр іс.  
Еңбекпен күн көретін  
Ташкент деген бір шаһар,
- 6040 Әділ сұрап, қатты тұт.  
Көшпелі, қопал жұрт еді,  
Сақтаған ғана айуан мал.  
Жыламасын бұқараң,  
Нашардың бағы боп жүргін,  
Жетім-жесір, балалар.  
Олжаға көп жүгірме,  
Дүниең жетер бүгінге.  
Адамымен жолдас боп,  
Ғаріштердің көңілін ал,
- 6050 Дуасы алтын емес пе,  
Жетік пірден бата ал!  
Берекесін соң мыңға арзыт,  
Артымда, балам, аман қал!  
Бұ да шала қалмасын,  
Көкім бидің сөзі бар.  
Тірлігі Есімнің  
Осындайша көп еді,  
Сарамжал қылып кеп еді.  
Қимай тұр кезі беруге,
- 6060 Қашырғанда серік боп,



Бұ да қырып кеп еді.  
 Қырылып, қашып біткен соң  
 Хан Тұрсынның байтағын  
 Көкім би жайлап қап еді.  
 Былай шығып Есім хан,  
 «Былай тұрғын» демеді.  
 Ер Көкімнің сондағы  
 Айтқан сөзі бұл еді:

*Көкім би Ташкентке бек сайланды*

- Армансыз, ер Есім хан, олжаландың,  
 6070 Бір тайпа түгел алып олжаларын.  
 Арманың бұл жалғанда қалғаны жоқ,  
 Мүддеңнің бәрі болып, ырзаландың.  
 Ынтымақ, ауыз бірлік қып тұрайық,  
 Сайлы жұрт, жасаған жау, қырса бәрін.  
 Найыбың өзіңнен соң мен болайын,  
 Баласын қырғыз-қазақ бір санағын.  
 Артыңнан мен інің боп сүйенейін,  
 Қолайтты, қатты жауға жұмсап алғын.  
 Бір шеті халқыңыздың Қапқыз болды,  
 6080 Бір шеті Қытай болып шегараңның.  
 Ұрыссақ, еш патшадан бос келмейміз,  
 Баршасы түгел тұрса бұқараңның.  
 Бытырап ауыз бірлік болмаған соң,  
 Русия жақындатты Қырым ханын.  
 Халқымен Ауған, Бұқар шырын болып,  
 Үйреніп ғылым, өнер бірталайын.  
 Кәпірге оң жақтағы қарсы тұрып,  
 Кірейік қоластына Түркияның.  
 Қамын да балалардың ойлау керек,  
 6090 Еңбексіз жегеннен соң жұрттың нанын.  
 Сөзінің мынау айтқан жөні келді,  
 Бас изеп жұрттың бәрі «Тура» деді.  
 «Шағылып орыстан да қалып ек» деп,  
 Ұнатып «мақұл» десті көбі де енді.  
 Мысалы, әскер басы адамдай қып,  
 Іштері бір-біріне жылы келді.

- Ташкеннің найып сайлап қаласына,  
Неше уақ халқы тыншып, тыным болды.  
Осымен біраз уақыт кетті өтіп,  
6100 Халқы шат, сансыраған халі кетіп.  
Есім хан жақсы жерден үйленген соң,  
Келеді ұл ержетіп, қыз бойжетіп.  
Бір күні ер Есім хан қамданады:  
«Зиярат қыламын, — деп, — Қашқар өтіп.  
Өртүрлі асыл, қымбат нәрсе алды,  
Нәзірім осы болсын, көрсем жетіп...
- «Барамын, — деп, — Қашқарға»,  
Есім батыр қам қылды.  
Уәзір, ханын жам қылды.  
6110 Уәзірі — Жақсығұл,  
Алшын-Жаппас Жиёмбет,  
Сүлеймен ұлы Сиқымбай,  
Ілгеріден уәзір бұл.  
— Көкім би, саған бұйрық бұл!  
Ташкенттің жасап, қарасын,  
Ойран болған ордасын,  
Түзетіп, жасап, тәуір қыл,  
Тапсырдым саған, мұны біл.  
Осы күнде Ташкентте  
6120 Көк күмбез деген орын бар,  
Піна қылған Көкім би.  
— Дайындадым артымды,  
Болжам, байқа халқыңды.  
Ер Жиёмбет, Жақсығұл,  
Ертең өткен жау болса,  
Бос келместен, аңдып тұр.  
Қашқарға барып келейін,  
Көрмеп едім неше жыл.  
Көп айтысып қоштасып,  
6130 Кідірместен жүреді.  
Бірнеше күн жол жүріп,  
Аз ғана емес мол жүріп,  
Аман-есен көреді.  
Құшақтасып, көрісіп,

- Жайы-күйін терісіп,  
Аңсап тіпті кеп еді.  
Өңгімесі көп еді,  
Хан Тұрсын жайын қалдырмай,  
«Тамамдап бәрін жайладым,  
6140 Қашқанын тауып, қоймадым,  
Тауыстым, — деп, — адамын»,  
Бәрін де айтып береді.  
Бір күптігөй арман бар,  
Ақыреттік уайым.  
Құпия баян қылайын,  
Хан Тұрсынның қатынын.  
Сауыт-сайман, әнжаммен,  
Ұстап ап, зина қып едім.  
Айтқан сөзі батылдың:  
6150 «Игілігін төсектің  
Хан Тұрсыннан көп көрдім,  
Сенен көрдім, азамат,  
Игілігін үйірлік  
Салмағы ауыр бөксемнің,  
Есесін оның жеткердің...»  
Пұшайман болып, ойланып,  
Айтқан сөзін жек көрдім.  
Заманым қандай болады,  
Кешер ме осы күнәмді?  
6160 Аппақ қожа ойланып,  
Қаялданып сөйледі:  
— Ғайып ісін болжал қып,  
Пайғамбар да демеді.  
Құдай өзі біледі.  
Сонда-дағы, шырағым,  
Жұбатпасам бір кеппен,  
Көңіліңе келеді.  
Жәседің сенің қойылар,  
Қоспа судың өзені.  
6170 Бір замандар болғанда,  
Сары жүзді, қой көзді  
Адам алып, ем қылар,  
Бір нәрсеге тәніңді.

- Кешілмесе сол уақта,  
 Күптігөймін мен енді,  
 Ақыретің болсын, — деп,  
 Сонда да дұға береді.  
 Осы сөздер мақал боп,  
 Көп заманға келеді.
- 6180 Құлақтанып біреулер,  
 Біреуден біреу есітіп,  
 Әңгімеде дер еді.  
 Өр жағынан Шымкенттің,  
 Тіке құйған саласы  
 Сайрам су оны дер еді.  
 Қасқа су барып құйылған,  
 Айналып бір тығырдан,  
 Қоспа өзені сол еді.  
 Қуандық, Жаныс бір ата,
- 6190 Отан қылған жер еді.  
 «Нарбай сазы» — деп еді.  
 Байжігіт, Жандар дейтұғын,  
 Ағайынды неме еді.  
 «Бар, — деп, — ашып дүние»,  
 Адамның басын көреді,  
 «Қазандай үлкен» деп еді.  
 Отқа салып, күйдіріп,  
 Жауырына аттың себеді,  
 Жақты ма бұл іс өзіне?
- 6200 Бардам болып, өрледі,  
 Онан соң кемдік көрмеді.  
 Тірі күнде есіттім,  
 Осы адамдар өздері  
 Кешегіде бар еді.  
 Есім ханның мүрдесін  
 Осы күнде сол дейді.  
 Өтірік пе, рас па,  
 Шежіре сана дегені!
- 6210 Есім хан қайтпақ болды көп күн жатып,  
 Қожа мен мауқын басты қона жатып.  
 — Тақсыр-ау, сырттан дұға қып тұрыңыз,

- Алыстан ғайып-ана, сәлем айтып.  
 Енді жүз қияметте көрісерміз,  
 Үзілсе нәсіп болмай және қайтып,  
 Бегімен, ерлерімен амандасты...  
 Қашқардан Шымкент, Сайрам келді қайтып,  
 «Елеуреп елдің жайын біліп тұр» деп,  
 Хандарға ұзақ-жақын сәлем айтып...  
 Қазаққа сондай заман болған емес,  
 6220 Көсіліп қол-аяғын тыныш жатып.  
 Ілгергі көнелерден бір сөз қалған,  
 Сылтау қып, тарынғанда, осыны айтып:  
 «Есім хан, Сиқымбаймен өліп тағы,  
 Айтатын күн көрдік», — деп, мақалдатып.  
 Байтағы онан кейін Шымкент болған,  
 Ташкентте Көкім бидей бегі жатып.  
 Жаз болса, Алатауды жайлап жүрген,  
 Ұлы жұрт, кіші жұртқа желі тартып.  
 Дегені «Үлкен Орда», «Кіші Орда»,  
 6230 «Бәйбіше» деген жер бар бүгін де артық.  
 Қызығын дүниенің көріп өткен,  
 Жау жүрмей маңайынан онан қайтып.  
 Онан соң күллі қазақ мамыр болды,  
 Мал бітіп, қарын тойып, тәуірленді.  
 Қой бітіп, қоңсы қонып қарасына,  
 Қарны аш, жалаңаштар іздеп келді.  
 Мүддесін көңілдегі әркім істеп,  
 Диқандар сүдігер қып тәуір жерді.  
 Желпініп жүйрік атпен көкпар шауып,  
 6240 Қаламай халқы ауырды қалыпты енді.  
 Тәсімін сауда-саттық әркім істеп,  
 Қауыпсіз әр патшаға барып келді.  
 Жетім ұл, жесір қатын мың қой айдап,  
 Бозторғай ұя салды жүніне енді.  
 Жаман қыз, жаман қатын былай қалып,  
 Сұлу қыз, жүйрік атты бөрі іздеді.  
 Пұшық қыз, кер шолақты таңдап тиіп,  
 Мінәсар, әркім сүйіп, теңін тапты.  
 Отырып халық орнында, хан тағында,  
 6250 Дұшпанға құлақтары түрулі еді.

*Хан өсиеті*

- Шақырып, Есім айтты, қазақ ұлын:  
 «Қадірін білісу керек бұл дәуірдің.  
 Көлденең, қарсы жауға неше шаптық,  
 Кейде жау, кейде барып жұртқа ұрындық.  
 Сырбаз жеп, қымыз ішіп, ақымақ боп,  
 Зілінде жарамайды көшпелігің.  
 Даланың жазын жайлап, көгін көктеп,  
 Өнерсіз тағы садда аңқаулығың.  
 Қалалы, орнықты ел болмадыңдар,  
 6260 Киіз, туырлық ағаш үй тірлігің.  
 Қарның тоқ, уайымың жоқ болғаннан соң,  
 Қамы жоқ инедейін кейінгінің.  
 Қай жерге қарсы жауың қуып, шаншып,  
 Қатты жау қалмақ еді кердең-күрдең.  
 Талқыңа қуып шығып, белін буып,  
 Салмақты патшаларға теңелдірдім.  
 Менен соң күнің қысым, малың талан,  
 Көп болар, алты ауыз боп, көрген күнің.  
 Парласам бір-ақ жүзге жасым келер,  
 6270 Түбіңе жетер түбі алалығың.  
 Бұл жақта — жапон-қытай, бұл — жақта орыс,  
 Біреуі алмай қоймас өнерлінің.  
 Менен соң қилы-қилы заман болар,  
 Қоңсы боп, шегір көзді адам қонар.  
 Атаны бала рая қылмайтұғын,  
 Ағаға іні қарсы табан қояр.  
 Бірінді-бірің шағып, күнде өлтіріп,  
 Мал-мүлкің, қатын-балаң талан болар.  
 Соратын теспей қаның, басшы болып,  
 6280 Ақырың осыменен тамамдалар.  
 Біріңнің бақайыңнан бірің тартып,  
 Мен емес, мына күндер саған болар.  
 Мейлің қор, мен кеткен соң, мейлің зор бол,  
 Менен де санаулы күн ада болар.

Қос-қос орда, қос орда  
 Қосылып қонбас бізден соң.

- Бала сыйлап атасын,  
Құрметтемес бізден соң.  
Жетегіне ағаның
- 6290 Іні жүрмес бізден соң.  
Ауыз бірлік, ынтымақ,  
Бола бермес бізден соң.  
Бала қамын ойланып,  
Ер тумайды бізден соң.  
Ғылым-өнер үйреніп,  
Қазақ болып қарайып,  
Халық болмас бізден соң.  
Қарсы тұрып қарасып,  
Жаумен ұрыспас бізден соң.
- 6300 Берекелі күндер боп,  
Мамыр болмас бізден соң.  
Тиын пара жеместен,  
Төре жүрмес бізден соң.  
Қалай болсаң, олай бол,  
Өзім, қазақ өлген соң».  
Есім хан осылай деп еді,  
Барша жұрт жылап жіберді...  
Дүниеге кімдер келмеді,  
Құдайдан бөлек өледі.
- 6310 Солар да дүниеден кетті өтіп,  
Санаулы уақтылы күндер жетіп.  
Есім хан балаларын үйлендірді,  
Тегі бар, сұлу қыздан деректетіп.  
Екі ұл екі қатыннан пайда болған,  
Қояйын аттарын да мәлім етіп:  
Деуші еді Көркем Уәли, Уәлибақы,  
Хан болды, бұларға да кезек жетіп.  
Баласы бәйбішенің, хандық тимей,  
Араз боп, Үргенішке кетті өтіп.
- 6320 Арасын есептесең төрт атамен  
Тоқтайды хан Абылай ханға жетіп.  
Қолында Төле бидің түйе бағып,  
Біраз күн жәбір көрген, тарлық жетіп.  
Сол күнде мәшһүр болып, хан сайланған,

- Қонтажы тұрғанында күш көрсетіп.  
Қасым хан — отыз ұлдың біреуі еді,  
Хан болды Кенесары одан өтіп.  
Наурызбай, Кенесары өлгеннен соң,  
Қарады Русияға, хандық кетіп.
- 6330 Түсінде Тәуекел хан он ай көрген,  
Осылар сол көргені тарап кетіп.  
Бәрі де осал кісі болған емес,  
Дұғасы Аппақ қожа дарып кетіп.  
Әмбесі Шыңғыс ханның нәсілі еді.  
Баяндап бас жағында айтып еді.  
«Қожа — нұрдан, төрелер — сағымнан» деп,  
Шежіре санада да айтушы еді.  
Тарайды Әмір Темір осы ұрықтан,  
Бәрі де бұл әулеттің барыт еді.
- 6340 Жеті жүз елу жылдай жұртқа ие боп,  
Сұраған төрелердің нәсілі еді.  
Қалдырмай, мұны-дағы баяндайын,  
Бір сөзді хан Абылай деген еді.  
Абылай ханның дегені:  
«Мысалы, біз — жолбарыс,  
Бізден қабылан өнеді.  
Қабыланнан қасқыр туылар,  
Қасқырдан түлкі төменгі».
- 6350 Қан шеңгелдеп туылған  
Қасым хан қабылан боп еді.  
Қасқырдай шапқан жауына  
Наурызбай, Кене төре еді.  
Ешкім осал демеген  
Кене менен Науан төрені.  
Орыспенен ұрысып,  
Алдынан қашқан бұлтылдап,  
Түлкісі Сыдық төре еді.  
Хандығы кетіп, тауысып,  
Пәстеп-пәстеп кеп еді.
- 6360 Шыңғыс ханның нәсілінен  
Мұнан соң хандық түгелді.



- Арасында қазақтың  
Шежіре сана аралас  
Бұдан үлкен әңгіме,  
Болған емес тағы да.  
Нысаны бар жерлердің,  
Сөздерінің бәрі рас.  
Таусылды өлеңі  
Мұны жазған ақынның.
- 6370 Перзенті Жаным затының  
Қазанқап — атын дер еді.  
Осы сөздің ішінде,  
Жаныстың халқы нәсілінен,  
Құдайберді баласы  
Әлібек би боп аталды.  
Алты ұлы бар осының:  
Бесінші ұлы — Төле би.  
Ең кенжесі — Елібай.  
Мұны жазған ақының
- 6380 Сонан барып тарайды.  
«Үш алаштың баласын  
Сұраған үш би», деп айтар,  
Қазақтардың мақалы.  
Қаз дауысты Қазыбек  
Бұл кісінің баласы,  
Айтып ем Шаншар мырзаны.  
Кіші жүздің билерін  
Жидебай деп атайды,
- 6390 Заманнан бері қарай.  
Есептесек болжал қып,  
Сегіз ата тарайды,  
Санап қоссам баланы.  
Атадан ата тарауы...  
Тамамдайын бұларды.  
Есім хан төре, патшадай  
Баршаны жеткіз мұратқа,
- 6397 Қол жайып дұға қылалы.

# Есім хан

- Қолыма қалам алып хат жазайын,  
Ақтарып өткендерден сөз қозғайын.  
Жарандар, құлақ салсаң бұл кеңеске,  
Айтайын Есім ханның мен жағдайын.  
Із қалған белгілі боп әр ғасырда,  
Жамағат құлақ салып тыңдасын да.  
Қазаққа әділдікпен патша болып,  
Есім хан ел билеген өз тұсында.  
Ол өзі жұртын сұрап даналықпен,  
10 Мекен ғып тұрған Сырдың жағасында.  
Қақ жарған қара қылды әділдікпен,  
Халықтың алған ықылас-батасын да.  
Сол кезде жерге талас қазақ, қалмақ,  
Сыр өзен Қамыстақтың арасында.  
Алайда астам көңіл шапқыншылар  
Алдында кім тұрғанға қарасын ба?  
Осындай сабаз басшы тұрған кезде  
Сұмырай жау елді басып ала алсын ба?  
Жүреді, қалай тартса, қалам деген,  
20 Немене, теңсіз болса, заман деген!  
Азырақ Дорбанқордан сөз бастайын  
Қазақты бір-ақ жалмап алам деген.

Дорбанқор қалмақтардың ханы еді,  
Көп жерге қанды ойран салып еді.  
Ол өзі батырсынған өте жауыз,  
Зорлықпен талай елді алып еді.  
Басынып қазақ халқын көзіне ілмей,  
Топтанып Қамыстаққа барып еді.

- Тұмсығы тасқа тиіп келген жерден,  
30 Қазақтың батырлығын танып еді.  
Мың кісі Қамыстаққа Дорбан барды,  
Қазақпен он сегіз күн соғыс салды.  
Ақыры соққы көріп біздің жақтан,  
Мыңнан үш жүз адам әрең қалды.  
Жазуға қалам алып басшым қағаз,  
Есім хан — тым айлакер, әділ сабаз.  
Еліне даналықпен басшы болып,  
Дұшпанды соққылап ед көтертпей бас.  
Тазартып туған елін құтқаруға
- 40 Сайланып атқа мінді кәрі мен жас.  
Сөз бар ғой: «Доңыз өлмес құр айғайдан»,  
Ер жүрек батырлар да дайындалған.  
Өмірін арнамақшы ер ел қорғауға  
Құтқармай барған жауды ойына алған.  
Топырлап жауыз жаулар мерт болады,  
Ерлерден соққы көріп қаруланған.  
Ол кездің бір заңы бар соғысында  
Майданға жекпе-жек кеп кезек салған.  
Талай бар ер жүректер от боп жанған,
- 50 Екі жақ тілдесуге елші салған.  
Басына заман ақыр төнсе елдің,  
Кім кешпес белшесінен қызыл қаннан.  
Тең болса зейін-қайрат жігіт кем бе,  
Қандай жан өкінеді арам терге!  
Өмірдің ащы-тұщы қызықтары —  
Үн қосқан қу ағашқа бейне перне.  
Түседі аққу көктен шалқар көлге,  
Қандырып мейірін ол шөлдегенде.  
Майдан қып қазақ-қалмақ жиналышты,
- 60 «Жидекті ну орманы» деген жерге.  
Қалмақтан Ұран деген батыр келді,  
Қазақты көзге ілмей бір шіренді.  
Кеудемен тауды қағып жіберердей:  
«Кешікпей батырларың келсін» деді.  
Есім хан бұйрық берді бір балаға,  
Сыйынып жаратқан Хақ тағалаға.  
Кім біледі жастың алды не боларын,

- Дариға-ай, одан есе ала ала ма?  
Аты еді бұл баланың Әбеуқайдар,  
70 Айғайлап бата берді ақсақалдар.  
Қолына қылыш алып кетіп барад,  
Елі үшін еңіреген қаһармандар.  
Ойнатып қасқа атпен жетіп барды,  
Майданда екеуі де ойын салды.  
Айбынды екі батыр айқасқанда  
Жарқылдайд шақ-шұқ етіп қылыштары.  
Қырандай жарқыраған бейнелерін  
Көріп тұр тамашалап халықтары.  
Әбеу ер елі үшін өзі құрбан,  
80 Армансыз халық үшін шықса жаны.  
«Өлсең де намысыңды жіберме» деп,  
Дем беріп айғайлады елдің бәрі.  
Дем берген елдің айғай-ұранымен,  
Әбең ер күшін жинап қаһарланды.  
Тәңірім қуат беріп талапты ерге,  
Дұшпанның сілкіп басын кесіп алды.  
Арам тер жаны шықпай тыржың қағып,  
Төбедей төңкеріліп о да қалды.  
Шулады сұмырайлар анталаған.  
90 Мерт болды Ұран батыр қалмақтардан.  
Дұшпанмен алысуға белді буып,  
Батырдың екі көзі отша жанған.  
Қалмақтан намыстанып біреу келді,  
Екі жақ сап түзеген оны көрді.  
Ұзын бой, тарбақ танау, мол денелі,  
Жағымсыз келбеттері көзге ілінді.  
Әбеңмен ұстасуға таяп қалды,  
Сонда Әбең туған елін есіне алды.  
Бұған да арыстандай қарсы ұмтылды,  
100 Жауыздан енді аяну жарамайды.  
Атпенен таяп келіп о да тұрды,  
Батыр да ыңғайланып мойын бұрды.  
Найзамен бұл итті де түйреп алып,  
Батырдың бағы жанып, жолы болды.  
Бірінің бағы жанса, бірдің соры,  
Астында ойнақ салды қасқа торы.

- Қалмақтан екі батыр мерт болған соң,  
Шегінді дұшпандардың қалған қолы.  
Қазақтың бұл ісіне шыдай алмай,  
110 Майданға өзі келді Дорбанқоры.

Ол келіп қаһарланып айғай салды,  
Найзаға қос шашақты ту байлады.  
Бұл сұмның айбарынан үрейленбей,  
Батыр да белдесуге ыңғайланды.  
Тартысып екі батыр, қызды майдан,  
Күшіне көрермендер қалды қайран.  
Ақырып Әбең ер де айғайлады,  
Елі үшін шықса жаны, етпейді арман.

- Екеуі алыса алмай жүрді бір күн,  
120 Ұрады бірін-бірі дүркін-дүркін.  
Майданда екі қыран таласқандай,  
Қарайды қызығына халқы шіркін.  
Кеш таяу, дем алатын уақыт болды,  
Күшінен батырлардың ат болдырды.  
«Біз де енді тоқтап қалып осы жерде,  
Көріссек ертең», — деді Дорбанқоры.  
Есім хан өзі келіп айырады,  
Қырандай батырын ол қайырады:  
— Әбеуім, деміңді ал, асыңды іш,  
130 Асықша алысуға күн бар тағы.  
Сонымен екі жаққа айрылысты,  
Демалып, рахаттанып ішіп асты.  
Ат беріп неше түрлі батырына,  
Мадақтап халық жатты әлгі жасты...

— Туған жер, маған қымбат өскен елім,  
Тың жерде құтқарғанды дос дер едім,  
Ел үшін тар кезеңде кеуде керіп,  
Жұрт үшін құрбан болған талай керім.

- Еңбегі ұмытылмас батыр ердің,  
140 Келеді талай ерлер қорғап елін.

Ертеңгі болжау айтып келер іске,  
Есім хан нұсқау беріп жиды елін.

Сөзіне Есеңнің ел салды құлақ,  
Қайтпайды өздігінен мынау қалмақ.  
Сұмырайдың бәрін түгел құртпағанда,  
Қор қылып бізді дұшпан алар жаулап.

Халқына жігер берді ер данышпан,  
Еліне көсем болар ақылы асқан.  
Беделді, өзі шешен Есен ағай,  
150 Сөйлесе, май шығарған қара тастан.

Майданға ертеңінде барды бөрі,  
Көруге тамашалап жас пен кәрі.  
Жиналып түгел халық болғаннан соң,  
Дорбанқор «Жекпе-жек!» деп, айғай салды.

Әбең ер жекпе-жекке барды тағы,  
Не болар бұл майданда жастың халі.  
Дорбанқор қылыш алып жетіп келді,  
Ойнайды мінген кері арғымағы.

Тағы да бұл екеуі алысады,  
160 Шыдамай ат аяғы шалысады.  
Шіреніп оқты көзбен кейде атысып,  
Теңеліп кейде күштер қарысады.

Созылды осы соғыс жарым күнге,  
Ерлікпен бұл екеуі түсті көзге.  
Жөн ғана екі батыр шаңдатады,  
Соғысқан жан көрінбейді онан өзге.

Екі жақ көз алмастан қарап тұрды,  
Қыран құс талқандардай құрған торды.  
Қали мен Жанәбілдің күресіндей,  
170 Шіркін-ай, естен кетпес жұлыс болды.

Көз алмай екеуінен қалың адам,  
Күшіне екі ердің жан таң қалған.  
Тең келіп қайраттары екеуінің,  
Бірі өліп не бірінен төгілмей қан.

Кеш кіріп, бір мезгілде бесін болды,  
Әбеңнің көзі ашумен қанға толды.  
Аюға қарсы ұмтылған арыстандай,  
Түсірді аттан жұлып Дорбанқорды.

180 Ер Әбең ақ алмасын қолына алып,  
Қан толған екі көзі ашуланып.  
Бүлік сап өлім құған сұмырайдың  
Аямай жүрегінен салды барып.

Ақ туын мұсылмандар қолына алып,  
Батырдың ерлігіне мейірі қанып.  
Қазақтың бағы жеңіп бұл соғыста  
Дорбанқор жатты өлігі ыңыранып.

Өлген соң дұшпандардың Дорбан ханы,  
Қайғыға шомды жаудың қалғандары.  
Текені өзі келген көздеп атып,  
190 Жауыздан қазақ халқы есені алды.

Шегінді қалған жаулар кейін қарап,  
Шыбын жан тіршіліктен егер талап.  
Атақты батырынан айрылған соң,  
Қазақтан қорлық көріп тозды қалмақ.

Адамзат қол созады әр арманға,  
Өткен іс ойға түсер еске алғанда.  
Біреуге қастық ексең, қайта айналар,  
Егіз ғой жақсы-жаман бұл жалғанда.

200 Ызғарлы күзді күні қазан желді,  
Қорғайды нағыз адам туған елді.  
Қалмаған жамандығы көпір қалмақ,  
Тозғанын торғайдай боп енді білді.

Тоздырып қалмақтарды біздің қазақ,  
Қалмақтар қазақтарға болды мазақ.  
Қалмақты бұл соғыста қазақ жеңіп,  
Көрсетті шапқыншыға түрлі азап.

- Қарамай арт жағына қашқан жауыз,  
Кетті олар сай-салаға тозып жалғыз.  
Тарихта болған іс қой естен кетпес,  
210 Халықтан шапқыншылар алған қарғыс.

Қазақтың батырлары қаруланып,  
Қалмақтың арт жағынан қуып барып.  
Олардан екі мыңдай жылқы әкелді,  
Қосымша тұтқындарды олжаға алып.

Қалмақтар қорлық көріп тозғаннан соң,  
Ақыры Маңыраққа кетті ауып.  
Әсіліхан Алтай таудың патшасы еді,  
Қалмақтар арыз қылды соған барып.

- Әсіліхан естіп білді барлық жайды,  
220 Хабарлап маңайына елін жиды.  
«Неше жыл күшті жинап соғыспасақ,  
Амалы Есім ханның қиын», — дейді.

Алтай мен Маңыраққа хабар айтып:  
«Қазаққа алданбаңдар бекер жатып.  
Екі жыл дайындалып күшті жинап,  
Оларды біз жаулаймыз құл-күң етіп».

- Деп ханы хабар берді аумағына,  
Қарауыл қойды әскер тау жағына.  
Қазаққа қастандығын жинап тағы,  
230 Қаратпақ жаулап елді қармағына.

Әсіліхан тағы ойлап, қайғыланды,  
Ойға алып Дорбанқордай асыл ханды.  
«Қайтарып Дорбанқордың мен есесін,  
Тоздырып тозыңдай ғып қазақтарды».



Қиялдап о да тағы ойға батты,  
Жағалап нөкерлерін көзбен атты,  
Деді ол: «Ден алармын үлкен есе,  
Көрсетпей қазақтарға рақатты».

240 Сұмырай бұл өзінше батырсыған,  
Әр күні қастандығын сайлап жатты.  
Болса да арасы жау достығы жоқ,  
Қазақтар бұл істерден хабар тапты.

Есім хан хабар тапты жау жайынан,  
Қорқушы еді қалмақтар да айбарынан.  
Өмірде халқын сүйген әділ сабаз  
Келетін жауға қарсы дайындалған.

Есім хан халқын жиып, ақыл сапты:  
— Қашқан жау Алтайдағы ханын тапты.  
Олар кеп қайта аралап, жеңсе бізді,  
250 Көрсетпейді бұл дүниеде рақатты.

Ер халқым, қалай ақыл айтасыңдар,  
Жиналған барша халық көрі-жасың бар!?  
Отырмын жөнді осылай баян етіп,  
Көпшілік қандай амал табасыңдар?

Жиналған жаусырасып барлық елдер,  
Тасыған күші жойқын кемеңгерлер.  
«Көптің күші жиналса, көл» деген ғой.  
Ер жүрек батырларға не тең келер?

260 Келе алмай дұшпан қалды көңлі қайтып,  
Іздеді әдіс-амал ойға батып.  
Неше рет жиналса да, топты жиып,  
Қазақтан өлтірген жоқ бір кісі атып.

Әсіліхан бурадай боп күркіреді,  
Зұлымдық бейнесінен көрінеді.  
Өзіне кез болса еді ақырында  
Біреуге қазып қойған дайын көрі.

- Бата алмай қазақтарға қалды сонан,  
Сырты бүтін болып жүр, іші түтін.  
Түбінде сәтсіздікке ұшырайды  
270 Қаскүнем зиянкестің жолын қуған.
- Әсіліхан Қамыстаққа тағы барды,  
Жаусыраған бейнемен анталады.  
«Келсе келсін майданда сынасайық», —  
Деді де, дайындалды қазақ жағы.  
«Үйренген жау тартысқа жақсы» деген,  
Ер жүрек дайын тұр ғой батырлары.
- Тағы да үлкен майдан басталады,  
Белгісіз кімнің соры, кімнің бағы.  
Патшаның бағы тайса, соры қайнап,  
280 Тиынға жарамайды алтын тағы.  
«Тәуекел не көрсек те, соғыстық» деп,  
Қол қойды қазақ-қалмақ екі ханы.
- «Түбінде қандай болып кетеді?» деп,  
Бұл іске кейбіреулер таңданады.  
Кейбіреу үрейлі сөз таратып жүр,  
«Не болар жеңілсек, — деп, — елдің қамы?»  
Қорғауға, жанды тігіп туған елді,  
Тас түйін болып жүр ғой батырлары.
- Қол қойды екі батыр соғысуға,  
290 Баспақшы жеңілгенін қос азуға.  
Кім біледі, қандай жағдай іс боларын  
Алланы .....\*  
.....\* екеулеп кеп бата алмайды.  
Басыңда бақ жұлдызың тұрған кезде,  
Бетке алып ешкім сені ата алмайды.
- Таң қалтар кейбір істер жамағатты.  
Бұл күрес шынықтырды қазақ жақты.

---

\* Қолжазбада өшіп қалған

Қазақтың бақ жұлдызы берік болып,  
Әсіліхан қоқандаған кейін қайтты.

«Сөкпеңіз, — деп, — елдің жасын,  
Қасқырдай ойлады, — деп, — қара басын».

303 Мен жаздым Есім ханның бұл қиссасын.

# Олжаш батыр

Қазақтың бас батыры Олжаш атты  
Маңынан жан баспаған кәрі қатты.  
Өз тұсында адамның арыстаны,  
Заман заңы адамды толқындатты.

Уақыт Олжашқа бір ой салды,  
Атырапты тітіретіп, даңқы жарды.  
Қазақты жабдықтауға сайман алмақ,  
Құралға Қарқаралы тауға барды.

Қасына отыз жігіт ісмерді ерітіп,  
10 Екі-екіден қос атқа ер ертетті.  
Ағаш жонып алатын өткірді алып,  
«Азық жолда» деді де, жүріп кетті.

Жазға салым келді де, жаздай жатты,  
Азыққа құлан, киік, арқарды атты.  
Оқ жонып, найзаға сап, садақ иіп,  
Алпыс атқа жүк Олжаш дайындатты.

Қос тіккен қалың таудың арасында,  
Күн беттей ең үлкен дарасында.  
Жауға жарақ, құрал-сайман, тұр ағаштар,  
20 Жыныс біткен қалың ну арасында.

Кептіртіп бітірді әбден оғын жонып,  
Сап жасап, садақ иіп әбден болып.  
Жаз таусылды, күз келді, мезгіл жетті,  
Қайтпақ болды, артатын жүгі толып.

Қарауылға шығарды қырағысын,  
«Қатпар таудың болжа, — деп, — іш пен тысын».  
Жан-жаққа қарауылшы көз жіберді,  
Биіктің тауып шығып бір тұрғысын.

30 Ел жақтан келе жатқан көрінді шаң,  
Салт атты санап еді он шақты жан.  
«Елді кеп қалмақ шауып кеткен ғой» деп,  
Қобалжып, жүрек тулап, лепірді қан.

Жақын келді, таныпты, Шаншар абыз.  
— Батыр қайда, сен жүрсің тауда жалғыз.  
Қатаған елді шауып, қыз әкетті,  
Батыр хабар таппас, — деп, — ел қылды аңыз.

— Біз аман, біз түп-түгел өзің көрген,  
Батыр барда қорқайық неменеден?!  
Амандық-жамандықтан хабарыңды,  
40 Абызекке, өзің айт елден келген.

— Бір шетін елдің келіп шапты қалмақ,  
Сұрастырмай мен кеттім артын талдап.  
Батырға бастан-аяқ баяндады,  
Қайтқалы жатыр еді ол да қамдап.

Алпыс атқа аспап артты, ерін ерттеп,  
Ер қаруын сайлап ап, елге жетпек.  
Қатағанға қаһарын қатты тігіп,  
Ашуланып, асығыс жүрді өктеп.

Батыр келді, көп қару-сайман артып,  
50 Күн-түн жүріп үдере, жанбар тартып.  
Елге әкеліп, ерлерге үлестірді,  
Найза, айбалта саптарды жарқылдатып.

Батырға амандаса Есім келді,  
Сол күнде қазақ ханы Есім еді.  
«Қатағанды қол жиып, шабыңыз» деп,  
Қазақтан қалың әскер жиып берді.

Жетерлік жол бойына азық-түлік,  
Батырлар қуанышпен ойнап-күліп.  
Бірде қазақ шабады, бірде қалмақ,  
60 Заманы тиыштық жоқ, бүліншілік.

Бел шешіп төсегіне ер жатпайды,  
Жылқыға ат жіберіп оттатпайды.  
Үйде найза сүйеулі, белдеуде аты,  
Дайындықсыз жүрегіне ас батпайды.

Күнде шу, шығып жатқан аттан айқай,  
Қараңғы тиыш өткізбес кешті батқан.  
«Құба қалмақ заманы» делінетін,  
Найзасын жауға кезеп шартылдатқан.

Кезенген кезек тұспатта ма,  
70 Кек алмай, жүрегіне ас бата ма?  
Қатаған елді шауып қыз әкетті,  
Аттанбай қазақ қарап тек жата ма?!

Қазақтың бас батыры Олжашының,  
Ту ұстап, тұлпар мінген қолбасының,  
Қайсібірін қағазға сыйғызайын,  
Түгелдеп қасына ерген жолдасының.

Ауыздық қарш-қарш шайнап тұлпар аты,  
Десе де елге кетпес ердің ақы.  
Кектескен, кезек шапқан, шартылдатқан,  
80 Осы екен сол кезде елдің қияпаты.

Олжаш батыр ерлігі, елге сіңген еңбегі,  
Ерлері ертегінің ертеде өткен.  
Ел болмас ерегессе, кегі кеткен,  
Кек алған кескілесіп, кем түспестен.

Ханды шапқан, қастасса, өктемдікпен,  
Таптаған талай жауды, елін құртып.  
Ел қорғап, жанды аямай еңбек еткен,  
Қазақты қалың жаудан талай сақтап,

- Батыр-ақ аты шыққан сол себептен.
- 90 Тас қорғанды талқандап, қамал бұзып,  
Айдаған қалың қолды талай шептен.  
«Теңдеспін» деп, тепсінген сан батырды,  
Найзағайға желек қылып еңіреткен.  
Өз елін саясында сайрандатып,  
Мал-басын тел өсіріп, өркендеткен.  
Жаңа талап жас ерді баулап бастап,  
«Өр көкірек болсын» деп, еркіндеткен.  
Көптің қамын ойлаған көсем батыр,  
«Сені» десе, сескенбей, сертке жеткен.
- 100 Қайтпаған атқан оқтан қанды жүрек,  
Тепсінбес тебіреніп тегіндіктен.  
Ашуланса, аласұрған арыстандай,  
Айдыны атырапты тітіреткен.  
Көрін тіксе, қаһарлы арыстандай,  
Безгектей бет келгенді секілдеткен.
- Ақырса, тау күңіренгіп, тасты жарған,  
Кем болғанда, бір күндік жерге барған.  
Дұспанды ерегескен шауып алып,  
Есепсіз ерген елге олжа салған.
- 110 Қайратына халқы еріп, хан сыйлаған,  
Ел үшін ер атанбас жан қимаған.  
Шығай ұлы Есім ханның заманында,  
Осы еді ер Олжаш қол бастаған.
- Қазақта сол заманда қолдың басы,  
Сан батыр сайып қыран бар жолдасы.  
Қара би Майқы ұлы — ақылшысы,  
Ойшылы — Асан қайғы отағасы.
- Қаһарлы батыр екен қайтпас беттен,  
Тас шоқпар тар кешуде таймас серттен.
- 120 Ақ найза, сырлы садақ, алмас қылыш,  
Көкпең көк темір киіп, жарқ-жүрқ еткен.
- Ажал ойнап оғынан жауға тартқан,  
Қос-қосынан қорамсақты қос атқа артқан.

Асынған шығыршықта ақ айбалта,  
Сауытқа сабы тисе, сартылдатқан.

Желекті тулы найза алты қарыс,  
Жеке батыр шығысып шайқасқанда.  
Сауыт-сайман, дулыға тас-талқан боп,  
Жер теңселіп, бұршақтай тас ұшқанда.

- 130 Қаупі жоқ, ағып жүрсе қаны судай,  
Соғысса, соққыласып күн-түн тынбай.  
Оқ тескен, қылыш кескен, кемітпеген,  
Қас батыр кемімес, сүйек сынбай.

Түрімен түксигенде елді үркіткен,  
Дұспаны беттемеген көрін тіккен.  
Өрескел өр көкірек, өткем батыр,  
Артықша жан шошырлық келбет біткен.

- Қара жерге басқан ізі қарша батқан,  
Азуын айға безеп қаршылдатқан.  
140 Долданса, доптай басты домалатқан,  
Аузынан қанды көбік бұрқылдатқан.

Даусынан жай түскендей жер жаңғырған,  
Сан жауға тайсалмастан жалғыз барған.  
Әмірінен жан шошып, ел күңіренген,  
Қалмақ ханы Қатағанның басын алған.

Дулығалы басы бар ақ ордадай,  
Қасы қарыс, қабағы биік жардай.  
Кең маңдай, екі көзі жанған шоқтай,  
Көп ботаның ішінде жалғыз нардай.

- 150 Сақалы салбыраған ерді жауып,  
Сауытқа салбырайды, тисе барып.  
Құлағы тебінгідей, жағы астаудай,  
Даусынан талай адам қалған талып.



Жалындай арыстанның жонын жапқан,  
Тұтасқан желке шашы құйымшаққа.  
Қаһарланса, қасында тұра алмаған  
Қашаннан қасына ерген жолдастары.

Осындай ерекше екен ер нұсқасы,  
Ақ болат күнге шаққан дулығасы.  
160 Сауыты тоғыз қабат жібек қаттау,  
Белдік пен оқ таятын шарайнасы.

Баспаған басып патша маңайынан,  
Қамшымен қан ағызған самайынан.  
Ел қорыған, еңбек қылған — ердің салты,  
Ханды айдап, қазына артқан сарайынан.

Кектесе, керемет қып, кегін алған,  
Асусыз асқар белден тың жол салған.  
Талқан қып тас қамалды жалғыз бұзып,  
Қанжарын, қаһарланса, қанға малған.  
170 Аузынан айдаһардай зәрін шашса,  
Бетіне жан болмаған қарай алған.  
Ашу, айқай шартылдап жай тасындай,  
Толықсып, сақтанғандар естен танған.  
Жан түгіл, қара тас та қақ жарылған,  
Кезінде кез кеп қалса, қаһарланған.  
Семсерден сегіз қабат қан сорғалап,  
Қан жұтып, қабақ шытпай, қорғалаған.

Батырдың өз тұсында қаһарманы,  
Жетпеген бір өзіне мыңның әлі.  
180 Тас жаңғырып, құлағанда айқайына,  
Адамның не қап қалсын, шықпай жаны.

Сан батыр шақ келмеген қарсыласқан,  
Қайратты қара болат әлем асқан.  
Басын шауып, алмадай домалатып,  
Ағызып ханның қанын судай шашқан.

Қазақтың бас батыры сол заманда,  
Ақ найза, алты қырлы алмас қолда.  
Шіріген жерде қалған жіптей үзген,  
Сауытты тоғыз қабат, толғағанда.

190 Дулыға, темір болат қалқандарды,  
Ұрғанда быт-шыт қылып, талқандады.  
Тас шоқпар тау қопарып ойын алған,  
Не еткен күш көтереді осыларды!

Ту ұстап, тұлпар мініп, аты шықты,  
Еске сап ертеде өткен алыптарды.  
Жанын сап жағаласып, жауға бермей,  
Есепті ел қып кеткен артқыларды.

Өзінің заманында атақ алып,  
Дабысы алыс кетіп, даңқы жарды.  
200 Қариядан ертеде өткен естіп, ұғып,  
Қиссасын қисындадым ойда барды.

Ерте өткен ер Олжаш қазақ асқан,  
Жауының жағаласқан көңілін басқан,  
Атақты қалмақ ханы Қатағанды,  
Басын алып, әлемге қылған дастан.

Ертеде аңыз еткен ел сөзінде,  
Әлемге аты шыққан ер сөзінде.  
Шығайұлы Есім ханның заманында,  
Ғасырдың он алтыншы бас кезінде.

210 Олжаш шықты аттанып, туын байлап,  
Ақ найза көк жүзінде нажағайлап.  
Ұранға қолбасының атын атап,  
Күңіреніп, «Олжаштап» шықты айқайлап.

Айдыны арыстандай көрген жанға,  
Қас батыр төтеп берген мың мен санға.  
«Қалмақты қызыл қанға бояймын» деп,  
Малыпты қып-қызыл қып төсін қанға.

- Қып-қызыл төсін қанға малған,  
Көп қарап сипаттауға көзім талған.  
220 Қызыл ту қан майданға арнап тіккен,  
Айдыны көкке шығып, өрттей жанған.

Олжаш шықты сапарға қаһар шашып,  
Көрмеген өмірінде жаудан қашып.  
Қан майданда қызыл ту арнап тігіп,  
Батырлар қуанышты сондай тасып.  
Көк мойын тұлпар атты батыр мінген,  
Боратып қара жерді қардай басып.  
Батырға ақсақалдар бата берген,  
Қош айтып бұқаралар жапырласып.

- 230 Тұра алмас айбатынан жауы қайтпай,  
Қаһарлы қас батырың қара тастай.  
Қайрат қып, қамал бұзып, жауды жеңбей,  
Ер болмас, ел аузына атақ шашпай.

Ерлердің қазақтағы жиды бәрін,  
Атақты аты аталған батырларын.  
Ат сайлап, азаматын жабдықтады,  
Қару-жарақ асынып, саймандарын.

- Әлемнен асқан батыр — қыран сайып,  
Алмасын айға сермеп, құлаш жайып.  
240 Бес мың батыр жиылды ой мен қырдан,  
Бір үлкен жорық болды таңғажайып.

Тартқанда, тасты бұзған сырлы садақ,  
Сан жаудың жүрегінен атқан қадап.  
Шарайна, сауыт қаттау бөгет болмай,  
Зуылдап талай өткен қанды жалап.  
Болат жебе сауытқа шарт тигенде,  
От шашқан нажағайдай, көрсең қарап.  
Кеземес бет келгенге сұр жебесін,  
Таңдаулы батырларын атқан қалап.

- 250 Жазымсыз жалғыз оқпен жайратады,  
Анық мерген, жығады оғын санап.

Батырдың бадырайып аты шықпас,  
Бір өзін жауға шаппай мыңға балап.

- Қайратын бағалаған сырттан сынап,  
Көргендер қасына ерген жүрген жанап.  
Қарсы шауып қамалды бұзған ерді,  
«Батыр» деп, басшы қылған аймақ-алап.  
Еліне тиген жаудан кегін алған,  
Бекерге жылатпайды елді қанап.
- 260 Елі деп еңірейді ер етек толып,  
Жасынан Отан қорғап, еткен талап.  
Қалың қолды қашырған аш арыстан,  
Жан-жағын жайпап қырып, еткен жалақ.  
Жауға кек кетірмеген кейпін көріп,  
Сыртынан сынап халқы тамашалап.

Жасынан ер Олжаштың аты шыққан,  
Адамнан түрі бөлек көкжал сырттан.  
Қазақтың өз тұсында бас батыры  
Серпіліп сескенбеген атқан оқтан.

- 270 Жол тартты бес мың әскер қаруланып,  
Ер ерттеп бас-басына, қос ат алып.  
Жер күңіреніп жөнелді елден шығып,  
Барлаушы алдын ала жерді шалып.

Жолшыбай алыс-жұлыс, ойын-сауық,  
Анық батыр «жау бар» деп, қылмас қауіп.  
Сайрандап сахарада жүрген елдің,  
Алыпты ортасынан ханын тауып.

- Қалмақтың барлаушысы қолды көрген,  
Ертерек еліне кеп хабар берген.
- 280 Қамал құрып, ортаға ханын сақтап,  
Сырттан шеп боп тұрды өңкей мерген.

Олжаш шепке шауып, садақ тартты,  
Жер жарған жебелі оқпен зуылдатты.

Көкпеңкөк темір киген көп қалмақты,  
Болат оқпен от шашып, шартылдатты.  
Шыдамай заһарлы оқтың екпінімен,  
Қорқысып қалың қолдың төккінінен.  
Бір білетіні баса алмай, шепті тастап,  
Қашты қалмақ батырдың екпінінен.  
290 Қамалдың ортасында Қатаған хан  
Басынан садақ оғы зуылдағанда,  
Жабысты жерге бұғып жатаған хан.

Қалың қол шепке шауып келед қаптап,  
Қамалдан өте алмастай ешкім аттап.  
Қамалды ер Олжаш бұзып кірді,  
Қамалды қарсы тұрған жанын сақтап.  
Ақ найза алты қарыс сумаңдатты,  
Семсермен сегіз қабат жайпап шапты.  
Қоғадай қып жапырып қалмақ қолын,  
300 Қамалды тас-талқан қып ойрандапты.

Сауытты көк сүңгімен түйреп тесті,  
Дулыға тас шоқпардан аспанға ұшты.  
Астында ақ тұлпары, қолда туы,  
Қатаған Олжашқа кеп кездесті.

Қатаған жекпе-жекке өзі шықты.  
Жасынан батыр, балуан ол да мықты.  
Алтынды ер ақ тұлпарды ойнақтатып,  
Жалтылдап жасыл желек түмен кепті.

Майданда батыр мен хан қарсыласты,  
310 Ажалдан тайсалмастан байлап, басты.  
Ақ найза ақ сауытқа сарт-сұрт тиіп,  
Көк жасыл нажағайдай отты шашты.

Шайқасқан екі батыр күшке сеніп,  
Көтерді көк сүңгімен тескен еніп.  
Отқа үйіткен сирақтай лақтырды,  
Құлады қара құстай жерге төніп.

- Қасына ханның көрді батыр түсіп,  
Аузынан қара қанын жатыр құсып.  
Қатаған тілге келмей өліп кетті,  
320 Денесін топырақ тартып, жерде құшып.
- Белгіге ханның алды басын кесіп,  
Байлады қанжығаға, ернін тесіп.  
Ту жығылып, хан өліп, қалмақ қашты,  
«Жанды сауға қылмасақ, болмас» десіп.
- Сан батырды найзаға желек қылды,  
Батырлар кие соғып, жауды қырды.  
Қалмақты қотаннан қойдай айдап,  
Сел суындай қан жапты қара жерді.
- Мал-мүлкін жиыстырып, алды айдап,  
330 Қамал бұзып, ханды өлтіріп, салды жайғап.  
Орнын құртып, ордасын ойран қылды,  
Қазынасын нарға артты, жалау байлап.
- Олжаш Қатағанды шауып алды,  
Ерген елге есепсіз олжа салды.  
Ордадан оқ өтпес қоршап қойған,  
Хан қызы бес бикені тауып алды.
- Бес бике — ханның қызы ханшалар-ды,  
Қалдырмай бес бикені алып кетті.  
Сауға сұрап батырға ханым кепті,  
340 Тұрсын ханым батырға депті сауға.  
«Сауғаға не сұрайсың?» — деген екен,  
«Сүт сулатқан Оразбике кенжем» депті.
- Сұрапты кенже қызын Тұрсын ханым,  
Бақты бол, барған жерге, қарақтарым.  
Хан өліп, басымызға қара түсті,  
Бақ көшіп, қарашыдан кетті сенім.
- Әкеңнің ер Олжаш кесті басын,  
Бес бикем — әлпештеген гауһар тасым.

Қатаған жар жолында жанын қиды,  
350 Қайтарып алды Олжаш Сұлушашын.

Шешесі бес бикеге қош айтысты:  
«Көрем деп ойлап па едім мұндай істі? —  
Әкең өлді», — дегенді қыздар естіп,  
Зар жылап ұшып көкке, жерге түсті.  
«Қызыңды қайтармаймын» деді батыр,  
Сауғаға мал-қазына берді батыр.  
— Бермесей, Оразбикені өзіңіз ал,  
Бар еді бес бикемде құтым, батыр.  
— Алмаймын өзім қызды, ханды өлтірдім,  
360 Ханымын сауға сұрай мен келтірдім.  
Әкесінің қанын жүктеп, қызын алсам,  
Махаббатсыз, қызықсыз өмір өткізем.  
Одан рақат таба алмас менің өмірім,  
Ерге қажеті жоқ әуренің.  
Өз ініме беремін, ұзатпаймын,  
Ханым, сізге сертпенен берем сенім.

Сол себептен қызыңды ала алмаймын,  
Өмірді қасіретке сала алмаймын.  
«Жар» деп алып, күндікке ұстап, кем-қор қылып,  
370 Жас қыздың обалына қала алмаймын.  
Егдеден келіп қалдым орта жасқа,  
Жас әйел бой ұрмай ма өз тұстасқа?  
Өмірді махаббатсыз, күшпен ұста,  
Қасірет пен қапасын тартпай босқа.

Алған соң, жас әйелден бала болар,  
Менен туған балаға ана болар.  
Махаббатқа парда сап, қанмен жудым,  
Әкесінің қайғысы саны болар.

Жүрек, қаны үйлеспес, алғанменен,  
380 Тұрсын ханымға Олжаш солай айтты.  
Батыр бекіп, қыздардан бойын тартты,  
— Оразбикемді алмасаң, ер Олжашым,  
Өспесін, өтпесін, — деп, ханым қайтты.

Бұл сөзге ер Олжаш ойға кетті,  
Өте батыр кеткен соң сөзі күшті.  
«Назаланды-ау, бір қызын берейін» деп,  
Шатырдан шыға батыр құрақ ұшты.

Қараса, Тұрсын ханым кетіп қапты,  
Астында желмаясы аттай шапты.  
390 «Қайырмаймын, қайтқан екен, барсын» деді,  
Артына ханым қайтып қайрылмапты.

Олжаш бес бикені келді алып,  
Байқастап, әрбір түрлі сынға салып.  
Белгісі бес бикенің дәретінің —  
Тіледі қара жерді қарыс жарып.

Қалмақ шауып, ханды өлтіріп, батыр келді,  
Жабылып, жапырлап ел «сауға» деді.  
Мал-мүлікті, атты елге үлестірді,  
Бес бикені басқа елге жібермеді.  
400 Таратты елді ырза қып, олжа беріп,  
Үлесті малды әркімдер айдап келіп.  
Қалың елді қарық қып жіберген соң,  
Беріпті бес бикені үлестіріп.

Бір туысқан інісі Жүгіней еді,  
Кенже қызды — Оразбике соған береді.  
«Өзің ал деп еді ғой» деп,  
Жүгінейге сол оймен беріп еді.  
Айбике, Нұрбике, Қызданбике — бұл үшеуін  
Келмеді бір-бірінен айырғысы.  
410 Әкесімен әкесі бір туысқан,  
Бар еді Шаншар деген жақын інісі.  
Үш бикені Шаншарға тұтас берді,  
«Абыз ғой, теңдікпенен ұстар» деді.  
Енді қалған Қоңырбике деген қыз-ды,  
Соны сұрап, «маған бер» деп, әркім келді.

Тобықты Сары батыр атшысы екен,  
Батырдың атын ерттеп жастан ерген.



- «Ер еңбегі мойнымда кетпесін» деп,  
Қоңырды сүйікті ері соған берген.  
420 «Олжанды үлестірдің көпке, — деді, —  
Өзің түгіл, жеткіздің көпке, — деді, —  
Қызданбикені маған неге бермедің?» — деп,  
Батырға Құдайберлі өкпеледі.  
«Мен қалайша бес қыздан құр қалам, — деп,  
Есімге жүгініске барамын», — деп,  
Шаншарға Құдайберлі кісі салды:  
«Маған берсін, Қызданбикені аламын, — деп,  
Үлкенің мен едім, — деп, — тазадан туған.  
Жек көргенің мен бе едім шетке қуған?!»  
430 Шаншарға Құдайберлі кісі салды:  
«Бірін берсең болмай ма, — деді, — маған?!»  
Ағайынды екеуі сөзге келді.  
Таласып хан қызына, егерлесті,  
Батыр ағам сыншы еді елге мәлім.
- Бір ойменен айырмай маған берді,  
Шаншар абыз Құдайберліге ашуланды.  
Сөзбенен тоқтаса алмай, күшке барды,  
«Ауылымның жанына жолама» деп,  
Ағасын найзасымен қуалады.  
440 Үсенге Құдайберлі қашып кепті,  
Үсен шығып, Шаншарға «Тоқта!» депті.  
Түсін бұзып ағасы ақырған соң,  
Құдайберлі: «Үсен, бола қалған екенсің», —  
деп, қайтып кетті.  
Батырға тағы барды Құдайберлі,  
— Шаншардан Қызданбикені әпер, — деді. —  
Шаншар інің болғанда, мен бөтен бе? — деп,  
Назын айтып, ағасына өкпеледі.  
— Шаншардың өсетінін сынап едім,  
Ақ бұлт басқа ортадан аруағы зор.  
450 Соның үшін үш бикені тұтас бердім,  
Шаншарым шалқып жатқан кен болады,  
Басына бақ, алдына мал толады.  
Әлемге аты шығып нелер жақсы,  
Ұл туып аруақты, жұлде алады.

Байқағам, Шаншарымда шарапат бар,  
Ел асқан шарапатты адам шығар.  
Сені менен мен түгіл, Бошан ұрқы,  
Сыйлы қып, аруағына пана қылар.

460 Үш бике үш рулы ел болады,  
Басына дәулет орнап, бақ қонады.  
Аты шығып, әшкере елден асып,  
Мал-басқа айналасы лық толады.  
Сенің де, менің де ұрқым аз болады,  
Өнімсізге ақылы аз мәз болады.  
Қызықпа бұйрықсызға, Құдайберлі,  
Қисынсызға қызыққан таз болады.

Құдайберлі батырдан бата алмады,  
Шаншардай аты алысқа аталмады.  
«Азғырып Қызданбикені алсам-ау» деп,  
470 Үйінде аласұрып жата алмады.

Бұл іске Шаншар абыз назаланды,  
Шаншарда қасиет пен кие бар-ды.  
Төрт болыс атақты ел Шаншар болды,  
Назадан Құдайберлі өспей қалды.

Сол кезде заты ноғай Асан қайғы,  
Таппақ боп жер жүзінен жақсы жайды.  
Жеті жыл желмаямен жаһан кезіп,  
Өткізген көп қайғы ойлап, өмір зайқы.  
Сонда да жер шетіне жете алмады,  
480 Бар тапқаны Жиделі Байсын болды.  
Амурдың дариясынан өте алмай,  
«Қазанды орыс алады» деп, қашқан екен.

Арып-ашып, жол жүріп талай жерден,  
Арқадағы қазаққа қайғы салып,  
«Орыстан алыс кет» деп, үгіт берген.  
Аңқаулары қазақтың соған ерген,  
«Әулие болашақты білген» деген.  
«Арқадан артық жер жоқ» дегендер қап,

- Қайғымен бірге ауышты оған сенген.  
490 «Орысқа қарамаймыз» деген оймен,  
Талай адам кетіпті біздің елден.  
Байсынды да қойған жоқ орыс алмай,  
Қайсыбіреу жерсінбей, қайтып келген.  
Асан, Үсен бір туған Олжаштан,  
Қазаққа басшы болған қолбасыдан.  
Екі Асан бірігіп ап, Байсын тартты,  
Біздің Асан батыр екен әу басынан.  
Әкесі ер Олжаш жасында өлген,  
Батырлықта бір серт бар «Қайтпан» деген.  
Ағасына ерместен Үсен қалды,  
«Ермедің» деп, інісіне өкпелеген.  
Біздің Асан көп ел бопты, Байсын барған,  
Көз көрмей, құлақ естіп, хабарланған.  
«Қарғаған ағасының назасынан, —  
505 Деуші еді, — Үсен солай өспей қалған».

# Сәтбек батыр

Жарандар, үміт үзбе дүниеден,  
Софылар ақыреттің қамын жеген.  
Мекені Қызылжардың аржағында  
Бар екен жалқы жігіт бір енеден.

Аты екен ол жігіттің Сәтбек мырза,  
Көрген жан құрметіне болад риза.  
Ағалар, дүниеде мехнат көп,  
Кез болдым бір пәлеге, патша Құда.

10 Көкшетау — Сәтбек мырза мекен жері,  
Дүниеде жалқы жігіт болған сері.  
Қиссасын аз әңгіме қыла қалсам,  
Жақсының сөзбен тарқар қайғы-шері.

Жегіпті парлап шана қаракерге,  
Жатқандай ой түседі саналы ерге.  
Екі ауылы — екі жаққа қонған екен,  
Қондырды екі ауылды екі жерге.

20 Мекені бәйбішенің Бұрматалды,  
Құдайым бірдей берген бас пен малды.  
Тәңірім өзі тілек бергеннен соң,  
Тоқалға Орал таудан орын салды.

Бір отыз күн бәйбішеде тұрады екен,  
Көңілін дүние-малға бұрады екен.  
Тоқалда бір отыз күн және тұрып,  
Сайран ғып екі арада жүреді екен.

Жүреді екі ортада сайран айлап,  
Кермеге отыз атты қатар байлап.  
Қолында бәйбішенің бір ай жатып,  
Соғымын сойғызыпты әбден жайлап.

- 30 Қолында бәйбішенің бір ай жатты,  
Құданың еткен нәсіп дәмін татты.  
Соғымын кіші үйімнің сойғызам деп,  
Пар жегіп екі бозбен үйге қайтты.

Қаруын тегіс алды сайманымен,  
Ерттеп ақ айлақты мініп алып,  
Жөнелді бір Алланың пәрменімен.  
Болғанда түн ортасы келді жетіп,  
Үйіне тез жетуге көңіл етіп.  
Ел жатып қалатұғын уақыт еді,  
От шықты терезеден жалт-жұлт етіп.

- 40 Қақпаға ақ айлақты тастай берді,  
Байлаулы тоғыз атты көзі көрді.  
Жанында әрбірінің бір ақ балта,  
Келгенін бір дұшпанның енді білді.

Үйіне малайының келіп кірді,  
Болғанын бір сұмдықтың енді білді.  
Жарық ғып жан-жағына қарап тұрса,  
Кесулі он екі адам басын көрді.

- Көрді де малайынан тысқа шықты,  
Бұл Сәтбек өзі батыр, нәмән күшті.  
50 Қайтып кеп орта үйіне көзін салса,  
Үш ұлын бәйбішенің қырып сапты.

Қайтып кеп тоғыз атты шешіп алды,  
Жанынан бір ақ балта таңдап алды.  
Болсын деп тым болмаса бөрі жаяу,  
Аттарын Бұрматалға айдап салды.

Қайтып кеп төр үйіне көзін салды,  
Болды деп бір қасірет ойына алды.  
Самаур, әшкетөлке алдында тұр,  
Бәтішті тоғыз кәуір қамап алды.

- 60 Сәтбектің мұны көріп қорықты жаны,  
Көзіне көрінгенде бұ қылғаны.  
Басымды алып қашып жөнелейін,  
Көрермін мен де осындай әңгімені.

Басымды алып қашып жөнелермін,  
Есім жоқ, жол таба алмай бөгелермін.  
Бәтішпен не де болса бір болайын,  
Барғанмен жалғыз қашып не болармын?!

- Есікке мұны айтты да келіп тұрды,  
Құрбан ғып Бәтіш үшін жанын қиды.  
70 Бір қайла шыға қалса, қылармын деп,  
Қолына алмас балта алып тұрды.

Бастығы ол тоғыздың көпір Жармақ,  
Біреуі ат көздеуге болды бармақ.  
Есіктен шығып келе жатқанында,  
Ұрыпты көкжелкеден әдейі арнап.

Алмадай ұшып түсті басы жерге,  
Құдайым қуат беріп Сәтбек ерге.  
Кәпірлер кезектесіп шыға берді,  
Сегіздің басын кесті осы жерде.

- 80 Шықпаған жалғыз енді Жармақ қалды,  
Көңіліне ап ойламайды бас пен малды.  
Өлтіріп сегіз дұшпан сүйреп тастап,  
Қолына тағы балта алып тұрды.

Кейді ашуланып Жармақ көпір,  
Құдайға сиынып тұр Сәтбек батыр.  
Есіктен шығып келе жатқанында,  
Қорыққаннан жан қала ма мұнан ақыр.

- Кетіпті бір иығына балта кіріп,  
Иығын шауып түсті Құдай беріп.  
90 Сау қалған бір қолымен ұстай алып,  
Барады дөңгелентіп оны үйіріп.

Көтеріп сол қолымен ұрды жерге,  
Көңілде өлімнен жоқ басқа нәрсе.  
Қимылы айдаһардай көрінеді,  
Жиһанда кез болмадым мұндай ерге.

Жығылған орынынан түрегелді,  
Құдайым Сәтбек ерге қуат берді.  
Бар екен бір төбеті Сәтбек ердің,  
Алысқан қорасында мұны көрді.

- 100 Сәтбек ер бұл Жармақты жыға алмай жүр,  
Ағалар, бұл сөзіме мойныңды бұр.  
Босанса, бір қайранды қылар еді,  
Темірмен қара төбет байлаулы тұр.

Алысып итке таман жақын барған,  
Сегіздің Сәтбек ерің басын жарған.  
Ерігіп шынжырында тұрған төбет,  
Жармақтың тақымынан ұстап алған.

- Әркімге әрбір пәле кез келеді,  
Сол халде күші кеткен мезгіл еді.  
110 Болысып қара төбет Сәтбек ерге,  
Тақымын бұ көпірдің езгіледі.

Жармақтың алып-соғып кесті басын,  
Қызыл қан қылды олардың ішкен асын.  
Бәтеш қыз үйде талып қалған екен,  
Әкесін көргенінде төкті жасын.

Алысқан Жармақпенен Сәтбек ерің,  
Ұстаған қара төбет тақым жерін...  
Жармақпен тоғыз кәуір қырып салып,  
Берінің сол арада қазды көрін.

- 120 Бәрін де осы жерде қырып салып,  
Тоғыздың ақ балтамен басын жарып.  
«Қатты науқас болған соң әкелдім» деп,  
Бәтішті жөнеліпті үйіне алып.

Тастады мұкамалын осы жерге,  
Жармақпен тоғыз кәуір салды көрге.  
Білдірмей қылған ісін бөтен жанға,  
Барады Бәтішпенен қайтып үйге.

- Мұнан соң бірқатар заман өткен,  
Тоғыз қашқын хабары бұрын кеткен...  
130 Сәтбектің осылайша өлтіргені  
Мағұлым боп, патшаға хабар жеткен.

Тоғызы айдалғаннан қашқан екен,  
Талайдың қанын судай шашқан екен.  
Құдайым Сәтбек ерге душар қылып,  
Басынан арамдығы асқан екен.

Талайдың мұнан бұрын басын алған,  
Қуаты еш адамның жетпей қалған.  
Сәтбектің мұндай ісін тергемекке,  
Шақырып патшаға хабар алған.

- 140 Итімен патшаға жетіп келген,  
Патша тақта отырып мұны көрген.  
Өзінің не тақырыпта қылғандығын,  
Былай деп патшаға хабар берген.

Мекенім Бұрматалда болушы еді,  
Екі үйім — екі жаққа қонушы еді.  
Мал-жаны бір-бірінен бөлек болып,  
Соғымды қыс болғанда союшы еді.

- Соғымын үлкен үйдің бердім сойып,  
Жөнелдім кіші үйіме асқа тойып.  
150 Пар жегіп екі бозбен мен жөнелдім,  
Соғымын мен соймаққа көңіл қойып.



Келдім де кіші үйіме аттан түстім,  
Тоқал қойған екі шыны шайдан іштім.  
Келсем де сабыр, тахат қыла алмадым,  
Жүрегім алып-ұшып мен байғұстың.

Бұйырдым малайыма ат ерттетіп,  
Үйіме түн ортада келдім жетіп.  
Тоғыз ат байлаулы тұр қора алдында,  
Әйнектен мен қарадым сабыр етіп.

- 160 Кесілген басы жатыр он екі адам,  
Жүрегім енді болды тым-ақ жаман.  
Орта үйімде үш ұлым өліп жатыр,  
Сығалап келіп көрсем оған таман.

Енді кеп төр үйіме көзім салғам,  
Бәтiштi тоғыз кәуір қамап алған.  
Самауыр алдында тұр баршасының,  
Бәрінің ортасында қызым қалған.

- Қолыма алмас балта алдым енді,  
Есіктің дәл қасына бардым енді.  
170 Біреуі шығып келе жатқанында  
Балтамен діл басына салдым енді.

Алмадай ұшып түсті басы жерге,  
Құдайым қуат беріп біздей ерге.  
Бір-бірлеп енді үйден шыға берді,  
Сегіздің басын кестім дәл сол жерде.

Балтамды тағы алып тұрдым барып,  
Аяғында Жармақ келді ашуланып.  
Есіктен о да шығып келгенінде,  
Басына балтаменен қалдым салып.

- 180 Ұрғанымда бір иығына балта кіріп,  
Бір иығын шауып түсті Құдай беріп.  
Сау қалған бір қолымен ұстай алып,  
Барады дөңгелентіп мені үйіріп.

Жеңе алмай бұл Жармақты қалдым енді,  
Басыма бір бөлені салдым енді.  
Қорада қара төбет байлаулы еді,  
Алысып соған таман бардым енді.

Тақымнан қара төбет алды сонда,  
Мен дағы қайраттанып қалдым сонда.  
190 Екеулеп бұ Жармақты жыққан кезде  
Басына балтаменен салдым сонда.

Бәтішім мені көріп төкті жасын,  
Осындай көрген халде тамашасын.  
Менің қылған әңгімем осы болды,  
Керек болса, кесіңіз, міне, басым!

— Әй, Сәтбек, мен көрмедім ерді, — дейді, —  
Тәңірім тілеуіңді берді, — дейді, —  
Алым бермей тұрыңыз сіз жылына,  
Саған да менің рахымым келді, — дейді.

200 Сәтбектің қылған ісі қош көрінді,  
Иті мен екеуіне шен берілді.  
Алым бермей тұрады осы күнде,  
Жақсылардың тілеуін Құдай берді.

Төбетке бір қарғыны тағып берген,  
Патша медаль беріп, жақсы көрген.  
Құдай өзі сақтаса, бөле бар ма,  
Үйіне аман-есен қайтып келген.

Қайтыпты алым бермей патшаға,  
Қайран қалды кіші-іні, үлкен-аға.  
Еліне қайтып келіп, той қылдырып,  
210 Көп жанды қаратыпты тамашаға.

# Орақты Батыр

- Қызыл тілім, сөйлеші,  
Өнерінді жасырма.  
Ғылым — өнер білмедім  
Нашарлықтан жасымда.  
Бір дарақтан үш бұтақ  
Өркендеп өскен басында.  
Қойдай үркіп, қояндай  
Секеңдеген уақытта,  
Тиянақ жоқ халықта,  
10 Он төртінші ғасырда.  
Ойға, қырға шұбырып,  
Әр түбекке тығылып,  
Таудың жүрген тасында.  
Ел аузында ертегі,  
Кітапқа бұрын жазылмай,  
Терушісі жоқ болып,  
Аққағазға басылмай,  
Ерлердің қылған ерлігі  
Қалды қашан ашылмай?!
- 20 Сонда халық еңіреген,  
Мұнарлы тұман ашылмай.  
Ұлы жүз Үйсін бабасы,  
Үйсіннің екі баласы —  
Абақ пен Тарақ емшектес,  
Абақтың Тарақ ағасы.  
Сол уақытта Жалайыр  
Мекендеген мекені,  
Ағашаяқ, Аққолтық,  
Жиделібайсын бер жағы.

- 30 Қырықжайын деген дария  
Қонысы соның жағасы.  
Кіші жүзбен көп бопты  
Жер үшін тартыс таласы.  
Жер, су үшін қағысып,  
Бірін-бірі шабысып,  
Кетіпті елдің мазасы.  
Бөлініп жүрген аз ауыл  
Ешкімге келмес шамасы.  
Қиылып құлын желісі,
- 40 Шабылып жауға өрісі,  
Жылаған күнде баласы.  
Ескелді би ержеткен,  
Балпықтың бала кезінде.  
Қиыр жүріп, шет қонған,  
Жылау менен ойылған,  
Азғана елдің көзі еді.  
Балпық он төрт жасында,  
Ескелді бидің қасында,  
Жалайырды жинап ап,
- 50 Сонда айтқан сөзі еді:  
— Мынау жатқан іргелес,  
Бұны бізге жер қылмас.  
Негізі бізді ел қылмас,  
Қолынан қоныс бермейді.  
Түбінде шатақ болады,  
Өзді-өзіміз соғыссақ,  
Кіші жүз бен Ұлы жүз  
Жасиды, көңіл солады,  
Қайғыға іс толады.
- 60 Күнде жылар баламыз,  
Тілінер күнде сабамыз.  
Кіші жүзбен соғыссақ,  
Келмейді біздің шамамыз.  
Қырда қиқу, ойда ойран,  
Күнде ұрыс болған соң,  
Кетер елдік мазамыз.  
Әркімнен соққы жеген соң,  
Тірідей жетер қазамыз.

- Қырғи тиген торғайдай,  
70 Қорқамын, қаңғып тозамыз.  
Отырмалық қамалып,  
Абақ-Тарақ атамыз,  
Үйсіннен өткен таралып.  
Мұнымыз біздің жарамас,  
Бауырласты табалық.  
Қай жерді басып барамыз?  
Кетсек кең жер табамыз.  
Бұл жерден көшіп ауалық,  
Бос жатқан кең жер табалық.
- 80 Шулады халық ақыл деп,  
Айтқан сөзің мақұл деп.  
Үлкен өзен, кең өріс,  
Бір басын көпке теңейтін,  
Ұрыста жауды бөгейтін  
Белгілі, белді батыр жоқ.  
Қынабыңда қынаулы,  
Тас кесер асыл болат жоқ.  
Бастаушы, басшы болмаса,  
Аяқты қия басу жоқ.
- 90 Осы жер қоныс болмас деп,  
Көшелік енді деседі.  
Үй іргесін көтеріп,  
Уық бауын шешеді.  
Ағашаяқ, Аққолтық,  
Қырықжайынның бойынан  
Жалайыр ауып көшеді.  
Сол көшкеннен үдере  
Ақмешітке жетеді.  
Жер қайысқан қалың ел
- 100 Бұл жерге де сыймайды.  
Мұнан тағы ауған соң,  
Орнында қалды бөлініп,  
Ішінде арық мешеуі.  
Одан тағы ел көшті,  
Ақтесікке жетеді.  
Ақтесік те бос емес,

- Сыйыспай тағы ауған соң,  
Орында қалды көше алмай  
Халықтың арық нешеуі.
- 110 Тағы көшіп онан соң,  
Түркістанды жағалап,  
Қызылқұмды кезеді,  
Тағы екі жыл жер бопты.  
Қаратаудың етегі,  
Өзбек, қырғыз қысқан соң,  
Мазасы тағы кетеді.  
Қаратауда тұра алмай,  
Сырдариядан өтеді.  
Жалайырды азсынып,
- 120 Қойға тиген қасқырдай,  
Мазасын алды әр елдің  
Елеңсері, есері.
- Сыйып тағы отырмай,  
Сырдан төмен сырғыған.  
«Теңіз деген жер бар» деп,  
Оңға қарай жылжыған.  
Төрт ай көшті төмендеп,  
Сары қоңыр белменен,  
Бұлақсыз дала шөлменен,
- 130 Нашарлап халық келеді.  
Жаздың айы, күн жылы,  
Қалмады құлын-тайлары.  
Болдырды бота, түйе де,  
Жал қалмады биеде,  
Ермеді лақ ешкіге.  
Өзен таппай, өктеді,  
Қалмады бұзау сиырда,  
Ел шұбырды қиырға.  
Оңаша өзен болмаса,
- 140 Аз елге жер-су тие ме?  
Бір жағы — адыр, қоңыр бел,  
Өлкесі толған сексеуіл,  
Бөлек-бөлек құмы бар,  
Бөлшек-бөлшек суы бар,

- Көшкен елдің іргесі  
Орнығып енді тиеді.  
Сексеуіл қалың, ну қамыс,  
Бұрын адам жүрмеген,  
Елсіз жатқан бір өзен,  
150 Сырын ешкім білмеген.  
Қасқыр, қабылан, жолбарыс,  
Тел өсіп жатқан жер екен.  
Күн батысы — көп түбек,  
Жан-жағы көп көл екен.  
Суында балық шолпылдап,  
Қаз, үйрегі қаңқылдап  
Оралып жатқан өлең шөп,  
Егістік жері тегі көп,  
Шаруаға жайлы, жағдайлы,  
160 Безеліп өзен, гүлдеген.  
Жайылған малы тояды,  
Ұзамайды іргеден.  
Малға жайлы өрісі,  
Ел қырсығын кескендей,  
Сулы жердің егісі.  
Қадалды тікен табанға,  
Жағдайлы жер боп еді  
Оңаша жатқан жақсы өзен,  
Бұл сияқты көрмеген  
170 Көшіп жүрген заманда.  
Қасқырдай болып қой жейтін  
Жолықты сонда адамға.  
Атын айтса, жан қорқар  
Жолықты жаман арамға.  
Сексеуіл қалың, ну қамыс  
Арал-арал түбегі.  
Жалмауыз шығып сол жерден  
Елдің ұшты жүрегі,  
Қайғымен халық жүдеді.  
180 Шыдай алмай бөлеге  
Жұрттың кетті іреңі.  
Жейтін мезгіл болғанда  
Қораға түскен қасқырдай

- Әр үйге келіп кіреді.  
Әрбір күнде кісі жеп,  
Халықты өстіп бүреді.  
Аз ауылдың тоқтаған  
Осы жер еді тірегі.  
Шошыды әркім жанынан
- 190 Үйде адам тұрмады.  
Түн бойы адам жатпайды,  
Тажалдың болып тырнағы.  
Қойдай болып үрікті,  
Ешкім ерлік қылмады.  
Пәлеге қайрат таба алмай,  
Қысылып сонда шулады.  
Көргені қорлық болмады,  
Ағашаяқ, Аққолтық  
Қаратау менен Сырдағы
- 200 Көрген күні күн екен  
Ойлағанда жылдағы,  
Қүдіреттің бұл бір кез қылғаны,  
Ойда жоқ жерден кеселі.  
Ең жақсысы қоныстың  
Амандық пен есені,  
Көшелік енді деседі.  
Қаңтарда жауған қалың қар  
Қысылды елдің мешеуі.  
Айдарлы, егіз тұлымды
- 210 Жалғыздың өлді нешеуі.  
Көшіп халық кететін  
Болып отыр қырылып.  
Қалың қар, аяз үскірік,  
Жалаңаш жалпы ұрынып,  
Көшерін қайда білмейді  
Енді халық шұбырып.  
Өлетін болды шал-шабыр,  
Боранға ұшып сұлынып.  
Көшпейін десе тағы да,
- 220 Адам жейтін жалмауыз  
Апшысын елдің қуырып.



- Он екіге жаңадан  
Жасы жетіп ілінген.  
Сөйлесе, бал тамады  
Жұғымды жұртқа тілінен.  
Арыстандай денелі,  
Алғыр қыран сұңқардай,  
Салалы саусақ жебелі.  
Талдырмаш қана жас бала,  
230 Халыққа сонда сөйледі.  
Ақсұңқардай түрінген,  
Белгілі жұртқа батырдай  
Күш-қайраты білінген.  
— Ескелді, Балпық, сөз тыңда!  
Жаман қатын, жас бала,  
Ел көшкенде солар да  
Қырылар сонда жалаңаш,  
Етек, жеңін түрінген.  
Күн қақты болған арық мал,  
240 Көшкенмен қайда жеткізер,  
Арық-тұрақ сүрінген.  
Тәуекел бұған айдалық,  
Қыстың көзі қырауда  
Болмайды көшіп бүлінген.  
Кіші жүз барсақ, шабады,  
Қаратау барсақ паналап,  
Өзбек, қырғыз қамады.  
Елсізге келсек еңістеп,  
Жалмауыз қолын салады.  
250 Қайда барсақ азамыз,  
Біз қайтіп ел боламыз.  
Сорлы ел болдық, дүние-ай,  
Үлкен қырсық ілінген.  
Кең жердегі не керек,  
Балпық, сенің білігің?  
Қысылған елге болмаса,  
Ақылмен табар тірлігің.  
Егіз туған, екі би,  
Ел болар жақты ойлалық.

- 260 Береке мен бірліктің  
Үй іргесін көтеріп,  
Алғызбайық түңлікті.  
Қысылған ғарып біз болдық,  
Ақылдасар кім бүгін?!  
Танып едік жер кезіп,  
Жақсы-ақ еді осы су,  
Сексеуіл, қамыс, тораңғы,  
Тал, үйеңкі шыққан ну.  
Қырғауыл, қоян, қарабай,
- 270 Қаз, үйректі көлде аққу.  
Отырмадық біз мұнда  
Жылауменен күнде ду,  
Бұл судың аты болды Шу.  
Қалың қарда қырылар  
Жұртым, енді көшпендер.  
Үй іргесін көтеріп,  
Уық бауын шешпендер.  
Тәуекелге сыйынып,  
Қоялық енді көшкенді,
- 280 Осыған елдік істендер.  
Жалаңаш адам, арық мал  
Сергелдең жолға түспендер.  
Көшер болсақ бұл судан,  
Елдіктің кетер сыңайы,  
Қауіпке қарсы тұралық.  
Жалаңаш сары бала үшін,  
Кемпір менен шал үшін,  
Қаңғыған қарда мал үшін,  
Көпшіліктің қамы үшін
- 290 Еркек тоқты құрбандық,  
Бір шыбындай жан қуаты.

Осыны айтып Орақты,  
Орнынан ұшып тұрады,  
Халықтан бата сұрады.  
Орақты бұл сөзді айтқанда,  
Сексендегі бабалар,  
Алпыстағы аналар,

- Сегіздегі балалар,  
Қорғаймын елді деген соң,  
300 Ұлардай шулап жылады.  
«Көп адам бұған бармасын,  
Оншақты адам шығалы».   
Қорғаймын елді деген соң,  
Ел қуанып тұрады.  
Құлынынан тайда емген,  
Құнанында арда емген,  
Дөненінде орда емген,  
Бестісінде үйреткен,  
Жібектен арқан сүйреткен,  
310 Дәл жетіде жасы бар.  
Келтелі шашақ жібектей,  
Әдемі кекіл шашы бар.  
Кебеже қарын, кең танау,  
Кез жарым келген басы бар.  
Жебелей басып желгенде,  
Еті қызып келгенде,  
Ойынды еті бұлтылдап,  
Өпшісін жердің қуырып,  
Алдында дию кез келсе,  
320 Екпіндеп басып қашырар.  
Көксерек ат көңілді,  
Саптаяқтай ерінді,  
Құйма тұяқ қиылған  
Жүргенде жүріс өнімді.  
Он жетіде Орақты  
Көксерек атты ерттейтін  
Қорғаймын деп елімді,  
Көксерегін тұлдады.  
Көксеректің сипаты  
330 Құлжа мойын сағақты,  
Жолбарыстай қабақты.  
Бұрынғы ерлер жолымен  
Қанжарын батыр қайрады,  
Садақтың оғын жайлады,  
Шоқпарын белге байлады.

- Көксерек атқа ер салды,  
Елін енді қорғауға  
Істеді батыр айланы.  
Қалқанын киді басына,  
340 Жолдас алды қасына,  
Көпке бата сайланды.  
Батырларша желбегей  
Орақты он жеті жасында  
Халықты батыр бағады.  
Мекені қайда болар деп,  
Әр жерден батыр қарады.  
Қалың тоғай жыныстан  
Басқан ізін табады.  
Ізін бағып байқаса,  
350 Алты қарыс табаны.  
Есік пен төрдей жер еді,  
Адымдап басқан қадамы.  
Басқан ізін көрген соң,  
Үрейі жұрттың қалмады.  
«Қорықпа, жұртым, мұнан деп, —  
Кез келсе, қайрат қылам», — деп,  
Орақты оттай жанады.  
Еліне келіп Орақты,  
Тағы да ақыл салады.  
360 — Әділетті ер болса,  
Халықтың бағы өрлейді.  
Ескелді, Балшық, отырсың,  
Басыңды қосып тең, — дейді.  
Бұл сияқты пәлені  
Амалменен алмасақ,  
Күресіп шама келмейді.  
Шуламасын қалың ел  
Ақылдасып көр, — дейді, —  
Ақылдаспай болмайды,  
370 Ізі алпауыт неме екен,  
Оңайлықпен өлмейді.  
Тәуекелге бумамай бел,  
Еш нәрсе босқа өнбейді.

- Ескелді сонда сөйлейді  
Орақты батыр балаға:  
— Ақылдасып отырсың,  
Алдыңда екі ағаңа.  
Бұдан қайрат етпесек,  
Жыламай бала қала ма?
- 380 Батыр туар ел үшін,  
Жақсы туар көп үшін,  
Өз отаның — ел үшін  
Орақты сынды, шырағым,  
Бір шыбын жан садаға!  
Ондай болса, баралық,  
Жалмауыз жүрген далаға.  
Ақыл дария кемеңгер  
Жүректі батыр, қайратты ер,  
Қамданбай енді қала ма!
- 390 Халықты қорғап бағатын,  
Қысылса, ақыл табатын  
Шығаннан шыққан кісі бар.  
Ол уақта ел санама,  
Он бір кісі келіпті,  
Жалмауыз жүрген ну қамыс,  
Қалың тоғай араға.  
Басқан ізін көрген соң,  
Жер шолып жүрген адамдар  
Түсті ой мен санаға.
- 400 Белгілі адам бұл емес,  
Шығатын жеке дараға.  
Балпық би сонда айтады:  
— Бұған бір ақыл жасайық,  
Қабыл алса Тағала.  
Іздеп тапшы аралап,  
Жалмауыз жүрген түбекті.  
Тәуекелге сыйынып,  
Бекітті ерлер жүректі.  
Сындырма деп белімді,
- 410 Шулатпа деп елімді,  
Ел иелері тіледі,

- Бір Алладан тілекті.  
Адамға зиян келместі,  
Қолынан адам берместі,  
Тапты ақыл ретті.  
Өнермен өнер туғызып,  
Жасамақ болып бір кепті.  
Бір өнерпаз бар екен,  
Сол жүрген қалың елінде.
- 420 Соңында жұрттың қуатты,  
Өнері соның көңлінде.  
Адамнан шыққан өнерпаз  
Ақыл, өнер жөнінде.  
Қимылда, батыр Андабай!  
Өнерінді бір көрсет,  
Қамданар күнің сенің де.  
Қолыңнан батыр келеді,  
Осыны істеп көрелі.
- 430 Көп үшін, жаным, ерінбе,  
Білесің, батыр Андабай,  
Өзәлда тегі жаратты,  
Білгіш пенен наданды.  
Білгіштің көңлі айнадай,  
Наданның көңілі қараңғы.  
Орақты інің көп үшін  
Бәйгеге басын салған-ды.  
Осы жерде қалың үйеңкі  
Толып тұрған тораңғы.  
Тораңғыдан сен жаса
- 440 Алты-жеті адамды.  
Ілгері болсын адамнан  
Нұсқасы, болсын жарамды.  
Балпықтың айтқан бұл сөзін  
Андабай мақұл алады.  
Ағаштан адам шаппаққа  
Жуан ағаш қарады.  
Жасаса адам болатын  
Төрт-бес ағаш табады.
- 450 Араменен аралап,  
Шығарып саусақ салалап,

- Пормалап адам шабады.  
Жасады бастап екі қыз  
Жібектен көйлек кигізіп,  
Бетіне бояу жағады.  
Құйрығынан жылқының  
Басына бұрым тағады.  
Түлкінің көзін көз жасап,  
Айрықша ақыл табады.  
Құмырсқа белді, ақ маңдай,  
460 Таң шолпаны секілді,  
Қас пен көздің арасы.  
Күміс саусақ салалы,  
Ақ бетінде кіршік жоқ,  
Жауған қардай тамағы.  
Қиылған қалам секілді,  
Жасалған қыздың қабағы,  
Бар кемдігі тілі жоқ.  
Порымына қараса,  
Адамзаттан міні жоқ.  
470 Ажарына қараса,  
Көргенде құмар қанады.  
Жаны бар егер қыз болса,  
Көрген адам ғашық боп,  
Құмардың оты жанады.  
Қыздармен бірге тұрғызса,  
Айыра алмай қалады.  
Көзін сүзіп күліп тұр,  
Он бестегі қызға ұқсап,  
Ай секілді ажары.  
480 Андабайдың өнері  
Айтқандай ақыл салады.  
Екі жігіт толымды,  
Көзтартарлық порымды,  
Ағаштан тағы жасады.  
Егделі келген бөйбіше,  
Тағы жасап ағаштан,  
Төртеуінің қасына  
Көбейтіп тағы қосады.

- Адамы түгел біткен соң,  
490 Үй көшірді онан соң,  
Жалмауыз жүрген қалыңға.  
Қалыңға барып үй тігіп,  
Көз тартарлық ішіне  
Жиды жабдық бәрін де.  
Асқызып қазан, от жағып,  
Екі жігіт, екі қыз,  
Бәйбіше отыр жанында.  
Неше күн жүріп бағады,  
Күн батса от жағады.
- 500 Осы үйге түбі келер деп,  
Жүреді батыр маңында.  
Екі қыз отыр бұраңдап  
Ақ орданың ішінде.  
Кәмшат бөрік басында,  
Інжу-маржан шашында.  
Күлімсіреп күлген боп,  
Екі жігіт шынтақтап  
Қыздардың отыр қасында.  
Есік жақтан еңкейіп,
- 510 Бір әйел қазан асуда.  
Осы жерде ұйқысыз  
Он күн, он түн күзетті,  
Ешбір хабар болмады.  
Бір күні түнде отырса,  
Төменгі қалың тоғайдан  
Келе жатқан хабар болады.  
Сығалап батыр қараса,  
Жаңғыз жаяу келеді.  
Бақылап сырттан байқаса,
- 520 Жолым үйдей денелі,  
Үйге жапқан түндіктей  
Бас киімі жебелі.  
От жанған үйді көрген соң,  
Қорқу, сасу ойда жоқ,  
Бүлкілдей басып келеді.  
Қораға шапқан қасқырдай,  
Іркілмей үйге енеді.



- Бозбала, қызды көрген соң,  
Адамға құмар айуан  
530 Жемекке енді төнеді.  
Шеңгелін қызға салады,  
Күтірлетіп бөледі.  
Қайрат, қайтпас жүректің  
Осы жерде болды керегі.  
Жүрегі ердің таймайды,  
Күш, қайрат тасып қайнайды.  
Қолына алған қорамсақ  
Мықтап белге байлайды.  
Батырдың осы өзі деп,  
540 Маңдайдың жалғыз көзі деп,  
Садақтың оғын айдайды.  
Айламен үйге кіргізіп,  
Батыр тапты амалды.  
Орақ атқан жалғыз оқ  
Маңдайдағы көзден қадалды.  
Атқан оқ көзден өтеді,  
Желкеден шығып кетеді.  
Оқпен бірге түскенде  
Бұзғандай болды қамалды.  
550 Қарбалаңдап қолына,  
Тигеннің бәрін уатты,  
Күл қылып түгел құлатты.  
Қайтадан атып батырды,  
Тырп еткізбей сұлатты.  
Пәледен елін құтқару  
Батырға үлкен мұрат-ты.  
Жалмауызды өлтіріп,  
Көрсетіп елдің көзіне,  
Халқын түгел қуантты.
- 560 Орақты болды аз елдің,  
Сүйенетін тірегі.  
Жолбарыстай жүректі,  
Арыстандай білекті,  
Адамзаттың зерегі.  
Орақтының күшімен,

- Батырдың ерлік ісімен,  
Қорықпай бала ұйықтады.  
Халқына тиіп көмегі,  
Қалғаны бар артында,  
570 Жалғыз, сірә, демеді.  
Ел үшін туған жас перен,  
Халықтың қамын жегені.  
Еркек тоқты құрбаңдық  
Аман болса елім дегені.  
Атақты пәле өлген соң,  
Байтал жусап, бала ұйықтап,  
Тыныштық халық көреді.  
Жер шалып батыр жатпайды,  
Көп үшін көңіл бөледі.
- 580 Өлгеніне жалмауыз  
Екі-үш апта боп еді.  
Бақылап жүрсе жол тосып,  
Өлең айтқан секілді,  
Ыңырсып біреу келеді.  
Бұғынып тұрып Орақты  
Көреді мұны сыртынан.  
Үстіне киген киімі  
Көрінді жанат-бұлғыннан.  
Жіңішке белі шыбықтай,
- 590 Бойы ұзын сырықтай,  
Мұндай адам тумайды,  
Жаралып адам ұлтынан.  
Нұсқасына қараса,  
Жанат та нұрдың негізі,  
Жаралғандай ұрқынан.  
Жыландай жылжып аяңдап,  
Түлкідей басып сылттыған.  
Жылау да емес, ән де емес,  
Шығады даусы сыңсыған.
- 600 Аузын ашып дем алса,  
Жалын, от шығар ұртынан.  
Қатарына келгенде,  
Шат болды батыр күлімдеп.  
Қорамсаққа қол салды,

«Туған күнім бүгін деп, —  
Қолдай көр, Кемел пірім», — деп, —  
Қолға алдым сені, темір оқ,  
Сенен басқа досым жоқ»  
610 Серт айтып тартты садақты,  
«Ойдағы жерден ілін» деп.  
Күшпенен шыққан жалғыз оқ  
Жөнелді сонда дірілдеп.

Жалмауызға жетеді,  
Бүйірден өтіп кетеді.  
Тораңғыны қақ жарып,  
Бір жидеге қадалып,  
Тұра қалды дірілдеп.  
Ұстай алды ашумен,  
Бір ағашты күрілдеп.  
620 Қолы тиген ағашы  
Уатылып қалады.  
Шыңғырған даусын есітіп,  
Батыр оттай жанады.  
Көктегі жұлдыз секілді  
Көксерек ат ағады.  
Ағызып келіп ағынмен  
Көк желкеден шабады.  
Бар киімін сыпырып,  
Басы мен қолын сол жерде  
630 Батыр кесіп алады.  
Халқына кеп береді,  
«Тапқан олжам мынау» деп,  
Алдына жайып салады.  
Басы мен қолын көргенде  
Көбінің есі қалмады.  
«Ел қорғайтын батыр» деп,  
Аузына халқы қарады.  
Қатқан жерден тоң кетіп,  
Жаз келді сонда жылтырап.  
640 Мұнарын шашып бұлдырап,  
Дария беті бусанып,

- Үйрек ұшып, қаз қонып,  
Су ақты жосып сылдырап.  
Қара жер беті көгеріп,  
Қара жердің көгіне  
Хайуанаттар кенеліп,  
Семірді арық дыңғырап.  
Көлде бақа құрылдап,  
Таста байғыз ән салып,  
650 Ағашта бұлбұл шырылдап.  
Шыбын, шіркей тіріліп,  
Бас қосып түгел дуылдап.  
Құмырсқа шығып інінен  
Жол тартып о да қимылдап.  
Өрісте бие құлындап,  
Көк пенен жер жібіді,  
Нұр шашып жұлдыз жымыңдап.  
Қыз, келіншек ән салып,  
Қой алдында қылмыңдап.  
660 Жердің жүзі көгеріп,  
Көк орай шалғын болады.  
Арық малы семіріп,  
Қарыны ашқан тойынып,  
Халықтың көңілі толады.  
Жазға аман жеткен соң,  
Жұрт жиылып қонады.  
Беткейге жатып шал аунап,  
Үй қасында бала ойнап,  
Шаңлақты жерде нар аунап,  
670 Жанның бөрі болды мез.  
Тамашада көлде қаз,  
Жадыратып жайнатып,  
Нұрын шашып келген жаз.  
«Осы жерге егін ексе» деп,  
Ақылдасты ел біраз.  
Сонда Балпық сөйлейді:  
— Бір өңгіме айтайын,  
Тыңдасаңдар, балалар,  
Алтын тапқан аналар,  
680 Жасы үлкен ағалар!

- Халқын қорғап тұратын,  
Бөлеге жеке шығатын,  
Бір басы мыңға татитын  
Ел үшін туған даналар!  
Көп ақылы дария  
Қалмасын үйде балалар.  
Осы отырған жеріміз  
Өзені құрақ, бойы шым,  
Тоғайы қалың, өзі тың,  
690 Бір жағы мынау Қоңыр тау,  
Аралас жатқан бұйрат құм.  
Суында балық, қаз, үйрек,  
Алып жесек жаны бар.  
Лайықты жер екен  
Азғана ауыл паналар.  
Ойланып жүрген ойымда  
Бір кішкентай және бар.  
Сылдырап аққан мына су  
Жалмауыз шығып жерінен  
700 Алты ай қыстай болды ду.  
Қойға қасқыр шапқандай,  
Халқымыз болды күнде шу.  
Ірге жайсыз тиген соң,  
Жақсы қоныс болмайды,  
Дегенменен қанша ну.  
Жер болар бізге бүгінде,  
Өркендеп өсіп молайсақ,  
Сыймайды халық түбінде.  
Жері сортаң болған соң,  
710 Көңліме менің қонбай тұр,  
Ойдағы қоныс болмай тұр.  
Жағдайсыз келер халыққа,  
Күндердің осы күнінде.  
Ұнатпай тұр көңілім,  
Бұл қоныстың түрін де.  
Алдымызда бар шығар  
Бізге лайық бір өзен,  
Берекелі шын өзен.  
Ұнатсаңдар, ойлаймын,

- 720 Көшейік, жұртым, кідірме.  
Балпықтың сөзін мақұлдап,  
Жұрт көшелік деседі,  
Үй іргесін шешеді.  
Бұл судың атын «Шу» қойып,  
Жалайыр Шудан көшеді.  
Шуды тастап жалайыр,  
Үдере көшіп кетеді.  
Сол көшкеннен тоқтамай,  
Алакөлден өтеді,
- 730 Қошқарбайға жетеді.  
«Топарға» жетті еңкейіп,  
Ешкімнің емес мекені.  
Топарға да тоқтамай,  
«Ілеге» жетті шұбырып.  
Жердің түрін байқаса,  
Үлкен өзен, кең арна,  
Қыдырлы бір жер көшелі.  
Егін салар жері бар,  
Жайылым жері тағы бар.
- 740 Қызыл изен, көк жусан,  
Шөбі бар мекен ететін,  
Ел қырсығын кесетін,  
Жер екен дәулет өсетін.  
Ірімшіктей құрағы,  
Бір түп шидің түбіне,  
Паналап жүз қой тұрады.  
Кекіре, жантақ, күйреуік  
Біріне-бірі сұлады.  
Қырғауыл, қоян, қаз, үйрек
- 750 Өзендерден шығады.  
Қырына біткен қызғалдақ,  
Белуардан изені,  
Тоғайындағы жидегі,  
Маужырап түр дөңдері.  
Піскен кезде иіліп,  
Бұтағынан сынады.  
Қырында бөкен құлан бар,

- Көлінде балық, бұлан бар.  
Тоғайда жүрген елігі,  
760 Байқасақ қарап көзігі.  
Қарақұйрық қаптаған,  
Нелер жақсы ірі аң бар.  
Сүйсінді Балпық көрген соң,  
Іздеп тапқан жеріне,  
Жеріне сәйкес көліне,  
Жеріне шыққан шөбіне,  
«Осы жер қоныс болар, — деп,  
Негізі менің еліме».
- Бұл жерге тартыс салатын,  
770 Қорқытып тартып алатын  
Жақын ел жоқ шенінде.  
Келген жылы жалайыр  
Ілеге егін салады.  
Арасынан Іленің  
Астық алып сол жылы,  
Қарық болып қалады.  
Ашығып келген халықтың  
Астыққа тойды тамағы,  
Ашылды жұрттың қабағы.
- 780 Шұбырып жүріп жалайыр  
Бір жақсы қоныс табады.  
Қараша айы туған соң,  
Майқұрақ, Қорыс, Ақ дала,  
Тұсында жатқан Абанқыр  
Қыстауға халық тарады.  
Ел орнығып қонған соң,  
Меншікті жері болған соң,  
Балпық пенен Орақты,  
Ескелді биді басшы қып,
- 790 Алдынан жер шолады.  
Атырауды айналып,  
Қаракенге барады.  
Қаракен бойы Қаратал,  
Ішіне шыққан бүлдірген.  
Бүлдіргені жұпардай,

- Мұрынын исі жарады.  
Аққан суы мөлдіреп,  
Ішсе, сусын қанады.  
Қараталдың өлкесі
- 800 Іледен де бағалы.  
Қараталды өрледі,  
Жерінің артық көрнегі.  
Ой мен қырын байқаса,  
Жанға бірден жағады.  
Өрлей жүрді өңкей ер,  
Қараталды жағалап,  
Үштөбені далалап,  
Дауылбайдың басына  
Шықты барып аралап.
- 810 Қанжарлары қайраулы,  
Садақтары сайлаулы,  
Балтасы жанында байлаулы.  
Жасанған жаудан таймайтын  
Бәрі де алғыр азамат.  
Келіп шықты тобымен  
Дауылбайдың басына.  
Төтелей келді тік жүріп  
Қызыл жол-жол тасына.  
Қалың шөпті қақ жарған
- 820 Сүйретінді із жатыр,  
Келсе, тастың қасында.  
Не бар деп сонда ойлады,  
Ақылдасып осында.  
Айдаһары кез келді  
Өңшең болат асылға.  
Орақты батыр сол кезде  
Дәл жиырма бір жасында.  
Орақты батыр сол жерде  
Жолдасына сөйледі.
- 830 Айдаһарды көрген соң:  
«Қасыма бірің ер» деді.  
Бәрі түгел шулады:  
— Айдаһар деген тілсіз жау,



- Барма, батыр, сен! — деді.  
Орақты тұрып айтады:  
— Мұның заты бір жылан,  
Менің затым адамзат,  
Қалайша күшім кем, — деді, —  
Көрмей жатып қашқан соң,  
840 Өлгенмен басым тең, — деді.  
Жолдасы қалды иіріліп,  
Қызыл тастың қорымын,  
Орақты батыр өрледі.  
Біраз жүрді тасты өрлеп,  
Еш нәрсе де көрмеді.  
Еш нәрседен қайтпаған —  
Жас батырдың талабы.  
Тіктілеу келген қорым тас,  
Өрлеп соған барады.  
850 Ұйықтап жатқан сол жерден  
Айдаһарды табады.  
Жақындап батыр барғанда  
Көтеріп басын алады,  
Батырға жылан қарады.  
Қайрат жасап қамданбай,  
Айдаһардың батыр кеп,  
Желкесінен шабады.  
Қайратпен шапқан қанжары  
Айдаһардың басын қақ бөліп,  
860 Қара тасты қабады.  
Бұл қайратын көрген соң,  
Құмары жұрттың қанады.  
Батыр болды талапты,  
Асынды белге садақты,  
Ел үшін туған бағландар,  
Елге лайық жер тауып,  
Ауыл қонар көл тауып,  
Тұлпарларын жаратты.  
«Қаратал, Іле — екі су  
870 Елге қоныс болар» деп,  
Атбасын елге қаратты.

- Ілеге қарай жол салды  
Қараталдан төтелеп.  
Сексеуіл, қалың жыңғылды,  
Адыр-адыр қызыл құм,  
Құдық қазды әр жерден.  
Жол салды бұзып кеселеп,  
Жол бермес қалың дүлейден.  
Кезек-кезек жол ашып,  
880 Келе жатыр жекелеп,  
«Есеке, елге жетсек» деп,  
Сөйледі Балпық өнтелеп.  
— Оның рас, шырағым,  
Барсақ болар ертерек.  
Осыдан біз барғанда,  
Бала-шаға қуанып,  
Алдымыздан шыға алмас,  
Байқадым, батыр, еркелеп.  
Айланып қалған секілді,  
890 Елдің күні қараңғы,  
Кісі жейтін тағы да,  
Кез келді білем наданға.  
Енді орнынан таппаспыз,  
Осы барған заманда.  
Негізгі қас бір бөле  
Кез келген шығар адамға.  
Күн-түн қатып жеделдеп,  
Келді сонда еліме.  
Келсе, орнында елі жоқ  
900 Қондырып кеткен жерінде.  
Әр жерге жүгі шашылған,  
Жұрттың түрін байқаса,  
Көрінді былай көзіне  
Бүлінген елдің жөнінде.  
Қатты жүрді сабаулап,  
Емес деп адам тегінде.  
Қасқыр көрген қойдай боп,  
Есі кетіп үріккен.  
Тіккен үйден айрылып,  
910 Төрттен-бестен біріккен.

- Бала жылап, нар өліп,  
Денесі елдің дүрліккен.  
Ақыл кетіп ағадан,  
Күш кетіпті жігіттен.  
Қойдай болып шуылдап,  
Жетті елге сүрліккен.  
Үркіп жүрген халықтың  
Қалыпты арық мешеуі.  
Айдарлы, егіз тұлымды,  
920 Өліпті жастың нешеуі.  
— Бала да болса, панамыз,  
Қорғайтын бізді бабамыз.  
Тірлігің екен, қарағым,  
Халқыңның аман-есені.  
Батыр мен биді көрген соң,  
Кеткендей болды халықтың  
Кеудесінен кеселі.  
Қараңғыда көреді,  
Ұйықтап жатқан адамды  
930 Түнде ғана жеп еді.  
Пәленің түсін көрместен,  
Жалмауыз шықты деп еді.  
— Ендігі пәле, қарағым,  
Түсі суық келеді.  
Шыдамай зәріне қырылып,  
Қойдай болып өледі.  
Бір қой бір қыз күніне  
Тамағына береді.  
Бас жағы адам, қарағым,  
940 Бөксесінің жүні бар.  
Адам да емес, ит те емес,  
Әйтеуір жаман түрі бар.  
Біреуі қара, біреуі ақ,  
Аузынан көбік ағады,  
Сала құлаш тілі бар,  
Түсі суық у мен зәр.  
Қорыққаннан көмейден  
Жүрмей қалды татқан нәр.  
Өзіңнен қайрат болмаса,

- 950 Заманымыз болды тар.  
Жан қысылған мезгілде  
Өзің түгіл, қарағым,  
Ізіңе халқың болды зар.  
Мына сөзді есітіп,  
Орақты қылды талапты.  
Жер жарылып, күн шығып,  
Мезгілімен таң атты.  
Алды қолға садақты,  
Байлады қанжар, жарақты.
- 960 Сол күні елді көшірмей,  
Ерулетіп қаратты.  
Қанжарды батыр қайрады,  
Садақты белге байлады.  
Көксерек атқа ер салып,  
Жабдықты батыр жайлады.  
Бұған бір қайрат істеуге  
Енді батыр ойлады.  
Сонда батыр ойлады:  
«Менің атым кім, — дейді, —  
Ел үшін тудым шын, — дейді, —  
970 Еркек тоқты құрбандық,  
Қамданар бүгін күн», дейді.  
Оралбике өзінің  
Қарындасын шақырып:  
— Қарағым, бірге жүр, — дейді, —  
Кел алдыма мін, дейді.  
Оралбике бала ғой,  
Қорыққаннан жүрмейді.  
Орақтыны шешесі
- 980 Сонда қарғап тілдейді:  
— Оңбайсың, шешек, оңбайсың,  
Пәлені іздеп қайдағы  
Тілеп жүрсің өзіңе,  
Болмаймын, бала, сөзіңе.  
Ақырында, қу балам,  
Жалғыз қыз түсті көзіңе.  
Батыр сонда айтады:  
— Айналайын апатай,

- 990 Сен жылайсың мен үшін,  
Мен жылаймын көп үшін,  
Ұлың мен қызың құдайы  
Осы отырған ел үшін.  
Ұл-қызыңда арман жоқ,  
Тазаласа пәледен  
Жалайырдың өрісін.  
Жылама, бауырым Оралжан,  
Мырзаш пенен үшеуміз  
Бір құрсақтан өнгенбіз.  
Бір құрсақтан жалғанның
- 1000 Жарығына келгенбіз.  
Бір құндақта жатқамыз,  
Бір бұлақтан татқамыз.  
Бір емшектен емгенбіз,  
Баласындай үйректің  
Бір-бірімізге ергенбіз.  
Қаның менен қаным бір,  
Жаның менен жаным бір,  
Төнің менен төнім бір,  
Қорықпа, жалғыз бауырым,
- 1010 Меніменен бірге жүр.  
Ақыл таппай сандалған  
Халықтың кеулі қайғы, кір.  
Не де болса Алланың  
Салған ісін көремін.  
Менің тірі шағымда  
Өлемін, сірә, демегін.  
Өзім тірі тұрғанда  
Ажалға неге беремін?!  
Сенен бұрын, шырағым,
- 1020 Алдыңда сенің өлемін!  
Сені мен менде арман жоқ,  
Пәледен аман тазартсақ,  
Өрісін мынау көп елдің.  
Үріккен мынау ел үшін,  
Тазармаған жер үшін,  
Қимылдайын тәуекел!

- Пайдасын қашан көремін,  
Денеге біткен өнердің?!  
Өлемін деп қорықпа,  
1030 Оралбике, қарағым,  
Әдейі ертіп барамын.  
Бір емшектен бір емген,  
Бауыры жақын адамның.  
Әлі түсіп көрген жоқ,  
Кісі деп жүрген наданның.  
Біреудің қызын байласам,  
Жақсы болар егер де,  
Қайратымнан таймасам.  
Басым болса өзімнен,  
1040 Қорықсам, бұғып қаламын.  
Егер де бүгін қорықсам,  
Сенің даусың шыққанда  
Жанды ортаға саламын.  
Қорықпай-ақ еріп жүр,  
Жалмауызды көргенде  
Бір айласын табамын.  
Көп үшін басым құрбандық,  
Тілеймін елдің аманын.  
Ел қорғау үшін бауырың,  
1050 Түсті барып ішіне  
Қайнап тұрған қазанның.  
Алып жүрді бауырын,  
Аузына байлап ажалдың.  
Келетұғын жолына  
Қарындасын байлады.  
Садақтың оғын сайлады,  
Қанжарын батыр қайрады,  
Шаладай батыр жайнады.  
Қашан түсін көргенше  
1060 «Қандай нәрсе екен» деп,  
Сонда батыр ойлады.
- Түске жуық болғанда,  
Екі нәрсе келеді.  
Нұсқасы адам секілді,

- Көз ұшында зырқырап.  
Аузынан аққан көбігі,  
Будақ-будақ бұрқырап.  
Біреуі қара, бірі ақ,  
Қарасын қыз көргенде,  
1070 Шықты даусы шырқырап.  
Бауырдың даусы шыққанда,  
Қайнады ердің жүрегі.  
Темір болды білегі,  
Қаһарына мінеді.  
Сүйегі кетті сырқырап,  
Садақты батыр сайлады.  
Алатын қасқыр бүркіттей,  
Батырдың көзі жайнады.  
Тұсына таман келгенде,  
1080 Оқты батыр бір атты,  
Екінің бірін құлатты,  
Зәлімнің бірін жайғады.  
Жығылғанда қарасы,  
Ақкөбік барып шайнады.  
Орақты атқан жалғыз оқ,  
Жөнелді сонда гуілдеп.  
Серт айтып атты күшпенен  
«Туған күнім бүгін» деп,  
Қаракөбік тұралмай,  
1090 Жығылып жатыр күрілдеп.  
Қайтадан атқан жалғыз оқ  
Жөнелді сонда дүрілдеп.  
Ақкөбіктен өтеді,  
Жүрегін үзіп кетеді.  
Бір терекке оқ тиіп,  
Тұра қалды дірілдеп.  
Батырдың көңлі шат болды,  
«Қолдай көр, Кемел пірім» деп,  
Болды ердің дегені.  
1100 Қаракөбік, Ақкөбік  
Орақты батыр оғынан  
Екеуі де жөнелді.  
Халықтың болды панасы

- Бір ердің білген өнері.  
 Пәледен халқын құтқарып,  
 Оралып батыр үйіне  
 Аман-есен келеді.  
 Қиын-қыстау пәленің  
 Жоғалтты көзін нелерді.
- 1110 Тазарып жұрттың өрісі,  
 Неше күндей той болды,  
 Ақ даланың кемері.  
 «Сен болдың бізге жүрек, — деп, —  
 Жау көрсек, бізге қажымас.  
 Құйма құрыш білек, — деп, —  
 Қорықсақ барып паналар.  
 Халқымызға тірек, — деп, —  
 Жалайырға тиянақ  
 Ноқта ағасы сен бол», — деп, —
- 1120 Орақтыға сол жерде  
 Халқы бата береді.
- Сонан кейін Жалайыр,  
 Қаратал — Іле екі су,  
 Мекен етіп жерледі.  
 Қаңғайдан қонып алдымен,  
 Көк даланы өрледі.  
 Қонысы жағып бұл елдің  
 Мал мен басы молайып,  
 Дәулеті тасып кенелді.
- 1130 Иесіз жатқан байтақ жер  
 Менікі етіп ие боп,  
 Ешбір адам келмеді.  
 Аз елдің көзі ашылды,  
 Өлшеусіз несіп шашылды.  
 Еш жамандық көрмеді.  
 Сыналар ердің жүрегі,  
 Ақ найза мен білегі,  
 Мұқаншыға барғанда  
 Қанды майдан бір қызық
- 1140 Сол арада кез келді...  
 Кез келмеген бұларға



- Әрбір ұлттан қалмады.  
Дүнген деген қалмақтан  
Ханның қолы шабады.  
Бытырап кеткен қалың ел,  
Бір бөлек жатқан ауылды  
Қалмақтың қолы шабады.  
Жүреді екен Орақты  
Іленің аққан суында,
- 1150 Жетіжалдың қырында,  
Тасмұрынның құмында,  
Батырға хабар барады.  
Көксерек аттың құйрығын,  
Жалыменен тарады.  
Қаңтардағы бурадай  
Түйілді ердің қабағы.  
Ер тоқымын бішпаңдап,  
Сауырын аттың жабады,  
Қанжарын қынға салады.
- 1160 Білекке іліп садағын,  
Көксерек атқа «шу» деді.  
Еті қызған мезгілде  
Көксерек желдей гүледі.  
Табаны құмды суырып,  
Әпшісін жердің қуырып,  
Қаратал, Іле — екі су,  
Көксерек ат қысқартты,  
Екі өзеннің танабын.  
Талаптанды жас батыр,
- 1170 Құрал-жабдық жасады.  
Мұқаншыға жүрмек боп,  
Ақтөбені асады.  
Ақтөбеден асқан соң,  
Сарбұлақпен сартылдап,  
Көксеңгір тауды бөктерлеп,  
Қурайлыны басады.  
Тұлпардан туған Көксерек  
Арандай аузын ашады.  
Еті қызып келгенде,

- 1180 Сауырдан тері төгіліп,  
Ұртынан көбік шашады.  
Алты сағат басқанда,  
Қарқыны келген дариядай  
Батырдың көңлі тасады.  
Қарқынмен барып шығады  
Мойынқұмның беліне.  
Батыр жетті бесінде  
Мұңлық боп қалған еліне.  
Жау шауып кеткен ғарып ел,
- 1190 Жылай берді шуылдап,  
Орақтыдай еріне!  
Сонда батыр сөйлейді:  
— Жылама, жұртым, жылама,  
Сендерді шапқан осы жау,  
Адам ба, заты пері ме?  
Пері болса, соғармын,  
Жолатпасын шеніме.  
Адам болса, тығармын  
Әкесінің көріне.
- 1200 Жылаған елді көрген соң,  
Батырдың тасып қайраты,  
Шапшыды таудың өріне.  
Еркек тоқты құрбандық,  
Сендер үшін байладым,  
Ғазез басты өлімге.
- Жау артынан қумақ боп,  
Сауытын батыр киеді,  
Ат құйрығын түйеді.  
Ақырғанда дауысы
- 1210 Алты қырдан асады.  
Оралып жатқан Қоңыр тау  
Жау жүрген жердің жиегі.  
Шаңғарақ таудың бойында  
Көк судың аққан ойында.  
Дүңген деген қалмақтың  
Шаһарына тиеді.  
Темір қалқан басында,

- Жолдасы жоқ қасында.  
Қаптап жатқан қалмақтың  
1220 Қаласына кіреді.  
Дабылды батыр қағады,  
Ханның елін шабады.  
Қалмаққа ойран салады,  
Қашқандары қалмақтың  
Ханына о да барады.  
Дүңген хан халқын жиғанша,  
Қазақтың қалың қолымен  
Батыр бұзды қамалды.  
Талап қылып талпынбай,  
1230 Мұратқа адам жетер ме?!  
Ел үшін туған егейлер  
Майданға кірмей кетер ме?!  
Қалмақтың Ақсай ерімен  
Орақты шықты жекеге.  
Батырлық, ерлік күн болды  
Жүрген күнде жекеде.  
Ақсай мінген атының  
Маңдайда бар төбелі,  
Орақтының қасында  
1240 Ақсай таудай денелі.  
Мың кісілік кемедей  
Келген екен Ақсайдың  
Дене тұлға кемелі.  
Күрек тісі күректей,  
Тоқпақтай айдар, тұлымды,  
Қошқар тұмсық мұрынды.  
Басы үлкен қазандай,  
Құндыздығы жебелі.  
Екі батыр сайысқа  
1250 Жеке-жеке келеді.  
Алдыменен Орақты  
Ақсайға кезек береді.  
Ақсай шапты ақырып,  
Желекті найза желкілдеп,  
Шаншуға жақын келгенде

- Балтаменен бір салып,  
Найзасын екі бөледі.  
Ағындап Ақсай өтеді,  
Артынан бала жетеді.
- 1260 Дәл жүректің басынан,  
Шеміршектің қасынан  
Найзамен бала көмеді.  
Атынан дәуді ұшырды,  
Қаңбақтай жерге түсірді.  
Ақ төбел атты жетектеп,  
Орақты батыр жөнелді.  
Ақсайды батыр өлтіріп,  
Қасқыр қырған қойдай қып,  
Қалмақтың елін бөледі.
- 1270 Көшелерін қан қылып,  
Қақпанның аузын шаң қылып,  
Қанын судай төгеді.  
Быт-шыт боп қашқан қалмақты  
Сай-сайдан батыр тереді.  
Қанжарменен тіледі,  
Найзаменен іледі.  
Түлкі алған бүркіттей,  
Кез келгенін бүреді.  
Қан майданда қайтпайды,
- 1280 Бала бүркіт түлегі.  
Қашуға қалмақ бет алып,  
Тау ішіне кіреді.  
Дүңген ханның іргесін  
Үркітіп батыр түреді.  
Жіңішкежүрек, Шыңбұлақ  
Сол сайды өрлеп шу деді.  
Үркіп қалмақ қырылып,  
Қырғынға түсіп сүрініп,  
Сол сапарда жүдеді.
- 1290 Жерінен қалмақ ауған соң,  
Қиналды қатты бір жаны.  
Тау-тауда қапты қазан мен  
Саптыаяқ, күбі, құмғаны.  
Қазан қалған сол тауды

- Қарала ағаш Қазанның  
Асуы деп біледі.  
Отыз бір жасқа келгенде  
Орақты батыр халқына,  
Бұқара халық, жалпыға  
1300 Тірек болып тіреді.  
Қаратал, Іле — екі өзен,  
Сонан кейін меншікті  
Жалайырға жер бопты.  
Орақты батыр шыққан соң,  
Аз басы көпке тең бопты.  
Су мен жерге ие боп,  
Содан кейін ел бопты.  
Онан бұрын жалайыр  
Көрінгенге жем бопты.  
1310 Көрінген елге тозаңдап,  
Мүсәпірмен тең бопты.  
Қатар жатыр Іле, Шу,  
Көктал, Лепсі, Қаратал,  
Ақсу, Көксу, Жетісу —  
Жалайырдың мекені.  
Қаратал, Іле — екі су,  
Өніп-өсіп жалайыр  
Екі өзенде отыр ну.  
Орақты жайын айтайын:  
1320 Тұрлықожа баласы,  
Орақты тапқан қонысы —  
Қаратал, Көксу жағасы.  
Өткеніне олардың  
Бес-алты ғасыр шамасы.  
Облысымыз Алматы,  
Ауданымыз Қаратал,  
Екі колхоз болады  
Сол Орақты баласы.  
Дүңген ханның қаласы,  
1330 Мынау жатқан Дүңгене  
Осылай деп айтатын  
Халқымыздың білгені.  
Ел аузында айтылып,

- Ертегі болып жүргені.  
Жиюшы жоқ артында,  
Баспаға бұрын кірмеді.  
Көксудың аққан бойында,  
Дүңгененің ойында,  
Қант завод салынып,  
1340 Денесі нұрға малынып,  
Күміс терек егіліп,  
Жоңышқа, қылша себіліп,  
Жаңа өмірдің нұрымен  
Сәнді өзен боп гүлдеді.  
Енді келді жазатын  
1346 Бұл поэма кезегі.



ҒЫЛЫМИ  
ҚОСЫМШАЛАР







## ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

### БАТЫР ЖӘНІБЕКТІҢ ӨЛЕҢІ

«**Батыр Жәнібектің өлеңі**» — XV ғасыр оқиғаларын баяндауға арналған тарихи жыр үлгісі. Томға енген тарихи жырлардың ішіндегі ең көлемдісі. Жыр Қазақ хандығының негізін қалаған хандардың бірі Жәнібек ханның (XV ғ. басы — 1470) жас кезіндегі ерлік істерін көркем тілмен әңгімелейді.

Шығарма оқиғасының уақыт мөлшері, деректі дәлдігі нақты өмір шындығымен сәйкес келмегенімен, жырда Жәнібек хан тұсындағы тарихи оқиғаларға қатысты жағдаяттар эпикалық туынды табиғатына тән көркемдік тәсілмен суреттеледі.

«Батыр Жәнібектің өлеңі» деп аталатын жырды ақын Омарбай Малқаров 1947 жылы Оңтүстік Қазақстан тұрғыны, белгілі халық ақыны, жыршы Орынбай Таймановтан жазып алған. Қолжазба бұрын еш жерде жарияланбаған. Жәнібек хан тұлғасын дәріптеуге арналғандықтан, кеңестік идеология шеңберіне сай келмейтін ескі заман шығармасы ретінде тыйым салынған сияқты.

Жалғыз ғана нұсқасы бар, алғаш рет жұртшылық назарына ұсынылып отырған жыр мәтіні толық қалпында сақталған. Тарауларға бөлінбеген. Өлеңдік құрылысы жыр үлгісіне құрылған. Жырда батырлық эпос элементтері де кездесіп қалады.

Жырдың сюжеттік желісі батырлар жырына ұқсайды. Өзірет сұлтан заманында Ноғайлы елін басқарған Өлібек деген байдың бір балаға зар болып, әйелі Қарлығаш екеуі қартайған шақтарында әулие кезуі, Шашты өзіз диуана аян беріп, перзенттің өмірге келуі, ата-ананың зарығып көрген Жәнібек

атты ұлының жастайынан ержүрек болып, батырлығымен жұртқа танылуы, он төрт жасында-ақ халқын сыртқы жаудан қорғау мақсатында қалмақ ханы Қараманға қарсы жорыққа аттанып, жеңіске жетуі, Арқадағы көп қалмақтың ол жорықта жүрген кезінде елін шауып алып, қарындасы Мақпалды тұтқын етуі, соңынан Жәнібектің халқын қалмақтардан босатуы сияқты жекелеген жыр оқиғасы «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» жырларының желісін қайталайды.

Шығарманың негізгі идеясы — туған халқын сыртқы шапқыншылықтан қорғау болса, тарихи жырға төн басты белгісі — жалғыз ғана Жәнібектің жеке басын дәріптеп, қалмақ батырларымен жекпе-жегін әсірелеп қана қоймай, жауға қарсы күрестегі ел бытыраңқылығы, ағайын алауыздығы, осы қиын жағдайдағы бас кейіпкердің кейбір дәрменсіздігі елес береді. Жырда Жәнібектің хан болып сайланғанға дейінгі өміріндегі бұл келеңсіз жайт қалмақ ханы Қараманға қарсы аттанған кезінде нақты байқалады. Сол сияқты Жәнібектің жорықта жүргенін пайдаланып, көп қалмақтың батыр елін шапқыншылыққа ұшыратуы, қауіп-қатерден қашқан халықтың туған жерін тастап, Сыр бойына қарай аууы, Жәнібектің жаудан өшін алып, жеңіске жетуі, ең соңында ноғайлы елінің Жәнібекті хан сайлауы тарихи шындыққа сәйкес келеді.

Хан көтеріп батырды  
 Хан Жәнібек атанып,  
 Ноғайлының баласы  
 Қалмақтан шапқан құтылып,  
 Сонан соң шықты жарыққа.  
 ... Хан Жәнібек хан болып,  
 Кейінге тарих қалды енді, —

деген жыр жолдары бас кейіпкер Жәнібектің ноғайлы елінің ханы болып сайланғанын әйгілесе, жыр соңы:

Бүлінген халықты жинап алып,  
 Жай-жайына келтіріп,  
 Жағасына Арыстың  
 Ханқорғанда хан болып, —

деп аяқталып, Жәнібек ханның елді біріктіругегі рөлі айқын көрсетіледі, тарихтағы нақты жағрапиялық өзен атауы да айтылады. Ал өмірдегі Жәнібек хан Шу өзені бойында хандық билікке келген. Соған қарамастан, екі өзен де Оңтүстік өлкелерде орналасуы себепті жыр оқиғасы тарихи шындықтан алыстамайды. Сондай-ақ жырда шығарма оқиғасы өткен оңтүстік өңірдің Алматы, Бішкек, Әулиеата сияқты көне қалалары аттарының кездесуі де тарихилықты аңғартса керек. Ал Жәнібектің елін қалмақтар басып алған кезде болыс, старшын сайлауының өткізілуі қазақ даласындағы орыс отаршылдығынан сыр беріп, жырдың ХІХ ғасырда өмірге келгендігін айғақтайды.

Жырдың қолжазбасы 1947 жылы сол кездегі Қазақстан Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы қорына түскен. Қазір де осы кітапхана қорында сақтаулы: 778-папка. 3-дәптер. Жыр тарауларға бөлінбеген. Бастан аяқ жыр үлгісіне құрылғанмен Жәнібектің жорықта жүрген кезінде елін қалмақтардың шауып алуы бірыңғай қара сөзбен баяндалып, соңы қара сөзбен аяқталады. Оның өзі жер-су аттарының шығу тарихынан сыр шертіп, түсінік береді. Ал негізгі жыр желісі Жәнібектің Арыс өзені жағасында Ханқорғанда хан болуымен аяқталады.

Жыр мәтінін Орталық ғылыми кітапхана қорынан қолжазбатанушы М.Шафиғи көшіріп алып, томға ұсынды, ал текстологиялық тексеру жұмыстарын филология ғылымының кандидаты С.Сәкенов жүргізді.

*С. Қорабай*

## ЕҢСЕГЕЙ БОЙЛЫ ЕР ЕСІМ

«Еңсегей бойлы ер Есім» атауы жыраулар поэзиясында, аңыз-әңгімелерде жиі кездескенмен, ірі жыр үлгісіндегі көп нұсқалары бүгінгі күнге жетпеген. Томға ұсынылған жырдың осы нұсқасын халық ақыны Қазанғап Байболовтың жырлауында хатқа түсіріп, 1938 жылы Орталық ғылыми кітапхананың сирек қорына тапсырған — И.Ырсымбетов. Өкінішке орай, ол туралы басқа мәліметтер кездеспейді.

«Еңсегей бойлы ер Есім» жыры алғаш рет 1991 жылы Алматы қаласындағы «НБ-Пресс» баспасында жеке кітап түрінде жарық көрді. Кітапты баспаға дайындағандар: филология ғылымдарының докторы, профессор М.Мырзахметов, тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Қойгелдиев, пенфилология ғылымдарының кандидаты М.Қалдыбаев.

«Моңғолдың құпия шежіресінде» Бодонжардың билікке қол жеткізгенге дейін өзен жағасында аң аулаумен күн кешкені баяндалады. Осы мотивтің қазақ жырында Шыңғысқа таңылуына қарап, монғолдың аталмыш шежіресінің сюжеттері қазақ даласына ауызша айтылу арқылы жайылғанын шамалауға болады. Мысалы, «Аңшыбай» жырының да бас кейіпкерін балалар сабап, ауылдан қуып жібереді, сөйтіп, Аңшыбай төрт жастан он жасқа толғанға дейін дарияның жағасында жалғыз өзі құс атып жеумен күнелтеді.

Бодонжардың, Шыңғыстың, Аңшыбайдың билікке келмес-тен бұрын аң аулаумен күн көруі ғұрпын өткерудің соңғы кезеңінде кәмелеттік сынақтан сүрінбей өткен жасөспірімдердің ормандағы үйде тұрып, не аңшылықпен, не қарақшылықпен күн көруге мәжбүр болғанын еске түсіреді.

«Еңсегей бойлы ер Есім» жырында Шыңғыс хан дүниеге келгендігі ғажайып құбылыс ретінде, көрсетілген болашақ билеушінің анасының құрсағынан қан шеңгелдей туғаны айтылды. Бұл мотив «Моңғолдың құпия шежіресінде» де Шыңғыс ханның ғайыптан пайда болғанын көрсету үшін қолданылғаны, кейіннен Қасым хан мен оның ұлы Кенесарыға да таңылғаны белгілі.

Қазақ фольклорының үлгілерінде Шыңғыс ханның өртүрлі көркемдік тәсілдерімен дәріптей бейнеленуі оның қазақ даласына жасаған басқыншылығына қарамастан, халқымыздың жадында жағымды кейіпте сақталғанын айғақтайды.

«Еңсегей бойлы ер Есім» жыры тек тарихи мағлұматтарды бойында мол сақтауымен ғана емес, эпос өнерінің ғасырлар бойғы дамуы барысында қалыптасқан ғажайып типологиялық мотивтерді жеткізуімен де құнды.

Пікіріміздің дұрыстығына Есім ханның болашақ су тұлпарының енесімен шағылысқан таңғажайып мақұлықтың шағылысқаны жырда:

«Жарылып дария күңіренді  
Бір хайуан шығып келеді.  
Кеудесі — жылқы, басы — адам,  
Осындайша сүйегі.  
Байталға келіп асылды,  
Иіскелеп, аймалап,  
Түсіп кетті қайтадан, —

деп суреттелуінің өзі-ақ дәлел болады. Бұл қазақ эпосындағы дәстүрлі образдардың бірі болып табылатын су тұлпар бейнесінің дамытылған түрі.

Қазақ жырларындағы тұлпарлардың судан шыққан беймәлім айғырдың үйірде жүрген биеге шауып кетуінен пайда болуы «Шора батыр» жырының Молда Мұса жырлаған нұсқасында да баяндалды.

Бұл сюжеттік сарын — түркі-моңғол халықтарына ортақ. В.А.Гордлевский, М.Сағатов, В.Г.Юматов, М.Н.Лосиевский ебектерінде сипатталатын су айғырлары немесе тұлпарлары қазақ аңыздарында да кездеседі. Ал жартылай жылқы, жартылай адам болып табылатын зооморфтық сипаттағы мақұлықтар — әлем халықтарына таныс құбылыс. Бұл тұста еске, ең алдымен, Мұхаммед пайғамбардың кеудесі жылқы, басы адам кейпіндегі көмекшісі Пырақ пен грек мифологиясындағы кентаврлар түсері хақ.

Тәуекелдің өзіне дейінгі Шайбани нәсілдеріне кеткен есесін қайтару жолында бірқатар ірі жеңістерге жетіп, Орта Азияға жасаған ең соңғы жорығын сәтті тәмамдауға, яғни ең соңғы Бұқар бекінісін шабылдау кезінде жараланып, соның зардабынан Ташкент қаласында қаза болғаны — тарихи шындық. Есім сұлтан ол кезде жырда баяндалғандай, Қашқарда жайбарақат қыдырып жүрмей, ағасының қасында болған. Басып алынған Самарқандты ұстап тұру үшін Тәуекел Есімді жиырма мың қолмен қалдырып, өзі жетпіс мың қолмен Бұқарға аттанған. Кейін Бұқардың маңындағы істің қиынға айналғанын білген Есім де Тәуекелдің әскеріне қосылады.

«Еңсегей бойлы ер Есім» жырында бас қаһарманның әкесі ретінде көрінетін Тәуекел хан — шындығында, Есімнің ағасы. Қадырғали Жалайыр өз шежіресінде Тәуекел хан мен Есім сұлтанның Шығай ханның Яхшым бегі деген бәйбішесінен

туғанын атап көрсеткен. Жыршының Тәуекелді «Тәуке» деп те атайтыны да, осы Қадырғали Жалайырдың еңбегінде Тәуекелдің аты «Төкей» деп жазылғаны салдары болуы мүмкін. Ал Есім ханның жырда Тәуекел ханның ұлы ретінде көрінуіне Қазақ хандығының тағы да алғашқысына соңғысынан мұра болып себеп болған секілді. Жырда көрсетілгендей, Тәуекелдің қырықтан асқанда көрген ұлы — Есімнің он сегізге толғанда Тұрсын ханның қолынан қаза табуын тарихи деректер растамайды. Шындығында, Тәуекел Қазақ хандығы тағына 1882–1898 жылдар арасында отырды.

Жырда бұл шындық бұрмаланған. Бұның себебі — ақындық қабілеті бар айтушылар дайын жырды өзгеріссіз айта беруді місе тұтпай, өз біліктілігінің деңгейінде жырға өзгерістер мен толықтырулар да енгізіп отыратындығында. Шығармада Есім ханның Қатаған қауымын түгел қырып жібергені баяндалуы да — тарихи шындыққа сәйкес келмейтін әсірелеу. Есім және Тұрсын хандардың арасындағы қанды қырғыннан кейін Қатағандардың ежелгі атамекені — Қазақ даласынан Өзбек еліне қоныс аударғаны да рас. Алайда олардың елеулі бөлігі қазақтың Шанышқылы руына сіңген. Сонымен қатар Есім ханның қалмақты шабу үшін алып барған және Тұрсын ханмен шешуші шайқаста пайдаланған қолының да құрамында Қатаған руының жауынгерлері болған. Зерттеушілер қақтығыстан аулақ жатқан жерлерде, солардың ішінде Шығыс Түркістанда да Қатаған қауымының адамдары көп болғаны туралы жазады.

Ұсынылып отырған туындының өзге қазақ жырларынан тағы бір басты өзгешелігі — онда Тәуекел мен зайыбының Құдайдан бала сұраған тілегі қазақ эпосы үлгілерінің басым көпшілігіндегідей, Баба Түкті Шашты Әзиз әулиенің басына түнегеннен емес, Бұқардағы Бахауиддин әулиенің бейітіне зиярат еткен соң, Қашқардағы тірі әулие Аппақ қожаға барғаннан кейін орындалғаны. Бұл құбылысты Қазақстанның елеулі бөлігіне кезінде Нағыш-пенді Бахауиддиннің өзі және оның ізбасарлары басшылық жасаған сопылық орденнің, тіпті Аппақ қожаның зор ықпалымен байланыстырған жөн сияқты. Алайда Аппақ қожаны Есім ханның пірі ретінде көрсетудің еш қисыны жоқ екенін айту керек. Тарихи деректерде ол Есім мен Тұрсын хандардың айтулы қақтығысы болғанда небәрі екі жастағы сәби еді.

Жырда Тұрсын ханмен ақтық айқаста Есім ханға күш біріктірген билеушілердің көп болмаған себебі — эпос поэтикасы бойынша, халықтың идеалы болып саналатын батыр, хан өте ерекше, керемет адам болып көрсетіледі, мінсіз хас қаһарман ретінде дәріптеледі. Міне, жырда қырғыз қолының Есім ханның Тұрсын ханды жеңіп, қашырғаннан кейін ғана әскери қақтығысқа араласқанын баяндау осындай тәсілді жүзеге асыруға қызмет етіп тұр. Сондай-ақ жырда Есімнің одақтастары ішінен Көкім бидің ғана бейнеленуі, ал Тұрсын ханның жақтасы, қамқоршысы ретінде Үргеніш ханы Әбілғазы баһадүрдің ғана көзге түсуі туындыда эпикалық жинақтау тәсілінің қолданылғандығына мысал болады.

Жинақтаушылықты жыр уақытына назар аударғанда да байқаймыз. Мәселен, жырды оқырман Есімнің Қазақ ордасы тағына отырған кезі мен Тұрсын ханды өлтірген уақытының арасы екі жылдан аспайтын мерзім деген әсер алады. Әкесі өлген соң елге оралған Есім хан алдымен Ташкентті шабады, одан кейін Үргеніштен қайтып келе жатқан Тұрсын ханмен соғысып, жеңеді. Бұл оқиғалар, ары кеткенде, бір айға созылады. Ұзамай, Әбілғазы баһадүр аталған екі ханды татуластырады. Әбілғазы еліне қайтпай тұрып, Есім елін Тұрсын ханға тапсырып, өзі қалмақтарға қарсы жорыққа аттанып, сол сапарда бір жыл жүреді. Одан арғы оқиғалардың да бір-екі айдың ішінде шешімін тапқаны байқалады. Демек, жырда көрініс беретін уақыт сығымдалған, ал тарихи деректер Тәуекел қайтыс болғанын, Есімнің Қазақ хандығының тағына отырған уақыты — 1598 жыл екенін, ал Тұрсын ханның 1627 жылы өлгенін айғақтайды. Ендеше, Қазақ Ордасы тарихының жиырма тоғыз жылы жырда екі жылға сыйыстырыла баяндалған. Міне, бұл — фольклорда эпикалық уақыт ерекшелігін көрсететін поэтика заңдылығы.

Сонымен, жеті мың жолдан тұратын көлемді де күрделі эпикалық туынды нақты тарихи шындықтың ізімен дереу туған дүние емес, ол небәрі ауызша тарихнама үлгілерінің бірі. Сол себепті, оны шынайы тарихи баламасы ретінде қабылдауға болмайды. Өзге де көркем шығармадағылардағыдай, бұл жырда да тарихи шындық пен поэтикалық қоспалар тығыз астасып жатыр, яғни тарихи шындық эпостың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлеріне бағындырыла баяндалған. Мұның

дәлелі ретінде Шыңғыс ханның ғайыптан пайда болуы, болашақ ұлы билеушіге лайық балалық шағын, керемет жағдайларда билікке қол жеткізуі; Тәуекелдің перзентсіздіктің зарын тартып қиналып, тарыққан сәтте Есімді Құдайдан сұрап алуы; жырдағы кейіпкердің өз тілегі бойынша ғайып болуы; бір қаһарманның сандаған жауларды жалғыз өзі қыруы; бейнеленген қарулы қақтығыстардың шешуші сәтте бас кейіпкердің бір өзі көптеген жауды өлтіру арқылы көрсеткен қайрат-жігеріне тәуелді болып отыруы, жырдың жағымды кейіпкерлерінің мінсіздендіріле, керісінше, жағымсыз кейіпкерлердің мінез-құлықтарын боямалай бейнеленуі, эпос поэтикасына тән әсірелеу, шендестіру, тағы да сол сияқты тәсілдердің молдығын айтуға болады.

Қазанқап Байболұлы жеткізген «Еңсегей бойлы ер Есім» жырында оқиғалар көркем, шұрайлы тілмен баяндалған. Туындының мәтінінде кездесетін аздаған араб, парсы, көне түркі сөздері жинақтың қосымшасындағы сөздікке енгізілді. Жырдың толық мәтіні Орталық ғылыми кітапхананың сирек қорындағы түпнұсқа (513-бума) бойынша өзгеріссіз дайындалды.

## ЕСІМ ХАН

«Есім хан» жыры Қытай Халық Республикасында шығатын «Шалғын» журналының 1987 жылғы үшінші санында жарияланды. Соңында берілген түсінікте: «Айтып берген — Боранбай Ләмжанұлы. Жазып алған — Оразбек Қанапин», — деген мәлімет келтірілген. Өзге нұсқалары кездеспейді.

Жырда аталған кейіпкерлердің Есім ханнан өзгелерін тарихта анық болды деуге негіз боларлық деректер кездеспейді. Жыроқиғаларының болған жерлерінің «Қамыстақ», «Жидекті» деген топонимикалық атаулары да Қазақстанның кез келген түкпірінен табылуы мүмкін болғандықтан, бұл шығармада нақтылы қай уақытта болған оқиға бейнеленгенін тап басып айту мүмкін емес.

Дегенмен, Есім ханның жырда бейнеленгендей, қалмақтардың басқыншылығына әлденеше рет ойсырата тойтарыс беріп, оларға өзінің үстемдігін мойындатқаны — тарихи шындық. Мысалы, В.А.Моисеев XVII ғасырдың екінші онжылдығының



ортасына қарай қазақ пен қырғыздың кейбір билеушілері ойрат феодалдарына тәуелді болып, ал сол ғасырдың екінші онжылдығының соңына қарай Есім ханның ойраттарды бірнеше рет ойсырата жеңіп, оларды бітім жасауға мәжбүр еткені туралы жазған.

Қазақ халқының жоңғарларға қарсы үш ғасырға созылған күресінің тарихында жаудың Алтай тауының арғы бетіндегі ата мекенінен келіп, қазақ қолынан жеңіліс тапқан кездерінде әрдайым сол тауды паналап отырғаны да шындық.

Қазақтардың тегеуірінімен жоңғарлардың Маңыраққа қарай шегінуі Есім ханнан кейін де әлденеше рет қайталанғанын Үмбетей жыраудың Бөгенбайды жоқтап шығарған әйгілі толғауындағы:

«Қозы Маңырақ, Қой Маңырақ  
Арасы толған көп қалмақ.  
Одан да жауды қашырдың,  
Алтай таудан асырдың», —

деген тармақтар да айқын аңғартады.

Томға ұсынылған «Есім хан» жырының мәтіні 1987 жылы «Шалғын» журналында жарияланған нұсқаның негізінде дайындалды.

## ОЛЖАШ БАТЫР

«Олжаш батыр» жырын жеткізуші — белгілі жырау Жақсылық Төлепов. Тапсырушы — Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты 1949 жылы ұйымдастырған Гурьев экспедициясының мүшесі Аралбаев Жұбаныш. Бір ғана нұсқада жеткен туынды бұрын еш жерде жарияланбаған. Оның қолжазбасы Орталық ғылыми кітапхана сирек қорының 560-бумасында сақтаулы.

Жырдың бас кейіпкері Олжаш батыр туралы дерек өте сирек кездеседі. Жырдағы:

Шығайұлы Есім ханның заманында,  
Ғасырдың он алтыншы бас кезінде  
Олжаш шықты аттанып, туын байлап, —

деген жолдар Есім хан мен Олжаштың ортақ жауы ретінде қалмақтың ханы Қатағанның бейнеленуі бұл туындыға Есім және Тұрсын хан арасындағы қақтығыс орын алған 1627 жыл оқиғалары арқау болған деген қорытынды жасауға болады. Мұндай тұжырым жасауға негіз беретін дәлелдің бірі — «Олжаш батыр» жырында да жеңілген хан қыздарының үлеске салынуы тарихының баяндалуы. Мұндай жағдай «Еңсегей бойлы ер Есім» жырында да бар. Онда Тұрсын ханның әйелі өзінің Айбике, Нұрбике, Қоңырбике деген қыздарына Тобықты елін өздері іздеп тауып, қазақтың игі жақсыларын таңдап тию жөнінде тапсырма бергені және қыздарының сол кеңесті бұлжытпай жүзеге асырғаны айтылады. Ал «Олжаш батыр» жырында Олжаш Қатаған ханның Оразбике, Айбике, Нұрбике, Қызданбике, Қоңырбике атты бес қызын өзіне қарасты елдің қандай кісілері алуы керек екендігін шешкені сөз болады. Жалпы, Тұрсын хан қыздарының әкесі өлгеннен кейінгі тағдыры Шәкәрім қажының шежіресінде, Қабанбай батырдың және Жанбике руының шежірелік аңыздарында әңгімеленеді. Сондай-ақ Шақшақ Жәнібек батыр туралы жырда және М.Тынышбаевтың зерттеу еңбегінде келтірілген Арғынның Қаракесек руының шежіресінде Қатаған ханның қыздарына қазақ батырларының үйленгені баяндалады.

Халық арасында біршама уақыт ауызша айтылып барып, қағазға түскен бұл дереккөздерінде «Тұрсын хан», «Қатаған хан» деп аталған билеушілердің бір кісі екені екеуінің қыздарының аттарынан (Айбике, Нұрбике, Қоңырбике), «Олжаш батыр» жырында Қатағанның Есім хан бастаған елге шабуыл жасаған оқиғасынан айқын аңғарылады. Соған қарағанда, қазақ халық әдебиетінің бірқатар үлгілерінде Тұрсын хан қарамағында болған қазақ руының атауы оның есіміне айналып кеткені аңғарылады.

Қосымша деректер болмағандықтан, Олжаш батырдың нақты қай уақытта өмір сүргенін дәл басып айту қиын. Ал Шығайұлы Есім хан жырда көрсетілгендей XVI ғасырдың бас кезінде емес, екінші жартысы мен XVII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген. Есім ханның нақты қай жылы туғаны туралы нақты мәлімет болмағанмен, таба алмасақ та, оның Қазақ Ордасының тағына 1598 жылы отырғаны белгілі. Осыған қарап, Олжашты да XVII ғасырда өмір сүрген тарихи тұлғалар

санатына қосуға болар еді. Бірақ бұған жырда кездесетін өзге де анахронизмдер Олжаштың өмір сүрген дәуірі эпоста дәл көрсетілген деуге мүмкіндік бермейді. Мәселен, анахронизмнің мына үлгісін алайық:

Қара би Майқы ұлы — ақылшысы,  
Ойшылы — Асан қайғы отағасы.

Майқы биді түркі тектес халықтардың бірқатары өздерінің арғы атасы деп есептейтіні, «Түгел сөздің түбі бір, Түп атасы — Майқы би» деген қанатты сөзді олардың әрқайсысы-ақ айтатыны, кейбір шежірешілер оны Шыңғыс ханның замандасы деп білетіні белгілі. Сондықтан Майқының ұлы Олжаштың ақылшысы болғанына сену қиын. Сол сияқты Асан қайғының өмір сүрген дәуірі басқа. Оның үстіне жырда Асан қайғы мен Олжаштың ұлы Асан бірлесіп, Жиделі Байсынға қоныс аударғаны да айтылады.

Тарихи жырлардың көпшілігінде жиі байқалатын жыршының өз руынан шыққан, немесе өзі жырлап отырған шығарманың бас кейіпкеріне айналған батырды өзге адамдардың бәрінен ықпалды, артық қасиетке ие етіп көрсетуге ұмтылушылығы да — субъективизмнің бір түрі. Осындай субъективизм жырдағы Есім хан мен Олжаштың арақатынасынан да байқалады. Жырда Есім ханның бас кейіпкерден әлдеқайда төмендетіле бейнеленгені Олжаш жоқта елін шапқан жауға өз бетінше ешқандай қарсылық көрсете алмай, оған хабар беріп, шақырумен келген Олжашқа әскер жинап берумен ғана шектеліп, жорыққа қатыспауынан, ханнан қаймықпай Қатаған қыздарын Олжаштың үлестіруінен байқалады. Бұл жерде бас кейіпкерді дәріптеудің ежелден келе жатқан дәстүрлі тәсілі қолданғандығын ұғыну қиын емес. Жалпы, әлем эпосы үлгілерінде бас кейіпкерді әсірелей көрсетудің жиі пайдаланылатын әдісі туындының бас қаһарманын сол елдің билеушісінен басым деңгейінде суреттеу болып табылатынын еске түсіру қажет.

Томға ұсынылған «Олжаш батыр» жырының мәтіні Орталық ғылыми кітапхананың сирек қорында сақталған түпнұсқаның (560-бума, 1-дәптер) негізінде дайындалды.

## СӘТБЕК БАТЫР

«Сәтбек батыр» жыры халық жадында сақталған тарихи жырлардың шындыққа жақыны. Мұндай қорытынды жасауға жырдың өзге эпикалық туындылардан бірқатар елеулі өзгешеліктері негіз болады. Эпикалық жырларда, әдетте, бас кейіпкерді дәріптеу, оны өзгелерден қай жағынан болса да артық, яғни мінсіз етіп бейнелеу мақсаты басты нысанаға айналады. Эпостың ғасырлар бойы қалыптасқан осынау дәстүрі «Сәтбек батыр» жырында бұзылған. Оған бас кейіпкердің бірқатар әлсіздіктері жасырылмай баяндалуы — айғақты дәлел. Ермак бастаған жауыздардың жасаған қанды сойқанын көріп-білген Сәтбектің жаны шығардай болып үрейленуі, тіпті алғашқы сәтте қырғыннан аман қалған жалғыз жақыны болып табылатын қызы Бәтішті тастай қашуға оқталуы, тек кейінірек қана өзін-өзі өзер тоқтатуы, өзге қаһармандық жырлардағыдай, жауымен ашық айқасқа түспей, олардың қапысын тауып, байқаусызда бір-бірлеп өлтіруі, Ермактың жалғыз қолына әлі келмей, дәрменсіз күйге түскен сәтте қызын көмекке шақырып, оған итті босатуды тапсыруы, сөйтіп барып, жанын аман сақтап қалуы да — айтылған пікірге толық дәлел.

«Сәтбек батыр» жырында халық эпосының өзге нұсқаларында кездесетін поэтикалық қоспалар: бас кейіпкерді әсірелей бейнелеу, оқиғаларды халық мұратына сәйкестендіре әрлей баяндау, суреттеу және тағы да басқа мінсіздендіру тәсілдері, көркемдік қиялдың нәтижелері, тағы сол сияқтылар байқалмауы шығарманы алғаш тудырушы да, оны сақтаушылар да халық тарихында орын алған елеулі оқиғаны келер ұрпаққа ешқандай қоспасыз, болған қалпында жеткізуді мақсат етіп қойған деген ойға жетелейді. Соның нәтижесінде шығарма көркемдік жағынан ойсырағанымен, танымдық-мағлұматтық жағынан ұтқан.

Томға ұсынылған жырдың мәтіні Ақылбек Сабалұлы 1909, 1911 жылдары Қазан қаласында жариялаған кітаптардың негізінде дайындалды.

## ОРАҚТЫ БАТЫР

«Орақты батыр» жырын орындаушы — Қалқа Жапсарбаев, жинаушысы — Қапез Елікбаев. Туынды толық аяқталған, ӘӨИ-дің Қолжазба қорында сақтаулы (237-бума, 3-дәптерде, қазіргі әріппен жазылған). Жыр «Орақты батыр» деген атпен жеке кітап болып (Талдықорған, 1995) басылды, алғы сөзін жазған — зерттеуші О.Исмайылов.

Жырда баяндалатын оқиғалардың болған уақытын Қалқа Жапсарбаев: «он төртінші ғасырда» деп көрсетеді. Дегенмен бұл жырға жалпы фольклор туындыларында, оның ішінде эпос үлгілерінде жиі байқалатын көпқабаттылық (полистадиальность) құбылысы тән екенін айту қажет.

Бір ескеретін жайт — жырда Орақтының жалмауызды өлтіруге қолданған тәсілі хикаялардағы батырлардың жезтырнақты жою үшін пайдаланған амалына ұқсайды. Егер хикаяларда батыр жезтырнақты алдаусырату үшін бөренені ұйықтап жатқан адамға ұқсатып бүркеп қойса, Орақты батыр Андабай ұстаға тапсырма беріп, ағаштан екі қызбен, екі жігіттің, бір бәйбішенің мүсінін жасатады. Ұста бұл мүсіндерді тірі адамнан ешқандай айырмасы жоқ түрде безендіріп, киіндіріп, оларды үйдің ішіне отырғызып қояды. Соларды жеу үшін келген жалмауызды Орақты атып өлтіреді.

Адамның жезтырнақпен кездесуі туралы сюжет өте ескі болса да, оны көркем фольклорда пайдалану — белгілі әдіс. Хикаяларды айтпағанның өзінде, мәселен, «Өтеген батыр» жырында бұл сюжет өте әдемі баяндалған.

Ал енді жырдың тарихқа қатысын сөз ететін болсақ, мұнда тарихтан біршама алшақтық бар екенін байқаймыз. Жыршының айтуынша, «Орақты батыр» оқиғасы XVI ғасырда болған, демек, Орақты батырдың өзі де сол шақта өмір сүрген болып саналады. Жырдағы шындық — Жалайыр руының Сырдарияны, Шу бойын мекендегені. Бұл туралы М.Тынышбаев: «Жалайыр ордасы Темірдің өрлеуінің бас кезінде оған қолдау көрсетті, бірақ 1370 жылы ол оның қарсыластары — Дулаттар жаққа өтті, сол үшін оларды Темір талқандады және ыдыратты... Біздің Жалайырларымыздың негізгі бөлігін Шуманақтар құрайды, оларға 1370 жылы Сырманақтардың босқындары

келіп қосылды», — деп жазады (Тынышбаев М. История казахского народа. — Алматы, 1998. — С.71).

Ал жырдың бас кейіпкері Орақты батыр жырда Ескелді, Балпық билерден жас болып бейнеленеді. Алайда зерттеуші О.Исмаиловтың айтуынша, Орақты XV ғасырда туған сияқты: «Демограф ғалымдардың есебі бойынша, әр ғасырда үш ұрпақ өмір сүреді. Демек, он жеті ұрпақ алты ғасырға аздап толмайтын мөлшерге келеді. Екінші сөзбен айтқанда, қазіргі 1998 жылдан алты жүзге шамалы ғана толмайтын 578 жылды алып тастайтын болсақ, 1420 жыл шығады. Шамамен алғанда, бұл — Әлшағырұлы Орақты батырдың туған мерзімі. Демек, Орақты батырдың бұдан алты ғасыр бұрынырақ өмірге келгендігі шындыққа саяды» (Әлем тарихындағы Жалайырлар. — Алматы, 1999. — 323-б.). Мұндай ойды жыршы да айтады:

Орақты жайын айтайын:  
Тұрлықожа баласы.  
Орақтың тапқан қонысы —  
Қаратал, Көксу жағасы.  
Өткеніне олардың  
Бес-алты ғасыр шамасы.

Жырда Орақтының ақылшы ағалары ретінде бейнеленетін Ескелді мен Балпық — Жалайыр руының XVIII ғасырдағы қазақ-жоңғары соғысының қаһармандары әрі көсемдері. Ал жыр кейіпкерлерінің бірі — Андабай ұста да сол екі бидің замандасы. Демек, бұл туындыда Жалайыр руының қазақ жерін мекендеген дәуірінің әртүрлі уақыттарында орын алған қонысқа орналасу, атамекенді басқыншылардан қорғау оқиғалары фольклордағы тарихи тұтастану мен эпикалық жинақтау тәсілі арқылы топтастырылып, Орақтының, Ескелдінің және Балпықтың саяси күрестерімен байланыстырыла баяндалған.

Жырға ел аузында сақталып келген аңыз әңгіме негіз болғанын жыршының өзі туынды соңындағы:

Осылай деп айтатын  
Халқымыздың білгені.  
Ел аузында айтылып,  
Ертегі болып жүргені, —  
деген жолдар арқылы сездірген.

Деректерге қарағанда, Қалқа ақын жырға арқау болған оқиғалар туралы әңгімелерді кезінде өзінің ұстазы Жолбарысұлы Бақтыбайдан естіген сияқты.

Классикалық қаһармандық эпос үлгілерінде бас кейіпкердің қарсыластары қалмақ, қызылбас, ындыс, т.с.с. тарихи жаулар болып табылатыны белгілі. Ал тарихи жырлардың бірқатарында кейіпкерлердің әртүрлі құбыжықтармен арпалысуы да бейнеленген. Мәселен, «Бердіқожа батыр», «Өтеген батыр» жырларында бас кейіпкерлердің қарсыластары адам ғана болмай, айдаһар, жезтырнақ секілді мифологиялық кейіпкер болып келеді.

Осындай үрдіс «Орақты батыр» жырынан да байқауға болады. Оған жоғарыда тоқталған Орақтының жалмауыздарды өлтіруі айғақ болады. Сонымен қатар жырда Орақтының айдаһарды және Қожа Ахмет Яссауидың қарғысына ұшырап, адамнан құбыжыққа айналған, бас жағы адам, бөксе жағы ит кейпіндегі Ақкөбік және Қаракөбік атты жалмауыздарды өлтіргені де суреттеледі. Бұның сыры — сыртқы шапқыншылықтардың салдарынан ел тәуелсіздігі ең бір көкейкесті мәселе болып тұрған уақытта, ел қорғаған батырлардың ерліктері туралы жырлар халықтың рухани сұранысқа ие болғандығында. Ал бертініректе, бейбітшілік орнаған заманда көпшілік эпос үлгілерін тек ғибраттық, танымдық қажетін ғана өтеу үшін емес, көңіл көтеру үшін де тыңдайтын кезде жыршылар да осыны ескеріп, өздері орындайтын туындыларға сейілдік мақсатта қиял-ғажайып оқиғаларды қосуға бейім тұратыны байқалады.

Қазақ эпосы үлгілерінен жиі байқалатын құбылыстардың бірі — қазақ халқы және онымен туысқандық немесе тату көршілік қарым-қатынаста болған халықтардың арасында болған ірілі-ұсақты жанжалдарды қалмақтармен болған әскери қақтығыс етіп көрсету. «Орақты батыр» жырында да бас қаһарманның Дүнген деген қалмақтың ханы мен оның қалың әскерін жалғыз өзі тойтарып, ойсырата жеңгені бейнеленеді.

Томға енген мәтін М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорындағы (237-бума) түпнұсқаның негізінде дайындалды.

## МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

*Аппақ қожа* (лақап аты — «Ғидаятулла») — XVII ғасырда Шығыс Түркістанда өмір сүрген қожа, ишандардың ірі өкілдерінің бірі. Аса күрделі тарихи тұлға. Ата-бабалары «қылыш қожалар» әулетінен тарайды. Өз әкесі Мұхаммед Юсуф деген адам — Орта Азияда өмір сүріп, ислам әлемінде «Ағзам» деген дәрежеге жеткен ғұлама Махтұм Ағзамның ұрпағы. Мұхаммед Юсуфтің өзі де оқымысты, сопылық жолын ұстаған адам.

Аппақ қожа 1626 жылы Шығыс Түркістанның Құмыл деген жерінде дүниеге келіп, 1694 жылы 68 жасында Қашқарияда дүниеден өтеді. Ол 1630-40 жылдары әкесінен сопылықты үйреніп, Қашқарияда жұрт таныған сопылық дәрежесіне жетеді. 1644 жылы әкесі өлгеннен кейін оның орнын иелеп, өзін «Пір» деп жариялайды. 1635 жылдан 1677 жылға дейін 42 жыл өмірін Құмыл, Тұрпан, Қарашаһар, Күшар, Ақсу, Қашқар, Жаркент, Үштұрпан, Яңасар, Сыртқол, Бадахшан (Ауғанстан), Кашмир, Касан, Ферғана, Іле, Ражидан (Жамму) сияқты жерлерде мазарларды аралап, имандық, сопылық жолында жүріп, уағыз айтып көптеген мұсылмандарды сопылыққа тартып, мүрит топтаумен (жинау) өткізген. Мазарларға зиярат етіп жүріп олардың ішінен бірнешеуін таңдап алып, қалпына келтіріп жөндетеді. Мысалы, Қашқарда «Хан қожа ордасы», Жаркентте «Алтындарым» (Алтын мазары), Тұрпанда «Асхабул-Қаһаб», Күшарда «Маулана Аршидин Уалиолла», Ақсуда «Құрмыш ата» сияқты мазарларды қайта қалпына келтіріп, бұл орындарды сопылықты уағыздайтын орталықтарға айналдырған.

Аппақ қожа заманында сопылық ағым осылайша таралып, дамып барып, ақырында өз ішінен «Ақ таулық», «Қара таулық»



деген бір-біріне қарама қарсы екі топқа бөлініп кетеді. Аппақ қожа жағындағы қожа-сопылар «ақтаулықтар», Әбейдолла қожа жағындағы сопылар «қаратаулықтар» болады. «Ақтаулықтар» бастарына ақ тақия, «қаратаулықтар» бастарына қара тақия кию арқылы өзгешеленген. Бұл түсті тақиялар олардың топтарының белгісі болып есептелген. Осы белгілер арқылы оңтүстік Тянь-Шань өңіріндегі ұйғырлар, мәселен, Қашқардан бастап Тұрпанға дейінгі жердегілері «ақтаулықтар», Жаркенттен Қотанға дейінгі жерлердегілер «қаратаулықтар» болып екі жаққа бөлінген.

Мұның аяғы қарулы қақтығыстарға дейін апарып, қан төгілген. Осы діни қақтығыстар өз аясынан шығып, сол заманның әлеуметтік, саяси өміріне әсер етіп, билік жолындағы тақталас күресіне ұласқан. Осы күресте өз ықпалының күшін мығым екенін сезінген Аппақ қожа жоңғар ақсүйектерінің көмегіне сүйене отырып, 1678 жылы 165 жылға созылған (1514-1679) Жаркент хандығының соңғы ханы Смайыл ханды тақтан құлатып, оның орнына өзі хан болады.

Аппақ қожа хан тағына отырған соң, өзі ұстанған сопылық ағымды мемлекеттің діні әрі заңы ретінде қолданған. Айналасына 300 мыңдай мүрит топтап, осылар арқылы сопылық жолын күллі ұйғыр халқының арасына және Орта Азия мұсылмандары арасына таратып, орындауды уағыздаған.

Аппақ қожаға 1694 жылы өзінің туыстары у беріп өлтіреді. Ол хан тағында 16 жыл отырды.

*Әліайдар* — Әзірет Әлидің есімі. Оспаннан кейін билік басына келген төртінші әділетті халифа. Хазірет Әли — Мұхаммед пайғамбардың немере інісі әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли — орасан, алып күш иесі. Жаулары Әлидің айғайынан-ақ өліп, талып қалатын болыпты-мыс. Фольклорлық туындыларда оның зұлпықар, қамқам, самсам деген үш қылышы болғаны айтылады. Әлидің есімі көптеген шығыс шығармаларында, оның ішінде діни дастандарда жиі ұшырасады. Әдетте, Хазірет Әли сол дастандардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаһарманы ретінде көрінеді. Дастандарда Әли өткен замандарда атақты Рүстемнің өзі жеңе алмаған жауларды жеңген деп дәріптелген.

Хазірет Әлидің атына «Шаһимардан», «Қайдар», «Арыслан», «Шері», «Мұртаза» сияқты бірнеше балама есімдер тіркесіп отырады. Әлидің астындағы аты Дүлдүл де ауыз әдебиеті үлгілерінде кең тараған ұшқыр, жүйрік, ақылды тұлпардың нышанына айналған.

Әли ұрпақтары мен оның жақтаушылары кейін шииттік ағымның көсемдеріне айналды. Олардың ұрпақтары қазіргі Иран, Ирак және Орта Азияның кейбір аймақтарында өмір сүреді.

**Балпық Дербісәліұлы (1705-1780)** — би, батыр. Әкесі мол дәулетімен атағы шыққан бай, анасының есімі — Ақбалық. Сөз бастаған шешен, қол бастаған батыр ретінде Балпықтың аты Ескелді бимен қатар айтылған, екеуін халық «егізби» деп атаған. Балпық жоңғар шапқыншылығы кезінде өзінің аға достары Ескелді, Қабан жыраумен бірге Іле мен Қаратал арасындағы жалайыр, оған көршілес найман, суан, ысты руларының біраз бөлігін шабуыл өтінен дер кезінде өкетіп, қырылып кетуден сақтады. Хантау мен Қаратаудан әрі асып, Сыр бойында тұрақтаған соң, бірқатар жорықтарды басынан кешірді. Аңырқай шайқасына, Аягөз бойындағы Таскескен мен бүгінгі Текелі қаласы маңындағы соғыстарға қатысқан. Әділ сұлтан ара ағайындығымен жалайыр мен жаныс руларын табыстырған. Балпықтың ұлы Тіленші де беделді би болған. Әкелі-балалы билердің еліне сіңірген қызметі туралы Ш.Уәлиханов жазған, Сүйінбай, Жамбыл, Бақтыбай, Сара Тастамбекқызы т.б. ақындар жыр еткен. Зираты Үштөбе қаласының түбінде.

**Бәйдібек Қарашаұлы (шамамен VI-VII ғасырлар тоғысында өмір сүрген)** — қазақ халқын құраған тайпалардың аумақтық және этникалық тұтастығын қалыптастыру жолында көп еңбек сіңірген тарихи тұлға. Шежіре бойынша, Ұлы жүздің Үйсін бірлестігі құрамындағы албан, суан, дулат, сарыүйсін, шапырашты, ысты, ошақты тайпаларының түп атасы. Бәйдібектің есімі жазба деректерге аз кездескенімен, халық жадында жақсы сақталған. Ол дәулеті шалқыған байлығымен, ұлысты басқарған парасаттылығымен белгілі. Жетісуды, Арыс өзенінің алабын, Ташкент пен Қаратау өлкелерін жайлаған елді басқарған. Мұхаммед Хайдар Дулат (1499-1551) «Тарих-и Рашиди» атты тарихнамасында өзінің он екінші атасы Майқы би (XII-XIII ғасырлар) Шыңғыс ханның орда биі болып, дүйім

елді басқарғанын жазған. Ал осы елге бірінші болып билік жүргізген арғы бабасы Бәйдібек екенін, одан бері қарай «...бұл ел атадан атаға, ғасырдан ғасырға, баладан балаға мирас болып», елдің билігі өзінің аталарына өткеніне байланысты дәлелдер келтірген. Бірақ Бәйдібек бидің әкесі Қараша (шамамен 530-604) жайлы Қытай жылнамасында жазылып, билік жүргізген жылдары нақты көрсетілген. Осы деректер Бәйдібектің VI-VII ғасырларда өмір сүргенін дәлелдейді. Халық жадындағы көп деректер Бәйдібектің жеке өміріне байланысты. Оның үш әйелі болған. Бірінші әйелі Сары бәйбіше Байтоқты атты ұл туып, одан Түргеш (Сарыүйсін) дүниеге келеді. Екінші әйелі Зеріптен туған Жалмамбеттен Шапырашты, Ошақты, Ысты өрбиді. Үшінші әйелі Әулие Домалақ ана деген атпен белгілі Нұриладан Тілеуберді (ел арасында Жарықшақ немесе Жарықбас), одан Албан, Суан, Дулат тараған. Бәйдібек бидің осы немерелері 7-ғасырдан мемлекет басқарып, ел билеп, қазіргі өздері аттас тайпаларды қалыптастырды. Басқыншылармен бір шайқаста Бәйдібектің Сары бәйбішесінен туған алты ұлы қаза тапқан. Шығыс Қаратаудағы Қошқарата өзенінің бойында «Алты Сарыбейіті» деген киелі жер қалған. Бәйдібек сүйегі Балабөген өзенінің жағасында жерленген. 1998 жылы Бәйдібектің Қарахан дәуірі үлгісіндегі бұрынғы кесенесінің орнына Бәйдібек және Қасиетті бес ана тарихи ескерткіш кешені жаңадан салынды. Оңтүстік Қазақстан облысының бұрынғы Алғабас ауданына Бәйдібек есімі берілді.

*Домалақана (Нұрила) (шамамен VI-VII ғ.ғ.)* — тарихи тұлға, халықтық шежіреде Ұлы жүз бірлестігіндегі кейбір рулардың түп анасы, абызы ретінде баяндалады. Аңыздарда Домалақ ана — түркістандық Мақтым Ағзам қожаның немересі. Әкесінің есімі — Әли Сылан, анасының есімі — Нұрбике. Бәйдібек биге тұрмысқа шығып, ақылдылығымен, даналығымен, тазалығымен елге аты шығады. Тағы бір аңыз бойынша, түп тегі түрікпен Қара Хайдар Домалақ ананың даналығына тәнті болып, «Диннат мама» (парс. — Әулие ана) деп атапты-мыс. Уақыт өте келе тілдің дыбыстау заңдылығына орай, өзгерістерге ұшырап, «Домалақ анаға» айналған. Домалақ ана ел арасындағы ушыққан дау, асқынған араздықтың бейбіт шешімін табуға да өз үлесін қосып отырған. Ел билеген азаматтардың өзі кейбір келелі мәселелерді шешерде Домалақ анамен кеңесіп

отырған. Домалақ анадан тараған ұрпақтарының бәрі де біліммен, ақылымен көзге түсіп, ел билеген.

**Ермак Тимофеевич** (*т.ж. белгісіз—1585*) — қазақ-орыс атаманы, Көшімнің Сібір хандығын күйреткен Сібір жорығын басқарушы. Кім екені, ата тегі, фамилиясы белгісіз. Строгановтар Обь пен Ертіс бойындағы өз иеліктерін Сібір хандығынан қорғау үшін 1577 жылы Ермак отрядын шақырған.

Ермак 1579 жылдың маусым айында (1581 жылы болуы да мүмкін) 1650 адаммен жорыққа аттанып, Сібір хандығының орта шеніне жетеді. Тобылдың жағасында Көшім әскерін талқандап, 1582 жылы Сібір хандығының орталығы Қашлықты басып алды. Сібір хандығы құлағанмен, бірақ Көшімнің қолында зор әскери күш сақталып қалды. Ермак отряды Тура, Тавда, Тобыл, Ертіс алқабындағы ханты, мансы, татар, башқұрттарды Россияға қаратты. 1585 жылдың тамызына қараған түнде Ермак 150 жасақшысымен Ертістің Вагаймен қосылар жерінде Көшімнің тұтқиылдан соққан шабуылына ұшырады. Отряды талқандалып, қашпақ болған Ермак Ертіс өзеніне кетіп өлді.

**Ескелді би Жылгелдіұлы** (*1692 ж.ш.—1780*) — би, шешен, қолбасшы, Төле бидің Ұланбике атты қызынан туған жиен немересі. Жалайыр тайпасының Сиыршы руынан шыққан. Ескелді би «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары Тұрлымбет Бекенұлы, Жайнақ, Тәттібай мерген, Малтабар, Құлжан сияқты батырларды өз маңына жинап, жоңғар шапқыншылығына қарсы қанды шайқастарда қаһармандық көрсетті. Кейін Ескелді би бастаған жалайыр қолы Аңырақай шайқасына, Аягөз, Таскескен мен қазіргі Текелі қаласынан әрідегі Жолбарыс сайы, Балдырғанды, Қызқұлаған деген жерлерде өткен шайқастарға қатысып, қазақ жерін жаудан азат етуге елеулі үлес қосты. Халық арасында «Ескелді би айтты» деген ұлағатты сөздер кең таралып, ол жөнінде Қабан жырау, Бақтыбай Жолбарысұлы, Сара Тастамбекқызы т.б. жыр толғаған.

**Есім хан. Еңсегей бойлы ер Есім** (*т. ж. б.—1645*) — Қазақ Ордасының ханы (1598-1645), Шығай сұлтанның ұлы. Қазақ хандығының астанасы Түркістан қаласында тұрып, билік жүргізген. Сұлтан кезінде-ақ ағасы Тәуекел ханмен бірге Түркістаннан Самарқандқа дейінгі жерді Қазақ хандығы құ-

рамына қосқан. 20 мың әскерімен өзі Самарқандта қалып, ағасы Тәуекел 80 мыңдай әскермен Бұхараға аттанды. Бірақ жеңіске жете алмады. 1598 жылы Тәуекел қайтыс болған соң, хан тағына отырды. 1599 жылы Бұхар хандығымен шарт жасасып, Ташкент қаласы мен оның айналасын Қазақ хандығына қосып алды. Осыдан бастап Ташкент екі ғасыр бойы Қазақ хандығы билігінде болды. XVII ғасырдың басында Тәшкентті билеуші Тұрсын мен Есім хандар арасында билік үшін күрес шиеленісе түсті. Тұрсыннан жеңілген Есім хан Шығыс Түркістан билеушісі Абд әр-Рахымның ордасына кетеді. (Кейбір зерттеулерде Есім хан Шығыс Түркістанға Абд әр-Рахым ханның тілегі бойынша барған деп көрсетіледі). Абд әр-Рахым ханның қызы Падшаһ аруға үйленеді. Абд әр-Рахым Есім ханның ағасы (кейбір деректерде інісі) Күшік сұлтанның қызын алады. Бұл кезде Шығыс Түркістан хандығының ішкі саяси жағдайы шиеленісіп, өзара талас-тартыстар күшейген еді. Есім хан Абд әр-Рахым ханмен біріге отырып, Шығыс Түркістандағы көптеген қалаларды қайтадан хан билігіне бағындырады. Сөйтіп, Шығыс Түркістан хандығының Абд әр-Рахым хан төңірегіне топтасуына жәрдемдеседі. Осы тұста билікке таласқан өз ағаларынан қуғын көріп, қашып жүрген Әбілғазы Баһадүр Есім ханды паналап, оның қолында үш айдай тұрады. Шығыс Түркістан хандығына арқа сүйеген Есім хан 1628 жылы Тұрсынды өлтіріп, Қазақ хандығының билігін қайтадан толық өз қолына алып, бір орталыққа бағынған ірі мемлекет құрды. Есім хан ойрат қалмақтарымен күресте ерлік пен батылдықтың өнегесін көрсетіп, «Еңсегей бойлы ер Есім» атанды. Есім ханның қалмақтар мен Тұрсынға қарсы күресінде Қарасай, Алатау, Жалаңтөс, Жарылқамыс, Сүлеймен, Маянбай, Жиёмбет т.б. батырлар ерлігімен көзге түсті. Жиёмбеттің «Уа, Еңсегей бойлы Ер Есім» деп басталатын жыры осы кезеңге туған. Қалмақтарға қарсы күресте Есім хан Батыс Қазақстан жеріндегі ноғайлармен арадағы қарым-қатынасты күшейтті, қазақ-қырғыз ынтымағын орнатуға күш салды. Есім ханға арнап қырғыз жеріндегі Кеңсай шатқалында ескерткіш салынса, ол Тәшкентте қырғыз Көкім биге күмбез орнатқан. Есім хан билігі тұсында Қазақ хандығының әскери қуаты күшейіп, 300-400 мыңға дейін атты әскер топтастыра алған. Ал бұл кезде көршілес үлкен мемлекеттер Иран 50-60 мың, Ресей

70—80 мың, Қытай 100 мыңдай ғана атты әскер шығарған. Есім хан Жетісу жеріндегі Қазақ хандығының ықпалын күшейту мақсатында Шығыс Түркістанмен саяси байланысын жақсартты. Ел билеудегі жол-жобалар мен әдет-ғұрыптар туралы ережелер жинағы — «Есім ханның ескі жолы» қазақ елінде XVII—XIX ғасырлар ортасына дейін сақталып, қызмет етті. Ресей деректерінде Есім ханның тұсында қазақ халқы арасындағы жеті атаға дейін некеге тұрмау тәртібі заңдастырылғаны туралы айтылады. Ол қазақ халқының ата салтының сақталуына ерекше мән беріп, Қазақ Ордасының бірлігін нығайтып, шекарасын кеңейтуге үлкен үлес қосты. Есім хан Түркістанда жерленіп, қабірінің басына кесене орнатылған.

*Жамшит* — ежелгі Иранның есімі аңызға айналған патшасы. Аңыз бойынша, 700 жыл билік еткен Жәмшит шарап ішкен ыдысынан немесе сиқырлы шам арқылы бүкіл дүние тіршілігін көріп отыратын болған.

*Майқы би* (*Байқы, Байки, Байқу т.-ө. ж. б.*) — ежелгі қазақ қоғамында аңызға айналған тарихи тұлға, атақты би, шешен. Әділ билігімен, шешендік сөз өнерімен түркі халықтары арасында кең тараған. Шежірелерде Майқы би деген атпен өмір сүрген бірнеше тұлға кездеседі. Кейбір зерттеушілер оны б.з.б. Үйсін мемлекетінің билеушілерінің бірі деп есептейді. Ол Майқы би Мәнұлы деген атпен б.з.б. 178-89 ж. өмір сүрген және аңыз бойынша би атанған тұңғыш адам. Шежірелерде кездесетін екінші Майқы би Төбейұлы (шамамен 1105-1225) Шыңғысханның замандасы әрі оны хан көтерген 12 бидің ішінде болған. Парсы тарихшысы Рашид әд-Диннің «Жамиғ аттауарих» атты шығармасында (қошындық Байқу деген атпен) Майқы бидің Шыңғысханның ел басқару ісіне көмектесетін оң қолы, ақылшысы, бас биі болғаны, XIII ғасырда Жошы ханның Батысқа жасаған жорығында моңғол әскерінің оң қанатын басқарғаны айтылды. Осы дерек моңғол жылнамасы «Алтын тобчида» да бар. Кейбір халық аңыздарында Майқы би Орманбет би өліп, он сан ноғайлы ел бүлінгенде қазақ ұлысын құрған және қазақтың үш жүзіне таңба үлестіріп берген абыз-би болғандығы айтылады. Жалпы, Майқы би есімі қазақтардың шығу тегі жөніндегі көптеген аңыздарда жиі кездеседі және Дешті Қыпшақта түркі қауымдарының негізін құрушы ретінде ұдайы айтылады. Шежіре деректері бойынша, Ақарыстан (Ұлы

жүздің арғы атасы) Ұзынсақал Ыбырайым, одан Кейкі би, одан Төбе би, одан Қойылдыр, Қоғам, Майқы, Мекре тарайды. Кейбір шежірешілер Майқы биді барша үйсіннің бабасы етіп, Ұлы жүздің шежіресін содан таратады. Халықтың өдет-ғұрып, салтын, жол-жоралғысын заңға айналдырып, қоғамдық қару етуде Майқы бидің алатын орны ерекше. Халық арасында кең тараған «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы — Майқы би» деген мақал бар. Майқы би түркі халықтары әлі бөлінбей тұрған кезде өмір сүрген әрі әділдігімен, шешендігімен аты көп айтылғандықтан жалпытүркілік қайраткер дәрежесіне көтерілген.

*Орақты (XV ғасырда өмір сүрген)* — қол бастаған батыр. Керей және Жәнібек хандарының тұстасы. 1465 жылы шаңырақ көтерген Қазақ хандығының нығаюына үлкен үлес қосқан. Ойрат басқыншыларына қарсы шайқаста ерлік көрсеткен. Тегі Жалайыр руынан шыққан. Халық ақыны Қ.Жапсарбаев «Орақты батыр» атты дастан (1962), жазушы О.Исмаилов повесть жазды. Батыр жерленген шоқы бұрыннан «Орақты төбе» деп аталады.

*Төле би Әлібекұлы (1663-1756)* — дәстүрлі қазақ қоғамының қайраткері, атақты шешен, Ұлы жүздің төбе биі, «Жеті жарғы» заңын шығарушылардың бірі. Төле би — Дулат тайпасының Жаныс руынан. Тоғыз ұлды Құдайберді әулетінен Төлеге дейін бай да, би де шықпаған, олар «қарашоғыр» атанған қара шаруа болған. Төле би — оқыған, сауатты, жастайынан халқының ақындық-шешендік өнерінен тәлім алған адам. Ол 15-20 жасында билікке араласып, әділдігімен, шешендігімен елге танылды. Ол кезде қазақ пен жоңғар хандықтары ұдайы жауласуда еді. Тәуке ханнан кейін Төле би Ұлы жүзді билеп, жоңғар басқыншыларына уақытша тәуелді болып, соның белгісі ретінде алым-салық төлеп тұрған. Төле би Орта жүздің биі Қазыбек Келдібекұлымен, Кіші жүздің биі Әйтеке Бәйбекұлымен бірге өз-Тәукенің басты кеңесшісі болды. Тәукенің Түркістан қаласын орталық етіп, үш жүз ұлыстарын бір орталыққа бағындыруға, сөйтіп, бірегей қазақ хандығын нығайтуға, жоңғар ойрат шапқыншыларына қарсы бауырлас қазақ, қарақалпақ, қырғыз және өзбек халықтарының жауынгерлік одағын құруға бағытталған шараларын жүзеге асыруға қатысады. Ол Ресей мен Ұлы жүз арасындағы қарым-қатынастарды қалыптастыруға және оны нығайтуға көп еңбек сіңірді. Төле би 1749 жылы

Орынбор губернаторы И.И.Неплюевке жиені Айтбай бастаған елшілік жіберді. Неплюев Төле биге жолдаған жауап хатында (1749 ж. 26 қыркүйек) оның Ресейге қосылу ниетін қолдап, екі елдің арасындағы сауда-саттық байланыстарын дамытуға күш салуын өтінген. Ол Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек батырлармен бірыңғай халық майданын құрып, азаттық күресін басқарып, қазақ жерін жоңғар басқыншыларынан азат етуге басшылық етті. Ел аузында Төле би туралы көптеген тарихи аңыздар сақталған. Оның атымен байланысты толып жатқан нақыл, мәтел сөздер, билік кесімдер халық арасында кең тараған. Төле бидің денесі өзі 12 жыл бойы билеген Ташкент қаласына, Бабырдың нағашы атасы Жүніс ханның жанына қойып, үлкен ескерткіш орнатылған. Оңтүстік Қазақстан облысында Төле би есімі берілген аудан бар.



## СӨЗДІК\*

*Адиса (хадиса)* /а/ — оқиға, кездейсоқ болатын құбылыстар

*Азада* /а/ — бос, еркін

*Аркан* /п/ — тіреу, дiңгек

*Аси (гасый)* — күнәкар

*Асы жапы (гаси жапи)* /а/ — күнәкар, қатыгез

*Атас парас (Аташпараст)* /п/ — отқа табыну

*Аумат* — бағы жану, жолы болу

*Әдиса* /а/ — кездейсоқ туылған оқиға

*Әдия (хадия)* /а/ — сый, сыйлық

*Әзіз, газиз* /а/ — құдіретті, қымбатты, даңқты, ұлы

*Әрдәм* /п/ — әр қилы, жан-жаққа, әр жаққа, сан саққа

*Әрдәм қиял* — қиялдану, ойға кету, әртүрлі ойларға шому

*Бадалы* /а/ — бодауы, қайырымы, орнын толтыру, баспа-бас айырбастау

*Бадарына* — төңірегіне, маңайына

*Баж* /п/ — салық, аламан-салық

*Бажын* — төлем алу

*Базыға* — кейбіреуіне

*Байтақ* /п/ — пайтақ, орталық, астана

*Бандіңкен* — ұстаудан

*Бант (Банд)* /п/ — байланыс, дәнекер

*Башарат* /а/ — адам, адамзат

*Башырат* /а/ — хош хабар

*Бәдалі* — беделі, абыройы

---

\* Басқа тілдерден енген сөздердің бірнеше мағынасы болуы мүмкін, сондықтан мәтін мазмұнына байланысты беріп тұрған мағынасын ғана сөз етеміз

- Бәшәрт* — жәрдем, жақсылық жасау  
*Бей абсир* — абыройсыз, әбүйірсіз  
*Бей сарамжал* /п/ — бейғам, қамсыз  
*Бузрук* — үлкен, ұлы адамдар  
*Бұқтырма* — стратегиялық жер  
*Бір пасаң* — бір шақырым  
*Гүләні* — өз заманында онда қару-жарақтың даңқы шыққан  
*Ғазат* /а/ — қасиетті  
*Ғазат* — соғыс, қасиетті соғыс  
*Ғар* /п/ — үңгір  
*Ғибадат* /а/ — табыну, бас ұру, құлшылық ету  
*Дарамат, дарамат* /п/ — пайда, табыс, кіріс  
*Дас беру* — төтеп беру  
*Дауамат* /а/ — жалғасы, үздіксіз, дайым  
*Диқат* /а/ — көңіл аулау, назар салу, көңіл бөлу  
*Дүрри гауһар* — дүр гауһар, гауһар шашты  
*Диқат* — көңіл бөлу, абайлау, назар салу  
*Жаби (жафи)* — қатыгез, мейірімсіз  
*Жаллат* /а/ — жендет, баскесер  
*Жам* /п/ — ыдыс, тостаған (шарбат ішетін)  
*Жамал* /а/ — көрік, дидар, келбет, сұлулық  
*Жамғарып* — жинау, басқару мағынасында  
*Жамдады* — жинақтады, орнына келтірді  
*Жамдарың* — бәрің, барлығың  
*Жамына* — есіне, жадына  
*Жанабыңа* — құрметіңе деген мағынада  
*Жанат көлем* — сәуле берем  
*Жасад* /а/ — өлі дене, сүйек, мәйіт  
*Жәседің* /а/ — мәйіт, өлік  
*Жеті ықылым* /п/ — жеті қат әлем  
*Жомшы* — Сартоқты  
*Жорғауында* — маңайында, төңірегінде  
*Жүсі деп* — пәле деген мағынада  
*Зайыр* — тегінде, әсілінде, түбінде  
*Зақымет* — зақым, зиян  
*Зарпы* — зары  
*Заһар* — у, улы зат  
*Зина* /а/ — нәсіпқұмарлық, жыныстық қатынас  
*Зина қып* — нәсіпқұмарлыққа салыну

*Зілінде* — негізінен, түбінде

*Има* /а/ — ишара, тұспал, ым, ымдау

*Испаһанлы қылыш* — Исфахан Ирандағы қаланың аты. Өз заманында ол қалада жасалған қару-жарақтардың даңқы шыққан. «Испаһанлы қылыш» Исфаханда жасалған болат қылыш деген сөз.

*Кадран* /п/ — құрметті, сыйлы

*Карам* — қасиетті

*Кауір* — көпір, дінсіз мағынасында

*Келме айтып* — кәлима айтып, иман келтіру деген мағынада

*Керік* — зарапа (жираф)

*Көксіме* — көкірегім деген мағынада

*Күсәмет* — араздық

*Қабағат* — шұғыл, зәру, өте тығыз, істер

*Қабақат* — қабағат, шұғыл

*Қайыл (хайыл)* — мойындау, көну

*Қайыл боп* /а/ — мойындау, тану, мойын ұсыну

*Қалендер* — бағынып, бағынышты, кезбе, деруіш, қайыршы

*Қараж (хараж)* — шығу, сыртқа шығу

*Қарап, хараб* /а/ — білдіру, қирату, бұзу

*Қилан* — төлеуші

*Қопал* — епсіз, ебедейсіз

*Қорымал* — қормал, ие болу, тірек болу

*Қошан* — қосын, жасақ

*Құрбасы, құрбашы* — мансап аты, топ басы, қолбасы мағынасында

*Құрсан боп (хурсанд)* /п/ — көңілді, қуанышты

*Құрсандықпен, хурсанд* — ризалық сезіммен

*Құшнаш* — бақсы-балгер, емші

*Қыраж, хираж* /а/ — сырты, сыртқы

*Лат* /а. п./ — исламға дейін Қағбада тұрған буттақ аты; тақыр, кедей, аш-жалаңаш

*Лат-Манат* — қалмақтардың табынатын иесі, құдайы

*Мабада* — алда-жалда, егерде, кей кезде

*Малайк* /а/ — періштелер

*Маламат* /а/ — айыптау, кінәлау, сөгу, мін тағу, ұрысу

*Манжур* — халықтың аты (манжурлар)

*Манзур* — мақұл болу, мақұлдау

*Мустажаб* /а/ — мұсылмандық шарттың бір түрі; қабылданған, бекітілген деген мағынада

*Мустынсап дұға* — дуагөй, әулие

*Мұдам* — ой, арман, мақсат

*Мұстажан дұға* — дұғагөй, әулие

*Мұкамбал, мұкам мал* /а/ — кемелденген, жетілген, үлкен

*Мұкам малын* — жиһаздар, мүліктер

*Мінәсар, миасар* /а/ — қолы жету

*Нағыра* /а/ — айғайлау, бақыру, өкіріп жылау

*Най үміт* — үмітсіз, күдер үзу

*Найыб* /а/ — орынбасар, екінші адам

*Наланы* — қайғыны, зарды

*Нам* /п/ — аты, аталуы, есімі

*Нама* /п/ — хат, арнау, шығарма

*Насыраны жойт* — ислам дініне сенбейтін қауым

*Наһан* /п/ — дәу, үлкен, ірі, алып

*Наһлнсіген* — күпсінген

*Нәмі* — аты

*Өтен* — отан мағынасында

*Пада* /п/ — табын, мал (ірі қара) табыны

*Пайлады* — байқады, сезді, білді, аңғарды

*Пайтахт* /п/ — астана, орталық

*Пал қылып* — ойлау, бал ашу, қиялдану

*Памдат, бамдат* — ақшам намазы

*Панайында* — панасында, паналау мағынасында

*Парсаң* /п/ — қашықтық өлшемі, шақырым

*Пасейер* — соңында, аяғында

*Пәнт, панд* /п/ — ақыл, кеңес, өсиет, уағыз

*Пәс етем* — төмендетем

*Пәйті* /п/ — орайы, ыңғайы

*Пешене* — маңдай

*Пешенеден* — маңдайдан

*Рауа* /п/ — арманына жету, қажеті орындалу

*Рауаж* /а/ — дамыды, өсті, таралу, өсу, кеңею

*Рауға* — қолайлы

*Рәббім* /а/ — жаратушы ием

*Реңдер* — жақсылар, ұлы адамдар деген мағынада

*Сағымнан пайда болған* — ескі уақыттан қалған халық аңызында Шыңғыс хан сағымнан тумай, күннің нұрынан жарал-

ды. Қария сөздің айтуынша, Аланқуа ерсіз күнмен шағылысып одан Шыңғыс туады.

*Садда* /п/ — қарапайым, аңқау, жабық, бөгет, тоспа, қабырға

*Сам* — самиттер

*Сана* /а/ — жыл

*Сарамжалап* — айырып, талдап

*Саргерделер* — сардарлар, әскер басы

*Сарнай* — шапан жауып, тон кигізу

*Сәп* — назар аудару

*Сүбісадық (субухсадық)* /а/ — таң, таң шапағы, рауан

*Сүдігер* — жыртылған жер

*Сүйір халқы* — Сирия халқы

*Табым бар* — көңіл күйі жақсы деген мағынада

*Тағын* — тағы да

*Тақсымы* /а/ — бөлісі, үлесі

*Тас үй* — қыш үй

*Тасыманда* — тастақ жерде

*Тәсір қылды* — әсер берді, әсер етті

*Тәсіс қып* /а/ — құру, жасау

*Тұғыл* — тұқыл, түбір

*Тұтасы* — жағасы

*Тылсымат* /а/ — тылсым, сыр, құпия

*Тіллә* /п/ — ділда, алтын ақша, алтын

*Уажіб* /а/ — міндет

*Үзірі (хұзыр)* — құзыр, құзырында болу, алдында болу, қабылдауында болу

*Үстіні* /п/ — тіреу, діңгек

*Хам* /п/ — шикі, піспеген

*Хараб қып* /а/ — ойрандау, жою, бүлдіру

*Харам* — арам, тыйым салынған

*Шамғарып* /а/ — екі сөзден құралған. Шам — Дамаск, ғарып — батыс

*Шәнінен* — атақ-абыройы

*Ширьндік* — әдеппен жұмсақтықпен

*Шоры* — күң мағынасында

*Шумалдай* /а/ — құмырсақдай, құмырсақ сияқты

*Шымал, шимал* /а/ — солтүстік

## ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

**Ақсу** — Оңтүстік Қазақстан облысының Төле би, Сайрам аудандары жерімен ағып өтетін өзен. Сырдария өзенінің алабындағы Арыс өзенінің сол жақ саласы. Талас Алатауының солтүстік беткейіндегі Мұздықтан бастау алады. Жоғарғы ағысында аңғары тар шатқалды, тік жарлы, бұралаң келеді. Негізінен мұздықтар мен қар суымен толығады. Суы бау-бақша, егістік суаруға пайдаланылады. Өзеннің жоғарғы ағысында Ақсу-Жабағылы қорығы орналасқан. Алабында ежелгі Сайрам (Исфиджаб) қаласының орны бар.

**Алтай** — Оңтүстік Батыс Сібір, Монғолия, Қазақстан аумағындағы тау жүйелері. Оның оңтүстік және орталық бөлігінде орналасқан Сарымсақты, Табын-боғда, Қатын және Шу Альпісі оңтүстік пен солтүстікке қарай созылып жатыр. Мәңгілік қар жамылып жатқан шыңдарының кейбірі (Болула шыңы) 4550 м биіктікте орналасқан. Алтай тауларынан Обь, Ертіс, Қобда өзендерінің салалары бастау алады.

**Ауғанстан** — Орта Азия жазығы мен Үндістанның ұлы өзендері аралығындағы созылып жатқан мұсылман мемлекеті.

**Әулиеата** — ежелгі Тараздың орнына XVIII ғасырда салынған қала. 1864 жылға дейін қоқандықтар қоластында болды. 1938 жылы Жамбыл есімі беріліп, 1997 жылы көне атауын қайта иеленді.

**Бабата** — орта ғасырлардан сақталған қала жұрты. Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Бабата ауылының маңында. Бабата — Түркістан мен Сайрамнан кейінгі орында әулие бабтардың Қыпшақ даласына ислам дінін таратуында үлкен орталық болған кенттердің бірі. Кентті діни орталыққа айналдырған адам — Ысқақ баб. Ол кісіні халық «Баб ата» деп, кентті

де соның есімімен атап кеткен. Бабата кенті ғылыми әдебиетте көптен белгілі, орта ғасырлардағы жазбаларда жиі кездесіп отырады. Ғылыми әдебиеттерде Баб ата X ғасырдағы жазба деректерде кездесетін Баладж қаласының орны деген пікір де бар. Қазан төңкерісіне дейін осы маңдағы қыстақта Баб Ата медресесі жұмыс істеген. Медресе ғимараты күні бүгінге дейін сақталған. Баб Ата күмбезі де осында.

**Балдыбірек** — Тянь-Шаньның Қаратау сілемі. Бадам-Сайрам өңіріндегі Ақсу-Жабағылы қорығындағы кішкене өзендердің бірі.

**Бел** — Алатау мен Қазықұрт тауларының ұштасқан тұсындағы үстірттің аты. Келес өзені Алатаудан бастау алып, осы Бел жазығы арқылы өтеді.

**Бұхара** — Амудария мен Сырдария өзендерінің аралығында ежелгі Түркі халықтарының өзбек тармағы құрған хандық. Ол 1920 жылға дейін жеке өмір сүріп, 1924 жылы территориясы Өзбекстан, Түрікменстан, Үндістан Республикасының құрамына енген. Бұхараның бір бөлігі Пянди өзені бассейніндегі (Амударияның басқа ағысы) таулы өңірімен, екінші жағы Қашқадария, Зарапшан мен Амударияның төменгі ағысында (Қызылқұм, Ұртаушул т.б.) құмды даламен ұштасып, шестесіп жатады. Негізгі тұрғындары өзбек, тәжік, түрікмен және қазақ халықтарынан құралған.

**Еділ (Волга)** — Ресей мемлекетіндегі, жалпы Еуропадағы ең ірі өзен. Тверь облысының жерінен бастау алып, Каспий теңізіне келіп құяды. Жалпы ұзындығы 3587 шақырым болса, Еділ бассейніне қосылатын өзендер мен көлдердің ауқымы 78558 шақырымды құрайды.

**Жайық** — Оралдың оңтүстігін, яғни Батыс Қазақстан облысын басып өтіп, Атырау арқылы Каспий теңізіне құятын арналы өзен. Башқұрт Республикасы, Ресейдің Челябині, Орынбор облыстарын да қамтиды. Бастауын Орал тауынан алады.

**Жаркент** — Алматы облысы, Панфилов ауданның әкімшілік орталығы. Алматы қаласының оңтүстік шығысына қарай 300 шақырымдай қашықтықта орналасқан бұл қаланың тарихы әлемге көне замандардан бері танылған.

**Келес** — Сырдария алабындағы өзен. Қазығұрт, Сарыағаш аудандары арқылы ағып өтеді. Қаржантаудың батыс беткейі мен Қазығұрт тауынан бастау алып, Шардара бөгеніне құяды.

Тарихшылардың дәлелдеуінше, Келес даласы б.з. бұрынғы Сақ тайпаларының ата қонысы. Түркі-монғол тілдерінде «кесірткелі», «Кесірткелі өзен» мәніндегі атау.

**Қазығұрт тауы** — Талас Алатауының оңтүстік-батыс сілеміндегі аласа келген жота. Шымкент қаласынан оңтүстікке қарай 35 шақырымдай қашықтықта орналасқан. Ежелгі аңызда дүниені топан су басқанда, Нұқ пайғамбар кемесі Арабияның Жуда тауында, X ғасырдағы аңызда Арарат тауына тоқтаған делінеді. Қазақ (түркі) аңызы бойынша, топан су қаптағанда Нұқ пайғамбар («Топан су» мифінің көне нұсқасында Нұқ пайғамбардың есімінің орнында «Йвшқар-ата» («Жылаған-ата», «Жылауық ата» деген кісі есімі де қолданылады) кемесі Қазығұрт тауының шыңында тұрып қалған. Сөйтіп, топан су қайтқан соң, адамзаттың жаңа ұрпағының тіршілігі сыртқы бітімі кемеге ұқсас Қазығұрт тауынан басталған. Кейін ислам дінінің таралуына байланысты Нұқ пайғамбар туралы аңызбен ұштасып, ежелгі мифтің жаңа нұсқасы пайда болған.

**Қарадария** — Қазақстанның оңтүстігіндегі өзен аты. Түрік-иран тілдерінде «Қара өзен» мәніндегі атау.

**Қаратал** — Алматы облысының Ескелді, Көксу, Қаратал аудандары жерімен ағып өтетін өзен. Балқаш-Алакөл алқабындағы суының молдығы және арнасының үлкендігі жағынан Іледен кейінгі орында. Қаратал Жетісу (Жоңғар) Алатауындағы мұздықтардан басталып, Балқаш көліне құяды.

**Қарамұрт** — Сайрам ауданындағы ауыл, ауылдық округ орталығы. Ақсу ауданынан оңтүстік-шығысқа қарай 32 шақырым жерде, Қызылсу мен Ақсу өзендері аралығында орналасқан.

**Қасқасу** — Оңтүстік Қазақстандағы кішігірім өзен. Мұндай өзен атаулары Қазақстан территориясында көптеп кездеседі.

**Мәнжүр** — шығыс Азиядағы Қытай елінің бір бөлігі. Солтүстігімен шығысында Ресеймен (Амусури өзендері бойымен), Жапониямен (Кореямен), батыс жағында Монғолиямен, оңтүстігі Сары теңізбен шектесіп жатыр.

**Мырзашөл** — Сырдарияның жоғарғы ағысының сол жағын алып жатқан құмды шөл. Солтүстік жағы Оңтүстік Қазақстан облысының жеріне кіреді.

**Омск** (қазақша — Омбы) — Орталық Сібір өлкесіндегі Омь өзенінің Ертіске құйылатын тұсында орналасқан Ресейдің



Омбы облысының орталығы. Омбы облысы Қазақстан солтүстігінің көп жерімен шектеседі.

**Сайрам** (Исфиджаб, Испиджаб) — Оңтүстік Қазақстанның орта ғасырдағы ірі қалаларының бірі. Жұрты қазіргі Сайрам кентінің оңтүстік-батысында, Шымкент қаласынан 12 шақырым жерде. Сайрам туралы алғашқы дерек Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» атты еңбегінде кездеседі. Онда «Сайрам — Исфиджаб деп аталатын ақ қаланың аты» делінген. Демек, Сайрам — Исфиджабтың кейінгі атауы. XV-XVIII ғасырларда ірі сауда, қолөнер және діни орталық болған.

**Сайрамсу** — Арыс алқабындағы өзен. Төле би, Сайрам аудандары жерімен ағады.

**Созақ** — Созақ ауданындағы ауыл, ауылдық округ орталығы. Аудан орталығы Шолаққорған ауылынан солтүстік-батысқа қарай 70 шақырым жерде орналасқан. Созақ ауданының орнында Орта ғасырларда Созақ (Хузақ) көне қамал-қала болған. «Хан-Мазары» дейтін жерде Әбілқайыр, Жәнібек хандардың сүйектері жатыр.

**Сырдария** — Орталық Азия мен Қазақстанның ірі өзендерінің бірі. Ертедегі грек жазбаларында Laxartes, ортағасырлық араб еңбектерінде Сейхун деп аталған. Басын Нарын мен Қарадария өзендерінің қосылған жері Орталық Тянь-Шань сілемдерінен алып, Арал теңізіне құяды. Жалпы ұзындығы 2219 шақырым. Сыр бойында ежелден халықтығыз қоныстанған. Бойында Шардара (Оңтүстік Қазақстан), Қазалы, Қызылорда (Қызылорда облысы) т.б. қалалары бар.

**Талас** — Қырғыз Алатауынан бастау алып, Талас жазығы арқылы Мойынқұм құмдарына сіңетін, V ғасырдан белгілі өзен. Оның бойынан шаһар салынып, қала VI ғасырдан кейін Тараз деген атпен мәшһүр болған. Бұл аттас Талас өзені Алматы облысының Райымбек ауданында да бар.

**Тоғыс** — Төле би ауданындағы ауыл, Қазығұрт ауылдық округ орталығы. Аудан орталығы — Ленгер қаласынан солтүстік-батысқа қарай шақырым жерде орналасқан.

**Томск** — Ресейдің батыс Сібір өлкесіндегі ірі қалаларының бірі. Кеме қатынасы мен Томск Темір жолы жақсы жолға қойылған Тайга бекетінен 80 шақырым қашықтықта орналасқан. Батыс Сібірдегі ірі өндіріс, сауда орталығы болып саналады.

*Шолаққорған* — ортағасырлық қала. Созақ ауданы Шолаққорған кентінің солтүстік-шығыс жағында орналасқан.

*Іле өзені* — Қазақстандағы санаулы мемлекетаралық өзендердің бірі. Алматы облысының Райымбек ауданындағы Лабасы тауынан бастау алып, Қытай Халық Республикасының Іле қазақ автономиясының аумағында толығып, Панфилов, ұйғыр аудандарының жері арқылы Балқаш көліне құяды.

## РУ АТАУЛАРЫ

*Албан* — Бәйдібектің Домалақ ана (Нұрила) есімді кіші әйелінен туған Жарықшақтың тұңғыш ұлынан тараған тайпа. Ата мекені — оңтүстік-шығыс Жетісу. Кейбір ұрпақтары Қазығұрт тауының (Оңтүстік Қазақстан) бөктерін мекендейді.

*Дулат* — Бәйдібектің кіші әйелі Домалақ енеден туған баласы Жарықшақтан тараған тайпа.

*Суан* — Жарықшақтың осы атты ортаншы баласынан өрбіген тайпа.

*Жайылмыс* — Дулаттың Жаныс руынан тарайтын аты.

*Жаныс* — Дулаттың Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда кең тараған тармағы.

## ТОМҒА ЕНГЕН ЖЫРЛАРДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҺӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

*Байболов Қазанқан* (1891, Оңтүстік Қазақстан облысы, Төле би ауд. Ұзынбұлақ ауылы—1945, сонда)—халық ақыны. Балалық шағында Бекасыл мектеп-медресесінде оқып, Сайрам, Шымкент медресесінде білімін жетілдірген. Аққұм ауылындағы мектепте ұстаздық етеді. Жасынан халық ауыз әдебиеті үлгілерін бойына сіңіріп өседі. Әуелі жыршылық жолына түсіп, суырып салма ақындық өнеріне жетілу үстінде қисса-дастандарды жатқа айтып жүріп, өзі де жанынан өлең шығарып машықтанады. 1934 жылы Қазақстан Жазушылар одағының тұңғыш съезіне халық ақыны ретіне қатысып, осы жылдан бастап баспа сөзде өлеңдері жиі жарияланады. «Толғау өлеңдері» (1939), «Халық қаһары» (1949), «Халық ақындары» (1965), «Пернедегі термелер» (1968) сияқты жинақтарды өлең, толғаулары жарияланып, халық арасында танымал ақынға айналады. Қазақстан—қазақ халқының өткен замандағы бастан кешкен тарихи оқиғаларын эпикалық жанрда жырлау арқылы халықтың тарихи жадын жаңғыртуға үлес қосқан дарынды ақын. Оның ел ішінде кеңінен таралған «Төле бидің тарихы», «Еңсегей бойлы ер Есім», «Өкірік Найман туралы» тарихи қисса-дастандары XVII-XVIII ғасырларда қазақ елінде болып өткен тарихи оқиғалар желісін терең де көркем суреттейді. Бұл туындыларда айтулы хандар мен билер, айбынды батырлар туралы соны деректер мен мағлұматтар мол қамтылған. «Сайыпжамал сұлу», «Шеризат—Күлшат» сияқты жырлары ғашықтық тақырыпқа арналған. Ақын—ел ішінде айтылып жүрген халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинастырумен де айналысқан. 1943 жылы Алматыда өткен ақындар айтысында қызылордалық саңлық ақын Нартаймен сайысқа түсті. Осы

айтысы 1966 жылы жарық көрген «Айтыс» кітабының үшінші томында басылды.

**Жапсарбаев Қалқа** (1886, Алматы облысы, Көксу ауданы, Мұқыр ауылы — 26.1.1975, сонда) — халық ақыны, композитор. Жас кезінен жыр-дастандарды жатқа айтып, өзі де өлең шығарған. Өзінің замандастары К.Әзірбаев, И.Жылқыайдаров, Ү.Кәрібаев, Е.Қандеков, Қ.Терібаев сынды ақындармен айтысқа түскен. «Орақты батыр», «Қарлығаш пен дәуіттің достығы», «Дана қыз», «Тұрлымбет туралы аңыз», «Партизан Шәймерден» т.б. дастандарын шығарып жырлады. «Қалқаның өні», «Қалқаман желдірмесі», «Жайқоңыр» әндері мен «Мұсабек Сеңгірбаев» атты поэма жазған. Бес өлеңдер жинағының авторы.

**Сабалұлы Ақылбек** (Ақылбек бин Сабал Тұрабаев) (1880, бұрынғы Семей облысы, Абыралы ауданы, Ақбота болысы — 1919, Семей облысы, Бесқарағай ауданы, Бестерек мекені) — ақын, жыршы, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. Шығыс әдебиетінің атақты қисса-дастандарын қайта жырлап, уақиғалы дастандар жазған. 1902, 1911), «Бозжігіт» (1910, 1911), «Марғұба», «Ибраһим», «Хикмет Нығмет» (1911), «Қырық уәзір» (1911, 1920), «Алтын балық» (1912), «Самұрық» (1915) т.б. дастандар жеке кітап болып жарық көрді.

**Тайманов Орынбай** (1884-1946) — Қазақстанның оңтүстік өңіріне танымал ақын, жыршы. Бозбала шағынан ел аралап, өлең-жыр айтып, айтыстарға түскен. Оның қызылордалық Әлібек Бөйкеновпен өткен жыр жарысы, өзге де өлең, толғау-термелері оқырмандар тарапынан жоғары бағаланып, XX ғасырдың 30-жылдары мерзімді баспасөз беттерінде, ұжымдық жинақтарда жарияланды (Айтыс (1-т. 1966; Пернедегі термелер, 1965) жарияланды.

## ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

Ш — шифр

дәп — дәптер

/а/ — араб

/о/ — орыс

/п/ — парсы

/т/ — түрік

/тат/ — татар

/к.т/ — көне түркі

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

### *Қолжазбалар мен 1917 жылға дейін араб әрпінде жарық көрген кітаптар*

1. Сәтбек батыр. — Қазан, 1909.
2. Сәтбек батыр. — ОҒК-ның қолжазба қорында сақтаулы: Ш.353. 1-дөп., араб әрпінде. Жырлаушысы *Ақылбек Сабалұлы*, жинаушысы *Әуелбек Қоңыратбаев*.
3. Сәтбек батыр. — ӘӨИ-дің қолжазба қорында сақтаулы: Ш.881/1, араб әрпінде.
4. Еңсегей бойлы ер Есім. — ОҒК-ның Қолжазба қорында сақтаулы: Ш.513, араб әрпінде. Жырлаушысы — *Байболов Қазанғап*.

### *Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық жинақтар, сөздіктер*

1. *Азибаева Б. У.* Казахский дастанный эпос. — Алматы, 1998.
2. *Ақылбек Сабалұлының қиссалары* (Түсінігін жазып, баспаға дайындаған *Ж.Қамалқызы*). — Түркістан: Мирас, 1998.
3. *Беляев Е. А.* Арабы, Ислам и Арабский халифат в раннее средневековье. — Москва, 1966.
4. *Гордон С.* Ханаанская мифология // Мифология древнего мира. — Москва: Наука, 1977.
5. *Қасқабасов С. А.* Миф пен әпсананың тарихилығы // Қазақ фольклорының тарихилығы. — Алматы: Ғылым, 1993.
6. *Қоңқашбаев Г. К.* Словарь казахских географических названий. — Алматы: Наука, 1963.

7. Құран Кәрім: қазақша мағына және түсінігі. Аударған — *Халифа Алтай*. — Мәдине, 1991.
8. А. *Әбдірахманов*. Қазақстанның жер-су аттары. — Алматы: Ғылым, 1959.
9. *Қойшыбаев*. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. — Алматы: Мектеп, 1985.
10. Еңсегей бойлы ер Есім. — Алматы: Жалын, 2005.
11. Жетісу энциклопедиясы. — Алматы: Арыс, 2004.
12. Оңтүстік Қазақстан энциклопедиясы. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2006.
13. Ислам. Энциклопедия. Бас ред. *Р. Н. Нұрғалиев*. — Алматы: ҚЭ, 1995.
14. Ислам. Краткий справочник. — Москва, 1983.
15. Арабско-русский словарь. — Москва, 1968.
16. Древнетюркский словарь. — Ленинград: Наука, 1969.
17. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-10-том. — Алматы: Ғылым, 1974-1986.
18. Персидско-русский словарь. I-II т. — Москва, 1970.



## РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова Министерства образования и науки РК продолжает работу по подготовке и изданию очередных томов стотомного Свода казахского фольклора «Бабалар сөзі», издаваемого в рамках Государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»).

Пятьдесят шестой том открывает серию исторических песен. Всего будет подготовлено и издано пять томов произведений исторического характера.

Исторические песни казахского народа возникли в период борьбы с джунгарским нашествием как отклик на события общественной и военной истории. Первый крупный тематический цикл исторических песен рисует события XV века — периода возникновения Казахского ханства. В исторической песне «Батыр Жәнібектің өлеңі» («Стих батыра Жанибека») главным героем выступает Жанибек, один из основателей Казахского ханства и династии казахских ханов. Исторические песни «Еңсегей бойлы ер Есім» («Большой Есим-герой»), «Есім хан» посвящены деяниям Есим-хана.

В ряде исторических песен «Сәтбек батыр», «Мырза Сәтбек батыр» приведены эпизоды противостояния казахского батыра Сатбека против тирана-завоевателя Ермака в XVI веке. В многочисленных исторических песнях изображена борьба казахского народа против джунгарских завоевателей в XVIII веке, где главными героями выступают известный хан Абылай, знаменитые бий Толе, Казыбек, прославленные батыры-полководцы эпохи правления Абылай-хана Богенбай, Кабанбай, Жанибек, Олжабай и др.

Последний значительный цикл исторических песен — о национально-освободительном движении казахского народа против царской России, Кокандского и Хивинского ханств под предводительством Кенесары-хана, внука Абылай хана, Жанкожы-батыра, Есет-батыра и др.

Ранние исторические песни о событиях XV-XVII вв. по стилю и масштабности эпического повествования близки героическому эпосу, исторические песни же о борьбе казахского народа против джунгарского нашествия в XVIII в. и против колониального ига в XIX в. сближаются с народно-лирическими песнями.

Предлагаемый вниманию читателей 56 том свода «Бабалар сөзі» включает в себя исторические песни «Батыр Жәнібектің өлеңі», «Еңсегей бойлы ер Есім», «Есім хан», «Олжаш батыр», «Сәтбек батыр», «Мырза Сәтбек батыр», «Орақты батыр».

Историческая песня «Сатбек батыр» была известна еще в начале XX века. Вариант песни, исполненный Акылбеком Сабалулы, был издан отдельной книгой в 1911 году. В настоящий том включен этот вариант произведения, который отличается своей оригинальной словесно-языковой структурой и арсеналом художественных средств.

Том подготовлен в соответствии с принципами издания серии «Бабалар сөзі», снабжен вступительной статьей академика НАН РК, доктора филологических наук, профессора С.А.Каскабасова, посвященной историческим песням, а также научными приложениями, которые включают в себя: сведения о публикуемых текстах и их вариантах; краткий историко-фольклористический и текстологический анализ текстов; данные об исторических и религиозных деятелях, имена которых встречаются в текстах; словарь древнетюркских, арабских и персидских слов, терминов и понятий, а также географических названий; данные о племенах и родах, встречающихся в исторических песнях; сведения о сказителях, собирателях и публикаторах; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

Все тексты, включенные в данный том, публикуются впервые и подготовлены адекватно рукописным оригиналам.

Объем тома — 25,5 п.л.

## SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Arts, Ministry of Education, Republic of Kazakhstan is continuing activities on preparation and publishing of the volumes of hundred volume series «Babalar sozy» in the frame of the State program «Madeni Mura» («Cultural heritage»).

56 volume opens the series of historical songs. In total five volumes of historical works will be prepared and published.

Historical songs of Kazakh people appeared during the period of fighting with Djungar invaders as a reaction to the events of social and military history. First big thematic cycle of historical songs **describes the events of XV century — the period of formation of Kazakh khanate**. In historical song «Batyr Zhanibektin oleni» («Batyr Zhanibek's poems») the main hero is Zhanibek, one of the founders of Kazakh khanate and dynasty of Kazakh khans. Historical songs «Ensegei boili er Esim» («Big Esim hero»), «Esim Khan» are devoted to the feats of Esim Khan — the khan of Middle Zhuz.

Number of historical songs «Satbek batyr», «Myrza Satbek batyr» describe episodes of struggle of Kazakh batyr Satbek against thyran-invader Ermak in XVI century. Many historical songs describe the struggle of Kazakh people against Djungar invaders in XVIII century where the main heroes are the well known khan Abylai, biy Tole, Kazybek, famous batyrs-commanders of the epoch when the rulers were Abylai-khan, Bogenbai, Kabanbai, Zhanibek, Olzhabai and others.

The recent significant cycle of historical songs includes national-liberation movement of Kazakh people against Tsar Russia, Kokand and Khiva khanates under the leadership of Kenesari-khan,

grandson of Abylai khan, Zhankozha-batyr, Eset-batyr and others.

Earlier historical songs about the events of XV-XVIII centuries are close to heroic epos in regard of their style and scale of epic narration, whereas historical songs about the struggle of Kazakh people against Djungar invasion that took place in XIX century and against colonial suppression in XIX century are close to folk-lore-lyrical songs.

The proposed 56 d volume of the collection «Babalar sozi» includes historical songs «Batyr Zhanibektin oleni», «Ensegei boiler Esim», «Esim khan», «Olzhash batyr», «Satbek batyr», «Orakti batyr».

Historical song «Satbek batyr» was well known already in the beginning of XX century. Version of the song performed by Akylbek Sabaluly was published as a separate book in 1911.

The volume is prepared according to the principles of «Babalar sozi» series, including introductory article devoted to historical songs written by S.A.Kaskabasov, member of the NAS of Kazakhstan, Doctor of Philology as well as scientific supplements which include the following: data on published texts and their versions; brief historic—folklore and textologic analysis of the texts; data on historical and religious figures whose names are mentioned in the texts; vocabulary of the old Turkic, Arabic and Persian words, terms, notions and geographic names; data on narrators of folk tales, collectors and publishers; list of used literature; summary in Russian and English.

All texts included into this volume are published for the first time and were prepared adequately to the manuscript originals.

Volume — 25,5 p.p.

## МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан .....	5
Тарихи жырлар хақында .....	8

### Мәтіндер

Батыр Жәнібектің өлеңі .....	39
Еңсегей бойлы ер Есім .....	118
Есім хан .....	290
Олжаш батыр .....	300
Сәтбек батыр .....	316
Орақты батыр .....	323

### Ғылыми қосымшалар

Томға енген мәтіндерге түсініктеме .....	361
Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер .....	376
Сөздік .....	385
Жер-су атаулары .....	390
Ру атаулары .....	395
Томға енген жырларды жырлаушы, айтушы hәм жинаушылар туралы мәлімет .....	396
Шартты қысқартулар .....	398
Пайдаланылған әдебиеттер .....	399
Резюме .....	401
Summary .....	403

*Научное издание*

БАБАЛАР СӨЗІ

56 том

ИСТОРИЧЕСКИЕ ЭПОСЫ

*(на казахском языке)*

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства  
им. М.О. Ауэзова  
Министерства образования и науки Республики Казахстан

Шығаруға жауапты: *Р.Қ. Тұрлынова*

Редакторы: *Ұ.С. Тілегенова*

Техникалық редакторы: *Г. Бектібаева*

Компьютерге терген: *Г. Құрманғали*

Компьютерде беттеген: *М.О. Ноғайбаева*

Дизайнын өзірлеген «Бауыр» баспасы  
ИБ № 2435

Теруге 02.10.09 жіберілді. Басуға 30.11.09 қол қойылды. Пішіні 60x90<sup>1</sup>/<sub>16</sub>.  
Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.  
Шартты баспа табағы 25,5. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс №0273.

«Фолиант» баспасы  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

«Фолиант» баспаханасында басылды  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

ISBN 9965-35-805-2



9 789965 358050